**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** №11 ЖББМ

Сынып _мектепалды__ Балалардың жасы_5 жас______ **Жоспардың күндері:** 08-12 қаңтар 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Боямақ.** «Әйнектегі аяз салған суреттер» (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Математикалық пазлдар» **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:** Берілген қималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, құрастыру). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | **Боямақ.** «Аққалалар» (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу-шығармашы лық іс әрекеті) | **Д.О.** «Айырмашылығын тап» **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту. **Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік әрекет) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Желтоқсан айына таңертеңгі жаттығу кешені. №6 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!» **Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту. **Ойынның барысы:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып «Тамаша!»-деп жауап береді. -Бүгінгі көңіл-күйлерің | **Сөздік ойын:** «Денсаулық құпиялары» **Ойынның мақсаты:** Балаларды бір-біріне жылы сөздер айта білуге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бәрі бірге айтады. -Күніміз ашық болсын! -Жеріміз кең болсын! -Ауамыз таза болсын! | **Д.О.** «Не өзгерді?» **Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс- | **Сөздік ойын:**«Мақтау сөздер айту» **Ойынның мақсаты:** Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Балалар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы | **Д.О.** «Түлкі мен тырна» **Ойынның мақсаты:** Сыйластыққа, адалдыққа, шынайы дос бола білуге тәрбиелеу. тәрбиелеу. **Ойынның барысы:**Ертегіні тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. -Қалай ойлайсыңдар осы ертеіде түлкі мен тырна бір біріне қандай қонақжайлылық көрсетті? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | -Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін!<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | әрекеті). | келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | -Балалар, сендер осы ертегіні басқаша қалай аяқтар едіңдер?<br>-Келесі жолы түлкі мен тырна қонақтарын қалай күтеді деп ойлайсыңдар?<br>**Шығармашылық жұмыс:** Балалар ертегі жақсы аяқталуы үшін біз түлкі мен тырнаға ермексаздан әдемі ыдыстар жасап берейік. Ертегі кейіпкерлерін атайды, ертегідегі әр кейіпкердің мінезін сипаттайды.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекеті, мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті). |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | 1.**Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар әнші | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>**Мысалы:** А-болса:<br>**Балалар:** алма, алмұрт, | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>**Д.О**. «Заттың атын ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды көріп, сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға әртүрлі суреттер таратылып беріледі. | **1.Сауат ашу нагіздері**<br>Жазуларды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздер** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарды естісе балалар қызыл дөңгелекті көтереді. Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе көк дөңгелекті көтереді. **Д.О.** «Қуыршақтардың есімі» **Ойынның мақсаты:** Сөздің қандай дыбыстан басталатынына балалардың назарын аудару. **Ойын барысы:** Мұғалім балаларға қуыршақтарды көрсетеді. -Мына әдемі қуыршақтың есімі Анар. Балалар қане бәріміз бірге «Анар» деген сөздің бірінші дыбысын созып айтып көрейік: а-а-а -Ең бірінші қандай дыбыс естіліп тұр? -А дыбысы өтіп бара жатқанда Тынымсыз Тіл не істеді? -А дыбысы қандай дыбыс екен? Мұғалім келесі қуыршақты балаларға көрсетеді. -Бұл қуыршақтың аты-Мұрат. Мұғалім балаларға көмектесе отырып «Мұрат» сөзінің бастапқы дыбысын | басталатын сөздерді айтады. **Мысалы:** А-болса: **Балалр:** алма, алмұрт, автобус, асқабақ, ай, аққу. **Артикуляциялық жаттығулар.** **«Сағат»** Денені жан-жаққа ию. Иілген кезде «ту-у-у-ух»-деп дыбыстап, терең тыныс шығару. **«Доптар ұшады»** Кеудесін алдыға қарай лақтыру. Дем шығарған кезде ұзақ «ух-х-х-х»-деп айт. **«Поезд»** Бір демде айту. «ту-ту-ту-ту» Дем алып «с-с-с, ш-ш-ш, ф- ф-ф»-деп айту. **«Машинаның дөңгелегі жарылды»** «Ш-ш-ш»-деп айт. Ян-ян-ян, Жүгіріп жүр қоян. Ыр-ыр-ыр, Ырылдайды қасқыр. Кі-кі-кі, Бұлаңдайды түлкі. Ю-ю-ю, Қорбаңдайды аю. Са-са-са, Ызыңдайды маса. Қа-қа-қа, Бақылдайды бақа. **Еркін ойын:** «Адасқан Қызыл телпек қалай дыбыстады?» «Ау-у-у» **Қимылды ойын:** | автобус, асқабақ, ай, аққу. **Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса» **Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту. **Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса. (Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті). **Д.О.** «Ормандағы дауыстарды ажырат» **Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. **Ойын барысы:** Орманда нелер мекендейді? Ормандағы дауыстарды ажырат. Дыбыстарды ым-ишарамен бинелеп, дауыс ырғағымен айт. «Түк-түк-түк!», «Ү-ү-ү!», «Қарк-қарк!», «Тырау-тырау!», «Бақ-бақ-бақ!», «Барық-барқ!» (Қоршаған ортамен таныстыру, сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті). **2.Математика негіздері** Жиын. Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. **Д.О.** «Суретті құрастыр» | Сонан соң балар сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады. **Д.О.** «Сипаттамасы бойынша таны» **Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру. Создік қорын толықтыру. **Ойын барысы:** Педагог бір затты сипаттайды. (доп, шар, машина, ұшақ т.б.) Балалар сол заттың сипаттамасыбойынша не екенін табады. **ДО.** «Қай зат неден жасалған?» **Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру. **Ойын барысы:** Педагог балаларға бір заттың атын атай отырып, допты лақтырады. Допты қағып алған бала жауап береді. **Мысалы:** Қарындаш-ағаштан жасалады. Кесе-шыныдан жасалады. Доп-резенкеден жасалады. т.б. **Д.О.** «Не өзгерді?» **Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем | Сан және санау. Заттардың саны, олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. **Д.О.** «Кім шатаспай санайды?» **Ойынның мақсаты:**1-ден 10-көлеміндегі сандарды санауға, тура және кері санауға үйрету. **Ойын барысы:** 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау. 1-ден 10-көлеміндегі сандарды санауға, тура және кері санау. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). **«Санау әні»** үнтаспа. Балалар бірге айтады. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, музыка-шығармашылық әрекеті) **Жеке жұмыс.** **1.**Суретте бейнеленген заттарды сана. Қандай заттар нешеуден екенін айт. **2.**Көрсетілген сандар қанша болса, шаршыға сонша нүкте сал. **3.**Заттарды сана. Сандарды боя. **4.**Қалдырылған санды жапсыр. **5.**Цифрлардың үстінен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтқызады, айтылу ерекшелігіне назар аударып, қандай дыбыс екенін ажыратады.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>2.**Математика негіздері**<br>Жиын. Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.<br>**Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Бөліктерден сурет құрастыра білуге үйрету, балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Бөліктерден шаршы жина. Қандай сурет пайда болды?<br>**Д.О.**«Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Бөліктер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Дөңгелектерді қандай бөліктерге бөлуге болады? | «Ертегі зообақ»<br>Ертегілердегі аңдардың дыбысын және жүрісін салу.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Отан деген-атамекен,<br>Отандеген-туған жер.<br>Отан-ана, Отан-үлкен,<br>Қазақстан туған ел!<br>**-Отан**-біздің сүйікті отбасымызбен тұратын үйіміз, туған жеріміз, ауылымыз, қаламыз, табиғатымыз.<br>Біздің Отанымыз-Қазақстан. Біз Отанымызды сүйеміз.<br>**Ойланайық, пікірлесейік**<br>-Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>-Астанамыз қай қала?<br>-Рәміздерді атаңдар?<br>-ҚР-нің Президенті кім?<br>-Сендер қай қалада тұрасыңдар?<br>-Еліміздің қандай | **Ойынның мақсаты:**<br>Бөліктерден сурет құрастыра білуге үйрету, балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Бөліктерден шаршы жина. Қандай сурет пайда болды?<br>**Жеке жұмыс.**<br>**1.**Суретке қара.<br>Фигуралардың бөліктерін тауып, оны сәйкес түстерге боя.<br>Бүтін, жарты, ширек.<br>Шырша-ширек (жасыл түс).<br>Қарбыз тілімі-жарты (қызыл түс).<br>Сағат-бүтін (көк түс).<br>**2.**Дөңгелектерді тауып, оларды сызықпен тең екі бөлікке бөл.<br>**3.**Шаршыны тауып оны сызықпен тең төрт бөлікке бөл.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:** «Жатқа айт»<br>**Шарты:** Тақпақты жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>Қар жатыр аппақ,<br>Ойнауға жақсы-ақ.<br>Осындай шақта,<br>Кім үйде жатпақ.<br>-Қыс қандай болады? | әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. ҚР-Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Отан деген-атамекен,<br>Отандеген-туған жер.<br>Отан-ана, Отан-үлкен,<br>Қазақстан туған ел!<br>**-Отан**-біздің сүйікті отбасымызбен тұратын үйіміз, туған жеріміз, ауылымыз, қаламыз, табиғатымыз.<br>Біздің Отанымыз-Қазақстан. Біз Отанымызды сүйеміз.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап, Отан туралы әңгіме құрастырыңдар.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.**<br>Болашаққа бастаған, | саусағыңмен жүргіз. Ермексадан жасап көрсет.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Сурет салу**<br>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксграфия жіппен) қолдану. Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңешке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай қиғашынан жүргізу.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Дастархан әні»<br>**Шарты:** Балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жарты. Ширек.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:** «Жатқа айт»<br>**Шарты:** Тақпақты жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>-Қысқы ойындарды ата.<br>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Қар.<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тон киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>Ш.Әлдибекұлы.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет - коммуникативті іс- | мемлекеттік мерекелерін білесіңдер?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап, Отан туралы әңгіме құрастырыңдар.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Тыныштық сәті:** Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмады. Туған жеріміздің табиғатын, таза ауасын, әдемі гүлдерін, сайраған құстарын көз алдымызға елестетеміз. Туған өлкеміздің табиғаты қандай тамаша! Көзімізді ашамыз. Туған жеріміз туралы өз ойымызды әңгімелеп айтамыз.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Ән жаттау.**<br>«Елімізді сүйеміз»<br>Қ.Мырза Әли.<br>Д.Ботбаев.<br>(Музыкалық-шығармашылық | -Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Конькиді қай жерде тебеді?<br>-Шаңғыны ше?<br>-Дөң басынан шаңғы, шана теуіп, сырғанап көрдіңдер ме?<br>-Аққаланы қалай жасайды?<br>-Аязды күні ойнауға бола ма?<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Қыс келді,қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.**«Аққала»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, ойынға қызығушылықпен қатысуға баулу.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға жартылай қиылып жасалған аққала бөліктері ілінеді. Үстел үстінде қалған бөліктері: мұрны, көзі, аузы, басына киетін шелегі сияқты суреттер жатады. Балалар осы бөліктерді алып, көздерін жұмып тұрып, тақтаға жабыстырады.<br>**Д.О.** «Қайсысы артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** | Шарықтайды асқақ ән.<br>Ел ордасы Отанның,<br>Мақтанышым Астанам!<br>-Өлеңде не туралы айтылған?<br>-Кім Астанаға барды?<br>-Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Боямақ.**<br>«Бәйтерек»<br>(балалар суретті бояйды).<br>(сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>**Сөздік ойын:**«Жыл мезгілдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Балалар әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін айтады.<br>**Сөздік ойын:** «Ауа-райы туралы айтып бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту. | үнтаспадан тыңдайды.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Балалардың жұмысы:** «Мерекелік дастархан»<br>-Дастарханның суретін салады.<br>-Дастархан қандай геометриялық пішінге ұқсайды?<br>-Дастарханды бір түсті бояумен, қылқаламды пайдалана отырып бояу.<br>**Д.О.** «Не артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттен артық затты табады, атайды.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Дастарханды жаямыз,<br>Ыдыстарды қоямыз.<br>Тағамдарды әкеліп,<br>Дастарханға қоямыз.<br>**Еркін ойын:** «Қонақ күту салтымыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Сыйластыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар бір-біріне қонаққа барады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру (ауада).**<br>Спорттық жаттығулар. Денешынықтыру мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**1-топ:** «Боямақ» «Көңілді қыс» (балалар дайын суретті бояйды).<br>**2-**«Ермексаздар елі» «Қысқы ойындар» (Жеке мүсінделген фигуралардан сюжетті композиция құрастыру).<br>**3-**«Қағаздар әлемі» «Аққалалар» (екі еселеніп бүктелген шаршыдан қиылған әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден аққаланың бейнесін құрастыру).<br>(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру-шығармашылық іс әреткеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Негізгі қимылдар. Жүру: белгі бойынша басқа бағытқа | әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Туған жерді түрлендір» (дайын суретті бояйды). (Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>**Д.О.** «Сиқырлы дүрбі»<br>**Ойынның мақсаты:**топтың әр мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілетін қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға **«сиқырлы дүрбіні»** көрсетеді және балаларға дүрбімен біреуге қараған кезде тек оның жақсы жақтары ғана көрінетінін түсіндіреді. Алдымен педагог дүрбімен қарап, топтағы бір баланың жағымды қасиеттерін атай отырып, үлгі көрсетеді. Содан кейін балалар дүрбімен құрдасына қарайды да, оның жақсы жақтарын көріп тұрғанын және ол қандай қасиеттер (мейірімді, әдепті, қамқор және т.б.) екенін айтады. | Суретке қарап артық затты таба білу, балаларды аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Суреттен артық затты тап.<br>-Бұл жерде артық-доп. Қыста далада шаңғы, шана, коньки тебеміз, ал доппен ойнай алмаймыз.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Негізгі қимылдар. Жүгіру: бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Қол ұстасып достарым,<br>Бір шеңберде тұр екен.<br>Оңға бірге жүреміз,<br>Сосын солға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Айналып бірге күлеміз.<br>Қырсық бала болмаймыз,<br>Шаттанып бірге ойнаймыз!<br>**Негізгі кезең:**<br>.Шашырап жүгіру;<br>.Жұппен жүгіру;<br>.Бір-бірден жүгіру;<br>.Екеуден, үшеуден жүгіру;<br>.Тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>**«Пойыз»** ойын жаттығуы.<br>**Шарты:** Ирелеңдеп жүгіру; жүгіру қарқынын және бағытын өзгертіп жүгіру.<br>**«Ұшақтар»**<br>**Шарты:** Ұшақтың ұшуын салады. Қолдарын екі | **Ойын барысы:** Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (жылы, ашық жел, жаңбыр, бұлтты).<br>**Д.О.**«Көңілді қыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап. Балалар қойылған сұрақтарға толық, әрі нақты жауап береді.<br>-Қазір қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?<br>-Қыста не жауады?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>-Қыста адамдар қалай киінеді?<br>-Қандай қысқы ойындарды білесіңдер?<br>-Қыста балалар қандай ойындар ойнайды?<br>-Аязды күні ойнауға бола ма?<br>-Қысты неліктен көңілді деп атайды?<br>(Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліз:** «Қар ұлпалары»<br>**Мақсаты:** Өзінің ойын қағаз бетіне түсіре білуін бекіту, бейнелерді қағаз бетіне композиция құрап орналастыруға | спортқа қызығушылықты ояту және денешынықтыру мен спортпен айналысуға баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимылды ойын:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру. **Негізгі кезең:** бір-бірден тізбекпен жүру; екі-екіден тізбекте тұрып жүру; төрт-төрттен тізбек құру; шашырап жүру; өкшемен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру. жай жүріс. екі минут баяу қарқынмен жүгіру; мұрын арқылы дем алу; **«Көңілді шарлар»** Бір тізбекте жүреді, жүгіреді, жүгіріп келе жатып тоқтайды, бағыттарын өзгертіп жүгіреді. **Қимылды ойын:** «Ыңғайлы бол» **Ойынның мақсаты:** Ептілікті, жылдамдыдықты, төзімділікті дамыту. **Ойын барысы:** Екі аяқты серпу арқылы тақтайшадан аттап секіру. **Қимылды ойын:** «Аяқтарыңды сулап алма» **Ойынның мақсаты:** | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті). **Д.О.** «Адал досқа арналған ашық хат» **Ойынның мақсаты:** Достық қарым-қатынасты қалыптастыру. **Ойын барысы:** Педагог балаларға достық туралы мақал айтып береді, содан кейін өзінің адал досы деп санайтын адамды атауды және оның себебін түсіндіруді сұрайды. Әңгіме соңында балаларға адал досы үшін ашық хат дайындау ұсынылады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, жапсыру-шығармашылық іс әрекеті). **Сөздік ойын:** «Дұрыс па, бұрыс па?» **Ойынның мақсаты:** Балаларды жақсы іс пен жаман істі ажырата білуге үйрету. **Ойын барысы:** Қойылған сұрақтарға жауап беру, жағдаяттарды дұрыс шешу. .Серік Талғатты байқамай қағып кетті... .Абзал мен Диас ойыншыққа таласып | жаққа созып қалықтайды; түрлі бағытта жүгіреді; солға, оңға, төмен иіледі; жоғарыға қарай созылады. **«Қырықаяқ»** ойыны. **Шарты:** Педагог ең алдына тұрып, «қырықаяқты» қыдыруға бастайды. Ол иректеліп жүріп, шеңберді айналып шығады. Орындықтардың арасынан өтіп, аяқтың ұшымен, өкшемен жүреді, секіреді. **Қимылды ойын:** «Күн мен түн» **Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады. Ұлдар тобы «Түн», қыздар тобы «Күн» болады. Ойын басталады: «Түн!» дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | жаттықтыру. (Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). **Д.О.** «Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?» **Ойынның мақсаты**: Балаларға жыл мезгілдерін ажырата білуді, әр жыл мезгіліне сәйкес қандай киімдер киетінін баяндай білуді үйрету. **Ойын барысы:** Балалар суреттегі киімдерді қай қай мезгілде киетіндерін айтады. (Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті). **Д.О**. «Мынау кімдікі?» **Ойынның мақсаты:** Ер баланың және қыз баланың киімдерін ажрата білуге үйрету. Ұқыптылыққа баулу. **Ойын барысы:** Киімдердің қайсысы ер балаға, қайсысы қыз балаға кигізуге болатындығын айтады. (Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті). **4.Музыка** Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл- | Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. **Ойын барысы:** Балаларды алға қарай тақтайшадан тақтайшаға ептілікпен секіріп үйренуге жаттықтыру. Балалардың тез қарқынды қимыл жасай алуына қол жеткізу. **Қимылды ойын:** «Қояндар мен қасқыр» **Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету. **Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады. Педагог: -Секеңдеңдер қояндар, -Жүгіріңдер, жортыңдр! Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады. | қалды... -Балалар, өзара түсінісу үшін не істеуге болады деп ойлайсыңдар? (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**4.Музыка** Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. **Музыка тыңдау:** «Отан ортақ үйіміз» Д.Ботбаев. -Балалар, музыканы тыңдағанда қандай көңіл-күйде болдыңдар? -Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? -Отан неден басталады? **Отан**-отбасынан, туған үйімізден басталады. **Отан**-туған ауылдан, қаладан басталады. **Ән айту:** «Елімізді сүйеміз» Қ.Мырза Әли. Д.Ботбаев. | | күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. **Музыка тыңдау:** «Отан ортақ үйіміз» Д.Ботбаев. -Балалар, музыканы тыңдағанда қандай көңіл-күйде болдыңдар? -Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? -Отан неден басталады? **Отан**-отбасынан, туған үйімізден басталады. **Отан**-туған ауылдан, қаладан басталады. **Ән айту:** «Елімізді сүйеміз» Қ.Мырза Әли. Д.Ботбаев. (Музыкалық-шығармашылық әрекеті). **Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Отан-ортақ үйіміз» әннінің музыкасына сәйкес қандай би қимылдарын орындауға болады? «Кел билейік» Б.Байқаадамов. Музыка ырғағына сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасауға, әрбір би элементтерін, қимылды нақты, көтеріңкі көңіл күймен орындауға талпындыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | (Музыкалық-шығармашылық әрекеті). **Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Отан-ортақ үйіміз» әннінің музыкасына сәйкес қандай би қимылдарын орындауға болады? «Кел билейік» Б.Байқаадамов. Музыка ырғағына сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасауға, әрбір би элементтерін, қимылды нақты, көтеріңкі көңіл күймен орындауға талпындыру. (Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). | | (Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). **Д.О.** «Қай аспап жоқ?» **Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Ойын барысы:** Тақтаға бірнеше аспаптардың суреті ілінеді. Балалар көздерін жұмады. Педагог бір аспапты жасырады. Балалар көздерін ашқанда қай аспаптың жоқ екенін табады. | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | **№2 Қар басуын бақылау.** Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру. **Жұмбақ.** Ұстай алсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. **Жаңылтпаш.** Қыста боран борар, Қыздар шәлі орамал оранар. **Көркем сөз.** О, алақай қыс келді, Бізге қуаныш әкелді. Дала қарға оранды, | **№17 Қардағы іздерді бақылай білу.** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу. Әр құс әртүрлі із қалдырады. Адамның да іздері әртүрлі, түрлі жақтарға бағыттайды. **Көркем сөз.** Ойын ойнап міне біз, Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз. **Жұмбақ.** Мен кетемін, ол қалар. | **№16 Құстарды бақылау.** Балаларға қыстап қалатын құстар туралы түсінікті нақтылау және бекіту. Құстарды жақсы көріп оларға көмек бере білуге тәрбиелеу. құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Құстарға жем шашу. **Көркем сөз.** **Сауысқан.** Айналасын бақылап, Көргендерін тақылдап. Хабарлайтын ол қай құс? Шақ-шақ етіп шақылдап. Сабынды тасып тауысқан, Бұл құстың аты сауысқан. | **№18 Аула тазалаушының еңбегін бақылау.** Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула тазалаушы көмектеседі. Аула тазалаушының қар тазалау кезіндегі құрал-саймандары жайында білімдерін толықтыру. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбектенуге тәрбиелеу. **Көркем сөз.** Еңбек-қуаныш, Жалқаулық-айырылмас | **№15 Ағаш пен бұталарды бақылау.** Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы түріне аудару. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының жұмсақ және тез сынғыш болатынын түсіндіру. **Көркем сөз.** Қарағай. Тау баурайы-жағалай, Биік-биік қарағай. Оқтай түзу бойлары, Шымыр өскен баладай. **Жұмбақ.** Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бала біткен қуанды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Қармен аулай білу»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.<br>**Ойынның барысы:** Балаларды қардан айналудан, ортада шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге биімдеу.<br>**Еңбектену әрекеті.** Қардан қарлы дуал жасау. Бір-біріне кедергі келтірмеуге, қиыншылықтарды жеңе білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Қар қиыршықтарын қарастыр»<br>**Тәжрибе:** Балалар қар қиыршықтарын қарастырады.<br>Қармен тәжрибе жасау: стақанға қар салып, топқа алып келу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Өз бетінше қортынды жасауға үйрету. әуесқойлығын және қызығушылығын дамыту. | **Бірге жаттайық.**<br>«Қар» Т.Шопашов.<br>Жауды міне қар аппақ,<br>Қазақ жері бағымыз.<br>Қойнауынан мөп-мөлдір,<br>Сусындайды жанымыз.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Нысана»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу.<br>**Д.О.** «Іздің құпиясын кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту. Не себепті құстардың ізі үзілетінін түсіндіру.<br>**Еңбектену әрекеті.** Құстарға жем шашу.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Әр балаға өзінің қызықтыратын іспен айналысуға мүмкімдік беру. | Таниды үлкен кіші де,<br>Көрсе де оны алыстан.<br>**Торғай.**<br>Торғай, торғай торғайсың,<br>Таяу келіп қонғайсың.<br>Жем шашайын тойып ал,<br>Сонда аязға тоңбайсың.<br>**Жұмбақ.**<br>Ұшқаны қызық жалпылдап,<br>Өзі сондай қарқылдақ.<br>(қарға).<br>Үстіне ақ камзолын киіп ап,<br>Жүреді қанаттарын жиып ап.<br>(сауысқан).<br>Қалқып тұрып аспанда,<br>Үн шығарып сан қилы.<br>Өнеріне басқанда,<br>Тұла бойың балқиды.<br>(бозторғай)<br>Тоқылдатып мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Орманды емдейді,<br>Зиянкестерді жазалап.<br>(тоқылдақ).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарлығаш»<br>**Ойын барысы:** Ойыншылардың санына сәйкес шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. **«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»**-деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді.<br>**Еңбектену әрекеті.** Қыста | азап.<br>Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа шаттыққа бөленеді.<br>**Мақал-мәтелдер.**<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Ердің атын еңбек шығарады.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Болайықшы осындай» А.Меңжанов.<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады.<br>Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>Таза бала мұнтаздай,<br>Сүйсінеді қараған.<br>Ұқыпты деп бұл қандай,<br>Жақсы көрер бар адам.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Ұшақтар»<br>**Ойынның мақсаты:**Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар аланда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл | Қыста жақсаң жаның рахат табады.<br>(ағаш).<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қыс келбеті» М.Әлімбаев.<br>Аққу мамық ұлпа қар,<br>Жамылады қырқалар.<br>Шымшып аяз бетіңді,<br>Ширатады етіңді.<br>**Д.О.** «Ағаш па, әлде бұта ма?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттеу арқылы ағаш па, әлде бұта ма екенін тапқызу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ағаш және бұта түбіне қарды үю. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | құстарға тамақ беруге баулу. Құстарға жем шашу.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу. | белсенділігі).<br>**Еңбектену әрекеті.** Аула тазалаушыға көмек.<br>**Мақсаты:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбек мәдениетін қалыптастыру. Құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау.<br>**Д.О.** «Ұқсас, ұқсас емес»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды белгі бойынша заттарды топтастыра білуге үйрету: құралдардың түрі, белгісі.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сағат Әліханмен жеке жұмыс. Сөздегі дыбыстарды дұрыс айтуды меңгерту. | Закирия Мереймен жеке жұмыс. Қыстап қалатын құстар жайлы түсінік | Қойшыбай Арайлыммен жеке жұмыс. Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратуды және атай білуді меңгерту. | Барлық балалармен жұмыс. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. | Барлық балалармен жұмыс. Табиғат туралы түсініктерін кеңейту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-анамен сөйлесу. Құстар туралы айту. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ертегі мазмұнын айту. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**№11 ЖББМ

Сыныпмектепалды Балалардың жасы 5 жас **Жоспардың күндері:**15-19 қаңтар 2024 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Боямақ.**<br>«Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы»<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.**«Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу-танымдық коммуникативтік әрекеті) | **Сөздік ойын:**<br>«Кел санайық, санамақ»<br>**Ойынның мақсаты:** Санамақты жатқа айта білуге үйрету, балалардың тілін, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар санайды, жатқа айтады.<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнекей ұш.<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнекей, қон,<br>Асықпа да, саспа,<br>Бірден қайтадан баста.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-танымдық коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті) | **Д.О.** «Ненің азығы?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жануарлар туралы білімдерін толықтыру, жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Суреттен жануарлардың немен қоректенетінін тауып белгілейді.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу-танымдық коммуникативтік әрекеті) | **Д.О.** «Қайсысы қайда тұрады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жануарлар туралы білімдерін толықтыру, жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Жануарларды өз мекеніне орналастыру.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Қаңтар айына таңертеңгі жаттығу кешені. №6 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br>**Ойынның барысы:**Балалар қойылған сұрақтарға | **Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны | **Шаттық шеңбері.**<br>Жылулық шеңберін ұйымдастыру.<br>Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту.<br>-Балалар сендер қонаққа барғанды ұнатасыңдар | **Сөздік ойын:** «Сенің өмір сүруіңе не қажет?»<br>**Ойынның мақсаты:** Адам өміріне не қажет екенін айту, білімдерін толықтыру. Балаларды өз денсаулығын дұрыс күте білуге, спортпен айналысуға баулу. | **Д.О.** «Су бізге не үшін қажет?»<br>**Ойынның мақсаты:** Тіршілік үшін судың маңызыды екенін айту, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Сұрақтарға жауап береді, өз ойын айтады. Сурет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басбармағын көрсете отырып «Тамаша!»-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | ауысқанын айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). | ма?<br>-Қонаққа барғанда сендерді қандай сөздермен қарсы алады?<br>-Ал, сендердің үйлеріңе қонақ келгенде қалай қарсы аласыңдар?<br>**Д.О.** «Орнын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Отбасындағы өзара сыйластық туралы түсінік беру.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша отбасы мүшелерін дастархан басынада қалай отырғанын әңгімелеу.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | **Ойын барысы:** Өмір сүруге не қажет екенін айтады. Себебін түсіндіреді. Адам тіршілігіне не қажет?<br>**Бірге жаттаймыз. Табиғи су.**<br>Су-табиғат байлығы,<br>Өзен-көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суреттерге қараңдар. Денсаулықты нығайту туралы әңгімелеп айтыңдар.<br>-жуыну;<br>-спортпен шұғылдану;<br>-дұрыс тамақтану.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | бойынша әңгіме құрастырады.<br>-Айнұр гүлдерге су құйды.<br>-Диас суға шомылды.<br>-Балалар өзен-көлге шомылуға барды.<br>-Суды біз ішеміз.<br>**Спорт**.<br>**Шарты:** Жалпы дамыту жаттығуларын орындайды.<br>Жазда суда жүземіз,<br>Құмда күнге күйеміз.<br>Жалаң аяқ жүреміз,<br>Қыста қызып денеміз,<br>Коньки, шаңғы тебеміз.<br>Жалқаулықты тастаймыз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>(Балаларға бірнеше дене жаттығуларын орындату).<br>(Сөйлеуді дамыту, қорша ған ортамен танысу, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). |
| **Кестебойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті: бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.**Шаттық шеңбері:**<br>-Балалар, дөңгелене тұрып, шаттық шеңберін құрайық. Бір-бірімізбен амандасып, жылы тілектер айтайық.<br>-Сәлеметсіздер ме! | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті:ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру. **Сұрақтар мен тапсырмалар.** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті: дәстүрлерінің мәнін түсіндіру.<br>**Д.О.** «Жалғасын тап»<br>**Ойын барысы:**<br>Бастаушы бала сөйлемді бастап береді. Балалар аяқтайды.<br>-Қыста күн....<br>-Бүгін қар....<br>-Айнала...<br>-Балалар сырғанақта....<br>-Балалар қардан.....<br>(Сөйлеуді дамыту, | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті:ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>Айсұлудың | **1.Сауат ашу нагіздері**<br>Міндеті: дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. **«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Қайырлы таң!<br>-Қайырлы күн!<br>-Сіздерді көргеніме қуаныштымын!<br>-Енді бір-бірімізге мақтау сөздер айтайық:<br>-Сен әдемісің.<br>-Сен мейірімдісің.<br>-Сен ақылдысың.<br>-Сен адал доссың.<br>-Ал балалар, сендер үйлеріңде бір-бірлеріңе қандай жақсы сөздер айтасыңдар?<br>-Қайырлы таң, әкешім, анашым!<br>-Қайырлы күн, асыл әжем, аташым!<br>-Сендерді үйде қалай еркелетеді?<br>-Мені үйдегілер «құлыншағым», «қошақаным» т.б. деп еркелетеді.<br>-Бір үйде қандай адамдар тұрады?<br>-Бір үйде бір-біріне ең жақын адамдар тұрады.<br>Олар: ата, әже, ана, әке және балалары.<br>-Дұрыс айтасыңдар балалар осы адамдар отбасын құрайды.<br>Сендер де отбасыларыңның бір мүшесісіңдер.<br>**Д.О.** «Менің отбасым»<br>**Ойынның мақсаты:** Отбасы туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**Допты | Бұл жылдың қай мезгілі? Дыбыстық талдау жаса.<br>Суреттегі заттар дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті **қызыл** түспен, ал дауыссыз дыбыстан басталса **көк** түспен боя.<br>Тон, ат, от, кесе, шана.<br>Штрихта.<br>Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Бір, екі, үш,<br>Кәне жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**Балаларға жұмбақ жасыру. | қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әректі).<br>**Д.О.** «Дұрыс па, бұрыс па?»<br>**Ойынның мақсаты:** Әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін білуге үйрету, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар шеңберге тұрады. Педагог жылдың бір мезгілінің белгісін атайды. Бұл белгі дұрыс болса, бала допты қағып алады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Интеллектуалды ойын:**«Білімпаз баламыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың білімдерін жинақтап, тереңдету, қызығушылықтарын арттыру, топпен жұмыс істей білуге баулу.<br>«Білімпаз баламыз»<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар үш топқа бөлінеді. Берілген тапсырмаларды орындайды.<br>**«Әдебиет орталығы»**<br>**Шарты:** Әртүрлі пазылдардан сурет | ойыншықтарын ата.<br>Дауысты дыбыстан басталатын ойыншықтарды **қызыл** түспен, ал дауыссыз дыбыстан басталатын ойыншықтарды **көк** түспен қорша.<br>Доп сөзінің дыбыстық талдауын анықта.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Саусақтар шықты қыдырып,<br>Балетке келді жүгіріп.<br>Залдың шамы сөнеді,<br>Бишілер билеп береді.<br>Балет қандай тамаша!<br>Қол соғайық таласа.<br>Штрихта.<br>Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**Д.О.** «Ғажайып пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Суреттегі заттар қандай пішіндерден | **2.Көркем әдебиет**<br>Міндеті: санамақ, жаңылтпаш айту<br>**Бірге жаттайық.**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Қар жамылған дала аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-танымдық коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті)<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар жасыру).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.**«Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лақтыру әдісі арқылы балалар өз отбасы мүшесі туралы айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Тату-тәтті отбасы»<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар мен сендерге тату-тәтті отбасында 3 адам, 4 адам, 5 адам тұрады деймін. Сендер сол санға сәйкес тез топтасып тұра қаласыңдар.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Суретпен жұмыс**<br>«Ынтымағы жарасқан отбасы»<br>(әңгімелеу).<br>**Біздің шаңырақ.**<br>Атамнан басталар,<br>Әжемнен қосталар.<br>Отбасы мыналар:<br>Ең жақын адамдар-<br>Әкем және анам бар,<br>Бір туған апам бар.<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған інім бар,<br>Бәрін жақсы көремін,<br>Еркелеймін еремін.<br>**Д.О.** «Менің отбасым»<br>**Ойын шарты:** | Допқа өзі ұқсайтын,<br>Ерекше бір пішін бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br>(дөңгелек).<br>Төрт бұрышы бар,<br>Төрт қабырғасы бар.<br>(төртбұрыш).<br>Атына сай балалар,<br>Үш бұрыш, үш жағы бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br>(үшбұрыш).<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br>**Геометриялық пішіндер.**<br>**Бірге жаттайық.**<br>Төртбұрышпын,<br>төртбұрышпын,<br>Төрт қабырғасы бар бұрышпын.<br>Қай жағынан карасаңда,<br>Төрт қабырғам тең бұрышпын.<br>-Балалар неге оны төртбұрыш деп атайды екен?<br>-Төртбұрыштың қабырғасын санайық.<br>Үшбұрышпын,<br>үшбұрышпын,<br>Үш қабырғам бар бұрышпын.<br>Төртбұрыштан аз болсам да,<br>Орны бөлек үшбұрышпын.<br>-Балалар, үшбұрыштың қабырғаларын санайық.<br>Домалақпын, | құрастыру және әңгімелеу.<br>**«Өнер орталығы»**<br>**Шарты:** «Қар ұлпалары» суретін салу.<br>**«Зерттеу орталығы»**<br>**Шарты:** Қардың күйін зерттеу. (топқа стақанға салып қар әкелу, балалар қар туралы өз ойлрын айтады).<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті: Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.<br>**Ашық микрафон:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Отбасыңмен бірге қандай мерекелерді атап өткізесіңдер?<br>-Отбасылық қандай мерекелерді білесіңдер?<br>-Қандай сыйлық алғанды ұнатасың?<br>-Жаңа жыл мерекесі | құрастырылған?<br>Аппликация жасау үшін қандай пішіндер пайдаланылған,<br>Геометриялық пішіндерден аппликация ойластырып, оны жапсыр. (үй, шырша, балапан. т.б.).<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішін жоқ екенін айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Мұздатам»<br>Боран борайды-1<br>Боран борайды-2<br>Боран борайды-3<br>Түрлі фигура болып қат.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар, қыс мезгілі, қар, қырау, аяз, суық деген сөздерге сөйлем құрастырады.<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліз:**<br>«Қыс»<br>**Мақсаты:** Өзінің ойын қағаз бетіне түсіре білуін бекіту, бейнелерді қағаз бетіне композиция құрап орналастыруға жаттықтыру.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Құрастыру**<br>**Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>Міндеттері: Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру.Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, өз отбасы туралы жақсы сөздер айтады.<br>-Менің отбасым ең тату отбасы.<br>-Менің отбасым ең үлкен отбасы.<br>-Менің отбасым ең бақытты.<br>-Менің отбасым қонақжай.<br>-Мен отбасымды жақсы көремін.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Менің отбасым» сурет салу. (Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Мына саусақ- атам,<br>Мына саусақ- әжем.<br>Мына саусақ -әкем,<br>Мына саусақ - анам.<br>Мына саусақ - мен,<br>Бәріміз бір - жанұя.<br>**Қорытынды.**<br>-Өз отбасыңда кімдермен бірге тұрасың?<br>-Әкең мен анаң саған риза болып қуану үшін не істеу керек?<br>-Отбасы мүшелері бір-бірімен қалай тұрады?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын | домалақпын,<br>Дөңгелек боп домаладым.<br>Ай сияқты, күн сияқты,<br>Шар сияқты домалақпын.<br>-Дөңгелектің бұрыштары бар ма?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Пішіндерді боя» Түстерді танып білуге үйрету.<br>**Ойынның мақсаты:** Пішіндер туралы білімдерін толықтыру. Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға пішіндер салынған қағаздар таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Педагог балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалар сол тақтадағы түстерге қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды. (Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br>**Еркін ойын.** Санау таяқшаларынан пішіндерді құрастыр. (Математика негіздері- | қашан болады?<br>-Жаңа жылда нені безендіреміз?<br>-Шыршаны безендірген сендерге ұнай ма?<br>-Ақшақар кім?<br>-Аязата мен Ақшақарға балалар қандай өнерлерін көрсетеді?<br>-Аяз атадан сыйлық алып көрдіңдер ме?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Шашуы көп, дәмі мол,<br>Тастамайды қабын ол.<br>Жаһан кезіп баланың,<br>Қуантпақшы бәрін ол.<br>(Аяз ата).<br>**Тыныштық сәті.**<br>Музыка ойналып тұрады. Көзімізді жұмып, Жаңа жыл мерекесін елестетейік. Шыршаны айнала дөңгелене тұрмыз. Қандай әдемі шырша! Жасыл шырша әсем етіп безендірілген. Аязата мен Ақшақар шырша жанында тұр. Көзімізді ашайық. Көз алдарыңа не елестеттіңдер? (Әр бала не елестеткенін баяндайды).<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығн арттыру. | **Д.О.** «Аққаланы құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**Геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Геометриялк пішіндерден аққала жасау, қандай пішін екенін айту, салыстыру. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Саусағыңмен жүргіз.**<br>**.**Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ұқсастығы мен айырмашылығын ата. Дөңгелек. Сопақша.<br>**Ойлан. Суретін сал. Боя.**<br>**.**Кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендір. боя.<br>**.**Әр фигураны қарандаштардың көрсетілген түсіне сәйкес боя.<br>Төртбұрыш-қызыл.<br>Үшбұрыш-жасыл.<br>Дөңгелек-көк.<br>Сопақша-сары.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, сурет салу-шығармашылық әс әрекеті).<br>**Еркін ойын.** «Ұшқыр ойлы баламын»<br>**Шарты:** Дөңгелектерден аппликация ойластырып, | жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару. Тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б) мүсін деу, тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б)<br>**Шаттық шеңбері:** «Тілек шоғы»<br>**Шарты:** Педагог қолындағы гүлді тілек айтып жанындағы балаға ұсынады. Гүлдер көбейіп, **«Тілек шоғы»** болып педагогтің өзіне оралады.<br>**Балалардың жұмысы:** «Гүл салынған ыдыс»<br>**Шарты:** Түрлі-түсті қағаздан қиып жапсырады. (Жапсыру-шыңармашылық іс әрекеті)<br>**Сергіту сәті.**<br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап дем алам.<br>Қанатымды бір қағып,<br>Гүлдей болып жайқалам.<br>**Еркін ойын:** «Досыма сый»<br>**Шарты:** Балалар өздерінің жасаған жұмысын жақсы тілек айтып досына сыйлайды.<br>-Осы гүлдей әдемі бол!<br>-Гүлдей құлпырып жүр.<br>Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті. Шама. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін зат ты бөліп алу.<br>**Д.О.** «Түрлі-түсті жолақтар»<br>**Ойынның мақсаты:**Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыруға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Түрлі-түсті жолақтардың түстерін атайды, салыстырады, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін айтады.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>Бетбелгінің ұзындығын өлше. Қайсысы ұзын? Қайсысы қысқа? Ең қысқа бетбелгіні ата. Заттардың ең биігінен ең аласасына қарай | танымдық ойын, іс-әрекеті).<br>**Еркін ойын.**«Пішіндерден не салуға болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой, қиялын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық пішіндерден әртүрлі суреттер салу.<br>**Көрме ұйымдастыру.** Балалардың салған суретін бағалау. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеті: Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге үйрету**Д.О.**«Ауа-райы» туралы айтып бер.<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар ауа-райын сипаттайтын сөздерді | **Ойын барысы:** Балалар кезекпен **з** мен **ш**дыбыстары кездесетін сөздер айтып жарысады. Көп сөз айтқан топ немесе бала жеңімпаз атанады. Мысалы: аяз, шана, шаңғы, шырша, Аязата, Ақшақар т.б. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.** «Шыршаны безендір» сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Ән айту:** «Шырша әні» (Музыка-шығармашылық ойын әрекеті)<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Міндеті: санамақ, жаңылтпаш айту<br>**Д.О.** «Үш түс, үш қозғалыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Бағдаршамның түстерін | оны жапсыр.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, жапсыру-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Бойды сергек тік ұста,<br>Емін еркін тыныста.<br>Деміңді ішке тез алда,<br>Оң қолыңды соз алға.<br>Қол ұшына қара да,<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Сол қол босқа тұрмасын,<br>Шеңбер жасап зырласын.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеті: Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге үйрету**Д.О.**«Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»<br>**Ойынның мақсаты**: Балаларға жыл мезгілдерін ажырата білуді, әр жыл мезгіліне сәйкес қандай киімдер киетінін баяндай білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі киімдерді қай | ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру (ауада)**<br>Міндеті: Спорттық жаттығулар.<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимылды ойын:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызып қос.<br>Гномдарға заттарды өлшеміне қарай таңдауға көмектес.<br>**Сергіту сәті.**<br>Көтеріп қолын қуыршақ,<br>Жоғары-төмен, жоғары-төмен.<br>Шыр көбелек айналып,<br>Би билейді бізбенен.<br>(Балалар музка әуенімен шыр көбелек айналып, билейді).<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, музыкалық-шығармашылық әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Қатрға тұрамыз»<br>**Ойын барысы:** Балалар қатарға қалай тұрғанын қара. 7-нөмірдің алдында кім тұр? 9-нөмірден кейін кім тұр?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті: Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, | тауып айтады. (суық, желді, ашық т.б.).<br>**Д.О.** «Маған ұнайтын жыл мезгілі»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету, балалардың білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгілдерін атайды. Өзіне ұнаған мезгілді айтып береді.<br>-Бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Кәзір жылдың қай мезгілі?<br>-Саған жылдың қай мезгілі ұнайды?<br>**Д.О.** «Сәйкес заттарды тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгіліне сәйкес заттарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгіліне сәйкес заттарды таңда. Сызып қос.<br>**Күз**-қолшатыр. **Қыс**-шаңғы. **Көктем**-секіргіш. **Жаз**-футбол добы.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: Билер<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, | ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог бағдаршамның үш түсіне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар педагогтің қимыл-қозғалысына қарай бағдаршам түстерін дұрыс атаулары қажет.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Бірге жаттайық.**<br>Бұзба көше тәртібін,<br>Ұрынарсың апатқа.<br>Ұқыпты болса әр күнің,<br>Жақын болма шатаққа!<br>-Көшеге шыққанда неге мән беруі керек?<br>-Қандай жол белгілерін білесіңдер?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Жолдан өту»<br>**Ойынның мақсаты:** Жол ережелері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Бір бала «бағдаршам» болады. Қолына **жасыл** дөңгелекті ұстап тұрады. Балалар арнайы **«жолақ жолдан»** өтеді. Педагог «Солға қараймыз!»,«Оңға қараймыз!»-деп бұйырады. Содан соң, «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. | қай мезгілде киетіндерін айтады.<br>(Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз<br>Сарт-сарт-сарт.<br>Шапалақ соғамыз.<br>Тоңса біздің аяғымыз,<br>Етік киіп аламыз.<br>Топ-топ-топ.<br>Топылдатып билейміз,<br>Тоңса біздің денеміз,<br>Тонды киіп аламыз,<br>Зу-зу-зу,<br>Шанамын зулаймыз.<br>**Д.О**. «Мынау кімдікі?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ер баланың және қыз баланың киімдерін ажрата білуге үйрету. Ұқыптылыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Киімдердің қайсысы ер балаға, қайсысы қыз балаға кигізуге болатындығын айтады.<br>**Жұмбақтар жасырайық.**<br>**Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br>Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(қыс мезгілі). | қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Отан деген-атамекен,<br>Отан деген-туған жер.<br>Отан-ана, Отан-үлкен,<br>Қазақстан туған ел!<br>-**Отан**-біздің сүйікті отбасымызбен тұратын үйіміз, туған жеріміз, ауылымыз, қаламыз, табиғатымыз.<br>Біздің Отанымыз-Қазақстан. Біз Отанымызды сүйеміз.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап, Отан туралы әңгіме құрастырыңдар.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.**<br>Болашаққа бастаған,<br>Шарықтайды асқақ ән.<br>Ел ордасы Отанның,<br>Мақтанышым Астанам!<br>-Өлеңде не туралы айтылған?<br>-Кім Астанаға барды?<br>-Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар? | қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру**Музыка тыңдау:**<br>«Астана»<br>-Астана туралы не білесіңдер?<br>-Астананың қандай көрікті жерлерін білесіңдер?<br>-«Бәйтерек» туралы не білесіңдер?<br>**Тыңда.**<br>Әнде Астананың керемет келбетіне деген сүйіспеншілік бар. Астана-жас болсада біздің бас қаламыз, мақтанышымыз. Есіл өзенінің бойында орналасқан әсем қалаға қарасаң көз | Өтеміз»,-деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>«Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақтың жауабын табады.<br>Үш көзді батыр,<br>Жол көрсетер батыл.<br>Үш көзі үш түрлі:<br>Қызыл, сары, жасыл.<br>(бағдаршам).<br>Қырдан қырға жалғасады,<br>Барған сайын алға асады.<br>(жол).<br>Оңға да бұрады, солға да бұрады.<br>Жол тәртібін, реттеп тұрады.<br>(бағдаршам).<br>Көшеде жүр кішкентай үй,<br>Сол үйді жүргізуші жүргізеді.<br>(машина)<br>**Тыңда.** «Жолдан өткенде»<br>Дастан деген баламын,<br>Мектепке енді барамын.<br>Жүруді де үйрендім,<br>Көшесінде қаланың.<br>Жол шетіне келгенде,<br>Тоқтай қалып мен демде.<br>Көз саламын арнайы,<br>Белгісі бар жерлерге.<br>Қауіпті ғой көше тым,<br>Құмай жолдың төтесін. | Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады.<br>(қар).<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар тақтадағы ілулі суреттерге қарап, қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайды.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Ертегілер елі.**<br>**Мақсаты:** Балаларды жаңа ертегімен таныстыру, мәнерлеп оқып беру.<br>**«Аяз ата»**<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті:қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Боямақ.**<br>«Астана»<br>(балалар суретті бояйды).<br>(сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Міндеті: Кеудеге арналған жаттығулар. Артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу.<br>Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).<br>**Ұйымдастыру кезеңі: Тату бола білеміз.**<br>Ол-мен, ол- мен,<br>Және менің достарым!<br>-Еңбегімен өз үйін,<br>-Көркем етер кім екен?<br>-Қалам, дәптер, кітабын жинап қояр | тоймайды.<br>**Ән айту:** «Астана» «Бәйтерек» Б.Әлімжан.<br>-Ән қандай көңіл-күйде жазлған?<br>-Ән сендерге неге ұнады?<br>**Бәйтерек**-өмір ағашы. Салмағы 300 тонна болатын шар хамелеон шыныдан жасалған. Күн сәулесінің түсуіне қарай түсін өзгертіп тұрады.<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:**<br>«Шарлармен би»<br>Би қимылдарын жасағанда әркез денені тік ұстап, жеңіл қимыл жасауға дағдылану қажет. Музыка әуенімен шарды жоғары көтеріп, оңға, солға иілу және шарды жоғары ұстап, аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жеңіл жүгіру.<br>**Д.О.** «Өз жұбыңды тап»<br>**Ойын барысы:**<br>Музыка әуенімен балалар айнала жүгіреді. Музыка аяқталысымен, дереу жұбын тауып тұрады. Жұбынан адасып қалғандар өз айыбын өнер арқылы өтейді.<br>**Д.О.** «Ән салған кім?»<br>**Ойын барысы:** | Жолақтарды іздеймін,<br>Жаяу адам өтетін.<br>Асықпаймын аптығып,<br>Алдым мұны жақсы ұғып,<br>Күйсандықтың тіліндей,<br>Қатар қатар ақ сызық.<br>Ортасында тұра қап,<br>Оңға, солға бір қарап,<br>Жолдың арғы шетіне,<br>Жетіп алам жылдам ақ!<br>**Еркін ойын:**<br>«Бағдаршам бағыт береді»<br>**Шарты:** Бағдаршам түстерінің қызметін анықтап, есіне сақтайды. Бағдаршамның суретін салады.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Міндеті:Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 | эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Астана»<br>-Астана туралы не білесіңдер?<br>-АСтананың қандай көрікті жерлерін білесіңдер?<br>-«Бәйтерек» туралы не білесіңдер?<br>**Тыңда.**<br>Әнде Астананың керемет келбетіне деген сүйіспеншілік бар. Астана-жас болсада біздің бас қаламыз, мақтанышымыз. Есіл өзенінің бойында орналасқан әсем қалаға қарасаң көз тоймайды.<br>**Ән айту:** «Астана» «Бәйтерек» Б.Әлімжан.<br>-Ән қандай көңіл-күйде жазлған?<br>-Ән сендерге неге ұнады?<br>**Бәйтерек**-өмір ағашы. Салмағы 300 тонна болатын шар хамелеон шыныдан жасалған. Күн сәулесінің түсуіне қарай түсін өзгертіп тұрады.<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Шарлармен би» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кім екен?<br>-Айтыңдаршы, таңертең жуынбаған кім екен?<br>-Тапсырманы үйдегі орындаған кім екен?<br>-Бір сағаттай сабаққа кеш келетін кім екен?<br>-Терезеге доп соғып, сындыратын кім екен?<br>-Ал шынығып, жаттыққанды ұнататын кім екен?<br>-Балалар шеңберге тұрып сұрақтарға жауап береді. «Ол-мен, ол-мен және менің достарым!»<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жұбыңды тап»<br>**Шарты:** Екі-екіден сапқа тұру. Сапта жүгіру. Түрлі-түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. Қайтадан «1,2,3-жұбыңды тап!»-деп белгі бергенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар | Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді.Шет жақта балаларға сыртын беріп отырған, ән салған баланың даусын тануы керек. Отырған бала ән салған баланы даусынан таныса, олар орнын ауыстырады. (Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). | рет).<br>**«Жарқын күн»**<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып бір-біріне күн жылуын береді.<br>**-Күн:** «Балалар мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!»<br>**Шаттық шеңбері:** «Отбасы»<br>**Шарты:** Балалар, бір-бірімізбен қол ұстасып шаттық шеңберінде тұрып, бір бүтін екенімізді, бір отбасы екенімізді сезінейік. Бәріміз бірге демімізді ішке тартып, қайта шығарамыз. (3). Жүрегіміздің соғысын тыңдайық...<br>Дүк-ілгері қадам аттау,<br>Дүк-артқа қадам аттау. | Би қимылдарын жасағанда әркез денені тік ұстап, жеңіл қимыл жасауға дағдылану қажет. Музыка әуенімен шарды жоғары көтеріп, оңға, солға иілу және шарды жоғары ұстап, аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жеңіл жүгіру.<br>**Д.О.** «Өз жұбыңды тап»<br>**Ойын барысы:** Музыка әуенімен балалар айнала жүгіреді. Музыка аяқталысымен, дереу жұбын тауып тұрады. Жұбынан адасып қалғандар өз айыбын өнер арқылы өтейді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Көлеңке»<br>**Ойын барысы:**<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Қане, қатар тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>**Педагог:** осы өлеңді әндетіп айта жүріп, бір үлкен, бір кіші баладан қатар тұрғызады. Барлығы шеңбер жасайды.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Бүркіт қалай бүреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>Ән ырғағымен балалар бүркітше қанат қағады, еңкейіп саусақтарымен жер тірейді. Көлеңкелер қайталап қимыл | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады. Жүргізуші ортада тұрады.<br>Ұлдар тобы «Түн», қыздар тобы «Күн» болады.<br>Ойын басталады:<br>«Түн!» дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Байқоңыр» ғарыш айлағында барлығымыз бірге жалпы дамыту жаттығуларын жасайық.<br>(балалар жаттығу жасайды)<br>Зымырандармен ғарышқа ұшып, саяхатқа шығамыз.<br>**Негізгі кезең.**<br>«Музыкалы ғаламшар»<br>**Шарты:** Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика жасау. Жаттығуларды дұрыс жасау, басқалармен бірдей жасау.<br>**«Секектегіш»** ғаламшары.<br>**Шарты:**Бұл ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30 см заттардан аттап секіру.<br>**«Түрлі-түсті ғаламшар»**<br>**Шарты:**Допты еденге бір қолмен, алақан жайып, қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.<br>**«Жорғалаушылар»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Балалар модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп, жорғалап жүреді.<br>**«Сиқырлы ғаламшар»**<br>**Шарты:** Балалар залға шашырап бытыраңқы жүрісі орындайды. | жасайды.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Түлкі қалай жүреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>Балалар түлкі болып майысып, құйрығын бұлғаңдатып жүреді.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Аю қалай жүреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>Балалар аю болып майысып, қорбаңдап жүреді.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Қоян қалай секіреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>Балалар қоян болып секіреді.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды. Шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап қолдарын беліне қойып жүреді. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсен ділігі) **Ойын-жаттығу.** «Қарама-қарсы қозғалыс» **Шарты:** Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама –қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де екінші қатар соған қарама – қарсы қимылдар жасайды. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге дайындық Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну:жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | **№2 Қар басуын бақылау.** Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру. **Жұмбақ.** Ұстай алсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. **Жаңылтпаш.** Қыста боран борар, Қыздар шәлі орамал оранар. **Көркем сөз.** О, алақай қыс келді, Бізге қуаныш әкелді. Дала қарға оранды, | **№25 Көшені бақылау.** Қалада көп көшенің бар екенін, олардың атауы әртүрлі екенін үйрету және мектебіміздің қай көшеде орналасқанын білу. Мектеп жанында қандай мекемелер орналасқанын айыра білу. (дүкен, дәріхана, балабақша, кітапхана т.б.) **Көркем сөз.** Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырығы күшті | **№18 Аула сыпырушы еңбегімен танысу** Аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбегі, оның жұмысы туралы балалардыңтүсінігін толықтыру. Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **Тапсырма:** «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. **Тақпақ:** Қолынакиіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, | **№6 Қарды бақылау.** Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар. **Жұмбақ:** | **№13 Қырауды бақылау** Балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. **Болжам:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бала біткен қуанды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Қармен аулай білу»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.<br>**Ойынның барысы:** Балаларды қардан айналудан, ортада шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге биімдеу.<br>**Еңбектену әрекеті.** Қардан қарлы дуал жасау. Бір-біріне кедергі келтірмеуге, қиыншылықтарды жеңе білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Қар қиыршықтарын қарастыр»<br>**Тәжірибе:** Балалар қар қиыршықтарын қарас тырады.Қармен тәжіри бе жасау:стақанға қар салып, топқа алып ке лу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойла рын ұлғайту және дамыту. Өз бетінше қорытын ды жасауға үйрету. Әуесқой лығын және қызығушылығын дамыту. | адам.<br>(милиционер)<br>**Жұмбақ.**<br>Үйден басталады,<br>Үймен аяқталады.<br>(жол)<br>**Д.О.** «Не істейміз? Кім боламыз?»<br>**Ойын барысы:** Бала бойынан жақсы көретін мамандықты әңгімелеу арқылы кім болғысы келетіндігін айта білуі.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ойын алаңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | Бәрімізге олжол ашты.<br>**Жаңылтпаштар:**<br>Қаңтар айы болды, күн суытты<br>Қалың қар жауды, боран соқты.<br>Жапалақтап ақ қар жауды<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр!<br>Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.<br>**Еңбектену әрекеті:** аула сыпырушыға көмектесу. | Жылт-жылт етеді,<br>Ұстасақ еріп кетеді.<br>(қар)<br>**Қимылды ойын:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ойын алаңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.<br>**Жұмбақ:**<br>Қант сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде жатады.<br>(қар)<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Суықторғайлар»<br>**Мақсаты**:қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбектену әрекеті.** Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс: геометриялық фигуралардың, | Дик Артёммен:Спорттық ойындар мен жаттығуларда | Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс: қаламды дұрыс ұстауды меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс: қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды | Барлық баламен жеке жұмыс. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын контурдан шықпай, бастырып бояуды үйрету. | белсенділік таныта білуге баулу. | | қызығушылықпен орындауға баулу. | дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Балалардың есте сақтау қабілетін қалай дамытуға болады» тақырыбы бойынша кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге ойнаңыздар» | «Үйдегі математикалық ойындар» тақырыбында әңгімелесу. | «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады» тақырыбына әңгіме. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үрдісінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ

Сынып_мектепалдыБалалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың күндері:**22-26қаңтар 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Құрастыру.** Конструктормен жұмыс. «Жүк машиналары» **Мақсаты:** Балаларды көлік түрлерімен таныстыру.олардың түрлеріне қарай құрастыру ерекшеліктерін меңгерту. Үлгі бойынша құрастыруға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру-шығармашылық іс әрекеті). | **Ән айту.** «Балдырғандар» Ш.Қалдаяқов. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | Қыс туралы тақпақтар жаттау. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Боямақ.** «Қысқы ойындар» **Мақсаты:** балалардың өз жұмысын жоспарлай білуге баулу; қылқаламмен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Қол еңбегі.** Қажетсіз заттармен жұмыс. «Ойыншықтар әлемі» **Мақсаты:** Балаларды әртүрлі өндіріске қажетсіз заттармен жұмыс жасауға үйрету. (киндер-сюрприздің қауашақтары, қорап тар т.б.).Жасаған затты безендіру үшін түрлі-түсті қағаз, маркерлер, ермексазды пайдалану. Мақсатқа жетуге ұмтылдыру, бастаған ісін соңына дейін жеткізу, табандылық, шыдамдылық дағдыларын қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, құрастыру-шығармашылық іс әрекеті). |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Қаңтар айына таңертеңгі жаттығу кешені. №5 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. | **Сөздік ойын:** «Қыс екенін қайдан білдіңдер?» **Ойын барысы:** Сұрақ | **Д.О.** «Не өзгерді?» **Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен | **Д.О.**«Мен еңбекқор баламын» **Ойынның мақсаты:** | **Жұмбақтар шешейік.** Педагог балалардан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). | арқылы балаларға жауаптарын дәлелдету керек. Балаларға қойылатын жетекші сұрақтар: **Жұмбақты шеш.** Шанамен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін. Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? -Қыс айларын атаңдар. -Қай айдан басталады? -Қыс мезгілі несімен ерекшеленеді? Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? -Ауа-райын бақыла. -Ағаштар қалай өзгереді? -Қыста адамдар қандай еңбек түрлерімен айналысады? -Сенің отбасың қыста қандай еңбек атқарады? (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған ортамен танысу) | орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). | Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, үйде ата-анасына көмектесе білуге баулу. **Ойын барысы:** Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып береді. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). | аңдар жайында қандай жұмбақтар білетінін сұрап, жасырылған жұмбақты бірге шешеді. Балаларға аңдар туралы жұмбақтар жасыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту** Міндеті: Сөздік қор Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру **Д.О.**«Ойлан да аяқта» **Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөзді сөйлемдермен жалғастырып айтуға дағдыландыру. **Ойын барысы:** Педагог сөз тіркестерін айтады, | **1.Сауат ашу негіздері** Міндеті: Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. **Д.О.** «Қандай дыбыс?» **Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. **Ойын барысы:** Педагог дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтады, ал балалар керекті карточкаларды көрсетеді. **Д.О.** «Ойыншықты таңда» **Ойынның мақсаты:** Берілген сөздегі буынның санын дұрыс анықтауға үйрету. | **1.Сөйлеуді дамыту** Міндеті: Сөздік қор Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру**Д.О** «Қыс» **Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту. **Ойын барысы:** Қыс тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрастыру. **Д.О.** «Қысқы табиғат құбылыстарын көрсет» **Ойынның мақсаты:** Қысқы | **1.Сауат ашу негіздері** Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. **Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса» **Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту. | **1.Сауат ашу нагіздері** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазуларды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар сөйлемдерді аяқтайды.<br>Ат шабады, ал қарлығаш.... .<br>Қозы.... , сиыр.... .<br>Бота-.....төлі.<br>Лақ.... . Құлыншақ..... .<br>**Д.О.** «Ертегі құрастыру»<br>**Ойынның мақсаты:** Баллардың ойын, қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ертегілерде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар жаңа бір ертегі құрастырады.<br>**Д.О.**«Бұл не? Бұл кім?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды көпше етістікті қолдану арқылы, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суретте не бейнеленгенін айтады, әңгімелейді. Сұрақтарға жауап береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті)<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Геометриялық фигуралар.Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы | **Ойын барысы:** Педагог балаларға ойыншықтарды немесе суреттерді көрсетеді. Ал балалар карточкаларды көрсетеді.<br>Мысалы: доп-1 буыны бар карточканы көрсету.<br>**«Зоопарк» ойыны.**<br>**Ойынның мақсаты:** «з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді дұрыс атай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** «з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді ата.<br>**«Масалар»** ойыны.<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс, анық айта білуге жаттықтыру.<br>**Ойын барысы:** Масалардың қатты шырылдағаны соншалық, олар «з-з-з»-деп ән айта бастады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>Дыбыстық талдау жаса: тау, көл.<br>Үзік сызықтарды бастыр.<br>Нелердің суреті шықты?<br>(Бәйтерек, күн, бұлт).<br>**Үзік сызықтарды бастыр.**<br>**Тыңда, орында.**<br>Партадағы саусақтар,<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар,<br>Сурет сала біледі.<br>Ортаңғы мен сұқ саусақ,<br>Түйеқұсты салады.<br>Төңкеріліп аспанға,<br>Қоян да бола алады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті:Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру | табиғат құбылыстарын атай білуге үйрету. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға қыс мезгілі бейнеленген суретке қысқы табиғат құбылыстарының атауын атай отырып, құбылыстарды тауып сәйкестендіреді.<br>**Д.О.** «Қыс қызықтары»<br>**Ойынның мақсаты:** Қыс туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларды үш топқа бөліп, бірнеше тапсырма беріледі.<br>**1-топ:** қыс мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді.<br>**2-топ:**қыс мезгіліндегі демалыс туралы әңгімелейді.<br>**3-топ:**қысқы еңбек туралы әңгімелейді.<br>**Қимылды ойын:** «Мұздатам»<br>Боран борайды-1<br>Боран борайды-2<br>Боран борайды-3<br>Түрлі фигура болып қат.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Еркін ойын:** «Сөйлемді жалғастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру, сөздік қорын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Бастаушы берілген суреттерге қарап сөйлемді бастайды, келесі бала аяқтайды.<br>-Мен анама....(көмектесемін)<br>-Мен иніме....(қамқор боламын).<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | **Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>(Сауат ашу негіздері-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Ертегіні ойнайық»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға өткен ертегілерді еске түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің дауысын өзгерте отырып, қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды. **Мысалы:** «Қасқыр, түлкі, әтеш» ертегісін еске түсіреді. Әтеш пен түлкінің дауысы төмен дауыспен, ал қасқырды жоғары дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні айтып береді.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Менің жаңа ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ертегілерде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Балаларға аталған | салу.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>Дыбыстық талдау.<br>Шөп, бау, сүт.<br>Тыңда. орында.<br>Саусағымыз айқасып,<br>«Жеңемін»-деп шайқасып.<br>Бірін-бірін тартады,<br>Білекке сенім артады.<br>Штрихта.<br>Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Көркем әдебиет.**<br>Міндеті: Шешендікке, сөз өнеріне баулу,<br>**ДО.** «Ертегіні ата»<br>**Ойынның мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сопақша пішінмен таныстыру.<br>**Мотивациялқ қозғаушы:** 3 рет аяқпен тарсылдату, 2 рет оңға, 2 ретсолға қадам басу.<br>Алақанмен 3 жоғары, 1 рет төмен шапалақтау.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «оң жағында-машина, сол жағында-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Үстінде, астында, алдында, артында, оң жақта, сол жақта»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттер тарытылып береді. Балалар суреттегі заттардың қай жерде | арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**Қимылды ойын:** «Көршіңді тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардың бірінің артынан бірі тұрып, паравоз жасауларын өтінеді. Әрқайсысына жақындап келіп, алдында тұрған баланың атын атауды, кейіннен әрқайсысының артында тұрған баланың атын атауды ұсынады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Қай жерде не бар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша заттардың бағытын айт. Жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Түрлі түсті автокөліктер»<br>**Ойынның мақсаты:** Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар залдың шетіне тұрады. Олар – автокөліктер. Әр балаға түрлі-түсті шеңбер беріледі. Педагог қолына түрлі-түсті жалаушалар ұстап, залдың ортасында тұрады. Біркезде белгілі біржалауды жоғары көтереді, қолындағы шеңбері жалаудың түсімен бірдей балалар залды айналып кез-келген бағытта жүгіреді. Олар гуілдеп, автокөлік айдап бара жатқандай қимылдар жасайды. Педагог жалауды түсірген кезде балалар тоқтайды. Педагог басқа түсті жалауды көтерген кезде басқа балалар жүгіреді. Педагог бір, екі немесе үш түсті жалауды бірге | **2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті:Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу.<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз.<br>Уықтар болып иіліп,<br>Киіз үйді құрамыз.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған ортамен танысу).<br>Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, **«Киіз үйді құрастыр»** ойынын ойнату.<br>**Шарты:**Балаларға киіз жабдықтаынан киіз үй құрастыру.<br>**Д.О.** «Жерде, әуеде, суда»<br>**Ойын барысы:** жерде, әуеде, суда жүретін көліктердің суреттері көрсетіледі.<br>Педагог: **«жерде»**-деп танкистің суретін көрсетеді. Осы кезде балалар алға бір-қадам адымдап жүреді. **«әуеде»**- деп ұшқыштың суретін көрсеткенде, қолдарын жан-жаққа жайып, ұшқыш сияқты болады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Міндеті:Шешендікке, сөз | кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа бір ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Сиқырлы қыл қалам»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сурет салуға деген қызығушылықын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар өз қалауынша жаңа ертегі құрастырады. Сол ертегі желісі бойынша сурет салады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>Суретке қара. Үш дыбыстан тұратын сөзді ата.<br>Дыбыстық талдау жаса. Ана, нар, лақ.<br>Тыңда. орында.<br>Бір, екі, үш,<br>Кәне жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті, дене | Балаларды ертегілерді айырып, атай білуге үйрету және жинақтау, талдау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға ертегілер бейнеленген суреттер таратылады. Балалар суретке қарап қандай ертегі екенін айтады.<br>**Еркін ойын:** «Менің сүйікті ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар өздеріне ұнаған ертегіні атайды, сол ертегі желісі бойынша суретін салады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Ертегіні ойнайық»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға өткен ертегілерді еске түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің дауысын өзгерте |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналасқанын айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Графикалық диктант.**<br>Графикалық диктант жазу барысында бір бөлігін берілген нұсқаулар бойынша жазады, екінші бөлігін балалар өздері орындайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Көтеріп қолын қуыршақ,<br>Жоғары-төмен, жоғары-төмен.<br>Шыр көбелек айналып,<br>Би билейді бізбенен.<br>(Балалар музка әуенімен шыр көбелек айналып, билейді).<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, музыкалық-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті: Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу.<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар болып иіліп,<br>Киіз үйді құрамыз.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған ортамен танысу). | көтеруіне болады. Онда барлық автокөліктер жолға шығады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Қанша болса сонша»<br>**Ойын барысы:** Еденде 4 шеңбер обруч) тұр. әр шеңберде цифры бойынша түрлі ойыншықтар бар. Музыкамен балалар әртүрлі қозғалыста жүреді. Әуен тоқтағанда, әр шеңбердегі ойыншықтар санына сай тұра қалады. 4 ойыншық тұрған шеңберге-4 бала.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеті: Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру**Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Ыс-ыс-ыс,<br>Келіп жетті қыс.<br>Ар-ар-ар,<br>Жауады қар.<br>Ран-ран-ран,<br>Соғады боран.<br>Яз-яз-яз,<br>Сақылдаған сары аяз.<br>На-на-на,<br>Зулайды шана.<br>**«Сағат»** Денені жан-жаққа ию. Иілген кезде «ту-у-у-ух»-деп дыбыстап, терең тыныс шығару.<br>**«Доптар ұшады»** Кеудесін алдыға қарай лақтыру. Дем шығарған кезде ұзақ «ух-х-х-х»-деп айт. | өнеріне баулу<br>**Д.О.** «Ғажайып өзгертулер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық ойлауы мен қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше суреттерді балалармен бірлесе отырып таңдап алады. Таңдаған суреттерінен барлығы бірлесіп талқылап, ортақ бір ертегі немесе әңгіме құрастырады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Ертегілер еліне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегілер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Ертегілер еліне шолу жасайды. Тақтаға ілінген суреттерден қандай ертегі екенін айтады.<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Жұмбақтардың жауабын табады.<br>Тоң мойынды жуан көк,<br>Желіп, жортып бүкеңдеп.<br>Несібесі даладан,<br>Еңбек қылмай жүрер тек.<br>(қасқыр).<br>Жол бойында жортқан,<br>Сыбызғысын тартқан.<br>(қасқыр).<br>Аузы бейне, шалғы орақ,<br>Шөп емес, бірақ малды орады.<br>(қасқыр).<br>Өзі қу, айлакер,<br>Жүрген жері айқай да, шу.<br>(түлкі).<br>Бұлаңдаған құйрығы,<br>Бір алдарлық құлығы.<br>(түлкі).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем | шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>Үзік сызықтарды басты.<br>Суретті бастыр.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеті: Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру<br>**Бірге айтайық.**<br>Кім келді?<br>Қане, қане кім келді?<br>Апа, апа, бұл сіз бе?<br>Йә, йә, йә!<br>Әке, әке, бұл сіз бе?<br>Йә, йә, йә!<br>Ағатайым бұл сіз бе?<br>Йә, йә, йә!<br>Қарындасым бұл сіз бе?<br>Йә, йә, йә!<br>Біздер тату жанұя.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Менің отбасым»<br>**Ойынның мақсаты:** Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, отбасындағы өзара сыйластық қарым- | отырып, қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды.<br>**Мысалы:** «Жеті лақ» ертегісін еске түсіреді. Лақтардың дауысы төмен дауыс, ешкінің дауысы ортаңғы дауыспен, ал қасқырды жоғары дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні айтып береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**3.Құрастыру**<br>**Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>Міндеттері:<br>дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу.түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту.Жұмыс барысында әртүрлі пішінді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, **«Киіз үйді құрастыр»** ойынын ойнату.<br>**Шарты:**Балаларға киіз жабдықтаынан киіз үй құрастыру.<br>**Д.О.** «Жерде, әуеде, суда»<br>**Ойын барысы:** жерде, әуеде, суда жүретін көліктердің суреттері көрсетіледі.<br>Педагог: **«жерде»**-деп танкистің суретін көрсетеді. Осы кезде балалар алға бір-қадам адымдап жүреді.<br>**«әуеде»**- деп ұшқыштың суретін көрсеткенде, қолдарын жан-жаққа жайып, ұшқыш сияқты болады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Міндеті: Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Ол-мен, ол- мен,<br>және менің достарым!<br>-Еңбегімен өз үйін, | **«Поезд»** Бір демде айту. «ту-ту-ту-ту»<br>Дем алып «с-с-с, ш-ш-ш, ф- ф-ф»-деп айту.<br>**«Машинаның дөңгелегіжарылды»** «Ш-ш-ш»-деп айт.<br>Ян-ян-ян,<br>Жүгіріп жүр қоян.<br>Ыр-ыр-ыр,<br>Ырлдайды қасқыр.<br>Кі-кі-кі,<br>Бұлаңдайды түлкі.<br>Ю-ю-ю,<br>Қорбаңдайды аю.<br>Са-са-са,<br>Ызыңдайды маса.<br>Қа-қа-қа,<br>Бақылдайды бақа.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:**<br>«Адасқан Қызыл телпек қалай дыбыстады?» «Ау-у-у»<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ертегі зообақ» Ертегілердегі аңдардың дыбысын және жүрісін салу.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Музыка тыңдау:** «Айды әперші апатай» Е.Өміров.<br>**Ән айту:** «Ғарышкер боламыз» Ш.Мұхамеджанов.<br>«Қайырлы таң» Е.Өміров.<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Көңілді би» | әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Қасқыр мен түлкі»** ертегісі.<br>Балалар жаңа ертегімен танысады. Тыңдайды.<br>-Ертегі сендерге ұнады ма?<br>-Ертегі кейіпкерлерін атаңдар.<br>-Түлкі қандай аң?<br>-Түсі қандай?<br>-Оның құйрығы қандай болады?<br>-Түлкі қандай жерде мекендейді?<br>-Қасқыр қандай аң?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Қасқыр мен түлкі ертегісі»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту. Ертегі айта білуге баулу.<br>**Ойын барысы:** Ертегі мазмұнын қысқаша айту.<br>Бір күні жолбарыс сырқаттанып қалыпты.<br>Барлық аңдар оның көңілін сұрау үшін барады.<br>Тек түлкі келмейді.<br>Қасқыр түлкінің сыртынан өсек айтады.<br>Жолбарыс түлкіні алып келуді бұйырады.<br>Түлкі жолбарыстың ауруын емдейтін дәрі табады.<br>Жолбарыс оған риза болды.<br>Түлкі үш аяғымен қираландап келе жатқан қасқырды көреді.<br>Түлкінің қасқырға берген жауабы: өсек айту жақсылыққа жеткізбейді.<br>Қасқыр мен түлкіні сипаттау.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын | қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, отбасы туралы жақсы сөздер айтады.<br>-Менің отбасым...(тату).<br>-Менің отбасым...(көңілді).<br>Ойын осылай жалғаса береді.<br>Саусаққа арналған гимнастика.<br>Бұл-атам, бұл-апам,<br>Бұл-әкем, бұл-анам<br>Бұл-бөпем менің, көркем.<br>Міне менің отбасым.<br>**Суретпен жұмыс:**<br>«Ынтымағы жарасқан отбасы» суретіне қарап әңгіме құрау.<br>-Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>-Отбасына кімдер жатады?<br>-Сенің отбасыңда неше адам бар?<br>-Өз отбасың туралы әңгімелеп бер.<br>**Сергіту сәті.**<br>Біздің үйде ән тарап,<br>Думандатар өмірді.<br>Біздің үйде салтанат,<br>Біздің үйде көңілді.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Отбасы мүшелері туралы әңгімелеу, диалогті түрде сөйлесе білуге, грамматикалық тұлғада таза анық | кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>Жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.<br>**Д.О.** «Кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Жұмбақтың жауабын табады.<br>Еріксе құйрығымен ойнайды,<br>Зеріксе ұйқыға бір тоймайды.<br>Мұртын сипап күні бойы,<br>Бетін сусыз жуады.<br>Тысырды аңдып түн бойы,<br>Тышқанды ол қуады.<br>**Тыңда. Бірге жаттайық.**<br>**Мысық.**<br>Мен кәдімгі мысықпын,<br>Рас көзі қысықпын.<br>Жүйкесінде ойнаймын,<br>Тышқан деген пысықтың<br>Күлме мейлің күл мейлің,<br>Итті көзге ілмеймін,<br>Жақсы көрем балықты,<br>Әттең аулай білмеймін.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | -Көркем етер кім екен?<br>-Қалам, дәптер, кітабын жинап қояр кім екен?<br>-Айтыңдаршы, таңертең жуынбаған кім екен?<br>-Тапсырманы үйдегі орындаған кім екен?<br>-Бір сағаттай сабаққа кеш келетін кім екен?<br>-Терезеге доп соғып, сындыратын кім екен?<br>-Ал шынығып, жаттыққанды ұнататын кім екен?<br>-Балалар шеңберге тұрып сұрақтарға жауап береді.<br>«Ол-мен, ол-мен және менің достарым!»<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жұбыңды тап»<br>**Шарты:**Екі-екіден сапқа тұру. Сапта жүгіру. Түрлі-түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. Қайтадан «1,2,3-жұбыңды тап!»-деп белгі бергенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады.<br>**Баскетбол.**<br>**Шарты:**допты еденге оң қол және сол қолды алмастырып соғу. (4 рет).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады.<br>Жүргізуші ортада тұрады. Ұлдар тобы **«Түн»,** қыздар тобы **«Күн»** болады. | И.Штраус<br>**Би шығармашылығы:** Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>**Д.О.** «До-ре-ми»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген бір әнді үнтаспадан балаларға тыңдатады. Балалар сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). | әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Ертегі кейіпкерлерін тауып, олардың жүрісін сал»<br>**Шарты:** Балалар ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз орманға барайық,<br>Жан-жағымызға қарайық.<br>Аю келді қорбаңдап,<br>Қасқыр келді ырылдап.<br>Түлкі шықты майысып,<br>Қоян шықты секіріп.<br>Қорықпаңдар балалар,<br>Қарап-қарап алыңдар.<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Қасқыр.**<br>Қасқыр орманды жортады,<br>Аяздан ол қорқады,<br>Аспанға қарап ұлиды,<br>Ауылдың малын ториды.<br>**Түлкі.**<br>Түлкі, түлкі құтыңдайсың,<br>Айналаңнан тың тыңдайсың.<br>Қанша құлығыңды асырсаңда,<br>Қасқырдан сен құтылмайсың.<br>**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Қасқыр мен түлкі»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды театр мәдениетіне баулу.<br>**Ойын барысы:** «Қысқа дайындық» ертегі желісі бойынша, балалардың сахналауы.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Мәндеті; Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне | сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар, менің айтқандарымды мұқият тыңдап, кім туралы айтып тұрғанымды ойланып табыңдар.<br>-Қатал көрінгенмен өте мейірімді. Кітапты көп оқиды. Бау-бақшаны баптайды. Немерелерін жақсы көреді. Ол кім?<br>-Өзі мейірімді, әрқашанда қатық-майы, құрт- ірімшігі, қант - онфеті дайын. Ол кім?<br>-Бесік тербетіп, ән айтатын.<br>Ертегі айтып, ойнататын кім сені?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Менің отбасым»<br>Сурет салады.<br>(Сурет салу-шығармашы лық іс әрекеті)<br><br>**3.Математика негіздері**<br>Міндеті: Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды | коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:**<br>Сұрақ-жауап.<br>-Сенің сүйікті үй хайуанаттарың бар ма?<br>-Төлдер мен үй хайуанаттарының ішінен қайсысын өзіңе жақын дос санайсың?<br>-«Марғау»-дегеніміз не?<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Балалардың жұмысы.**<br>«Мысық жіп орамымен ойнайды»<br>Балалар ермексаздан мүсіндейді.<br>(Мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>**Музыка тыңдау:** «Мяу, мяу»<br>**Ән айту:**«Мысық»<br>**Музыкасы:** Б.Ғизатов.<br>Сөзі: Б.Соқпақбаев.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>Балалардың жұмысын бағалау. Көрме ұйымдастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын басталады:**<br>**«Түн!»-** дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға,<br>**«Күн!»-** дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ұлттықойын:**<br>«Асық алу»<br>**Шарты:** Балалар дөңгелене айналып, шашырап жүреді.<br>Педагог: «Асық ал!»-деп белгі бергенде, балалар ортаға ұмтылып асықтарды тез алуға ұмтылады.<br>**«Қазан»** ойыны.<br>**Шарты:** асықтарды көлденең нысанаға 3 метрден лақтыру.<br>**«Малдас құрып отырған қалыптан»**<br>**Шарты:** Балалар көрпешеге малдас құрып отырады. Асықтарды жеке-жеке қағып алып, лақтырады. Асықтарды лақтырып, қағып алу.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне қарап күлімсірейді.<br>**Негізгі кезең.**<br>**Жаттығу:** «Айқас қадамдар» Жүріп келе жатып, сол қолмен оң аяқты тигізу, оң қолмен сол аяқты тигізу.<br>**«Жалқау сегіздер»**<br>Оң қолында қарындаш бар деп ойлап, ауада жатып қалған сегіздің суретін салу.<br>**Қимылды ойын:** «Отарға шапқан қасқыр» Қырғыз халық ойыны.<br>**Шарты:** Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірінің шынтағынан ұстайды. Бұл-лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | ажырата білуге жаттықтыру.**Ойлан, жапсыр.**<br>Тәулік бөліктерін ата. Сәйкес суреттерді тауып, оларды жапсыр. Сағат нешені көрсетіп тұр?<br>Тыңда. Сағаттардың тілін аяқтап сал. Суреттермен сәйкестендір.<br>Балалар балабақшаға таңғы сағат 8-де барады.<br>Отбасы кешкі тамақты сағат 7-де ішеді.<br>Сырым кешкі сағат 9-да ұйықтайды.<br>Суретке қара. Кеше, бүгін не болғанын, ертең не болатынын сызып қос.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:**<br>«Санамақтар»<br>**Шарты:** Санамақтарды жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>-Балалар бір аптада неше күн бар?<br>-Бүгін аптаның нешінші күні?<br>**Жеті ұл.**<br>Апта деген ағайдың,<br>Жеті бірдей ұлы бар:<br>Біріншісі-Дүйсенбі,<br>Екіншісі-Сейсенбі,<br>Үшіншісі-Сәрсенбі<br>Төртіншісі -Бейсенбі.<br>Бесіншісі-Жұма,<br>Алтыншысы-Сенбі,<br>Жетіншісі-Жексенбі.<br>**Бір аптада.**<br>Дүйсенбіде-гүлдер ектім, | **4.Дене шынықтыру. (ауада)**<br>Міндеті: Спорттық жаттығулар. Денешынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және денешынықтыру мен спортпен айналысуға баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Еркін ойын:**<br>«Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тарту» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Сейсенбіде алма тердім.<br>Сәрсенбіде-су әкелдім,<br>Бейсенбіде-бақша баптап,<br>Жұма-күні тақпақ жаттап.<br>Сенбіде-мен саған бардым.<br>Жексенбіде бір демалдым.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Суретшінің қатесі»<br>**Ойынның мақсаты:** Педагог суреттерді тақтаға іледі. Мұқият қарауды сұрайды. Суретшінің қандай қателік жібергенін сұрайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Музыка тыңдау:**«Айды әперші апатай» Е.Өміров.<br>**Ән айту:** «Ғарышкер боламыз» Ш.Мұхамеджанов. «Қайырлы таң» Е.Өміров.<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Көңілді | **Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | би»<br>И.Штраус<br>**Би шығармашылығы:** Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>**Д.О.** «До-ре-ми»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген бір әнді үнтаспадан балаларға тыңдатады. Балалар сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге дайындық Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну:жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | **№6 Қарды бақылау**<br>Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге | **№15 Ағаш пен бұталарды бақылау.**<br>Балалардың назарын ағаштардың | **№25 Көшені бақылау**<br>Қалада көп көшенің бар екенін, олардың атауы әртүрлі | **№17 Қардағы іздерді бақылай білу.**<br>Қарда түрлі іздердің | **№16 Құстарды бақылау**Балаларға қыстап қалатын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар.<br>**Жұмбақ:**<br>Жылт-жылт етеді,<br>Ұстасақ еріп кетеді.<br>(қар) **Қимылды ойын:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ойын алаңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | және бұталардың сыртқы түріне аудару. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының жұмсақ және тез сынғыш болатынын түсіндіру.<br>**Көркем сөз.** Қарағай.<br>Тау баурайы-жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>**Жұмбақ.**<br>Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,<br>Қыста жақсаң жаның рахат табады. (ағаш)<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қыс келбеті» М.Әлімбаев.<br>Аққу мамық ұлпа қар,<br>Жамылады қырқалар.<br>Шымшып аяз бетіңді,<br>Ширатады етіңді.<br>**Д.О.** «Ағаш па, әлде бұта ма?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттеу арқылы ағаш па, әлде бұта ма екенін тапқызу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>**Еңбектену әрекеті.**<br>Ағаш және бұта түбіне қарды үю. | екенін үйрету және мектебіміздің қай көшеде орналасқанын білу. Мектеп жанында қандай мекемелер орналасқанын айыра білу. (дүкен, дәріхана, банк, бала-бақша, кітапхана т.б.).<br>**Көркем сөз.**<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам.<br>(милиционер).<br>**Жұмбақ.**<br>Үйден басталады,<br>Үймен аяқталады.<br>(жол).<br>**Д.О.** «Не істейміз? Кім боламыз?»<br>**Ойын барысы:** Бала бойынан жақсы көретін мамандықты әңгімелеу арқылы кім болғысы келетіндігін айта білуі.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ойын алаңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу. Әр құс әртүрлі із қалдырады. Адамның да іздері әртүрлі, түрлі жақтарға бағыттайды.<br>**Көркем сөз.**<br>Ойын ойнап міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>**Жұмбақ.**<br>Мен кетемін, ол қалар.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қар» Т.Шопашов.<br>Жауды міне қар аппақ,<br>Қазақ жері бағымыз.<br>Қойнауынан мөп-мөлдір,<br>Сусындайды жанымыз.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Нысана»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу.<br>**Д.О.** «Іздің құпиясын кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту.<br>Не себепті құстардың ізі үзілетінін түсіндіру. | құстар туралы түсінікті нақтылау және бекіту.<br>Құстарды жақсы көріп оларға көмек бере білуге тәрбиелеу. құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Құстарға жем шашу.<br>**Көркем сөз.**<br>**Сауысқан.**<br>Айналасын бақылап,<br>Көргендерін тақылдап.<br>Хабарлайтын ол қай құс?<br>Шақ-шақ етіп шақылдап.<br>Сабынды тасып тауысқан,<br>Бұл құстың аты сауысқан.<br>Таниды үлкен кіші де,<br>Көрсе де оны алыстан.<br>**Торғай.**<br>Торғай, торғай торғайсың,<br>Таяу келіп қонғайсың.<br>Жем шашайын тойып ал,<br>Сонда аязға тоңбайсың.<br>**Жұмбақ.**<br>Ұшқаны қызық жалпылдап,<br>Өзі сондай қарқылдақ.<br>(қарға).<br>Үстіне ақ камзолын киіп ап,<br>Жүреді қанаттарын жиып ап.<br>(сауысқан). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Еңбектену әрекеті.** Құстарға жем шашу. **Өзіндік іс-әрекет:** Әр балаға өзінің қызықтыратын іспен айналысуға мүмкімдік беру. | Қалқып тұрып аспанда,<br>Үн шығарып сан қилы.<br>Өнеріне басқанда,<br>Тұла бойың балқиды.<br>(бозторғай).<br>Тоқылдатып мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Орманды емдейді,<br>Зиянкестерді жазалап.<br>(тоқылдақ).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қарлығаш»<br>**Ойын барысы:** Ойыншылардың санына сәйкес шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. **«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшыпкел!»**-деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді.<br>**Еңбектену әрекеті.** Қыста құстарға тамақ беруге баулу. Құстарға жем шашу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дик Артёммен жеке жұмыс:геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын контурдан шықпай, бастырып бояуды үйрету. | Төлеу Айсұлтанмен: Спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік таныта білуге баулу. | Зекен Жансерімен жеке жұмыс: қаламды дұрыс ұстауды меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс: қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. | Барлық баламен жеке жұмыс. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге кітаптар қарау, кітап оқу» | «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады?» тақырыбына әңгіме. . | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ
Сынып _мектепалды__ Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың күндері:** 29-қаңтар 02-акпан айы 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Ән айту.** «Қыс» Балалар әні. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Боямақ.** «Менің достарым» **Мақсаты:** балалардың өз жұмысын жоспарлай білуге баулу; қылқаламмен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | Қыс туралы тақпақтар жаттау. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Суретті құрастыр» **Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:** Бөліктерден сурет құрастырады. (Қоршаған ортамен танысу-танымдық коммуникативтік әрекеті). |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Қаңтар айына таңертеңгі жаттығу кешені. №7 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!» **Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді. -Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? -Ауа-райы қандай? -Қыс мезгілі қандай? -Таза ауамен демалған | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындағы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). | **Сөздік ойын:**«Мақтау сөздер айту» **Ойынның мақсаты:** Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Балалар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез- | **Сөздік ойын:** «Мен тіл алғыш баламын» **Ойынның мақсаты:** сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, көмек беруге, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Әңгімелеу, үйде анасына, әкесіне қандай | **Жұмбақтар шешейік.** Педагог балалардан құстар жайында қандай жұмбақтар білетінін сұрап, жасырылған жұмбақты бірге шешеді. Балаларға құстар туралы жұмбақтар жасыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған ортамен танысу) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру). | көмек көрсететіні туралы айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті: балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнау ға, тапсырманы орын дауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>**Д.О** «Қыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Қыс тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрастыру.<br>**Д.О.** «Кім жылдам?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға шананың, шаңғының, конькидің және аққаланың суреті ілінеді. Балалар суретегі заттардың атын атайды, сонан соң сол сөздерді қатыстырып, сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады.<br>**Сергіту сәті.** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті:Геометриялық фигуралардың, көкөністердің дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтады, ал балалар керекті карточ каларды көрсетеді.<br>**Д.О.**«Ойыншықты таңда»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген сөздегі буын ның санын дұрыс анық тауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ойыншықтарды немесе суреттерді көрсе теді. Ал балалар карточ каларды көрсетеді. Мысалы: шар-1 буыны бар карточканы көрсету. Машина-3. т.б.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт»<br>**Ойын барысы:** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті:балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнау ға, тапсырманы орын дауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар дөңгелене тұрып бір-біріне құстардың атына байланысты еркелетіп айтатын сөздерді айтады.<br>-Балапаным.<br>-Қарлығашым.<br>-Көгершінім.<br>-Қарғам.<br>**Д.О. «**Үй құстары**»**<br>**Ойынның мақсаты:** Үй құстарын атап, олардың пайдасы туралы баяндауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға үй құстарының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй құстары туралы білетінін айтады. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті:Геометриялық фигура лардың, көкөніс тер, жеміс-жидектердің жә не т.б. дайын сурет терінің сыртын кон турдан шығармай бас тыру, бояу.<br>**Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>**Д.О.** «Қай дыбыстан басталады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>(Сауат ашу негіздері-коммуникативті іс-әрекеті). | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Әртүрлі бағыт тағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүкте лерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашық тықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>Штрихта.<br>Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеті:Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу өнеріне баулу.<br>**Бірге жаттайық.**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қыздырайық денені,<br>Кел, балалар, кел бері.<br>Қыздырайық денені,<br>Орнымыздан тұрып-ақ.<br>Жүгірейік бір уақ,<br>Бір, екі, үш.<br>(балалар орындарынан тұрып жүгіреді).<br>Бір, еі, үш!<br>Екпіндей түс,<br>Аяқты алға созайық.<br>(балалар аяқтарын алға кезек-кезек көтереді).<br>Тік көтеріп қозғайық!<br>**Д.О.** «Қыс қызықтары»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Қыс туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаларды үш топқа бөліп, бірнеше тапсырма беріліді.<br>**1-топ:** қыс мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді.<br>**2-топ:** қыс мезгіліндегі демалыс туралы әңгімелейді.<br>**3-топ:** қысқы еңбек туралы әңгімелейді.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Мұздатам»<br>Боран борайды-1<br>Боран борайды-2<br>Боран борайды-3<br>Түрлі фигура болып қат.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл | Саусақтарым бір-бірімен амандасайық,<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ<br>Дыбыстарын дұрыс айтайық.<br>**«Зоопарк» ойыны.**<br>**Ойынның мақсаты:**<br>«з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді дұрыс атай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** «з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді ата.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар**<br>Суреттегі затты ата. Сол сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>Шаңғы, шана.<br>Суреттегі заттарды ата. Буынға бөл.<br>(әртүрлі бірнеше суреттер).<br>Штрихта.<br>Үзік сызықтарды бастырып жаз.<br>Үзік сызықтарды қос және боя. Суреттегілерді бір сөзбен ата.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Шама. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салысты ру тәсілдерін қолдана | **Сұрақ:**<br>-Үй құстары не жейді?<br>-Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды?<br>-Үй құстарының қандай пайдасы бар?<br>**Д.О.** «Қайсысы артық?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Үй құстарын ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог тақтаға бірнеше құстардың суретін іледі. Балалар суреттердн үй құстарын атайды, артық құсты табады. Бұл жерде артығы суық торғай.<br>**Еркін ойын:**<br>«Қамқорлық жасау»<br>**Шарты:** Сұрақ-жауап.<br>-Үй құстарына қандай қамқорлық жаайды?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті:Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Астана.<br>Болашаққа бастаған,<br>Шарықтайды асқақ ән.<br>Елордасы Отанның, | **2.Қазақ тілі**<br>Міндеті: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге үйрету.**Д.О.**«Қазақ халқының ұлттық киіз үйінің құрылысын ата және орналастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларға киіз үйдің құрлысын біліп, тануға және оны ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар киіз үйдің құрлысын ретімен атайды. Киіз үй шаттық шеңберін орындайды. Киіз үйді құрастыру карточкаларын топтастырады.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Үлкен шеңбер құрамыз,<br>Дөңгеленіп тұрамыз.<br>Керегені кереміз,<br>Уықтарды ілеміз.<br>Айналамыз ойнаймыз,<br>Киіз үйді құрамыз! | Бала біткен қуанды.<br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Қар жамылған дала аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-танымдық коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар жасыру).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.**«Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар, қыс мезгілі, қар, қырау, аяз, суық деген сөздерге сөйлем құрастырады.<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белсенділігі).<br>**Еркін ойын:**<br>«Сөйлемді жалғастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау қабілетін арттыру, сөздік қорын толықтыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Бастаушы берілген суреттерге қарап сөйлемді бастайды, келесі бала аяқтайды.<br>-Мен досыма....(көмектесемін)<br>-Менініме....(қамқор боламын).<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Шама. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салысты ру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.<br>**Ізгі сөздер.**<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға.<br>Ертемен ақ пейілмен,<br>**«Қайырлы таң!»-** деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін,<br>**«Қайырлы күн!»-** тілеймін. | отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қатарға тұрамыз»<br>**Ойын барысы:** Балалар қатарға тұрады, қалай тұрғанын қара. 7-нөмірдің алдында кім тұр? 9-нөмірден кейін кім тұр?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.**«Кім зейінді?»<br>**Ойын барысы**: Бірінші қандай түсті қарындаш қойылған? Екінші ше? Үшінші ше? Төртінші ше?<br>(бірінші-қызыл түсті қарындаш қойылды, екінші-сары, үшінші-жасыл, төртінші-көк).<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қанша болса сонша»<br>**Ойын барысы:** Еденде 4 шеңбер (обруч) тұр. әр шеңберде цифры бойынша түрлі ойыншықтар бар. Музыкамен балалар әртүрлі қозғалыста жүреді. Әуен тоқтағанда, әр шеңбердегі | Мақтанышым-Астанам!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, кршаған орта).<br>**Ән айту:** «Астана ай қала»<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>-Кім Астанаға барды?<br>-Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар?<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Боямақ.** «Бәйтерек»<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:**<br>А,с,т,а,н,а дыбыстарынан басталатын сөздерге сөз құрастыру.<br>А-ана, алма, анар.....<br>С-су, сан, сағат....<br>Т-тал, тау....<br>А-ата, айна, ай....<br>Н-нан, нар.....<br>А-апа, аға, алқа....<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Міндеті: Шешендікке, сөз өнеріне баулу, | (Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Киіз үйдің жиһаздары мен жабдықтарын ата»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың киіз үйдің жабдықтары мен жиһаздарын танып біліп, оларды атай білуге үйрету. білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттен киіз үйдің жабдықтары мен жиһаздарын атайды, оның не үшін қажет екенін айтады.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың байқағыштығын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта). | **Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>«Қыс»<br>**Мақсаты:** Өзінің ойын қағаз бетіне түсіре білуін бекіту, бейнелерді қағаз бетіне композиция құрап орналастыруға жаттықтыру.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Құрастыру**<br>**Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>Міндеттері:Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспар лау дағдыларын жетіл діру. Жақпаларды, нүкте лерді ырғақты орналас тыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру.Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақаты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>**«Кеш жарық!»**-деп кіремін.<br>**Д.О.** «Бұл қай кезде болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жұмбақтарды шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар жасыру.<br>Жиын-терін болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз)<br>Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (қыс).<br>Бұлтты айдай желдеткен,<br>Нөсерлеткен, селдеткен.<br>Шалшық кешіп ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (көктем).<br>Қойның толы жеміске,<br>Көк майсалы еңісте.<br>Көбелек қуып ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (жаз)<br>**Д.О.** «Маған ұнайтын жыл мезгілі»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы | ойыншықтар санына сай тұра қалады. 4 ойыншық тұрған шеңберге-4 бала. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>.Заттар жиыны. Әр карточкада не бейнеленгенін ата. Әр жиында неше элемент барын сана.<br>.Дөңгелектерді қандай бөліктерге бөлуге болады? Бөліктерді ата. (бүтін, жарты, ширек).<br>.Дөңгелектерді тауып, оларды сызықпен тең бөлікке бөл.<br>.Шаршыны тауып, оны сызықпен тең төрт бөлікке бөл.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеті: Тілдік дамытушы орта.Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>«101 жұмбақ»<br>**Шарты:** Жұмбақтардың жауабын табады. | санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу өнеріне баулу.<br>**«Кел санайық санамақ»**<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін жаттықтыру, санамақты жатқа айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар санамақтарды айтады.<br>Кел санайық санамақ.<br>Саусақтарды даралап,<br>Бас бармағым-алғашқы,<br>Балан үйрек-жалғасы,<br>Ортан терек-атасы,<br>Шылдыр шүмек-анасы,<br>Шынашағым-балапан,<br>Бәріне ортақ-алақан.<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, қанекей ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау-ауыл шеті,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, қанекей қон,<br>Асықпа да, саспа да,<br>Бірден қайта баста!<br>**Нешеуміз?**<br>Бір үйде біз нешеуміз,<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым-әкем,<br>Балалы үйрек-анам.<br>Ортан терек-ағам,<br>Шылдыр шүмек-мен.<br>Кішкене бөбек-сен,<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, | **3.Математика негіздері**<br>Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>**Д.О.** «Аңдарды қоректендір»<br>**Ойынның мақсаты:** 1 саны және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту.<br>**Ойынның барысы:** Тақтаға аңдардың суреті ілінеді.<br>Педагог:<br>-Әсем, сен қалай ойлайсың сәбізді қай аңға береміз? Апарып бер.<br>-Қоянға неше сәбіз бердің?<br>-Тиін нені жақсы көреді?<br>-Кірпіге неше саңырауқұлақ бересің?<br>-Бананды қай аңға береміз?<br>Басқа аңдармен де осылай жұмыс жүргізіледі.<br>(Математика негіздері- | насын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақтың ұлттық киімдерін атау және ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Хатқалтаға салынған үлгілер балаларға беріледі Балалар, ер баланың және қыз баланың киімдерін атап, оларды қашан, қайда киюге болатынын айтады. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер баланың киімдерін жеке-жеке топтастырады.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық бас киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық бас киім түрлерінің атын білу және ер бала мен қыз баланың бас киімдерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар хатқалтаның ішінен шыққан бас киімдерді атайды, ажыратады. Оларды қай кезде және қайда киетін айтады. Ер бала мен қыз баланың бас киімдерін жеке-жеке топтастырады. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін толық тыру. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгілдерін атайды. Сұрақтарға жауап береді. Өзіне ұнаған мезгілді айтады.<br>-Бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Кәзір жылдың қай мезгілі?<br>-Саған жылдың қай мезгілі ұнайды?<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Түнде де, күндіз де,<br>Тынымсыз соғады.<br>(сағат)<br>Ұзын, қысқа тілі бар,<br>Он екі тілмен дос бұл.<br>(сағат тілі)<br>**Д.О.** «Зейінді бол»<br>**Ойынның мақсаты:** Тәулік бөліктерінің ауысуын білу, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Егер дұрыс болса балалар алақандарын шапалақтайды. Егер дұрыс болмаса аяқтрын топылдатады.<br>.Біз таңғы асымызды кешкі 7-де ішеміз.<br>.Біз мектептке күндізгі сағат 3-те келеміз.<br>.Біз түнде серуендейміз.<br>.Біз түнде ұйықтаймыз.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Аптадағы жеті күн»<br>**Мақсаты:** Апта күндерінің атын білу және ажырата білуге үйрету. | Күні бойы тынбайды,<br>Дәмді тағам жинайды.<br>(ара)<br>Алға қарай артқа қарай жүреді,<br>Еңбексүйгіш оны бәрі біледі.<br>(құмырсқа)<br>Ұшады, қонады,<br>Гүлдердің қонағы.<br>(көбелек)<br>Ызыңдап ән салады,<br>Лас жерге қонады.<br>(шыбын)<br>Тоқыған ауы,<br>Шыбынның жауы.<br>(өрмекші)<br>Үп-үшкір тағы,<br>Жыланның көзін ояды.<br>(дәуіт)<br>Өзі төрт қанатты,<br>Және алты аяқты.<br>Сонда да тік ұшақ,<br>Моделі сияқты (инелік)<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап, өзің білетін жәндіктерді ата. Инеліктің, қоңыздың, құмырсқаның аяқтарын сана. Нешеу? Суреттен жәндіктерге жатпайтын нені көріп тұрсың? Ата.<br>**Тыңда.**<br>Ы.Алтынсариннің<br>**«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш»**<br>әңгімесін балаларға оқып беру.<br>-Әңгіме не туралы айтылған?<br>-Әңгімедегі кейіпкерлерді ата.<br>-Өрмекші неге өрмек | математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Жаңылмай айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін дамыту.<br>Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтқызу. 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Сандық»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Көрнекілігі:** сандық, түрлі түсті карточкалар, тапсырмалар жазылған хатқалта.<br>**Ойын барысы:** қызыл, жасыл, сары және көк түсті карточкалар сандық ішінде жатады. Балаларға арналған әртүрлі тапсырмалар болады. | танымдық ойын әректі).<br>**Саусақтар әні.**<br>(үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Шатасқан сандар»<br>**Ойынның мақсаты:** Сандар қатарындағы сандардың орны жайлы білімдерін нығайту.<br>**Ойынның мақсаты:** Балалар көздерін жұмады. Педагог сандардың орнын ауыстырады. Балалар көздерін ашып, сандар қатарындағы өзгерісті тауып, оны жөндейді.<br>**Еркін ойын:** «Көңілді сандар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар қалауынша 1-ден 10-ға дейінгі сандарды қалауынша бейнелеп салады.<br>(Математика негіздері- | дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Қайсысы ұнайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойын, қиялын дамыту, қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп қайсысы ның ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтады.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған ортамен танысу).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Сәукеле»<br>**Мақсаты:** Қағаз цилиндрден қазақ халқының ұлттық бас киімі сәукеле құрастыру. Оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру.<br>(Құрастыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Міндеті: Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау;<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Санамақтар»<br>**Шарты:** Санамақтарды жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>-Балалар бір аптада неше күн бар?<br>-Бүгін аптаның нешінші күні?<br>**Жеті ұл.**<br>Апта деген ағайдың,<br>Жеті бірдей ұлы бар:<br>Біріншісі-Дүйсенбі,<br>Екіншісі-Сейсенбі,<br>Үшіншісі-Сәрсенбі<br>Төртіншісі -Бейсенбі.<br>Бесіншісі-Жұма,<br>Алтыншысы-Сенбі,<br>Жетіншісі-Жексенбі.<br>**Бір аптада.**<br>Дүйсенбіде-гүлдер ектім,<br>Сейсенбіде алма тердім.<br>Сәрсенбіде-су әкелдім,<br>Бейсенбіде-бақша баптап,<br>Жұма-күні тақпақ жаттап.<br>Сенбіде-мен саған бардым.<br>Жексенбіде бір демалдым.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Суретшінің қатесі»<br>**Ойынның мақсаты:** Педагог суреті тақтаға іледі. Мұқият қарауды сұрайды. Суретшінің қандай қателік | тоқып жүр?<br>-Құмырсқа не істеп жүр?<br>-Қарлығаш неге шөп жинап жүр?<br>-Атасы баласына қандай ақыл айтты?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Мақалды жаттаймыз.**<br>Еңбек еткен, мұратқа жеткен.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Сурет салу:**<br>Қарлығашқа ұя, өрмекшіге өрмек, құмырсқаға илеуін салып беру.<br>**Еркін ойын:**<br>«Бөліктерді құрастыр»<br>**Шарты:** Бөліктерді құрастырады. Қандай сурет пайда болғанын айтады.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: Музыка тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабыл дау, әннің (шығарма ның) сипатына сәйкес би қимылдарын орын дай білу, әннің қарқы нының өзгеруін байқау, шығармаларды сипат тай білу. | **Қызыл түсті** карточка алған бала-жұмбақтардың жауабын табады.<br>**Жасыл түсті** карточка алған бала-мақал-мәтел айтады.<br>**Сары түсті** карточка алған бала-тақпақ, өлең айтады.<br>**Көк түсті** карточка алған бала-жаңылтпаш айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеті: Іштің бұл шық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шал қасынан жатып, дене сін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдары мен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Дөңгелектен секіріп шық»<br>**Ойын барысы:** Қос аяқпен секіруді, биік емес жерлерден секіру ді үйретуді жалғас | танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Артық, Кем. Тең»<br>**Ойынның мақсаты:** Теңдік туралы түсінік қалптастыру. Әртүрлі заттардн тұратын топтардың санын анықтауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды санайды. Қанша қонжық? Қанша көжек? Қайсысы артық? Қайсысы кем?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім бірінші атайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар заттарды санайды, пішінін, түсін атайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: Музыка тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабыл дау, әннің (шығарма ның) сипатына сәйкес би қимылдарын орын дай білу, әннің қарқы нының өзгеруін байқау, | **Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жібергенін сұрайды.Сағаттағы цифрлар дұрыс орналасқан ба? (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті: Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бірге жаттайды.<br>**Ғарышкер.**<br>Көкке ұшамын,<br>Ұшқыш болар баламын.<br>Соңынан ерем<br>Ер ғарышкер ағаның.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Ұшады қанатсыз,<br>Зырлайды аяқсыз.<br>(зымыран).<br>Аспанда бір алып құс,<br>Зырлап ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң ғажайып,<br>Соңында із қалады.<br>(зымыран).<br>-Зымыран дегеніміз не?<br>-Адамдар ғарышқа немен ұшады?<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>-Ғарышкер ғарышқа не үшін ұшады?<br>(Сөйлеуді дамыту, | **Музыка тыңдау:**<br>«Вальс» С.Майкапар.<br>-Сендер бұл музыкаға қандай қимылдар жасар едіңдер?<br>-Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады.<br>**Ән айту:** «Қыс»<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>-Әннің көңіл-күйі қандай?<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Көңілді би»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Музыкаға сәйкес би элементтерін ойлап табу. Ырғақты ұстай отырып, аяқтың өкшесін жерге бірдей қойып, бірге адым басып қимылдар жасау. Денені әсем, әдемі қимылға ендіруге үйрету.<br>**«Кел билейік»**<br>Б.Байқадамов.<br>**Мақсаты:** музыка ырғағына сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасауға, әрбір би элементтерін, қимылды нақты, көтерiңкі көңіл күймен орындауға талпындыру.<br>**«Музыкалық аспаптар»**<br>Домбыра тартылады,<br>Баян ойналады,<br>Күйсандық ойналады,<br>Сыбызғы ойналады.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). | тыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Секіріп түс те, бұрыл!»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Кеңістікті бағдарлай алуын, оңға және солға бұрылуды үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>«Хоп!»-деген белгі бойынша тез қимыл жасай алуын дамыту, жоғарыға секіруді орындай алуға үйрету. Кеңістікті бағдарлай алуын бекіту. (жүргізушінің көрсеткен жағына бұрылу).<br>**Қимылды ойын.**<br>«Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:**<br>Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты қыспайды.<br>Балапанды ұстайды?<br>Мысық: Мяу!-деп балаларды қуа жөнеледі.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | шығармаларды сипат тай білу.<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>-Қысқы ойындарды ата.<br>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>**Музыка тыңдау:**«Вальс» С.Майкапар.<br>-Сендер бұл музыкаға қандай қимылдар жасар едіңдер?<br>-Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады.<br>**Ән айту:** «Қыс»<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>-Әннің көңіл-күйі қандай?<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Көңілді би» И.Штраус<br>**Би шығармашылығы:**<br>Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Қай аспап жоқ?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға бірнеше аспаптардың | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Тыныштық сәті.**<br>Баяу музыка әуені ойналады. Балалар көздерін жұмып, терең тыныстайды. Денелерін еркін ұстайды. Көз алдарына аспан әлемін елестетеді.<br>-Біз ұшақта отырмыз, жәймен аспанға көтерілеміз, міне, біздер аспанға көтерілдік.<br>-Біз қалықтап ұшып жүрміз, ұшып жүрміз, жерге жәймен қонамыз, жерге қондық.<br>-Көзімізді ашайық. Көңіл-күйлерің қалай болды?<br>**Д.О.** «Ғарышқа ұшамыз»<br>**Ойын барысы:**<br>Зымыранның суреті ілініп тұрады. Әуен ойналады. Балалар көздерін жұмады. Көздерін ашқанда ғарыш әлеміне ұшып келеді. Тақтаға ғарыш әлемі суреттері ілінеді. Балалар ғарыш әлемі туралы әңгімелейді.<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>-Ғарышкер ғарышқа не үшін ұшады?<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта). | **Д.О.** «Аспаптарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Аспаптарды ажырата білуге үйрету. білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суретте берілген аспаптарды атайды.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті). | | суреті ілінеді. Балалар көздерін жұмады. Педагог бір аспапты жасырады. Балалар көздерін ашқанда қай аспаптың жоқ екенін табады.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Ұлттық аспаптар»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық аспаптарын біліп тануға, оларды ажырата білуге үйрету. Білімдерін толықтыру. Музыкалық аспаптарға деген қызғушылығын ояту.<br>**Ойын барысы:** Балалар тақтаға ілінген ұлттық аспаптарды атайды. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды.<br>(Қазақ тілі- коммуника тивтік әрекеті, қоршаған ортамен танысу). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын:**«Ұшақ»<br>**Ойын барысы:** Балалар ұшаққа отырады, ұшақ оталды, қанатымызды жаямыз, баяу қозғаламыз, аспан әлеміне ұшамыз. Міне, көкте ұшып жүрміз. Ойын осылайша жалғасады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, **«Ғарыш әткеншегі»** ойынын ойнату.<br>**Шарты:** Ортада бір бала «Күн» болып тұрады. Қалған балалар күн жүйесіндегі ғаламшарлар. **Мысалы:** Жер, Сатурн, Уран, Меркурий т.б. Көңілді музыка әуенімен балалар **«Күнді»** айналып жүреді.<br>-Өскенде ғарышкер болғыларың келе ме?<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**4. Дене шынықтыру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеті: Спорттық жаттығулар.Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлері мен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>**«Жарқын күн»**<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып бір-біріне күн жылуын береді.<br>**-Күн:** «Балалар мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!»<br>**Шаттық шеңбері:** «Отбасы» | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Шарты:** Балалар, бір-бірімізбен қол ұстасып шаттық шеңберінде тұрып, бір бүтін екенімізді, бір отбасы екенімізді сезінейік. Бәріміз бірге демімізді ішке тартып, қайта шығарамыз. (3). Жүрегіміздің соғысын тыңдайық...<br>Дүк-ілгері қадам аттау, Дүк-артқа қадам аттау.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.** «Байқоңыр» ғарыш айлағында барлығымыз бірге жалпы дамыту жаттығуларын жасайық. (балалар жаттығу жасайды)<br>Зымырандармен ғарышқа ұшып, саяхатқа шығамыз.<br>**Негізгі кезең.** «Музыкалы ғаламшар»<br>**Шарты:** Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика жасау. Жаттығуларды дұрыс жасау, басқалармен бірдей жасау.<br>**«Секектегіш»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Бұл ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30 см заттардан аттап секіру.<br>**«Түрлі-түсті ғаламшар»**<br>**Шарты:**Допты еденге бір қолмен, алақан жайып, қайта саусақтың | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.<br>**«Жорғалаушылар»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Балалар модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп, жорғалап жүреді.<br>**«Сиқырлы ғаламшар»**<br>**Шарты:** Балалар залға шашырап бытыраңқы жүрісі орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды. Шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап қолдарын беліне қойып жүреді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ойын-жаттығу.**<br>«Қарама-қарсы қозғалыс»<br>**Шарты:** Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама –қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де екінші қатар соған қарама –қарсы қимылдар жасайды.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | | | |
| **Серуенге** | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну:жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | №6 Қырауды бақылау | №10 Аула сыпырушы еңбегімен танысу | №11 Қар жинайтын машинаның жұмысына бақылау | №14 Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау | №7 Мұз сүңгісін бақылау |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды меңгерту. | Барлық балалармен жұмыс:қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң,һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуды меңгерту. | Дик Артёммен жеке жұмыс: қаламды дұрыс ұстауды меңгерту. | Бақылаулар мен сюжеттік суреттер әңгімелер құрастыруды меңгерту. | Көркем шығарманы рөлдерге бөліп сахналауға қатысуды үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге кітаптар қарау, кітап оқу» | «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады?» тақырыбына әңгіме. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ

Сынып_мектепалдыБалалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу күні:** 12-16 ақпан 2024 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Ән айту.** «Балдырғандар» Ш.Қалдаяқов. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.**«Ұйқыдағы аңды тап» **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. **Ойын барысы:** Суреттен қысқы ұйқыдағы аңды табады, әңгімелейді. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | **Боямақ.** «Қысқы табиғаттағы шыршалар» **Мақсаты:** балалардың өз жұмысын жоспарлай білуге баулу; қылқаламмен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Суретті құрастыр» **Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:** Бөліктерден сурет құрастырады. (Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Ақпан айына таңертеңгі жаттығу кешені №9 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Ауа-райы туралы айтып бер» **Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту. **Ойын барысы:** Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (суық, аяз, жел, қар жауып тұр, боран т.б). (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). | **Д.О.** «Теңіз тіршілігі» **Ойынның мақсаты:** Балаларға теңіз тіршілігі туралы түсінік беру. Су асты әлеміне қызығушылықтарын ояту. **Ойын барысы:** Сұрақ-жауап. -Сен қандай балықтарды білесің? -Суреттен шортан мен жайынды салыстыр. -Өзің білетін және теледидардан көрген ірі | **Д.О.** «Қандай заттың пішіні дөңгелекке ұқсайды?» **Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Дөңгелекке ұқсайтын заттарды атау. Мысалы: доп, күн, алма, сағат т.б. (Математика негіздері-танымдық ойын эректі). | **Құрастыру. Қағазбен жұмыс.** «Ұшақтар ұшып барады» **Мақсаты:** Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. **Шарты:** Балалар қағаздан ұшақты жасап, ұшырады. (Құрастыру іс әрекеті). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | коммуникативтік әрекеті). | | балықтарды ата. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған ортамен танысу) **Боямақ.** «Теңіз тіршілігі»(Сурет салу-шығармашылық әрекеті) | | |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | 1.**Сөйлеуді дамыту** Міндеттері:Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. **Д.О.** «Суреттер сөйлейді» **Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру. **Ойын барысы:** Қыс мезгілінің табиғаттағы өзгерістерін сипаттап, әңгімелейді. **Д.О.** «Сөйлем» **Ойынның мақсаты:** Берілген сөздерден сөйлем құрай білуді үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру. **Ойын барысы:** Берілген сөздерден қысқша сөйлем құрайды, сурет бойынша өз ойынанан сөйлем құрастырып, әңгімелейді. Қыс, аяз, боран, қар, | **1.Сауат ашу негіздері** Міндеттері:Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. **Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт» Саусақтарым бір-бірімен амандасайық, Саусақтардан гүл ашайық. Саусақтарды ашып-жұмып, ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ Дыбыстарын дұрыс айтайық. **Д.О.**«Қандай дыбыс?» **Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға үйрету. **Ойын барысы:** Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар **қызыл** дөңгелекті көтереді. Ал | 1.**Сөйлеуді дамыту** Міндеттері:Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. **Д.О.** «Қарама-қарсы сөздер» **Ойынның мақсаты:** Антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын мағыналары қарама-қарсы сөздермен молайту. **Ойын барысы:** Педагог балаларға кезекпен допты лақтырып, бір сөз айтады, ал допты ұстап алған бала педагогке допты кері лақтырып, айтылған сөзге мағынасы қарама-қарсы сөзді айтады. **Мысалы:** ү лкен-кіші, жақсы-жаман, күн-түн, жарық-қараңғы, биік-аласа, алыс-жақын. | **1.Сауат ашу негіздері** Міндеттері: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. **Д.О.** «Дыбыстарды ажырат» **Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. **Ойын барысы:** Үлестірмелі суреттердегі заттардың атын атайды, бастапқы дыбысын ажыратады, хатқалтаға ажыратып салады. **Д.О.** «Талдау жасай білемін» **Ойынның мақсаты:** Балаларға дыбыстық талдау жасай білуді үйрету. **Ойын барысы:** Суреттер арқылы дыбыстық талдау жасайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды табады. (Сауат ашу- | 1.**Сауат ашу нагіздері** Міндеттері: Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат» **Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету. **Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады. **Д.О.** «Үзік сызықтар» **Ойынның мақсаты:** Балалардың қолдарын жазуға дайындау. Таза, ұқыпты жазуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шырша, ағаштар, сырғанақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br>**Д.О.** «Ғажайып суреттер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар ақ қағазға қысқы табиғат көрінісінің суретін салады, әңгімелейді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>2.**Математика негіздері**<br>Міндеттері:Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру<br>**Д.О.** «Кім шатаспай санайды?» | егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе **көк** дөңгелекті көтереді.<br>**Д.О.** «Сөздер мен дыбыстарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**Сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды атайды, мысал келтіреді.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау логикалық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөзді айтады.<br>**Д.О.** «Талдау жасай білемін»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға дыбыстық талдау жасай білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суреттер арқылы дыбыстық талдау жасайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды табады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті)<br><br>**2.Математика негіздері** | (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі- коммуникативтік әрекеті).<br>**Сергіту сәті.** Ерте-ерте-ертеде**Лексика**-деген ауыл болыпты. Сол ауылда **Синоним** -деген бай болыпты. Оның бес ұлы және бес қызы болыпты. Бай отбасымен тату-тәтті өмір сүріпті. Олай болса біздер сергіту сәтін **«Тату-сөздер»**-деп атап, сол байдың бес ұлына және бес қызына мағынасы ұқсас сөздерден ат қояйық. Күшті. Мықты. Қайратты. Қажырлы. Әлді.<br>Сұлу. Әдемі. Әсем. Көркем, Ару.<br>**Д.О.** «Сөзге сөз қос»<br>**Ойынның мақсаты:** Мағыналары бір-біріне жақын, жуық мәнді сөздерді таба білуге үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Берілген сөзге сөз қосып айту, сол сөзге қатысты сөйлем құрау.<br>**Мысалы:** Менің әпкем әдемі, көрікті, сұлу. Зәулім үй, биік үй. Алыс жол, ұзақ жол, қашық жол.<br>Керемет ұшақ, тамаша ұшақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі- коммуникативтік | коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Суреттің екінші бөлігін сал»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда суреттің бір бөлігі ғана салынған. Балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады және суреттің екінші жартысын салады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**2. Математика негіздері**<br>Міндеттері:Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Д.О.** «Ұзын-қысқа»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың ұзындығы, биіктігі, ені мен жуандығын анықтай | **Ойын барысы:** Берілген үзік сызықтарды бастырып жазады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті)<br>**Д.О.** «Суреттің жалғасын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар үстелдің үстіндегі суреттердің екінші жартысын табады, затты атайды, ұқсас заттарды топтастырады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру<br>**«Кел санайық санамақ»**<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін жаттықтыру, санамақты жатқа айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойынның мақсаты:**10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар1-ден 10-ға дейін тура және кері санайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Дауыстап санау»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауыстап санауға, қортынды санды есте сақтауға үйрету. балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Педагог үстелді бірнеше рет соғады. Балалар іштерінен санайды. Педагог балалардан қанша рет соғылғанын сұрайды. Балалар санын айтады.<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі, | Міндеттері:Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Д.О.** «Ұзын-қысқа жолдар»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұзын-қысқа ұғымдарын білу. Білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар суретке қарайды. Сурет бойынша ертегі мазмұнын қысқаша айтады және Қызыл телпекке әжесіне тез жетуі үшін ең қысқа жолды тауып береді.<br>**Д.О.** «Биік шарбақтар»<br>**Ойынның мақсаты:** Биікаласа ұғымдарын білу білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Түрлі-түсті қатты картон қағаздардан биік шарбақтар жасау.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеттері:Байланыс тырып сөйлеу.Шығарманы | әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:**«Әдемі құс Тауыс»<br>**Шарты:** Балалар дайын тауыстың суретін түрлі-түсті қарандаштармен бояйды. Әңгімелейді. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі- коммуникативтік әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеттері:Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр);**Бізді қоршаған дүние.**<br>Күн, ауа, жер, су, адам, өсімдіктер, жануарлар-бұл табиғат. Айналаңдағы табиғат және адам жасаған заттар-бұл сені қоршаған дүние.<br>Күн, ауа, су, тас, тау, құм, саз-бұлардың бәрі табиғаттың **жансыз денелері.** Табиғаттың жансыз денелері қоректенбейді, өспейді, көбеймейді. Табиғатта бізде қажетсіз ешнәрсе жоқ. **Мысалы:**сусыз | білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға ұзын және қысқа жолақшаларды көрсету. Өлшемін анықтау. Балаларға жолақшаларды таратып беру. Жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.<br>**Д.О.** «Кімнің бойы ұзын екенін айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Биік-аласа, ұзын-қысқа туралы түсініктерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі аңдардың бойын салыстыр. Қай аңның бойы ұзын? Қай аңның бойы қысқа?<br>**Д.О.**«Кім зейінді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Биік-аласа, тар-кең, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту, білімдерін толықтыру, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға екі түрлі үйдің суретін көрсетеді. Үйлердің бірбірінен қандай айырмашылығы бар?<br>Биік-аласа, тар-кең, үлкен-кіші.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>Суретке қара. Суреттегі заттарды өлшемі бойынша салыстыр. | Балалар санамақтарды айтады.<br>Кел санайық санамақ.<br>Саусақтарды даралап,<br>Бас бармағым-алғашқы,<br>Балан үйрек-жалғасы,<br>Ортан терек-атасы,<br>Шылдыр шүмек-анасы,<br>Шынашағым-балапан,<br>Бәріне ортақ-алақан.<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, қанекей ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау-ауыл шеті,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, қанекей қон,<br>Асықпа да, саспа да,<br>Бірден қайта баста!<br>**Саусақ жаттығуы:** «Саусақтарды ата»<br>Оң қолда бар бес саусақ,<br>Сол қолда бар бес саусақ.<br>(Балалар алақандарын ашып саусақтарын көрсетеді).<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Мынау-бас бармақ,<br>Мынау-балан үйрек.<br>Мынау-ортан терек,<br>Мынау-шылдыр шүмек.<br>Мынау-кішкене бөбек.<br>(Балалар саусақтарын кезекпен бүгеді).<br>**Нешеуміз?**<br>Бір үйде біз нешеуміз,<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым-әкем,<br>Балалы үйрек-анам.<br>Ортан терек-ағам,<br>Шылдыр шүмек-мен. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Жәндікте неше аяқ бар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың санау және есептеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әртүрлі жәндіктер бар. Балалар суреттегі жәндіктердің неше аяғы бар екенін санап, санын айтады. Соңында ең аяғы көп жәндіктің суретін салады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «10-ға дейін санаймын»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар суретте бейнеленген заттарды санайды. Қандай заттар нешеуден екенін айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Еркін ойын:** «Ермексаз әлемі»<br>**Ойынның мақсаты:** Сандар туралы алған | рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақтың ұлттық киімдерін атау және ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Хатқалтаға салынған үлгілер балаларға беріледі. Балалар, ер баланың және қыз баланың киімдерін атап, оларды қашан, қайда киюге болатынын айтады. Сол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер баланың киімдерін жеке-жеке топтастырады.<br>**Д.О.** «Сыңарын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық киімдер туралы білімдерін толықтыру және оларды ажыратып атын атай білу.<br>**Ойын барысы:** Балалар хатқалтадан шыққан ұлттық аяқ киімдердің (етік, мәсі, кебіс, сатама) түр-түсіне, ою-өрнегіне байланысты ажыратып, сыңарын табады.<br>**Д.О.** «Ұлттық ыдыс-аяқ | өмір болмайды. Суды ішеміз, шомыламыз, жуынамыз, шаруашылықтың барлық түріне пайдаланамыз. Ауаның тыныс алуға керек екенін білеміз. Тас, құм, саз құрлысқа қажетті материалдар. Күн көзінен жарық пен жылу аламыз. Тауда біз демаламыз. Табиғаттың жансыз денелері адамға қаншалықты қажет екенін осыдан көруге болады.<br>Өсімдіктер, жануарлар, адамдар-табиғаттың **жанды денелері.** Олар көбейеді, қоректенеді, өседі және тіршілігін тоқтатады.<br>**Д.О.** «Табиғаттың жансыз денелері»<br>**Ойынның мақсаты:** Табиғаттың жансыз денелерін ажырата білу,білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап.<br>-Табиғаттың жансыз денелері деген не?<br>-Суды қалай пайдаланамыз?<br>-Күннің қандай пайдасы бар?<br>-Тас, құм, саз не үшін қажет?<br>-Сен үйіңнің, мектептің маңайынан қандай табиғаттың жансыз | Биік-аласа, үлкен-кіші заттарды ата.<br>Тәтті тоқаштарға көлеміне қарай сәйкес келетін ыдысты таңда. (үлкен және кіші тоқаштар және ыдыстар).<br>Ұзындығы мен ені бірдей таспаны тап. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеттері: Тілдің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуды, сөздегі дыбыстардың орнын ажыратуды меңгерту.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету, балалардың тілін жаттықтыру.<br>**Ойын барысы:** Дыбыстарды дұрыс айтайық. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң,һ дыбыстарын балаларға дұрыс, анық айтқызу.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Жуан және жіңішке | Кішкене бөбек-сен,<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Жаңылмай айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін дамыту.<br>Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтқызу. 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>Даланы қар басар,<br>Қарға балалар аққала қалар.<br>Хан баласы ханзада,<br>Болды ғашық ханшаға.<br>Алып ханнан хабар,<br>Ханшайымды алар.<br>Ғарышкер ұшты ғарышқа,<br>Ғарышқа ұшты ғаарышкер.<br>Айтшы ғарыш алыс па?<br>Гүлім гүлге қарап күлімдейді,<br>Көгілдір гүлге қонған аралар гуілдейді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Сандық» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін толықтыру, бекіту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар ермексаздан цифрларды жасайды. (Математика негіздері-танымдық ойын әректі, мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Санау әні.** (үнтаспа). (Математика негіздері-танымдық ойын әректі, музыка-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеттері:Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр);<br>**Бірге жаттайық.**<br>Астана.<br>Болашаққа бастаған,<br>Шарықтайды асқақ ән.<br>Елордасы Отанның,<br>Мақтанышым-Астанам!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, кршаған орта).<br>**Ән айту:** «Астана-ай қала»<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>-Кім Астанаға барды? | түрлері»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларға ұлттық ыдыс-аяқ түрлері туралы мағлұмат беру, ұлттық құндылықтарымыз туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Ұлттық ыдыстардың аттарын атау, оларда қандай тағам түрлері дайындалатыны және сақталатынын туралы әңгімелеу. Ыдыстардың неден жасалғанын айту.<br>**Қысқаша мағлұмат:** Келі-келсаппен бидай, тары түйеді. Күбіге бие сүтін құйып, қымыз әзірлейді. Торсыққа қымыз, шұбат, айран құйып алыс жолға сапарға шыққанда алып жүреді. Торсықта сусын салқын күйінде жақсы сақталады.<br>**Д.О.** «Құрал-саймандарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттары, шаруашылыққа қажетті құрал-саймандардың атын білу, олардың қолданылуы мен пайдасын түсіну. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі құрал-саймандардың атын | денелерін көрдің?<br>**Д.О.** «Табиғаттың жанды денелері»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Табиғаттың жанды денелерін ажырата білу,білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап.<br>Адам қай табиғи денеге жатады?<br>Өз үйіңнің маңынан табиғаттың қандай жанды және жансыз денелерін кездестіресің?<br>Табиғаттың жанды және жансыз денелерінің бір-бірінен айырмашылығы қандай?<br>Табиғаттың жансыз денелерінің пайдасы туралы айт.<br>Адам қолымен жасалған заттардың қандай пайдасы бар? (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Не істейді, қайтеді?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Суреттен табиғаттың жанды денелерін ажырату, олар туралы білетінін әңгімелеу.<br>**Ойын барысы:**<br>Суреттен жүзетін, ұшатын, жүгіретін, жорғалайтын жануарларды атап көр. (Сөйлеуді дамыту, | дыбыстарды ажырату.<br>**Ойын барысы:**<br>Бұзау:<br>Дөңгелентіп аузыңды,<br>Бұзаумын деп ойла.<br>Даусын оның қайтала:<br>Мө-мө-мө.<br>-Қалай естіліп тұр?<br>Арыстан:<br>Аң патшасы арыстан,<br>Ақырады алыстан,<br>А-а-а.<br>Қозы:<br>Нәзік дауысы қозының,<br>Естіледі өзінің мә-мә-мә.<br>**Артикуляциялық жаттығу.**<br>Ыс-ыс-ыс,<br>Келіп жетті қыс.<br>Ар-ар-ар,<br>Жауды қар.<br>Ран-ран-ран,<br>Соғады боран.<br>Ян-ян-ян,<br>Сақылдаған сары аяз.<br>На-н-ана,<br>Зулайды шана.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br><br>**4. Музыка**<br>Міндеттері: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық | **Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Көрнекілігі:** сандық, түрлі түсті карточкалар, тапсырмалар жазылған хатқалта.<br>**Ойын барысы:** қызыл, жасыл, сары және көк түсті карточкалар сандық ішінде жатады. Балаларға арналған әртүрлі тапсырмалар болады.<br>**Қызыл түсті** карточка алған бала-жұмбақтардың жауабын табады.<br>**Жасыл түсті** карточка алған бала-мақал-мәтел айтады.<br>**Сары түсті** карточка алған бала-тақпақ, өлең айтады.<br>**Көк түсті** карточка алған бала-жаңылтпаш айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**3.Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар? (Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Боямақ.** «Астана-бас қала»<br>**Шарты:** Ақ қағазға алақандарын малып, түрлі-түсті гүлдердің суретін салып, **«Қазақстанымгүлдене берсін»**-деп тілек айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, сурет салу шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Міндеттері: Кеудеге арналған жаттығулар. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).<br>**«Жарқын күн»** | атап, не үшін қажет екенін әңгімелейді. (Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған ортамен танысу).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеттері: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Музыка тыңдау:** «Қобыз» Б.Қыдырбек.<br>-Балалар, музыканы тыңдағанда естеріңе не түсті?<br>-Сендер басқа тағы қандай ұлттық аспаптарды білесіңдер?<br>**Ән айту:** «Домбыра сазы» И.Нүсіпбаев.<br>Ән қандай көңіл-күйде жазылған?<br>-Ән сендерге ұнады ма?<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:** Қазақ биі. «Қаз-қатар»<br>**Д.О.** «Ұлттық аспаптар»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық аспаптар туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** | көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Өсімдіктерді жина»<br>**Шарты:**Шалғын бейнеленген үлкен сурет. (шөп, өсімдіктері жоқ). және түрлі өсімдіктер.<br>Педагог:<br>-Балалар, мына шалғында бір кездері түрлі өсімдіктер мен гүлдер өсіп тұратын. Бірде қатты дауыл тұрды. Дауылдан кейін шалғында түк қалған жоқ, сендерге бұл жер ұнай ма?<br>-Бұл жерді шалғын деп айтуға бола ма?<br>-Оны қалай әдемі қылып көрсетуге болады?<br>Шалғынға жан бітірейік гүлдер өсірейік және көбелектер, аралар, түрлі жәндіктер ұшып келетін болады. Балаларға түрлі өсімдіктер жинағы беріледі ұсынылады. Жұмыс соңында шалғынның әдемі көрінісі пайда болады. Ол жерге жәндіктерді орналастырады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, жапсыру- | тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Музыка тыңдау:** «Сарыарқа» Құрманғазы. Үнтаспа.<br>-Балалар, күй қалай орындалды?<br>-Сендер басқа тағы қандай ұлттық аспаптарды білесіңдер?<br>**Ән айту:** «Домбыра сазы» И.Нүсіпбаев.<br>Ән қандай көңіл-күйде жазылған?<br>-Ән сендерге ұнады ма?<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:** «Домбырамен би»<br>**Д.О.** «Ұлттық аспаптар»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық аспаптар туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттенқазақ халқының музыкалық ұлттық аспаптарын ата.<br>**Д.О.** «Қатты және ақырын музыка»<br>**Ойынның мақсаты:** Музыканы дыбысқа қарай ажырата білуге, балалардың есту қабілетін дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Түрлі музыкалық шығармаларды үнтаспадан тыңдап, қай музыка қатты, қай музыка жай екенін айту. | **Міндеттері:** Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен таныстыру. Тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру. түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақтың ұлттық киімдерін атау және ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Хатқалтаға салынған үлгілер балаларға беріледі Балалар, ер баланың және қыз баланың киімдерін атап, оларды қашан, қайда киюге болатынын айтады. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер баланың киімдерін жеке-жеке топтастырады.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық бас киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық бас киім |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Шарты:** Балалар шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып бір-біріне күн жылуын береді.<br>**-Күн:** «Балалар мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!»<br>**Шаттық шеңбері:** «Отбасы»<br>**Шарты:** Балалар, бір-бірімізбен қол ұстасып шаттық шеңберінде тұрып, бір бүтін екенімізді, бір отбасы екенімізді сезінейік. Бәріміз бірге демімізді ішке тартып, қайта шығарамыз. (3). Жүрегіміздің соғысын тыңдайық...<br>Дүк-ілгері қадам аттау, Дүк-артқа қадам аттау.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Байқоңыр» ғарыш | Суреттенқазақ халқының музыкалық ұлттық аспаптарын ата.<br>**Д.О.** «Қатты және ақырын музыка»<br>**Ойынның мақсаты:** Музыканы дыбысқа қарай ажырата білуге, балалардың есту қабілетін дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Түрлі музыкалық шығармаларды үнтаспадан тыңдап, қай музыка қатты, қай музыка жай екенін айту.<br>**Д.О.** «Бұл қай аспап?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық аспаптарға деген қызығушылығын ояту.<br>**Ойын барысы:** Жеті санының атауына байланысты қандай аспап бар?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған ортамен танысу, музыка-шығармашылық іс әрекеті). | шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу<br>**«Кел айтысайық»**<br>**Мақсаты:** Балаларды айтыс өнеріне баулу.<br>Ата-баба дәстүрін,<br>Үйренуден қашпаймыз.<br>«Айтыс» десе сәнденіп,<br>Қыздар іздей бастаймыз.<br>Біржан болып сен келсең,<br>Ақын Сараң мен болам.<br>Сәйгүлік болып сен шапсаң,<br>Аққу құсың мен болам.<br>Біздің топтың ұлдары,<br>Шеттерінен ақылды-ақ.<br>Жұмбақ, тақпақ бұл тойда,<br>Айтып берер тақылдап.<br><br>Үй жабдығын бұл тойға,<br>Біздің қыздар сәндеді.<br>Қонақ күтіп, ән салды,<br>Ұлдарыңнан кем бе еді.<br><br>Түрлендіріп қамшы өрсем,<br>Қыздарың таң қалады.<br>Күмбірлетіп күй шертсем,<br>Мұнда думан болады.<br>Мақтандың ғой жігітім,<br>Өнеріңді көрейік.<br>Көрсет сәнді | **Д.О.** «Ән салған кім?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауыс тембрін айыра біліге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Көздерін жұмады. Педагог ортаға бір баланы шығарады. Ортаға шыққан бала кез-келген бір әнді орындайды. Шеңберде тұрған балалар ән салған кі екенін даусынан танып айтуы керек.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | түрлерінің атын білу және ер бала мен қыз баланың бас киімдерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар хатқалтаның ішінен шыққан бас киімдерді атайды, ажыратады. Оларды қай кезде және қайда киетін айтады. Ер бала мен қыз баланың бас киімдерін жеке-жеке топтастырады. Сол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Камзол»<br>**Мақсаты:** Балаларға қазақтың ұлттық киімі камзолды ою-өрнектермен сәндеп безендіріп салуды үйрету. қазақтың ою-өрнектері жөніндегі білімдерін бекіту. түс және ырғақты сезіндіру. Балалардың эстетикалық талғамы мен шығармашылығын дамыту.<br>**Балаларға керекті құралдар:** ақ қағаз, түрлі-түсті карандаштар.<br>**Д.О.** «Сыңарын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық үлгідегі киімдер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айлағында барлығымыз бірге жалпы дамыту жаттығуларын жасайық. (балалар жаттығу жасайды)<br>Зымырандармен ғарышқа ұшып, саяхатқа шығамыз.<br>**Негізгі кезең.**<br>«Музыкалы ғаламшар»<br>**Шарты:** Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика жасау. Жаттығуларды дұрыс жасау, басқалармен бірдей жасау.<br>**«Секектегіш»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Бұл ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30 см заттардан аттап секіру.<br>**«Түрлі-түсті ғаламшар»**<br>**Шарты:**Допты еденге бір қолмен, алақан жайып, қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еден ге соғу.<br>**«Жорғалаушылар»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Балалар модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп, жорғалап жүреді.<br>**«Сиқырлы ғаламшар»**<br>**Шарты:** Балалар залға шашырап бытыраңқы жүрісі орындайды. | | қамшыңды,<br>Біздер баға берейік.<br>Тойға барам деген соң,<br>Домбыра ұстап келіп ем.<br>Шашақталған қамшымды,<br>Үйге тастап кетіп ем.<br><br>Қалып қойса қамшыңыз,<br>Тағы тойға келерсіз.<br>Сол қамшыны мына бізге,<br>Сонда сыйға берерсіз.<br>Қоштасайық халықпен,<br>Ақындарын пір тұтқан.<br>Сөз өнеріне шөлдегенде,<br>Рахаттанып бір жұтқан.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Аукцион»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог балаларға жұмбақтар жасырады. Жұмбақтарды шешіп, қыс сыйлығын ұтып ал!<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ.<br>Май жейді, су ішеді,<br>Бұл не екен балалар?<br>(машина).<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр.<br>(автобус).<br>Аспанда ұшады,<br>Қанатын қақпайды. | | жайында түсінік беру. Аяқ киімдердің түр-түсіне, көлеміне, пішініне, ою-өрнегіне байланысты сыңарын таба білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог алдындағы қораптағы ұлттық үлгідегі аяқ киімдердің суреттерін көрсетіп, балалардан сұрайды. Мысалы: етік, мәсі, кебіс, саптама. Осы ұлттық аяқ киімдердің ішіненәйелдер киетін аяқ киімді бөлек қоюды ұсынады. Қолына алған аяқ киімнің сыңарын іздейді. Егер бала сыңарын дұрыс тапса қандай ерекшелік байқағанын сұрайды.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Менің не істегенімді тап»<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог балаларға киіну, шешінуді қимылмен көрсетеді. Балалар педагогтің не істегенін тауып айтады.<br>(Қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Міндеттері: Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау Шаңғымен жүру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды. Шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап қолдарын беліне қойып жүреді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ойын-жаттығу.** «Қарама-қарсы қозғалыс»<br>**Шарты:** Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама –қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де екінші қатар соған қарама –қарсы қимылдар жасайды.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | Жерде де жүреді,<br>Бауырлап жатпайды.<br>(ұшақ).<br>Бір-біріне қарап үйлер тіркесіп,<br>Қара тұлпар жүр әрлі-бері жүр көшіп.<br>(поезд).<br>Төбесінде ебелек,<br>Ұшады өзі керемет.<br>(тікұшақ).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Денешынықтыру**<br>Міндеттері: Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр), аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, | | Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу;<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимылды ойын:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Қармен аулай білу»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.<br>**Ойынның барысы:** Балаларды қардан айналудан, ортада шектелген алаңнан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | біреуі-солға). Ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр!<br>Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге биімдеу.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | **№2 Қар басуын бақылау.** | **№17 Қардағы іздерді бақылай білу.** | **№18 Аула тазалаушының еңбегін** | **№25 Көшені бақылау.** Қалада көп көшенің бар | **№13 Қырауды бақылау** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру.<br>**Жұмбақ.**<br>Ұстай алсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер.<br>**Жаңылтпаш.**<br>Қыста боран борар,<br>Қыздар шәлі орамал оранар.<br>**Көркем сөз.**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Қармен аулай білу»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.<br>**Ойынның барысы:** Балаларды қардан айналудан, ортада шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге биімдеу.<br>**Еңбектену әрекеті.** Қардан қарлы дуал жасау. Бір-біріне кедергі келтірмеуге, қиыншылықтарды жеңе білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Қар қиыршықтарын қарастыр»<br>**Тәжрибе:** балалар қар қиыршықтарын қарастырады.<br>Қармен тәжрибе жасау: | Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу. Әр құс әртүрлі із қалдырады. Адамның да іздері әртүрлі, түрлі жақтарға бағыттайды.<br>**Көркем сөз.**<br>Ойын ойнап міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>**Жұмбақ.**<br>Мен кетемін, ол қалар.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қар» Т.Шопашов.<br>Жауды міне қар аппақ,<br>Қазақ жері бағымыз.<br>Қойнауынан мөп-мөлдір,<br>Сусындайды жанымыз.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Нысана»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу.<br>**Д.О.** «Іздің құпиясын кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту.<br>Не себепті құстардың | **бақылау.**<br>Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула тазалаушы көмектеседі.<br>Аула тазалаушының қар тазалау кезіндегі құрал-саймандары жайында білімдерін толықтыру. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Еңбек-қуаныш,<br>Жалқаулық-айырылмас азап.<br>Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа шаттыққа бөленеді.<br>**Мақал-мәтелдер.**<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Ердің атын еңбек шығарады.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Болайықшы осындай» А.Меңжанов.<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады.<br>Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>Таза бала мұнтаздай,<br>Сүйсінеді қараған.<br>Ұқыпты деп бұл қандай,<br>Жақсы көрер бар адам.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>**Қимыл-қозғалыс** | екенін, олардың атауы әртүрлі екенін үйрету және мектебіміздің қай көшеде орналасқанын білу. Мектеп жанында қандай мекемелер орналасқанын айыра білу. (дүкен, дәріхана, банк, бала-бақша, кітапхана т.б.).<br>**Көркем сөз.**<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам.(милиционер).<br>**Жұмбақ.**<br>Үйден басталады,<br>Үймен аяқталады.<br>(жол)<br>**Д.О.** «Не істейміз? Кім боламыз?»<br>**Ойын барысы:** Бала бойынан жақсы көретін мамандықты әңгімелеу арқылы кім болғысы келетіндігін айта білуі.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>**Еңбектену әрекеті.**<br>Ойын алыңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз | Балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.<br>**Болжам:**<br>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.<br>**Жұмбақ:**<br>Қант сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде жатады.<br>(қар)<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Суықторғайлар»<br>**Мақсаты**: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбектену әрекеті.**<br>Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | стақанға қар салып, топқа алып келу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Өз бетінше қортынды жасауға үйрету. әуесқойлығын және қызығушылығын дамыту. | ізі үзілетінін түсіндіру. **Еңбектену әрекеті.** Құстарға жем шашу. **Өзіндік іс-әрекет:** Әр балаға өзінің қызықтыратын іспен айналысуға мүмкімдік беру. | **ойыны:** «Ұшақтар» **Ойынның мақсаты:**Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту. **Ойын барысы:** Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). **Д.О.** «Ұқсас, ұқсас емес» **Ойынның мақсаты:** Балаларды белгі бойынша заттарды топтастыра білуге үйрету: құралдардың түрі, белгісі. **Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу. | бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дик Артёммен және жеке жұмыс. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. | Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс. Сөздегі дыбыстардың орнын ажыратуды меңгерту. | Барлық балалармен жеке жұмыс. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп сахналауға қатысуды үйрету. | Зекен Жансерімен жеке жұмыс. Бақылаулар мен сюжеттік суреттер әңгімелер құрастыруды меңгерту. | Бакытжанова Айдинамен жеке жұмыс:қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге кітаптар қарау, кітап оқу» | «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады?» тақырыбына әңгіме. . | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ
Сынып_мектепалды Балалардың жасы_5 жас_____ **Жоспардың күндері:** 19-23 ақпан 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Ән айту.** «Бүгін қай күн?» С.Мұхамбетжанов. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Ұяда қандай құс бар?»  | **Д.О.** «Қыста қалай киінеміз?»   | **Бірге қайталайық!** «Аққала» Қар жауғанда қуанып, Жасадық біз аққала. Басындағы шелегі, Өзіне шақ қана. Аққала-ау,аққала, Еріп кетпе су болып. Балаларды қуантып, Қатып тұршы мұз болып. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). **Шығармашылық үзіліс:** «Аққала» (сурет салу). | **«Кітап-біздің досымыз»** Кітапты мен сүйемін, Кітаптар бар біздерде. Суреттері ғажайып, Ертегілер еліне, Шақырады біздерді. Бәрін білгім келеді, Қайдан? Неге? Не үшін? Мен әуесқой баламын, Бәрін біліп аламын. Өскен кезде өйткені, Үлкен ғалым боламын. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Ақпан айына таңертеңгі жаттығу кешені. № 10 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері** Қайырлы таң, балалар! Арайланып таң атты, Алтын шапақ таратты, | **Сөздік ойын:**«Әдепті сөздер шеңбері» **Ойынның мақсаты:** | **Шаттық шеңбері** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындғы әдемі | **Сөздік ойын:** «Сыпайы сөздер дүкені» **Ойынның** | **Шығармашылық үзіліс.** Сурет салу оңай ма? Жұртқа өнерің ұнай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қайырлы таң, балалар!<br>Жер бетінде тыныштық<br>Болған әрбір күн ыстық!<br>Қайырлы таң, балалар!<br>Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң, балалар!<br>Аман Отан – панамыз,<br>Аман ата-анамыз,<br>Қайырлы таң, балалар!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | Сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). | жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). | **мақсаты:** Белгілі бір жағдайда сыпайы сөздерді қолдана білуді қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Дүкендегі сөрелерге **«сыпайы сөздер»** орналастырылған: алғыс айту (рахмет, алғыс білдіремін), өтініштер (өтінемін, мархабат), сәлемдесу (сәлеметсіз бе, қайырлы күн, қайырлы таң), кешірім сұрау (кешіріңіз, ғафу етіңіз, өкінішті), жылы сөздер (құрметті ана, әке, анашым, әжетайым).<br>Педагог әр түрлі жағдаяттарды сипаттайды. Ал балалар сөреге кезек-кезек келіп, сатушыдан өзіне қажетті сөздерді «сатып алады» және жағдаяттарды талдай отырып, оларды қолданады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс- | ма?<br>Мұның бәрі түк емес,<br>Талаптыға алайда.<br>(Балаларға өз қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет салғызу).<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әрекеті). | |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті:Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану.<br>**Д.О.** «Түсті таңда»<br>**Ойынның мақсаты:** Антоним сөздердің қорын кеңейту және оларды белгілі бір жағдайларда қолдануға үйрету.<br>**Ойын барысы:**Педагог балаларға В. Маяковскийдің **«Жақсы деген немене, жамандеген немене»**өлеңін оқиды. Содан кейін ол балаларға 2 түсті карточкаларды: **ақ**және **қара** карточкаларды таратады және карточканың түсін **«жақсы»** (ақ)және**«жаман»**(қара) сөзіне сәйкестендіруді ұсынады. Педагог сөздерді атайды, ал балалар антоним-сөздерүшін қажетті түстерді таңдайды және көрсетеді. Жақсылық-жамандық,<br>Жақсы-жаман,<br>Еңбекқорлық-жалқаулық,<br>Сараңдық-жомарттық,<br>Қорқақ-батыл,<br>Дөрекілік-сыпайылық,<br>Қараңғы – жарық,<br>Кір-таза және т. б.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет- | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Дыбыстық талдау.**<br>Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді көк-пен, дауысты дыбыстан басталатын сөздерді **қызылмен-**мен қорша.<br>**Дыбыстық талдау жаса.**<br>**Шарты:** Балалар берілген сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>**Ойнай отырып оқимыз.**<br>Суреттегі көліктерді ата. Дауыссыз дыбыстардан басталатын көліктер туралы сөйлем құра.<br>**Дыбыстық талдау жаса.**<br>**Шарты:** Балалар берілген сөздерге дыбыстық талдау жасайды<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс- | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті: Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;<br>**Сөздік ойын:**«Ауа-райы туралы айтып бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (суық, аяз, жел, қар жауып тұр, боран т.б).<br>**Суреттер сөйлейді.**<br>**Мақсаты:** Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге, грамматикалық тұлғада таза, анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Шарты:** Балаларға сюжеттік суреттер таратылып беріледі. Балалар суретке қарап әңгіме құрайды, әңгімелейді.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қыркалар.<br>Қалың-қалың тон киіп,<br>Маужырайды | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Үлестірмелі суреттердегі заттардың атын атайды, бастапқы дыбысын ажыратады, хатқалтаға ажыратып салады.<br>**Д.О.** «Талдау жасай білемін»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға дыбыстық талдау жасай білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суреттер арқылы дыбыстық талдау жасайды, дауысты | **1.Сауат ашу нагіздері**<br>Міндеті:Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. **Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>**Д.О.** «Үзік сызықтар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың қолдарын жазуға дайындау. Таза, ұқыпты жазуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | коммуникативтік әрекеті).<br>**Ертегілер елінде**<br>«Қысқы баспана»<br>(Балаларға ертегіні оқып беру).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту<br>**Д.О.** «Ғажайып пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атап, ажырата білуге үйрету. Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылған? Аппликация жасау үшін қандай пішіндер пайдаланған?<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда | әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті:Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішіннің жоқ екенін айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті,<br>**№2 жұмыс дәптері.** Геометриялық пішіндегі заттар. 22-23 бет.<br>**Кел, бірге орындайық!**<br>**1.**Қолыңа **текшені** және **шаршыны** ал. | шыршалар.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Шыршадағы әдемі ойыншықтар»<br>(Сурет салу- шығармашылық іс әрекеті).<br>**Педагог:**<br>-Ойыншық не үшін керек?<br>-Сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма?<br>-Қандай ойыншықты жақсы көресіңдер?<br>-Ойыншықтарды қалай ұстау керек?<br>-Ойыншықтар неден жасалады?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br>***Ән тыңдау:***<br>«Ойыншық» Ғ.Жұбанова.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**<br>«Қуыршақпен билейміз» Н.Лысенко.<br>**Шарты:** Балалар қолдарына қуыршақты алып, музыка әуенімен | және дауыссыз дыбыстарды табады. Дыбыстық талдау жасайды.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Суреттің екінші бөлігін сал»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда суреттің бір бөлігі ғана салынған. Балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады және суреттің екінші жартысын салады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: қоршаған ортадан | үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген үзік сызықтарды бастырып, жалғастырып жазады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті)<br>**Д.О.** «Суретті жалғастырып сал»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар берілген суретті жалғастырып салады.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Суреттің жалғасын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар үстелдің үстіндегі суреттердің екінші жартысын табады, затты атайды, ұқсас заттарды топтастырады.<br>(Сауат ашу- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай пішіннің жоқ екенін айтады.<br>**Д.О.** «Пішіндерді боя»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атап, ажырата білу, түстерді танып білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға пішіндер салынған қағаздар таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Педагог балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалар сол тақтадағы түстерге қарап, алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**№2 жұмыс дәптері.** Геометриялық фигуралар және денелер. 20-бет.<br>**1.Ойлан.** Жануарлар қандай фигуралардан құрастырылған? Жапсыру үшін қандай фигуралар пайдаланғанын ата.<br>**2.Боя.** Фигураларды тауып, шарды **қызыл,** текшені **көк,** цилиндрді **сары** түске боя.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Мұздатам»<br>Боран борайды-1<br>Боран борайды-2 | Олардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Сен қандай айырмашылық бар екенін байқадың?<br>Қолыңа шарды және дөңгелекті ал.<br>Олардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Сен қандай айырмашылық барын байқадың?<br>Қолыңа цилиндрді және дөңгелекті ал.<br>Оладың үстінен саусағыңмен жүргіз. Сен қандай айырмашылық барын байқадың?<br>Бөлмеден осындай пішіндегі заттарды тауып, оларды ата.<br>Олардың түсі қандай?<br>**2.**Суретке қарап, не бейнеленгенін ата. Заттар қандай пішінге ұқсайды?<br>**3.**Заттарды көрсетілген түстерге сәйкес бастырып сыз. (қызыл, көк, жасыл).<br>Артық затты тауып, оны ата.<br>(Математика негіздері-танымдық | түрлі қимылдар жасайды. Музыка әуеніне тек өзі ғана емес, қуыршақты да ілестіріп, бірге қимылдар жасайды.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Жалғасын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Бастаушы бала сөйлемді бастап береді, балалар аяқтайды.<br>-Менің ойыншығым...(әдемі).<br>-Мен қуыршақпен...(ойнадым).<br>-Допты жоғары...(лақтырдым).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br>**Саусаққа арналған жаттығу.**<br>**Шарты:** Саусақпен, аяқпен көрсетеді.<br>Добым, добым, домалақ,<br>Тоқтамайсың домалап. | геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>Не неге ұқсайды? 23-бет.<br>**1.**Суретке қара. Әр топтан артық затты тап. Қоршап сыз.<br>**2.**Көрсетілген пішіндерге (шар, цилиндр, текше) ұқсас заттардың суретін сал.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Геометриялық домино»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді түсі, көлемі, өлшемі бойынша ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Геометриялық пішіндер әртүрлі көлемде: үлкен-кіші және түстері | коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеті:Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.**«Кел санайық санамақ»**<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін жаттықтыру, санамақты жатқа айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар санамақтарды жаттайды.<br>Топ-топ добым,<br>Топ-топ добым домалақ.Қайда кеттің домалап?<br>«Бір, екі»-деп екі ұрдым, Терезеге секірдің.<br>«Үш, төрт, бес»,- деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің. «Алты, жеті- дегенде, Жаттың шоршып еденде.<br>«Сегіз, тоғыз, он»-дедім,<br>Енді ырқыма |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Боран борайды-3<br>Түрлі фигура болып қат.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті: Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Гүл жайнашы-Отаным**.<br>Егеменді еліміз,<br>Кең байтақ бұл жеріміз.<br>Құшақ ашқан халықпыз,<br>Бақыттымыз сеніңіз.<br>Тарихым бар ертеден,<br>Қазақ-неткен көркем ең.<br>Гүл жайнашы-Отаным.<br>Сеніменен көркейем!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Көлеңкесін тап»<br><br> | ойын әрекеті).<br>**Сергіту сәті:**<br>«Пішіндер әні»<br>Бойды сергек тік ұста,<br>Емін еркін тыныста.<br>Деміңді ішке тез алда,<br>Оң қолыңды соз алға.<br>Қол ұшына қарада,<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Сол қол босқа тұрмасын,<br>Шеңбер болып зырласын.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Аққаланы құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Геометриялық қиындылардан аққаланы құрастыра білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әртүрлі қиып дайындалған геометриялық қиындылардан аққаланы құрастыруы керек. | Үстел үстін бүлдірдің,<br>Тәрелкені сындырдың.<br>Тентек болып кеттің деп,<br>Тұрмын сені тепкім кеп.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті: Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>**Д.О.**«Қазақ халқының ұлттық киіз үйінің құрылысын ата және орналастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларға киіз үйдің құрлысын біліп, тануға және оны ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар киіз үйдің құрлысын ретімен | әртүрлі болады.<br>(қызыл, сары, жасыл, көк).<br>**Балаларға тапсырма:**<br>2 бірдей қызыл түсті шеңберді тап!<br>Бірдей түсті барлық пішіндерді жина!<br>Өлшемі бойынша бірдей үшбұрыштарды тап!<br>Үлкен пішіндердің бәрін тап!<br>Барлық бірдей көк түсті кішкентай пішіндерді тап!<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеті:Байланысты рып сөйлеу.Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу.<br>**Жұмбақ шешейік.**<br>Дәмді-дәмді | көнбедің.<br>Топ-топ добым домалақ.<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>«Әтеш пен тоты»<br>Ыбырай Алтынсарин.<br>(балаларға ертегіні оқып беру).<br>**Д.О.** «Аукцион»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог балаларға жұмбақтар жасырады.<br>Жұмбақтарды шешіп, қыс сыйлығын ұтып ал!<br>Айқайлайды таң атпай,<br>Бұрап қойған сағаттай (әтеш).<br>Күн шықпай сап аттанды, Қуырады апшыны.<br>Ұйқыда жатқанды,<br>Оятады ащы үні.<br>(әтеш).<br>Қауырсыны құлпырған,<br>Мың бояулы гүл тұнған. Сайрағанда дауысы,<br>Әнге бөлер тау ішін (тоты).<br>(Сөйлеуді дамыту, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеті: Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу<br>(3 метр), аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>Жаттығуға тұрайық,<br>Ал, балақай, тұр енді.<br>Түзу ұста денеңді,<br>Көтеріп басты қарашы. Оңға-солға, жоғары,<br>Қолда қарап қалмасын.<br>Шаштаразша қайшылап,<br>Шашты қиып тастасын.<br>Иилейік оңға бір,<br>Иилейік солға-бір.<br>Кезек келді аяққа,<br>Аяқтарда тұрмайды. Жүгіреді, зырлайды.<br>Енді кезек демалу, | (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеті:Байланыстырып сөйлеу.Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу.**«Киіз үй жабдықтары»** балаларға көрнекілік әдісі арқылы түсіндіру.<br>**Киіз үй-** халқымыздың атамзаманнан бергі ең жақын серігі, тұратын баспанасы. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Киіз үй тез құрылады, тез жиналады. Киіз үй ауа-райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға шыдамды. Киіз үйдің төбесі күмбез тәрізді болып келеді. | атайды. Киіз үй шаттық шеңберін орындайды. Киіз үйді құрастыру карточкаларын топтастырады.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Үлкен шеңбер құрамыз,<br>Дөңгеленіп тұрамыз.<br>Керегені кереміз,<br>Уықтарды іleміз.<br>Айналамыз ойнаймыз,<br>Киіз үйді құрамыз!<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**«Жолдар қайда бастайды?»**<br>**Шарты:** Жолаушының киіз үйге баратын жолын тауып, сызып көрсет.<br>**Д.О.** «Киіз үйдің жиһаздары мен жабдықтарын ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың киіз үйдің жабдықтары мен жиһаздарын танып біліп, оларды атай білуге үйрету. білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттен киіз | тағамдарды жинайды, Қонақтарды көңілдене сыйлайды. (дастархан)<br>**Ертегілер елінде**<br>«Не дәмді?» (Балаларға ертегіні оқып беру).<br>-Балалар, барлық тәтті, дәмді тағамдар: шұжық, қазы-қарта, жал-жая, қымыз, шұбат, құрт, ірімшік, балқаймақ.<br>-Дегенмен, балалар ас атасы не? Дұрыс! Асатасы-нан!<br>**Бірге жаттайық!**<br>Нан-ардақты адал ас,<br>Кәрі жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>**Жаңылмай айт.**<br>Есет атам ет асатар,<br>Ет асатса, бес атар.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік | көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br><br>**3.Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>Міндеттері: киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері туралы түсінігін кеңейту.Композициялары қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Бұйымдар мен заттарды,сәндеу үшін көрнекті.<br>Қиын да болса қиналмай,<br>Мен үйрендім |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақырындап тыныс ал.<br>**Қимылды ойын:**«Паровоз»<br>**Ойынның мақсаты:** ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру. **Ойын барысы:** Педагог балаларға өз тобының балалары тату, мейірімді, адал болуын тілейтінін айта отырып, паровоз ойынын ойнауды ұсынады. Онда **«вагондар»** бір-бірін шынтағынан ұстайтынын көрсетеді. Паровоз әртүрлі қарқынмен, ырғақпен, кедергілер арқылы жүреді. Балалардың ырғақты ән айтуларына болады.<br>**Ойынның шарты:** Балалар бір-бірінің қолдарынан жібермей, біртұтас команда ретінде әрекет етуі керек.<br>**«Қоңыздар»**<br>**Ойын барысы:** Ойын сылдырмақпен немесе әуеннің ырғағымен өткізіледі. Қоңыздар **«ұшты»-**деген белгімен балалар тұрады, сілкінеді. Қоңыздар **«қонды»-** деген белгімен балалар отырады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | Киіз үйдің негізгі қаңқасын **сүйегі**-деп атайды.<br>**Олар:** кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық.<br>**Кереге-**киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы, торкөзді сүйегі.<br>**Шаңырақ-**киіз үйдің уықтарын біріктіріп, көтеріп, ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.<br>**Уық-**кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық.<br>**Киіз есік-**сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши астары жақғақ теріден жасалады.<br>**Киіз үй жабдықтары:** абажа, кебеже, әбдіре, ағаш төсек, асадал, жастықағаш, адалбақан, жүкаяқ, сандық.<br>**Төсеніштер:** алаша, киіз, сырмақ, | үйдің жабдықтары мен жиһаздарын атайды, оның не үшін қажет екенін айтады.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Киіз үйді боя»<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың байқағыштығын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Көлеңкесін тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлауын арттыру.<br>**Ойын барысы:** | әрекеті).<br>**Д.О.** «Не жасырынғанын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға ұннан пісірілген нан түрлерін көрсету. Балалар көздерін жұмады. Бір суретті педагог алып қояды. Балалар қай сурет жоқ екенін табуы керек.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Дастархан»<br>**Шарты:** Сәндік сурет салу. Дастарханды ұлттық ою-өрнекпен безендіру. (түрлі-түсті қарандаштар).<br>(Сурет салу-шығармашылық іс | өрнекті.<br>-Қандай ою-өрнектерді білесіңдер?<br>**Д.О.** «Бет орамалға лайық жамауларды табу»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға бет орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.<br>**Балалардың жұмысы:** «Әдемі сырмақ»<br>**Шарты:** Үлгі бойынша сырмақты қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безен діру. (Жапсыру-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түскиз.<br>**Сергіту сәті.**<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй боп көрінер.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Киіз үйдің сүйектерін білу, ажырату және атай білулері.<br>**Ойын барысы:** Суреттен киіз үйдің сүйектерін тап және оларды ата.<br>**Д.О.** «Не артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Арттық затты таба білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға киіз үй жабдықтары суреті ілінеді. Балалар суреттен артық | Суретке қарап, көлеңкесін табады.<br><br>**Суретпен жұмыс.**<br>Салт-дәстүрім мақтанышым.<br>**Мақсаты:** Салт-дәстүрімізді дәріптей отырып, балаларды адалдыққа, ұлтжандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>-Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттен қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін көріп тұрсыңдар?<br>-Өзің білетін салт-дәстүрлерді ата. Шілдехана, тұсау кесер, сүндет той, беташар.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған ортамен танысу)<br>**Музыка тыңдау:** «Қазағымның дәстүрі» О.Сүлеймен.<br>(Музыка-шығармашы лық іс әрекеті)<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Міндеті:Белгілі образды | әрекеті).<br>**Сюжетті-рөлді ойын:** «Дүкенші»<br>Ойынның мақсаты: Балалардың сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін дамыту. Диалогті түрде сөйлесе білуге, грамматикалық тұлғада таза, анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ сатушы, екінші топ сатып алушы болады. Ойын осылай жалғасады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>**Музыка тыңдау:** «Тәй-тәй» Ө.Байділдаев.<br>-Музыка қалай орындалады?<br>-Музыканы | Міндеті:Дербес қимыл белсенділігі. Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға және шанамен сырғанауға жағдай жасау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:**Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**«Көңілді қошақандар»**<br>**Шарты:** Спорт залда немесе аланда жерге ұзын сызық сызылады. Бұл сызық көпір, ал көпірдің арғы жағында қошақандардың үйіболады. Қошақандар көңілді әуенмен билеп жүреді, әуен тоқтағанда жарыса отырып, көпірден өтіп, үйлеріне жылдам жетулері керек.<br>(Дене шынықтыру- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | затты табады. Не үшін артық екенін дәлелдейді.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>«Әжемнің сандығы»<br>**Шарты:** Сандықты қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерімен сәндеу.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Ою құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерін білу және оларды атап, ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар бірнеше бөліктерден тұратын оюларды құрастырады, атын атайды, ұқсас оюларды топтатырады.<br>**Д.О.** «Тура осындай өрнекті тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың | сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.**Жаңылмай айт.**<br>Асан бақша жақтан,<br>Ақ сабақ асқабақ әкелді.<br>Басқа жақтан,<br>Басқарақ асқабақ әкелді.<br>Доп теп, дөп теп.<br>Ала-ала алашалар,<br>Тамашаолар.<br>Оғанкімталаса алар.<br>Омартағабалаларбарар,<br>Балалардыаралартaлар.<br>**«Кел санайық санамақ»**<br>Санамақтың сан түрін,<br>Кәне, біздер санайық.<br>Онға дейін санды біз,<br>Қолымызға алайық.<br>Бір,екі, үш,<br>Таңдайықшы түс.<br>Төрт,бес,алты,<br>Тату доспыз жалпы.<br>Жеті, сегіз, тоғыз,<br>Мынау - қоңыр қоңыз.<br>Мына саным-он,<br>Қыста кием тон.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Аукцион»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды тапқырлыққа баулу. | тыңдағанда қандай оқиғаны елестеттіңдер?<br>-Музыка сендерге ұнады ма?<br>**Ән айту:** « Тұсау кесу жыры» Халық әні.<br>-«Тұсау кесу рәсімі» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Ол рәсім не үшін жасалады?<br>Тұсау кесу рәсімін кім жасайды?<br>-Тұсау кесу рәсімін жасау үшін не қажет?<br>-Тұсау кесу рәсімін жасаған соң қандай ән орындалады?<br>**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Тұсау кесу»<br>-Тұсау кесу рәсімін сахналау. Рәсімді әже болып педагогтің өзі орындайды.<br>Балалар қуыршақты жетелейді.<br>Қаз-қаз бала, қаз балам,<br>Қадам бассаң мәз болам.<br>Күрмеуіңді шешейік, | ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | логикалық ойлау қабілетерін артыру.<br>**Ойын барысы:** Балларға үлгі суреттер беріледі, балалар үлгідегі оюға ұқсас оюды табады, жапсырады.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>**Музыка тыңдау:** «Тәй-тәй» Ө.Байділдаев. -Музыка қалай орындалады?<br>-Музыканы тыңдағанда қандай оқиғаны елестеттіңдер?<br>-Музыка сендерге ұнады ма?<br>**Ән айту:** « Тұсау кесу жыры» Халық әні.<br>-«Тұсау кесу рәсімі» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Ол рәсім не үшін | **Ойын барысы:** Педагог балаларға жұмбақтар жасырады. Жұмбақтарды шешіп, қыс сыйлығын ұтып ал!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Міндеті: Спорттық жаттығулар.Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарлығаш»<br>**Шарты:** Залға ойыншылардың санына қарай шеңберлер қойылады.<br>Бұл – **қарлығаштардың үйі.** Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»-деген сөзден кейін балалар үйлеріне | Тұсауыңды кесейік.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:** «Балдырғандар биі»<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жасалады?<br>Тұсау кесу рәсімін кім жасайды?<br>-Тұсау кесу рәсімін жасау үшін не қажет?<br>-Тұсау кесу рәсімін жасаған соң қандай ән орындалады?<br>**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Тұсау кесу»<br>-Тұсау кесу рәсімін сахналау. Рәсімді әже болып педагогтің өзі орындайды. Балалар қуыршақты жетелейді.<br>Қаз-қаз бала, қаз балам,<br>Қадам бассаң мәз болам.<br>Күрмеуіңді шешейік,<br>Тұсауыңды кесейік.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**<br>«Балдырғандар биі»<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті) | (шеңберге) кіреді.<br>**«Қапшықты кім алысқа лақтырады?»**<br>**Шарты:** Балаларды бір қатарға тұрғызып, қолдарына бір-бірден қапшық таратылады. Нұсқаушының белгісі бойынша қолдарындағы қапшықты біртіндеп алысқа лақтырады. Нұсқаушы кімнің қапшығы алысқа түскенін бақылап, айтып отырады. Ойын осылай 3-4 рет қайталанады.<br>**«Нысанаға допты домалату»**<br>Шарты: Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглилерді қолдарындағы допты домалатып, көздеп құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтауы тиіс. Допты оң қолмен, сол қолмен де домалатуға болады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | |
| **Серуенге** | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен.** | ***№ 16Қыстыңнегізгібелгілерінбақылау*** | ***№ 17 Өзен, көл, су тоғандарынасаяхат*** | ***№ 18 Қардыңқасиетінбақылау*** | №19 Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. | ***№ 20Құстардыбақылау*** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Барлық балалармен жеке жұмыс. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. | Дик Артёммен жеке жұмыс. Сөздегі дыбыстардың орнын ажыратуды меңгерту. | Бакытжанова Айдинамен жеке жұмыс. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп сахналауға қатысуды үйрету. | Зекен Жансерімен жеке жұмыс. Бақылаулар мен сюжеттік суреттер әңгімелер құрастыруды меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс: қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Санамақтар айтып үйренеміз. | Ата-аналарға кеңес: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» | Ата-аналарға кеңес: «Бала тәрбиесіндегі қымбатты бір минут» Бір минут балаңызды мақтаңыз. | «Ойыншықты қалай таңдаған дұрыс?» Ата-анаға кеңес. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ

Сынып _мектепалды___Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 26 ақпан -01 наурыз 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | **Д.О.** «Айырмашылығын тап»  | **Д.О.** «Суретті құрастыр» **Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:** Бөліктерден сурет құрастырады. (Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.**«Кім зейінді?» **Ойынның мақсаты:** Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Түстерді танып, ажырата білуге үйрету. **Ойын барысы**: Бірінші қандай түсті қарындаш қойылған? Екінші ше? Үшінші ше? Төртінші ше? (бірінші-қызыл түсті қарындаш қойылды. Екінші-сары, үшінші-жасыл, төртінші-көк). (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекет) | **Д.О.** «Көліктерді ата» **Ойынның мақсаты:** Көліктер туралы білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Суретте берілген көлік түрлерін атайды. -Қандай көлік түрлерін білесіңдер? -Алыс жол жүріп көрдіңдер ме? -Өзің қандай көлікті ұнатасың? -Ұшаққа мініп көрдіңдер ме? (Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Құрастыру. Қағазбен жұмыс.** «Теңізде жүзген кеме» **Мақсаты:** Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. **Шарты:** Балалар қағаздан кемені жасайды. (Құрастыру іс әрекеті). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Ақпан айына таңертеңгі жаттығу кешені. № 11 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.** | **Сөздік ойын:** «Ауа-райы туралы айтып бер» **Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту. **Ойын барысы:** Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (суық, аяз, жел, қар | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс- | **Д.О.** «Бұл қай ертегі?» | **Д.О.** «Кімнің мекені?» | **Ән айту:**«Көктем» Ә.Бейсеуов. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жауып тұр, боран т.б). (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | әрекеті). |   |  | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Көркем әдебиет<br>**4**.Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2**.Қоршаған ортамен танысу<br>**3**.Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1**.Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Көркем әдебиет<br>**4**.Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2**.Қоршаған ортамен танысу<br>**3**.Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1**.Сауат ашу нагіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Құрастыру Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу<br>**4**.Дене шынықтыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт»<br>Саусақтарым бір-бірімен амандасайық,<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ<br>Дыбыстарын дұрыс айтайық.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>**Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br>**Ойынның барысы:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Дыбыстар бізде қонақта»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды атайды. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Д.О.** «Талдау жасай білемін»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға дыбыстық талдау жасай білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суреттер арқылы дыбыстық талдау жасайды, дауысты және дауыссыз | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>**Сөздік ойын:** «Әдепті сөздер шеңбері»<br>**Ойынның мақсаты:** Сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br>**Д.О**. «Менің сүйікті ойыншығым»<br>**Ойынның мақсаты:** Байланыстырып сөйлеуге | **1.Сауат ашу нагіздері**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әнші дыбыстарды естісе балалар **қызыл** дөңгелекті көтереді. Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе **көк** дөңгелекті көтереді.<br>**Д.О.** «Сөздер мен дыбыстарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды атайды, мысал келтіреді.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау логикалық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөзді айтады.<br>**Д.О.** «Талдау жасай білемін»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға дыбыстық талдау жасай білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суреттер арқылы дыбыстық талдау жасайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды табады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті). | -Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шешебілеміз бе?<br>Мамықтай ұлпа,<br>Қанттай ақ.<br>Қыста жер бетін басады,<br>Жазда сайға қашады.<br><br>(қар).<br>Тоңғақты таниды,<br>Беті-қолын қариды.<br>(аяз).<br>Ышқынады өзі жоқ,<br>Ысқырады сөзі жоқ.<br>(боран).<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады.<br>(қар).<br>Көлдің беті көк әйнек,<br>Сырғанауға тым әйбәт.<br>(мұз).<br>Жатты жатты да,<br>Жылғаға тартты.<br>(қардың еруі).<br>Жарқ етсе сабау қамшы,<br>Нөсерлетіп жауар тамшы.<br>(найзағай).<br>Алдымен әр түрінен | дыбыстарды табады. Дыбыстық талдау жасайды.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген дыбысқа сөз ойлап табуға үйрету. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог Кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>Мысалы: А-болса: Балалар: ай, алма, аяз т.б. айтады.<br>Ойын осылай жалғасады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2. Математика негіздері**<br>Кеңістікті бағдарлау. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. берілген бағытта оны белгі бойынша өзгерте отырып бағдарлауын қалыптастыр. Қағаз парағын бағдарлай білуін бекіту.<br>Заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлай алады.<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың кеңістікте | үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап ойыншықтарды атайды, ойыншықтар туралы әңгімелейді.<br><br>**Педагог:**<br>-Ойыншық не үшін керек?<br>-Сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма?<br>-Қандай ойыншықты жақсы көресіңдер?<br>-Ойыншықтарды қалай ұстау керек?<br>-Ойыншықтар неден жасалады?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br>**Жаңылмай айт.**<br>Жуын, жуын, жуынсақ,<br>Таза болар қуыршақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br>**Ән тыңдау:** «Ойыншық» Ғ.Жұбанова.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Менің сүйікті ойыншығым» | <br>нектер салады.<br>(Сауат ашу неіздері) коммуникативті іс-әрекеті)<br><br><br>**2.Математика.**<br>Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылықпен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. №2 жұмыс дәптері. 32-33 бет.<br>**1.**Аптаның әр күнін қыз немен айналысқанын айтып бер. Сен жексенбі күні не істегеніңді есіңе түсір. Дүйсенбі күні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Математика негіздері**<br>Кеңістікті бағдарлау. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. берілген бағытта оны белгі бойынша өзгерте отырып бағдарлауын қалыптастыр. Қағаз парағын бағдарлай білуін бекіту.<br>**Д.О.** «Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды.<br>Оңға бұрылсаң-қуыршақты табасың; солға-бұрылсаң машинаны табасың; алға жүрсең-допты табасың. Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барып, нені тапқың келеді?<br>№2 жұмыс дәптері. 26-27 бет.<br>Кім қайда тұр?<br>**1.**Суретке қара. Бөлменің ортасында кім отырғанын айт. Оны **қызыл** қарандашпен қоршап сыз. Оң жақта алыстау бұрышта тұрғанды **жасыл** түспен қоршап сыз. Сол жақта жақындау тұрғанды **көк** түспен | жібек жіптің,<br>Аспанға әшекейлеп кесте тіктім.<br>(кемпірқосақ).<br>Төгіліп жерге ақ моншақ,<br>Ғайып болды сол шақта-ақ.<br>(бұршақ).<br>Төбеден төнеді,<br>Тамшысын төгеді.<br><br>(жаңбыр).<br>Көзіңе көрінбейді,<br>Қолыңа ілінбейді.<br>Бірақта құлағыңа,<br>Ұдайы күбірлейді.<br><br>(жел).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.**«Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар, қыс мезгілі, қар, қырау, аяз, суық деген сөздерге сөйлем құрастырады.<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды. | орналасуын бағдарлай алуын білуі.<br>**Ойын барысы:** Үстелдердің әрқайсысында бірнеше зат жатыр. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады.<br>**Мысалы:** қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның сол жағында тұр. т.б.<br>**Д.О.** «Не қайда орналасқан?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлай алады.<br>**Ойын барысы:** Суретте қандай заттар барын ата. Заттар қалай орналасқан?<br><br>№2 жұмыс дәптері. 28-29 бет.<br>**1.**Суретке қара. Сөреде тұрған ойыншықтардың | **Мақсаты:** Өзінің ойын қағаз бетіне түсіре білуін бекіту, бейнелерді қағаз бетіне композиция құрап орналастыруға жаттықтыру.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың байқағыштығын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Еркін ойын:** «Кел ойнайық!»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос бола білуге үйрету, достыққа, татулыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалардың топта өз еркімен ойын ойнауын ұйымдастыру.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу. Қазақ | ше?<br>**2.**Сөйлемдерді тыңдап, сәйкестендіріп сызып қос.<br>**Дүйсенбі** күні күн ашық болды.<br>**Сәрсенбі** күні қатты жел соқты.<br>**Бейсенбі** күні бұлтты болды. Сенбі күні найзағай ойнады.<br>**Жексенбі** күні жаңбыр жауды.<br>**3.**Сағат неше болғанын анықта. Циферблатта қандай цифр жетіспейді жаз.<br>**4.**Суреттегі айырмашылықты тап. Қанша айырмашылық тапсаң, сонша дөңгелекті сал. Суреттерді бірдей етіп жаса.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Мүсіндеу.**<br>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, ожау, күбі, торсық) қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен, қосымша заттармен безендіру. Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кешкістерді қолдану, олардың бетіне бедерлеу жасау. Жылулық шеңберін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | коршап сыз. **Қызғылт** кофты киген қыз қайда тұрғанын айт.<br>**2.**Балық болуы мүмкім деген торкөзді бояе.<br>**3.**Сана. Әр фигурада қанша торкөз бар? Тиісті түспен бояе.<br>**Д.О.** «Не қайда орналасқан?»<br>**Ойын барысы:** Суретке қара. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасу ретін айт.<br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**3.Көркем әдебиет**<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, айтыс өнеріне баулу.<br>**«Кел санайық санамақ»**<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін жаттықтыру, санамақты жатқа айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар санамақтарды жаттайды.<br>Топ-топ добым,<br>Топ-топ добым домалақ.<br>Қайда кеттің домалап? | **Суреттер сөйлейді.**<br>**Шарты:** Балалар сурет бойынша әңгіме құрайды.<br><br>**Педагог:**<br>-Балалар, сендер қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>-Сырғанаққа барған ұнай ма?<br>-Аязды күні ойнауға бола ма?<br>**Боямақ.** «Көңілді қыс» (Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Қазақ халқының киіз үйінің, оның құрлысы мен ішкі жабдықтарын білу. **Д.О.**«Қазақ халқының ұлттық киіз үйінің құрлысын ата және орналастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** | орналасуын айт.<br>Маймыл қай сөреде отыр? Кітаптардың үстіңгі жағында қандай ойыншықтар тұр? Кітаптардың астыңғы жағында нелер тұр?<br>**2.**Мысалдарды шығар. Нүктелердің суретін сал.<br>**3.**Көк түсті моншақтың суретін сандықшаның ішінде, астында, үстінде, сол жағында және оң жағында болатындай сал.<br>**Д.О.** «Қатарға тұрамыз»<br>**Ойын барысы:** Балалар қатарға қалай тұрғанын қара. 7-нөмірдің алдында кім тұр? 9-нөмірден кейін кім тұр?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, айтыс өнеріне баулу.<br>**Жаңылмай айт.**<br>**.**Ақ шар, көк шар,<br>Көк шар, көп шар.<br>**.**Ала-ала, алашалар,<br>Оған кім таласа алар?<br>.Омартаға балалар барар,<br>Балаларды аралар талар.<br>.Үміт түбіт түтті,<br>Түбітті түтіп бітті.<br>**.**Ғарышкер ұшты ғарышқа,<br>Ғарышқа ұшты ғарышкер.<br>Айтшы ғарыш алыс па? | халқының құндылықтарына құрметпен қарау.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Салт-дәстүрім мақтанышым.<br>**Мақсаты:** Салт-дәстүрімізді дәріптей отырып, балаларды адалдыққа, ұлтжандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттен қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін көріп тұрсыңдар?<br>-Өзің білетін салт-дәстүрлерді ата.<br>-Шілдехана, тұсау кесер, сүндет той, беташар сынды салт-дәстүрлерге барып көргендерің бар ма?<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қазағымның дәстүрі» О.Сүлеймен.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:**<br>«Тұсау кесу»<br>**Ойын барысы:** Тұсау кесу рәсімін сахналау. Рәсімді әже болып педагог орындайды. Балалар қуыршақты жетелейді.<br>Қаз-қаз, балам, қаз балам,<br>Қадам бассаң мәз болам.<br>Күрмеуінді шешейік, | ұйымдастыру.<br>Қоларындағы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту.<br>**Педагог:**<br>-Балалар сендер қонаққа барғанды ұнатасыңдар ма?<br>-Қонаққа барғанда сендерді қандай сөздермен қарсы алады?<br>-Ал, сендердің үйлеріңе қонақ келгенде қалай қарсы аласыңдар?<br>**Сюжеттік-рөлдіойын:**<br>«Қонақ күтеміз»<br>**Шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді.<br>**Бірінші топ**:<br>«Қонақтар»<br>**Екінші топ:** «Үй иелері»<br>Үй иелері қонақты қалай күту керек екенін көрсетеді.<br>-Қонақпен амандасамыз;<br>-Үйге кіргіземіз;<br>-Төрлетіңіз;<br>-Дастархан жайып, қонақ күту;<br>-Қонақтарды шығарып салу.<br><br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Кесе-шыны, пиала,<br>Оларсыз шәй құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>(ыдыс-аяқ). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Бір, екі»-деп екі ұрдым,<br>Терезеге секірдің.<br>«Үш, төрт, бес»,- деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>«Алты, жеті- дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>«Сегіз, тоғыз, он»-дедім,<br>Енді ырқыма көнбедің.<br>Топ-топ добым домалақ.<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>«Түлкі мен қоян»<br>(Балаларға ертегіні оқып беру).<br>№2 жұмыс дәптері. 12 бет.<br>**1.**Суретте не бейнеленген? Досыңмен кейіпкерлердің диологин құр.<br>**2.**Жануарларды жақсы көретін тағамдарымен сызып қос.<br>Түлкі-балық.<br>Аю-құлпынай.<br>Кірпі-саңырауқұлақ.<br>Қоян-сәбіз.<br>**3.**Ұйқасын тап.<br>Кезіп жүріп өзекті,<br>Ұстап алдым...(көжекті).<br>**4.**Суретті аяқтап сал. Боя.<br>**Сергіту сәті.**<br>«Ұзын құлақ сұр қоян»<br>**Бірге жаттайық.**<br>Түлкі, түлкі, құтыңдайсың,<br>Айналаңнан тың тыңдайсың.<br>Қанша құлығыңды асырсаң да,<br>Аңшыдан сен құтылмайсың. | Балаларға киіз үйдің құрлысын біліп, тануға және оны ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар киіз үйдің құрлысын ретімен атайды. Киіз үй шаттық шеңберін орындайды. Киіз үйді құрастыру карточкаларын топтастырады.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Үлкен шеңбер құрамыз,<br>Дөңгеленіп тұрамыз.<br>Керегені кереміз,<br>Уықтарды іleміз.<br>Айналамыз ойнаймыз,<br>Киіз үйді құрамыз!<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**«Жолдар қайда бастайды?»**<br>**Шарты:** Жолаушының киіз үйге баратын жолын тауып, сызып көрсет.<br>**Д.О.** «Киіз үйдің жиһаздары мен жабдықтарын ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың киіз үйдің жабдықтары мен жиһаздарын танып біліп, оларды атай білуге үйрету. білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттен киіз үйдің жабдықтары мен | .Жаға жай,<br>Жағажайда Қамажай.<br>.Даланы қар жабар,<br>Қарға балалар аққаласоғар.<br><br>**«Кел санайық санамақ»**<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін жаттықтыру, санамақты жатқа айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар санамақтарды жаттайды.<br>Кел санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Басбармағым алғашқы,<br>Балаң үйрек жалғасы.<br>Шылдыр шүмек көмекші,<br>Шынашағым балапан.<br><br>Басбармағым-ағасы,<br>Балаң үйрек-нағашы.<br>Ортан терек-атасы,<br>Шылдыр шүмек-анасы.<br>Шынашағым-қарындас,<br>Бесеуі де бауырлас.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>«Шық бермес Шығайбай»<br>(қазақ халық ертегісі).<br>№2 жұмыс дәптері. 14 бет.<br>**1.**Ертегінің желісін сурет бойынша баянда.<br>Бай немен айналысып отыр?<br>Бәйбіше не істеп отыр? | Түсауыңды кесейік.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкімдік беру. Өзінің тәжірибесіне сүйеніп суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға баулу.<br>**Сөздік ойын:** «Сыпайы сөздер дүкені»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Белгілі бір жағдайда сыпайы сөздерді қолдана білуді қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Дүкендегі сөрелерге **«сыпайы сөздер»** орналастырылған: алғыс айту (рахмет, алғыс білдіремін), өтініштер:(өтінемін, мархабат), сәлемдесу: (сәлеметсіз бе, қайырлы күн, қайырлы таң), кешірім сұрау: (кешіріңіз, ғафу етіңіз, өкінішті),<br>жылы сөздер:(құрметті ана, әке, анашым, әжетайым).<br>Педагог әр түрлі жағдаяттарды сипаттайды. Ал балалар сөреге кезек-кезек келіп, сатушыдан өзіне қажетті сөздерді**«сатыпалады»** және жағдаяттарды талдай | Ерінбей еңбек істеген,<br>Онсыз тамақ ішпеген.<br><br>(пышақ).<br>Кесе-кесе мұқалады,<br>Жони-жони жұқалады.<br><br>(пышақ).<br>Тұтас затты бөледі,<br>Ұсақтап тұрар ол.<br><br>(пышақ).<br>Ас піскенін біліп алып,<br>Дәм көреді іліп алып.<br>(ожау, қасық).<br>Ыстықты суытпайды,<br>Суықты жылытпайды.<br><br>(термос).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>«Ыдыстар»<br>**Шарты:** Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын қазан, астау, табақ, тостаған, ожау, күбі торсық қалауы бойынша мүсіндеу және оларды оюөрнектермен, қосымша заттармен безендіру. Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>(Мүсіндеу-шығармашылық іс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Түлкі қандай аң?<br>-Түлкінің құйрығы қандай?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Қоян секең қағады,<br>Сәбізді іздеп табады.<br>Үйшігіне барады,<br>Ауқаттанып алады.<br>-Қоян қандай аң?<br>-Қоянның құлағы қандай?<br>**Д.О.** «Аукцион»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға жұмбақтар жасырады. Жұмбақтарды шешіп, қыс сыйлығын ұтып ал!<br>(Балаларға жұмбақ жасыру).<br>Өзі қу, жүрген жері шу.<br><br>(түлкі).<br>Қалқиып қос құлағы,<br>Елеңдеп қоқып тұрады.<br><br>(қоян).<br>Далада жүр шапқылап,<br>Керемет бір саққұлақ.<br>(қоян).<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен | жиһаздарын атайды, оның не үшін қажет екенін айтады.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Киіз үйді боя»<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкімдік беру.<br>**Д.О.** «Жалғасын тап»<br>**Ойын барысы:**<br>Бастаушы бала сөйлемді бастап береді. Балалар аяқтайды.<br>-Қыста күн....<br>-Бүгін қар....<br>-Айнала...<br>-Балалар сырғанақта....<br>-Балалар қардан.....<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әректі).<br>**Д.О.** «Дұрыс па, бұрыс па?» | Қызы ненің жүнін жұлып отыр?<br>Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін, эмоциясын келтір.<br>Алдаркөсенің көңіл-күйі қандай? Көрсет.<br>**2.**Суретті аяқтап сал. Боя.<br>**3.**Мақал мәтел айтамыз.<br>Берместің асы піспес,<br>Қазаны оттан түспес.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту. Дененің тазалығын бақылау. Қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>**Д.О.** «Сенің өмір сүруіңе не қажет?»<br>**Шарты:** Өмір сүруге қажеттіні айтады. Себебін түсіндіреді.<br>**Педагог:**<br>-Адам тіршілігіне не қажет? | отырып, оларды қолданады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Ойыншықты сипатта»<br>**Ойынның мақсаты:** Ойыншықтар мен заттарды сипаттайды. Балалардың сөздік қорын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар сөреде тұрған ойыншықты атайды, 5-6 сөйлеммен сипаттап береді.<br>**Сюжетті-рөлді ойын:** «Дүкенші»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін дамыту. Диалогті түрде сөйлесе білуге, грамматикалық тұлғада таза, анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ сатушы, екінші топ сатып алушы болады. Ойын осылай жалғасады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br>**Суреттер сөйлейді.**<br>**Ойынның мақсаты:** Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге, грамматикалық тұлғада таза, анық сөйлеуге дағдыландыру. | әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру. Дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.<br>**Д.О.** «Егер...не болар еді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Егер күн болмаса, не болар еді? (үнемі қараңғы, қорқынышты болады).<br>-Егер су болмаса не болар еді? (қатты шөлдейміз, шөптер қурайды).<br>-Егер ауа болмаса не болар еді? (тыныс ала алмаймыз).<br>**«Сенің өмір сүруіңе не қажет?»**<br>**Шарты:** Өмір сүруге қажеттіні айтады. Себебін түсіндіреді. Адам тіршілігіне не қажет?<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>**Табиғи су.**<br>Су-табиғат байлығы,<br>Өзен-көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br><br>Денсаулықты нығайту туралы әңгімелеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру. Олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**«Спорт түрлері»** пайдасы туралы әңгімелеу.<br>Сымбат-мүсін дегенің,<br>Бітім-көркі дененің.<br>Сымбат-жүру әдемі,<br>Дене қалпын тік ұстап:<br>Көтеріп сәл кеуені,<br>Иық жазып дұрыстап.<br>Түзу отыр қисаймай,<br>Бүкіреймей, жантаймай.<br>Күш сап бас пен арқаға,<br>Жатып алма партаға.<br><br>**Балаларды сапқа тұрғызу.**<br>Сапқа және тізбекте бір-бірден тұрады. Тізбекпен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру; тоқтамастан баяу қарқынмен жүгіру. 1-5 минут.<br>**Тыныс алу жаттығуы.**<br>«Біз спортпен айналысамыз, сондықтан жылдам өсеміз»-қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру-тыныс алу.<br>«Күннен-күнге бойымыз өсіп барады»-қолды төмен түсіріп, барлық табанмен еденге түсу, дем шығару.<br>Сап түзеп залдың бір шетінен қарама-қарсы жаққа жүру.<br>Екі-екіден тізбекке сапқа | **Ойынның мақсаты:** Әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін білуге үйрету, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Педагог жылдың бір мезгілінің белгісін атайды. Бұл белгі дұрыс болса, бала допты қағып алады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Интеллектуалды ойын:**«Білімпаз баламыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың білімдерін жинақтап, тереңдету, қызығушылықтарын арттыру, топпен жұмыс істей білуге баулу**.**<br>«Білімпаз баламыз»<br>**Ойын барысы:** Балалар үш топқа бөлінеді. Берілген тапсырмаларды орындайды.<br>**«Әдебиет орталығы»**<br>**Шарты:** Әртүрлі пазылдардан сурет құрастыру және әңгімелеу.<br>**«Өнер орталығы»** | **Бірге жаттаймыз. Табиғи су.**<br>Су-табиғат байлығы,<br>Өзен-көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>**Педагог:**<br>-Қолды неге жиі жуамыз?<br>-Тісті неге тазартамыз?<br>-Апта сайын неге жуынамыз?<br>Сендер үнемі моншада, ваннада жуынасыңдар, таза киім киесіңдер, аяқкиіміңді таза ұстайсыңдар, демек сендер тазалық сақтайсыңдар. Жеке басыңның тазалығын сақтау сенің дұрыс өсуіңе және дамуыңа, әртүрлі аурулардан сақтануыңа көмектеседі. Әрбір отбасы мүшелерінің өзінің жеке тұтынатын заттары болады. Әр адам жеке басының тазалығын үйде де, мектепте де сақтауы керек.<br>-Әр адамның жеке тұтынатын заттарын атаңдар. Неге олай екенін түсіндір.<br>-Жеке бас тазалығын сақтаудың қандай ережелерін білесіңдер?<br>-дұрыс тамақтану.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті). | **Ойын барысы:** Балаларға сюжеттік суреттер таратылып беріледі. Балалар суретке қарап әңгіме құрайды, әңгімелейді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жетілдіру. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.<br>**Жаңылтпаш жаттайық.**<br>Көп көкек, көкектеп,<br>Көктен келді.<br>Көкек кеп, | айтыңдар.<br>-жуыну;<br>-спортпен шұғылдану;<br>-дұрыс тамақтану.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Толқиды теңіз»<br>**Ойын барысы:** Педагог даусын сәл көтере сөйлейді:<br>Толқиды теңіз бір!<br>Толқиды теңіз екі!<br>Толқиды теңіз үш!<br>(балалар теңіздегі толқынды бейнелейді)<br>Теңіз толқыны тоқта!<br>Осы кезде әуен тоқтатылып, **«толқындар»** орындарында сол кейіпте қозғалмай тұрып қалады.<br>**«Қырықаяқ»** ойыны.<br>**Шарты:** Педагог ең алдына тұрып, **«қырықаяқты»** қыдыруға бастайды. Ол иректеліп жүріп, шеңберді айналып шығады.<br>Орындықтардың арасынан өтіп, аяқтың ұшымен, өкшемен жүреді, секіреді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады. Қарама-қарсы жаққа жүреді, жүгіреді, адымдарын байқап басады.<br>**Ептілікке жаттықтыру.** Кішкентай доппен жалпы дамыту жаттығуларын орындау. Кешенді орындау барысында аяқты бүкпеу.<br>**«Байқоңыр»** ғарыш айлағында барлығымыз бірге жалпы дамыту жаттығуларын жасайық. (балалар жаттығу жасайды)<br>Зымырандармен ғарышқа ұшып, саяхатқа шығамыз.<br>**Негізгі кезең.**<br>«Музыкалы ғаламшар»<br>**Шарты:** Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика жасау. Жаттығуларды дұрыс жасау, басқалармен бірдей жасау.<br>**«Секектегіш»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Бұл ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30 см заттардан аттап секіру.<br>**«Түрлі-түсті ғаламшар»**<br>**Шарты:** Допты еденге бір қолмен, алақан жайып, қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.<br>**«Жорғалаушылар»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Балалар | **Шарты:** «Қар ұлпалары» суретін салу.<br>**«Зерттеу орталығы»**<br>**Шарты:** Қардың күйін зерттеу. (топқа стақанға салып қар әкелу, балалар қар туралы өз ойлрын айтады).<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Музыка**<br>Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жетілдіру. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. | **Қимылды ойын:** «Толқиды теңіз»<br>**Ойын барысы:** Педагог даусын сәл көтере сөйлейді:<br>Толқиды теңіз бір!<br>Толқиды теңіз екі!<br>Толқиды теңіз үш!<br>(балалар теңіздегі толқынды бейнелейді)<br>Теңіз толқыны тоқта!<br>Осы кезде әуен тоқтатылып, **«толқындар»** орындарында сол кейіпте қозғалмай тұрып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | Көктеп көк,<br>Көктем келді.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Түрі көркем түр кілем,<br>Түгі жоқта кір кілем.<br>Жазы жайлы жай кілем,<br>Жайылып жақтан бір кілем.<br>**Көктем өрнегі.**<br>Қар еріді, су ақты,<br>Күндер келді шуақты.<br>Байтақ дала келбеті,<br>Түкті кілем сияқты.<br>Көкке бояп өңірді,<br>Көктем келді шуақты.<br>Байтақ дала келбеті,<br>Түкті кілем сияқты.<br>**Музыка тыңдау:** «Бұл қай кезде болады?» Б.Ерзакович.<br>-Тыңдаған әніміз жылдың қай мезгілі туралы?<br>-Көктемде қандай құбылыстар болады?<br>-Көктем айларын атаңдар.<br>**Ән айту:** «Көктем» Ә.Бейсеуов.<br>-Ән қандай көңіл-күйде жазылған?<br>-Ән сендерге ұнады ма? Несімен ұнады?<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:** «Қазақ вальсі» Л.Хамиди. Үнтаспа.<br>**Шарты:** Жұптасып, вальс ырғағымен қимыл жасау. Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жеңіл жүгіргенде арақашықтықты сақтау. Денені тік ұстап, музыка үнімен нақты қимылдар жасау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп, жорғалап жүреді.<br>**«Сиқырлы ғаламшар»**<br>**Шарты:** Балалар залға шашырап бытыраңқы жүрісі орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды. Шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап қолдарын беліне қойып жүреді.<br>**Ойын-жаттығу.**<br>«Қарама-қарсы қозғалыс»<br>**Шарты:** Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама –қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де екінші қатар соған қарама – қарсы қимылдар жасайды.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | **Жұмбақты шеш.**<br>Ғажап екен кіп-кішкентай<br>Сәнді үй.<br>Ішінде ұйықтап жатыр<br>Балқып әлди.<br><br>(бесік).<br>**Музыка тыңдау:** «Бесік жыры» С.Ақжігітов.<br>-Бесікке кімді жатқызады?<br>-Бесік жырын кім орындайды?<br>-Ән қалай орындалады?<br>-Ән сендерге ұнады ма?<br>**Ән айту:** «Ана әлдиі» А.Меңжанова.<br>-Балалар, әлемдегі ең қымбат, аяулы адам кім?<br>-Аналарың сендерді қалай еркелетеді?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**<br>«Айжан қыз» Құрманғазы. Үнтаспа.<br>**Шарты:** Қазақ халқының би элементтерін кеңінен қолдану. Қолдың басын бұрау, жан-жаққа, алға, артқа қарай музкаға сәйкес иілуді орындау.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | | **Музыкалық-дидактикалық ойын:**<br>«Ән салған кім?»<br>**Ойын барысы:**<br>Музыканы тыңдай отыры, дауысына қарай ажырата білуге баулу.<br>Балалардың ұқыптылығын, музыкалық есту қабілетін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберде тұрады, көздерін жұмады. Педагог бір балаға ән айтқызады. Балалар көздерін ашқанда кімнің ән салғанын даусына қарап табады. Ойын бірнеше рет жалғасады.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | |
| **Серуен.** | №2 Қар басуын бақылау. | №21 Мұзды бақылау. | №17 Қардағы іздерді бақылау. | №25 Көшені бақылау. | №18 Аула тазалаушының еңбегін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сағат Әліхан, Төлеу Айша жеке жұмыс жүргізу. Қағаз бетінде бағдарлай білуді, апта күндерін, жыл мезгілдерін, ай атауларын ретімен атауды меңгерту. | Койшыбай Арайлым жеке жұмыс жүргізу. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды меңгерту. | Бейсен Абзал жеке жұмыс жүргізу. Сөйлегенде зат есімдерді, сын есімдерді, үстеулерді, көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдануды меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс жүргізу. Ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттай білуді меңгерту. | Закирия Мереймен жеке жұмыс жүргізу. Бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыруды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге кітаптар қарау, кітап оқу» | «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады?» тақырыбына әңгіме. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ

Сынып _мектепалды___ Балалардың жасы_5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 04-07 наурыз 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | **Ән айту:** «Көктем» Ә.Бейсеуов. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Шығармашылық үзіліс.** «Сыйлықтық гүл» **Мақсаты:** Көлемді аппликация. Қолдан ашықхат дайындау. (түрлі-түсті қағаз). (Жапсыру-шығармашылық іс әрекеті). | **Ән айту:**«Ақ мамам» **Музыкасы:** Ә.Бейсеуов. -Әлемдегі ең қымбат, ең аяулы жан кім? -Кім сендерді аялап, мәпелеп өсіреді? (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Ақпан айына таңертеңгі жаттығу кешені. № 11 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!» **Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді. -Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? -Ауа-райы қандай? -Көктем мезгілі қандай? -Таза ауамен демалған қандай? -Біздің табиғатымыз қандай? (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | **Д.О.** «Кім тапқыр?» **Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету. **Ойын барысы:**Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе? (табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар жасыру). (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті). | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | **Д.О.** «Үш түс, үш қозғалыс» **Ойынның мақсаты:** Жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Педагог бағдаршамның үш түсіне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар педагогтің қимыл-қозғалысына қарай бағдаршам түстерін дұрыс атаулары қажет. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру ойын әрекеті-қимыл белсенділігі). |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті: Байланыстырып сөйлеу.Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу<br>**Д.О.** «Денсаулық құпиялары»<br>**Ойын барысы:** Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бәрі бірге айтады.<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын!<br>-Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін!<br>**Сөздік ойын:** «Жыл мезгілдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Балалар әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін айтады.<br>**Сөздік ойын:** «Ауа-райы туралы айтып бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (жылы, ашық, жел, бұлтты. т.б).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Геометриялық фигу ралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контур дан шығармай бастыру бояу. Әрбір сөздің мағынасы бола тыны туралы түсінік қалыптас тыру. Сөздің мағынасына қызы ғушылыққа баулу.<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойынның мақсаты:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br>**Д.О.** «Сөзді айтуға көмектес»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады.<br>**Мысалы:** Ал-ма, қо-ян. т.б.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті)<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Сан және санау. Заттардың саны олардың көлеміне, | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті: Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Негізгі ой ды дұрыс жеткізе білу, моно логты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Салт-дәстүрім мақтанышым.<br>**Мақсаты:** Салт-дәстүрімізді дәріптей отырып, балаларды адалдыққа, ұлтжандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттен қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін көріп тұрсыңдар?<br>-Өзің білетін салт-дәстүрлерді ата.<br>-Шілдехана, тұсау кесер, сүндет той, беташар сынды салт-дәстүрлерге барып көргендерің бар ма?<br>(Қазақ тілі- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Сүйінші сұрау»<br>**Ойынның мақсаты:** «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог немересінің атасына қуанышты хабарды жеткізіп келгені туралы айтамыз.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті: Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбы | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті:Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтар ды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашық тықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>**Еркін ойын:** «Сиқырлы қалта»<br>**Ойынның мақсаты:** Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог сиқырлы қалтаны ортаға қойып балаларды кезекпен шақырып, сол қалтадағы заттарды алғызады. Балалар алған заттарын сипаттап айтып береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Көктем, көктем, көктемде,<br>Құстар келіп жеткенде.<br>Қуанып бір қаламыз,<br>Әнмен қарсы аламыз.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Боямақ.** «Көрікті көктем»<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа зат қа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағыт та, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру.<br>**Д.О.** «Математикалық пазлдар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген қималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Санау әні.** «Күшіктер санамағы»<br>(үнтаспа).<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Бір және көп»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттар тобын топтастыра білуге үйрету. Бір және көп ұғымын бекіту.<br>**Ойын барысы:** Суреттен бір | арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>**Д.О.** «Кім шатаспай санайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар1-ден 10-ға дейін тура және кері санайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Дауыстап санау»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауыстап санауға, қортынды санды есте сақтауға үйрету. Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>Педагог үстелді бірнеше рет соғады. Балалар іштерінен санайды. Педагог балалардан қанша рет соғылғанын сұрайды. Балалар санын айтады.<br>**Д.О. «**Сан және санау»<br>**Ойынның мақсаты:** Айналамдағы заттарды санаймын. 10-ға дейінгі реттік санау.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды санайды, санын айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ. | лыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру: су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр. Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>-Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? (Күнді)<br>-Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? (Алақай!)<br>-Күн бізге не шашады? (Жылуын шашады).<br>-Қане, алақанымызды жылытайық,<br>-Қолымызды Күнге созайық.<br>**Бірге жаттаймыз.** «Табиғатқа құштармын»<br>Армысың, шапағатты күніміз,<br>Армысың мейірімді жеріміз.<br>Армысың табиғат-анамыз,<br>Келді Сізге өзіңіздің балаңыз.<br>**Суретпен жұмыс.** «Табиғаттың жанды және жансыз денелері»<br>**Шарты:** Суретке қарап ондағы көріністерді ата.<br>Табиғаттың жансыз денелері дегеніміз не?<br>Суды қалай пайдаланамыз?<br>Күннің қандай пайдасы ба?<br>Тас, құм, саз не үшін қажет?<br>Сен үйіңнің, мектептің маңайынан табиғаттың қандай жансыз денелерін көресің?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Жанды және жансыз табиғат туралы білімдерін толықтыру. | білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті)<br><br>**2. Математика негіздері**<br>Міндеті:Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе бас қа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағыт та, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру.<br>**Д.О.** «Кім шатаспай санайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар1-ден 10-ға дейін тура және кері санайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Дауыстап санау»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауыстап санауға, қортынды санды есте сақтауға үйрету. Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>Педагог үстелді бірнеше рет соғады. Балалар іштерінен санайды. Педагог балалардан қанша рет соғылғанын сұрайды. Балалар санын айтады.<br>**Д.О. «**Сан және санау»<br>**Ойынның мақсаты:** Айналамдағы заттарды |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | және бірнеше заттарды тауып, топтастырады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «1-ден 10-ға дейінгі сандар»<br>Заттарды санайды, санын айтады және бояйды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті: Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктер дің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдар лық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақ тарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақта рының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі.<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:**«Табиғатқа құштармын»<br>**Шарты:** Өлең жолдарын бірге қайталап айтады.<br>Армысың, шапағатты күніміз,<br>Армысың мейірімді жеріміз.<br>Армысың табиғат-анамыз,<br>Келді Сізге өзіңіздің балаңыз.<br>**Д.О** «Жанды және жансыз табиғат»<br>**Ойынның мақсаты:** Табиғаттың жанды және жансыз денелерін ажырата білу.<br>**Ойын барысы:** Балалар | Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті,музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойын барысы:** Бұл сандардың алдында қандай сандар тұрады?<br>□ 2<br>□ 4<br>□ 6<br>□ 8<br>□ 10<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**«Санау әні»** үнтаспа.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Қанша болса сонша»<br>**Ойын барысы:** Еденде 4 шеңбер (обруч) тұр. Әр шеңберде цифры бойынша түрлі ойыншықтар бар. Музыкамен балалар әртүрлі қозғалыста жүреді. Әуен тоқтағанда, әр шеңбердегі ойыншықтар санына сай тұра қалады. 4 ойыншық тұрған шеңберге-4 бала.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3. Қазақ тілі**<br>Міндеті:Қоршаған ортаға өзі нің қарым-қатынасын білдіру ді,ауызекі сөйлеуде көркем | **Ойын барысы:** Сурет бойынша хатқалтадан шыққан табиғаттың жанды және жансыз денелерін ажыратады.<br>**Табиғаттың жансыз денелері:** Күн, ауа, су, тас, тау, құм.<br>Табиғаттың жансыз денелері қоректенбейді, өспейді, көбеймейді.<br>**Табиғаттың жанды денелері:** өсімдіктер, жануарлар, адамдар.<br>Олар көбейеді, қоректенеді, тіршілігін тоқтатады.<br>(Қоршаған орта).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Жарқын күн»<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып бір-біріне күн жылуын береді.<br>**Күн:** «Балалар мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!»<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**3. Көркем әдебиет**<br>Міндеті: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық | санаймын. 10-ға дейінгі реттік санау.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды санайды, санын айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті,музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойын барысы:** Бұл сандардың алдында қандай сандар тұрады?<br>□ 2<br>□ 4<br>□ 6<br>□ 8<br>□ 10<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**«Санау әні»** үнтаспа.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, музыка-шығармашылық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жанды және жансыз табиғатты атайды.<br>-Жансыз табиғаттың пайдасы қандай?<br>-Жансыз табиғатқа жататын заттарды адамдар не үшін пайдаланады?<br>-Саз балшықтан не жасауға болады?<br>-Жанды табиғатқа не жатады?<br>**Д.О.**«Мен табиғаттан не үйрендім?»<br>**Ойынның мақсаты:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.<br>**Ойын барысы:** Балалар табиғат бөлшектері көрсетілген суреттерге қарап, олардан не үйренгенін айтады.<br>Күн, құс, көбелек, су, жер суреттері.<br>-Мен **күннен** мейірімділікті үйрендім.<br>-Мен **құстардан** ән салуды үйрендім.<br>-Мен **судан** тазалықты үйрендім.<br>-Мен **жерден** төзімділікті үйрендім.<br>-Мен **көбелектерден** сұлулық пен әдемілікті үйрендім.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Еркін ойын:**«Табиғатым тамаша!»<br>**Шарты:**Сурет салу.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Не істейді, қайтеді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Суреттен табиғаттың жанды денелерін ажырату, олар туралы білетінін | сөздерді қолдануды үйрету.<br>**Д.О.**«Көктем екенін қайдан білдіңдер?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге, әңгімелеп айтуға, берілген сұрақтарға нақты жауап айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сұрақтарға нақты жауап айтады. Сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастырады.<br>-Көктемде неше ай бар?<br>-Қай айдан басталады?<br>-Жерде, далада, ағаштарда қандай өзгерістер болады?<br>-Көктемде алғаш қандай құстар ұшып келеді?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>Сулар ағып жылғадан,<br>Құстар әнін жырлаған.<br>Бұлт айдары желбірейді,<br>Бұл мезгілді қалай дейді?<br>**Музыка тыңдау:** «Бұл қай кезде болады?» Көктем. Б.Ерзаков.<br>-Тыңдаған әніміз жылдың қай мезгілі туралы?<br>-Көктемде қандай құбылыстар болады?<br>**Қимылды ойын:** «Мен еңбекқор баламын»<br>**Оынның мақсаты:** Сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, көмек беруге, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар | байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Күн ұзарып қар еріп,<br>Су сайларға толады.<br>Айтыңдаршы бөбектерім,<br>Бұл қай кезде болады?<br>(көктем).<br>**Педагог:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>-Алдымызда қандай мереке келе жатыр?<br>-Мерекеде анаңа не сыйлағың келеді?<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:**«Менің анам»<br>**Шарты:** Балалар шаттық шеңберінде дөңгелене тұрып, әр бала өздерінің сүйікті анасы туралы ойлап, анасының өздерін қалай еркелететінің айтады.<br>**Мені анам:** «айым, күнім, ботам, ақылдым»,-деп еркелетеді.<br>**Ән айту:**«Ақ мамам»<br>**Музыкасы:** Ә.Бейсеуов.<br>-Әлемдегі ең қымбат, ең аяулы жан кім?<br>-Кім сендерді аялап, мәпелеп өсіреді?<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**«Не сыйлау керек?»**<br>Ж.Әлмашевтың әңгімесін балаларға оқып беру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз, | әрекеті).<br>**Қимылды ойын:**«Қанша болса сонша»<br>**Ойын барысы:** Еденде 4 шеңбер (обруч) тұр. Әр шеңберде цифры бойынша түрлі ойыншықтар бар. Музыкамен балалар әртүрлі қозғалыста жүреді. Әуен тоқтағанда, әр шеңбердегі ойыншықтар санына сай тұра қалады. 4 ойыншық тұрған шеңберге-4 бала.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3. Қазақ тілі**<br>Міндеті:Балалардың түрлі әрекетте рінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкін дік беру, өзінің тәжірибе сіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыру ға, ойыншықтар мен заттар ды 5-6 сөйлеммен сипаттау ға үйрету.<br>**Д.О.**«Құрал-саймандарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының тұрмыстық заттары, шаруашылыққа қажетті құрал-саймандардың атын білу, олардың қолданылуы мен пайдасын түсіну. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі құрал-саймандардың атын атап, не үшін қажет екенін әңгімелейді. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | әңгімелеу.<br>**Ойын барысы:** Суреттен жүзетін, ұшатын, жүгіретін, жорғалайтын жануарларды атап көр.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Міндеті: Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшелік тері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**«Спорт түрлері»** пайдасы туралы әңгімелеу.<br>Сымбат-мүсін дегенің,<br>Бітім-көркі дененің.<br>Сымбат-жүру әдемі,<br>Дене қалпын тік ұстап:<br>Көтеріп сәл кеуені,<br>Иық жазып дұрыстап.<br>Түзу отыр қисаймай,<br>Бүкіреймей, жантаймай.<br>Күш сап бас пен арқаға,<br>Жатып алма партаға.<br>**Балаларды сапқа тұрғызу.**<br>Сапқа және тізбекте бір-бірден тұрады. Тізбекпен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру; тоқтамастан баяу қарқынмен жүгіру. 1-5 минут.<br>**Тыныс алу жаттығуы.**<br>«Біз спортпен айналысамыз, сондықтан жылдам өсеміз»-қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру-тыныс алу.<br>«Күннен-күнге бойымыз өсіп барады»-қолды төмен түсіріп, | дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып береді.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4. Музыка**<br>Міндеті:Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металло фон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба және т.б.) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау:** «Желмая» Қорқыт. Үнтаспа.<br>***Ән айту:***«Ақ мамам»<br>**Музыкасы:** Ә.Бейсеуов.<br>-Әлемдегі ең қымбат, ең аяулы жан кім?<br>-Кім сендерді аялап, мәпелеп өсіреді?<br>-Аналарың сендерді еркелетіп қалай атайды?<br>***Ән айту:*** «Ай дидарлы анашым» Б.Бейсенова.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**<br>«Қазіргі би ырғағы»<br>**Шарты:** Балаларды жаңаша, заман талабына сай қимыл-қозғалыстар жасай білуге үйрету. Қолдың, аяқтың, бастың қимылдары музыка әуеніне сай үйлесуін қадағалау.<br>**Д.О.** «Аспаптарды ата»<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап, қандай аспап екенін атайды. | Кейде оны жұлуға да қимаймыз.<br>Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде,<br>Шын жүректен аналарға сыйлаймыз!<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:** Сурет салу. «Гүлшоғы»<br>**Мақсаты:** Гүлдер мен жапырақтардың өздеріне тән белгілерін, олардың пішінін, түсін, көлемін бере білуге үйрету. Балалардың шығармашылығы мен қиялдарын дамыту.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекет).<br>№2 жұмыс дәптері. 16-17 бет.<br>**1.**Суреттерге қарап, көктем мезгілі туралы әңгіме құра.<br>**2.**Суретті аяқтап сал. Боя.<br>**3.**Жұмбақты шеш.<br>Тал басында түндіксіз отау.<br>(ұя).<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеті: Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.<br>**Доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары.**<br>Допты басынан асырып, артқа ұстайды. Содан соң допты алысқа лақтырады. Лақтыру бағытын өзгертпей, қолдарын шұғыл жазады. Балалар допты | (Қазақ тілі- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Сөздік ойын:** «Мен тіл алғыш баламын»<br>**Ойынның мақсаты:** Сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, көмек беруге, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Әңгімелеу, үйде анасына, әкесіне қандай көмек көрсететіні туралы айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Мен еңбекқор баламын»<br>**Шарты:** Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Кім болам?»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін кеңейту.<br>**Ойын барысы:** Балалар болашақта өздерінің қандай маман иесі болғысы келетіні жөнінде әңгімелерін, ойларын ортаға салады.<br>**Д.О.** «Кімге не керек?»<br>**Ойынның мақсаты:** Суреттерді қолдана отырып әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Бірінші бағанда тұрған мамандық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | барлық табанмен еденге түсу, дем шығару.<br>Сап түзеп залдың бір шетінен қарама-қарсы жаққа жүру. Екі-екіден тізбекке сапқа тұрады. Қарама-қарсы жаққа жүреді, жүгіреді, адымдарын байқап басады.<br>**Ептілікке жаттықтыру.** Кішкентай доппен жалпы дамыту жаттығуларын орындау. Кешенді орындау барысында аяқты бүкпеу.<br>**«Байқоңыр»** ғарыш айлағында барлығымыз бірге жалпы дамыту жаттығуларын жасайық.<br>(балалар жаттығу жасайды)<br>Зымырандармен ғарышқа ұшып, саяхатқа шығамыз.<br>**Негізгі кезең.**<br>«Музыкалы ғаламшар»<br>**Шарты:** Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика жасау. Жаттығуларды дұрыс жасау, басқалармен бірдей жасау.<br>**«Секектегіш»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Бұл ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30 см заттардан аттап секіру.<br>**«Түрлі-түсті ғаламшар»**<br>**Шарты:** Допты еденге бір қолмен, алақан жайып, қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.<br>**«Жорғалаушылар»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Балалар модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп, жорғалап жүреді.<br>**«Сиқырлы ғаламшар»** | **Жұмбақты шеш:** «Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақтың шешуін табады.<br>Тиіп кетсе жырлаған,<br>Даусы көпке ұнаған.<br>(домбыра).<br>Екі ішекпен күмбірлеп,<br>Көңіл сазын сапрады.<br>Тұлпар шабыс дүмбірлеп,<br>Желпіндіріп отырады.<br>(домбыра)<br>Екі құлақты, он екі тұяқты.<br>Шешуін тапшы,<br>Күмбірлеген күй<br>Төгілген сияқты (домбыра).<br><br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті). | неғұрлым алысқа лақтыруға тырысады.<br>Қатарға тұрып допты алысқа басынан асырып лақтыру.<br>**Баскетбол.**<br>**Шарты:** Допты еденге оң қол және сол қолды алмастырып соғу. (4 рет).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жұбыңды тап»<br>**Шарты:**Екі-екіден сапқа тұру. Сапта жүгіру. Түрлі-түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. Қайтадан «1,2,3-жұбыңды тап!»-деп белгі бергенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Паровоз»<br>**Ойынның мақсаты:** ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру. **Ойын барысы:** Педагог балаларға өз тобының балалары тату, мейірімді, адал болуын тілейтінін айта отырып, паровоз ойынын ойнауды ұсынады. Онда **«вагондар»** бір-бірін шынтағынан ұстайтынын көрсетеді. Паровоз әртүрлі қарқынмен, ырғақпен, кедергілер арқылы жүреді. Балалардың ырғақты ән айтуларына болады.<br>**Ойынның шарты:** Балалар бір-бірінің қолдарынан жібермей, біртұтас команда ретінде әрекет етуі керек.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарлығаш»<br>**Шарты:** Залға ойыншылардың санына қарай шеңберлер | иелерінің суреттерін, екінші бағандағы суреттердің тиістісіне сызықпен қосып көрсету.<br>(Қоршаған орта, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті:Музыкалық (дауыл паз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба және т.б.) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау:** «Балбырауын» Құрманғазы. Үнтаспа.<br>Күй жылдам көңілді орындалады.<br>**Ән айту:**«Ақ мамам»<br>**Музыкасы:** Ә.Бейсеуов.<br>**Ана дегеніміз кім?**<br>Ана-біздің күніміз,<br>Ана біздің-гүліміз!<br>Құрметтейміз ананы,<br>Құттықтаймыз бүгін біз:<br>«Ұландарды қуантып,<br>Ұзақ өмір сүріңіз!»<br>Ә.Табылды.<br>**Ән айту:** «Анажаным» Б.Бейсенова.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**<br>«Көңілді би» И.Штраус<br>**Би шығармашылығы:** Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>**Музыкалық-ырғақты** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Шарты:** Балалар залға шашырап бытыраңқы жүрісі орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды. Шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап қолдарын беліне қойып жүреді.<br>**Ойын-жаттығу.**<br>«Қарама-қарсы қозғалыс»<br>**Шарты:** Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама – қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де екінші қатар соған қарама –қарсы қимылдар жасайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады. Ұлдар тобы «Түн», қыздар тобы «Күн» болады.<br>Ойын басталады:<br>«Түн!» дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті- қимыл белсенділігі). | | қойылады.<br>Бұл – **қарлығаштардың үйі.**<br>Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады.<br>«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»- деген сөзден кейін балалар үйлеріне (шеңберге) кіреді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті- қимыл белсенділігі). | **қимылдар:**<br>«Қазіргі би ырғағы»<br>**Шарты:** Балаларды жаңаша, заман талабына сай қимыл-қозғалыстар жасай білуге үйрету. Қолдың, аяқтың, бас тың қимылдары музыка әуеніне сай үйлесуін қадағалау.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Ұлттық аспаптар»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық аспаптарын біліп тануға, оларды ажырата білуге үйрету. Білімдерін толықтыру. Музыкалық аспаптарға деген қызығушы лығын ояту.<br>**Ойын барысы:** Балалар тақтаға ілінген ұлттық аспаптарды атайды. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды.<br>(Қазақ тілі- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта). |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну:жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | |
| **Серуен** | №1 Ауа-райын бакылау. | №15 Ағаш пен бұталарды бақылау. | №25 Көшені бақылау. | №16 Құстарды бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бакытжанова Айдинамен жеке жұмыс жүргізу. Қағаз бетінде бағдарлай білуді, апта күндерін, жыл мезгілдерін, ай атауларын ретімен атауды меңгерту. | Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс жүргізу. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды | Зекен Жансеріммен жеке жұмыс жүргізу.Сөйлегенде зат есімдер ді, сын есімдерді, үстеулерді, көп мағыналы сөздерді, сино нимдер мен антонимдерді қолда нуды меңгерту. | Барлық балалармен жеке жұмыс жүргізу.<br>Ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттай білуді меңгерту. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | меңгерту. | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балаларменбірге кітаптар қарау, кітап оқу» | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:**№ 11 ЖББМ
Сынып мектепалды Балалардың жасы 5 жас **Жоспардың құрылу кезеңі:** 11-15 наурыз 2024 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі. | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | **Ән айту:** «Көктем» Ә.Бейсеуов. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Шығармашылық үзіліс.** «Қардың еруі» **Мақсаты:** Сурет арқылы табиғатта болатын өзгерісті бере білу. (Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Ән айту:** «Қарлығаш» А.Жұбанова. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Боямақ:** «Наурыз» **Мақсаты:** Балаларды мазмұнды композиция құрастыруда өз қалаулары бойынша таңдауларына ерік беріп, композицияны дұрас құрастыруға үйрету. Наурыз мерекесі туралы білімдерін толықтыру. (Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Ән айту:** «Наурыз-біздің жаңа жыл» Ж.Қалжанова. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Наурыз айына таңертеңгі жаттығу кешені. № 12 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!» **Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»-** деп жауап береді. -Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? -Ауа-райы қандай? -Көктем мезгілі қандай? -Таза ауамен демалған қандай? -Біздің табиғатымыз қандай? (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс- | Көктем мезгілі туралы тақпақтар жаттау. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Жұмбақтар шешейік.** Педагог балалардан құстар жайында қандай жұмбақтар білетінін сұрап, жасырылған жұмбақты бірге шешеді. Балаларға құстар туралы жұмбақтар жасыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). | **Д.О.** «Жаңылмай айт» **Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін дамыту. Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету. **Ойын барысы:** Балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтқызу. 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әрекеті). | | | |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті:Ойыншықтар ды, заттарды, сюжет тік суреттер, табиғат құбылыстарын сипат тауда заттар мен нысандардың ерек шеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>**Д.О.**«Біз білімпаз баламыз»<br>**Шарты:** Тапсырманы орындау үшін мына карточкаларды таңдаңдар.<br>**Көк карточка:** «Сөйлеуді дамыту орталығы»<br>**Қызыл карточка:** «Өнер орталығы»<br>**Сары карточка:** «Көркем әдебиет орталығы»<br>**Жасыл карточка:** «Музыка орталығы»<br>**«Сөйлеуді дамыту орталығы»**<br>**Шарты:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды, сұрақтарға жауап береді.<br>-Суретте не бейнеленген?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілі неше | **1.Сауат ашу негіздері 08.03.24. кіріктірілді**<br>Міндеттері: Жазуды көзбен қада ғалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұс тап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақ тармен біркелкі жоға рыдан төменге, сол дан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Сөйлем туралы бастапқы түсі ніктерді қалыптас тыру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалар шаттық шеңберіне тұрады.<br>Көктем, көктем, көктемде,<br>Құстар келіп жеткенде.<br>Қуанып біз қаламыз,<br>Әнмен қарсы аламыз.<br>**Суретбойынша әңгіме құрастыру:** «Көктем»<br>-Суретте не бейнеленген?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>-Қар еріп қайда сіңеді? | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті:Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыс тырып құра білу, әңгі мені бірізді айту, шағын логикалық жә не хабарлау сипатын дағы әңгімелерді құрастыру.<br>**«Достық қымбат өмірде»** Әңгімелеу.<br>-Сенің досың кім?<br>-Достар қандай болады?<br>-Достық көмек дегенді қалай түсінесіңдер?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Біздің топ»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту, достыққа, татулыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, топта достарымен болған қызықты бір сәтті айтып береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қыс қа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап үлгі бойынша және киіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>**ДО.** «Сөзге сөз қос»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөзге сөз қосып, сөйлем құрату арқылы балалардың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды екі топқа | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Қолды жазуға дайындау. Әртүрлі бағыт тағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олар дың арасындағы арақа шықтықты сақтап үлгі бойынша және киіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қада ғалай отырып, қаламды немесе қарандаш ты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, сау сақтармен біркелкі жоға рыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**ДО.** «Сөзге сөз қос»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөзге сөз қосып, сөйлем құрату арқылы балалардың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог бір сөз айтады, балалар сол сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.<br>**Д.О.**«Сөйлемді жалғастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру, сөздік қорын толықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айдан тұрады?<br>-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>-Қар еріп қайда сіңеді?<br>-Жер қандай түске өзгереді?<br>-Жерде не өседі?<br>-Ағаштарда қандай өзгерістер болады?<br>(Сөйлеуді, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Өнер орталығы»**«Көрікті көктем»<br>**Шарты:** Көктем мезгілін қалауы бойынша бейнелеу.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**«Көркем әдебиет орталығы»**<br>**Шарты:** Тақпақтар айту, жұмбақтар шешу.<br>(Сөйлеуді, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Жасыл карточка:** «Музыка орталығы»<br>**Шарты:** Ән айту. «Көктем» Ә.Бейсеуов.<br>**Ән айту:** «Қарлығаш» А.Жұбанова.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | -Жер қандай түске өзгереді?<br>-Жерде не өседі?<br>-Ағаштарда қандай өзгерістер болады?<br>**Д.О** «Көктем»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Көктем тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрастыру.<br>**Д.О.** «Кім жылдам?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың көктем туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға құстардың, ағаштардың, көктемнің алғашқы гүлдері бәйшешек, қызғалдақтың суреті ілінеді. Балалар суретегі заттардың атын атайды, сонан соң сол сөздерді қатыстырып сөйлемдер құрастырады.<br>**Д.О.** «Көктем гүлдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Көктем гүлдерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Себеттегі гүлдердің ішінен тек көктемде гүлдейтін гүлдерді | «Достық əні» үнтаспа.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Сөздік ойын:**«Мақтау сөздер айту»<br>**Ойынның мақсаты:** Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті: Өсімдіктер әлемі.<br>Өсімдіктерге қажетті ліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу. Оларды күтіп-баптау, жылдың | бөліп өткізуге болады. Педагог бір сөз айтады, балалар сол сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті)<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Танымдық-зерттеушілік қызығушы лықты, ойлауды, алды на қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі форма дағы заттарды өз бетін ше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық ұқсас зат тарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Д.О.** «Қандай заттың пішіні дөңгелекке | **Ойын барысы:** Бастаушы берілген суреттерге қарап сөйлемді бастайды, келесі бала аяқтайды.<br>(Сауат ашу негіздері, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар түрлі сызықтарды, штрихтарды салады, үзік сызықтарды бастырып, жалғастырып жазады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет, қоршаған ортамен танысу-тілдік қарым-қатынас).<br><br>**2.Көркем әдебиет 08.03.24 кіріктірілді**<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату. Міндеті: Тілдің көр кемдігін сезіну (эпитеттер, сипатта малар, образды сөздер), кейіпкер лердің әрекеттерін бағалау.<br>**Сурет бойынша әңгіме** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.<br>**Д.О. «Ілгекті жолдар»**<br>**Ойынның мақсаты:** Саусақ моторикасын дамыту. Ілгектердің көлемін, түсін ажырата білуге үйрету. Бірдей түсті ілгектерді таба білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Жиналған бірдей ілгектерден ақ қағаз бетіне жол жасау.<br>**Д.О.** «Суреттің жалғасын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар үстелдің үстіндегі суреттердің екінші жартысын табады, затты атайды, заттың түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы туралы айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). | шығарып алып, сол гүлді сипаттайды, әңгімелейді. Көктем гүлдері: бәйшешек, қызғалдақ, сарғалдақ. (Сауат ашу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту - коммуникативті ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті)<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналасты ру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақ тан оң жаққа, оң жақ | әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тір шілік ету ерекшелік терін сипаттау, жыл құстары мен қыстай тын құстарды ажырата білу. Құстардың пай дасы туралы білу, олар ға қамқорлық жасау.<br>**Д.О.** «Дәл тауып айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға суреттерден көрген үй жануарларының, аңдардың және құстардың аттарын дұрыс, дәл айтқызу. Оларды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Педагог әртүрлі суреттерді көрсетіп шығады. Балалар суреттегі үй жануарларың, аңдардың және құстардың аттарын айтады. Оларды қорғау үшін, қамқор болу үшін не істейтіндері сұралады.<br>**Д.О.** «Қайсысы қалай дыбыстайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыу.<br>**Ойын барысы:** Педагог үй жануарларының суреттерін көрсетеді. Балалар олардың | ұқсайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Дөңгелекке ұқсайтын заттарды атау. Мысалы: доп, күн, алма, сағат т.б.<br>**Д.О.** «Геометриялық домино»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажырата білуге баулу.<br>**Ойын барысы:** Геометриялық пішіндер әртүрлі көлемде: үлкен-кіші және түстері әртүрлі болады. (қызыл, жасыл, сары, көк).<br>**Тапсырма:**<br>2 бірдей көк түсті үшбұрышты тап.<br>Бірдей түсті барлық пішіндерді жина.<br>Барлық жасыл түсті үлкен пішіндерді тап.<br>Өлшемі бойынша бойынша бірдей төртбұрыштарды тап.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті)<br>**Д.О.** «Ғажайып пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Жануар | **құрастыру.** Наурыз тойы.<br>-Наурыз мерекесі қандай мереке?<br>-Наурызкөжені кімдер пісіреді?<br>-Наурыз тойы сендерге несімен ұнайды?<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Наурыз тойы.**<br>Күн мен түн теңелді,<br>Күн шуаққа кенелді.<br>Соны тойлар ел енді,<br>Наурыз тойы-салтымыз,<br>«Көгерсін»-деп халқымыз,<br>Көшеге тал егеміз.<br>**Д.О.** «Бұл қай салт-дәстүр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға қазақ халқының бірнеше салт-дәстүрлерлерінің суреттері көрсетіледі. Балалар бұл қай салт-дәстүр екенін табуы керек.<br>№2 жұмыс дәптері. 20-21 бет.<br>**Наурыз**. Қ.Баянбай.<br>**Шарты:** Өлеңді суреттер бойынша қайтала.<br>Өніп еккен дәніміз,<br>Бүршік жарды бағымыз.<br>Сәскеде-жаз,<br>Түнде-қыс,<br>Секілді екен наурыз.<br>Төлдеп жатыр малымыз,<br>Қазан толы сары уыз.Сүті көпте,<br>Көмірі аз<br>Болады ғой наурыз.<br>Жайдарымыз бәріміз,<br>Дастарханда дәміміз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті: Өсімдіктер әлемі.<br>Өсімдіктерге қажетті ліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу:оларды суару, түбін қопсыту, жапы рақтың шаңын сүрту. Туған өлкенің өсімдік тері: (ағаштар, бұта лар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту. «Орман», «шалғын» және «бақша» ұғымда рымен таныстыру.<br>**Д.О.** «Өсімдіктерді жина»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру. Сөздік қорын молай ту, балалардың тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Шалғын бейнеленген үлкен сурет (шөп, өсімдіктері жоқ) және түрлі өсімдіктер.<br>**Педагог:**<br>-Балалар, мына шалғында бір кездері түрлі өсімдіктер мен гүлдер өсіп тұратын. Бірде қатты дауыл тұрды. Дауылдан кейін шалғында түк қалған жоқ, сендерге бұл жер ұнай ма?<br>-Бұл жерді шалғын | тан сол жаққа, жоға рыдан төменге, алға, артқа.<br>**Д.О.**«Ай аттары»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Көктем мезгілінің айлары: наурыз, сәуір, мамыр ретімен атау.<br>**Ойын барысы:**<br>Көктем мезгілінің айларын ретімен атайды. Көктем айлары, ерекшеліктері туралы әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Шатасқан суретші»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың зейінін дамыту, 10-ға дейін санай алу.<br>**Ойын барысы:**<br>Суретшінің қатесін табу керек. Сағат тіліндегі сандар дұрыс орналаспаған. Сондықтан сандарды дұрыс ретпен орналастыру қажет.<br>**Д.О.** «Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Кеңістікті бағдарлай білуін бекіту.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог бірнеше ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды.<br>Оңға бұрылсаң-қуыршақты табасың; | атауын тауып, қалай дыбыстайтынын айтуы тиіс.<br>**Д.О.** «Кім тез құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды шапшаңдыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Бірнеше үй жануарларының қиылған денелерін тез әрі шапшаң құрастыру.<br>**Д.О.** «Төлін тап»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, төлдерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Тақтаға үй жануарлары ілінеді. Балалар әрбір үй жануарларының қасына өз төлін тауып ілуі тиіс.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру).<br>**Музыкалық үзіліс:**<br>«Қошақаным» әні. Үнтаспа. Балалар бірге айтады.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Аңдарды құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды шапшаңдыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар екі топқа | лар қандай пішіндерден құрастырылған? Аппликация жасау үшін қандай пішіндер пайдаланылған, геомет риялық пішіндерден аппликация ойласты рып, оны жапсыр. (үй, шырша, балапан. т.б.). (Математика негіздері-танымдық ойын әреке ті, жапсыру-шығарма шылық іс әрекеті)<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеті: Сөздік қор. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайында ры, татулық, жақын дық, отбасылық мере келер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Қазақ халқының азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран,), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорық шы), мал өсіруге бай ланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға, (егінші лік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздерімен толықтыру. | Көжесі көп,Қыры көк.Қандай жақсы наурыз!<br>**Д.О.** «Қайсысы артық?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Наурыз көже туралы білімдерін толық тыру.<br>**Ойын барысы:** Наурыз көжеге қосылатын дәнді дақылдар мен тағамдарды сызық арқылы қос.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**3. Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**08.03.2024. кіріктірілді**<br>Міндеттері: Дербестікті, шығармашылықты, баста маны қолдау. Ою-өрнек термен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің орта сында және шеттерінде орналастыру, қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) мүсіндеу.Киіз үйдің жабдықтарымен заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.<br>**Д.О.**«Ертегіні ата»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды ертегілерді ажыратып, атай білуге үйрету және жинақтау, талдау қабілеттерін арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | деп айтуға бола ма?<br>-Оны қалай әдемі қылып көрсетуге болады?<br>Шалғынға жан бітірейік гүлдер өсірейік және көбелектер, аралар, түрлі жәндіктер ұшып келетін болады.<br>Балаларға түрлі өсімдіктер жинағы беріледі ұсынылады.<br>Жұмыс соңында шалғынның әдемі көрінісі пайда болады. Ол жерге жәндіктерді орналастырады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**Еркін ойын:**«Қай өсімдік қайда өседі?»<br>**Ойынның мақсаты:** Өсімдіктер туралы білімдерін толықтру, өсімдіктерді ажырата білуге баулу. Сұрақ-жауап. Қай өсімдік қайда өсетінін айтады.<br>-Орманда қандай ағаштар өседі?<br>-Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>-Ең биік ағаштарды ата.<br>-Орманда нелер мекендейді?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық | солға-бұрылсаң машинаны табасың; алға жүрсең-допты табасың.<br>Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барып, нені тапқың келеді?<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлай алуын білуі.<br>**Ойын барысы:** Үстелдердің әрқайсысында бірнеше зат жатыр. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады.<br>**Мысалы:** қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның сол жағында тұр. т.б.<br>**Д.О.** «Не қайда орналасқан?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлай алады.<br>**Ойын барысы:** Суретте қандай заттар барын ата. Заттар қалай орналасқан?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). | бөлінеді. Алдын ала қиып дайындалған аңдардың денелерін құрастыруы керек. Қай топ тез құрастырса, сол топ жеңімпаз.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру).<br>**Сергіту сәті.**<br>Арыстан ақырады,<br>Қоян секіреді.<br>Түлкі қылмыңдайды,,<br>Аю қорбаңдайды.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br>(Қоршаған орта, дене шынықтыру-ойын әрекеті- қимыл белсенділігі).<br>**Д.О** «Құстар»<br>**Ойынның мақсаты:** Құстарды ажырата білу және құстарға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Суреттер бойынша құстарды екі тоқа топтастыру.**Жыл** құстары және отырықшы құстар.<br>-Өзің білетін құстарды ата.<br>-Қандай құстарды білесің?<br>-Құстар немен қоректенеді?<br>-Құстың адамға қандай пайдасы бар?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, қоршаған | **Пайдалы тағамдар.**<br>**Мақсаты:** Балаларға пайдалы тағамдар туралы түсінік беру.<br>**Д.О.** «Төрт-түліктен не аламыз?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға үй жануарларының адамға пайдасы туралы түсінік беру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Балалар үй жануарларының адамға қандай пайдасы бар және олардан не алатыны туралы әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Дәмін тат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әр тағамның дәмін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар көзін жұмады. Ыдыстан бір тағамды (құрт, жент, тары, талқан) алып, дәмін татады. Қандай тағам екенін айтады.<br>**Д.О.** «Наурыз көже»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық тағамы туралы білуі, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Наурыз көжеге салатын дақылдарды сызықпен қос.<br>**Суретпен жұмыс.** | **Ойын барысы:** Балаларға ертегілер бейнеленген сурет тер таратылып беріледі. Балалар суретке қарап қан дай ертегі екенін айтады.<br>**Д.О.**«Ертегі кейіпкерлерін таны»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Тақтаға ілінген ертегі кейіпкерін атайды, қай ертегі кейіпкері екенін табады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Менің сүйікті ертегім»<br>**Шарты:** Балалар өздеріне ұнаған ертегіні атайды, сол ертегі желісі бойынша сурет салады, мүсіндейді, киіз жабдықтарын құрасты рып, қиып жапсырады.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті)<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеті:Адамның денсау лығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсінік терді кеңейту.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>«Денсаулық құпиялары»<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | коммуникативтік әрекет).<br>«Әдемі гүлдер»<br>**Мақсаты:**<br>Өсімдіктерге жүйелі күтім жасау дағдыларына тәрбиелеу. Өз еңбегінің қажеттілігін сезіндіру.<br>**Еңбектену әрекеті.**<br>Табиғат бұрышында еңбек ету, гүлдерді суару, жапырақтарының шаңын сүрту, жұмысты тату жасап, бір-біріне көмектесуге үйрету.<br>(Қоршаған орта, қимыл-қозғалыс белсенділігі).<br><br>**4. Дене шынықтыру 08.03.24. кіріктірілді**<br>Міндеті:Салауатты өмір салтының маңызды компонент тері: дұрыс тамақта ну, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулық қа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңей ту. Ұлттық қимылды ойын дар ойнату. Балалар ды жарыс элемент тері бар эста феталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.** | **3.Қазақ тілі**<br>Міндеті: Сөздік қор. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайында ры, татулық, жақын дық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>**Д.О.** «Телефон»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогтік сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:**<br>Телефон арқылы естіген сөзді басқа балаға жеткізеді. Айтылған сөзді құлаққа ешкім естімейтіндей сыбырлап айтуы керек. Егер телефон үзіліп қалса, телефонды үзген бала айыбын төлейді.<br>**Мысалы:** жаттаған өлең тақпақтарының бірін айтып береді.<br>**Д.О.** «Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың көктем мезгілі туралы түсінігін кеңейту.<br>**Ойын барысы:**<br>Сұрақ-жауап. | ортамен таныстыру).<br>**Еркін ойын:** «Көңілді балапандар»<br>Балапандар басады, Аяқтарын топ-топ. Топ-топ-топ. Аяқтары шаршаса, Қанаттарын қағады: Шарт! Шарт! Шарт! Содан кейін отырып, Әсем биді билейді: Шиқ, шиқ, шиқ. Олар қашса егер де, Ұстай алмас ешкім де. «Қаш!»-дегенде балалар жан-жаққа қашады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Көркем әдебиет 08.03.2024. кіріктірілді**<br>Міндеті: Тілдің көр кемдігін сезіну (эпитеттер, сипатта малар, образды сөздер), кейіпкер лердің әрекеттерін бағалау.<br>**Д.О.** «Сандық»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Көрнекілігі:** сандық, | «Отбасы мүшелерінің ортақ еңбегі туралы әңгімеле»<br>«Көктемгі еңбек»<br>-Көктемде тағы қандай жұмыстар атқарылады?<br>**Д.О.** «Құрал-саймандарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттары, шаруашылыққа қажетті құрал-саймандардың атын білу, олардың қолданылуы мен пайдасын түсіну. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар суреттегі құрал-саймандардың атын атап, не үшін қажет екенін әңгімелейді.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: Шулы аспап тарда ойнау тәсілдері мен таныстыру.Билер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан дығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі | -Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін!<br>**Таза ауа.**<br>«Басты байлық-денсаулық»<br>Бабаң айтқан даналық.<br>Ол үшін көп қозғалып,<br>Таза ауа жұт көбірек.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Көктем мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>**Спорт.**<br>Жазда суда жүземіз,<br>Құмда күнге күйеміз.<br>Жалаң аяқ жүреміз,<br>Қыста қызып денеміз,<br>Коньки, шаңғы тебеміз.<br>Жалқаулықты тастаймыз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>(Балалар бірнеше жаттығу түрлерін орындайды).<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті- қимыл белсенділігі).<br>**Денеңді шынықтыр.**<br>Жазда шомылуға, күнге күюге болады. Таза ауада болу өте пайдалы. Спорттық ойындарды көп ойнаған дұрыс. Спорттық ойындардың барлығы дененің шынығуына, жылдамдықты, ептілікті арттыруға көмектеседі. Қысқы шынығу денсаулыққа өте пайдалы. Қыста балалар далада ойнағанды ұнатады. Үлпілдек ақ қар, айнадай жарқыраған теп-тегіс мұз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Затты тауып атын айт»<br>**Шарты:** Асықтың түсу түрлерін атап айтады: алшы, тәйке, бүк, шік.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Асық алу ойыны»<br>**Шарты:** Балалар дөңгелене айналып жүреді Педагог: «Асық ал!»-деп белгі бергенде, балалар ортаға ұмтылып асықтарды алуға тырысады.<br>**Қимылды ойын:** «Қазан»<br>**Шарты:** Асықтарды көлденең нысанаға 3 метрден лақтырады.<br>**Қимылды ойын.** «Отарға шапқан қасқыр» Қырғыз халық ойыны.<br>**Шарты:** Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірінің шынтағынан ұстайды. Бұл-лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған | -Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>-Балалар қайда жүр?<br>-Олар не істеп жатыр?<br>-Құстарға қандай қамқорлық жасауға болады?<br>-Көктемде адамдар қандай еңбек етеді?<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту. Сөйлемнің сөздерден тұратынын түсіну.<br>**Ойын барысы:** Балаларды екі топқа бөліп, бірінші топқа бақта, ал екінші топқа бақшада сөзіне сөйлем құрастыруды ұсыну. Екі топтың балалары адамдардың көктемде бақта және бақшада қандай еңбек ететіні туралы әңгімелейді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта)<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: Шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныс тыру.Ән айту. Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты, | түрлі түсті карточкалар, тапсырмалар жазылған хатқалта.<br>**Ойын барысы:** қызыл, жасыл, сары және көк түсті карточкалар сандық ішінде жатады. Балаларға арналған әртүрлі тапсырмалар болады.<br>**Қызыл** түсті карточка алған бала-жұмбақтың жауабын табады.<br>**Жасыл** түсті карточка алған бала-суретте қандай ертегі бейнеленгенін айтады.<br>**Сары** түсті карточка алған бала-тақпақ, өлең айтады.<br>**Көк**түсті карточка алған бала-жаңылтпаш айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>№2 жұмыс дәптері. 22-23 бет.<br>Наурыз көже. С.Нұғыманның әңгімесі.<br>**1.**Суретте не бейнеленген? Досыңмен сурет бойынша рөлдік диалог құр.<br>**2.**Наурыз күні айтылатын тілекті жаттап ал.<br>Ақ мол болсын!<br>Қайда барсаң жол | тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетика лық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бинелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру. Балаларға «Қаражорға» биін билету.<br>**Ән айту:** «Көктем» Ә.Бейсеуов.<br>**Ән айту:** «Наурыз-біздің жаңа жыл» Ж.Қалжанова.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**«Қара жорға» биі.<br>«Қара жорға» биін буын биі деп театайды. Яғни, би билегенде бүкіл буындар қозғалыс қа түсуі керек. Екі иық ты қолдың буындарын, аяқтың буындарын, бел ді түгел қимылға кел тіреді. Би өте жылдам емес, орташа екпінде орындалады. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | таза ауа балалардың көңіл-күйін көтереді. ойын кезінде терлеп кетпеу және ауыр болмау үшін спорттық киім кию қажет. Спорттық киім жеңіл, ыңғайлы әрі жылы болады.<br>-Денені қалай шынықтыруға болады?<br>-Тағы қандай қысқы және жазғы ойын түрлерін білесіңдер?<br>-Достарыңмен қандай ойындар ойнағанды ұнатасыңдар?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Сенің өмір сүруіңе не қажет?»<br>**Шарты:** Өмір сүруге қажеттіні айтады. Себебін түсіндіреді.<br>**Педагог:**<br>-Адам тіршілігіне не қажет?<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>**Табиғи су.**<br>Су-табиғат байлығы,<br>Өзен-көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>**Педагог:**<br>-Қолды неге жиі жуамыз?<br>-Тісті неге тазартамыз?<br>-Апта сайын неге жуынамыз?<br>Сендер үнемі моншада, ваннада жуынасыңдар, таза киім киесіңдер, аяқкиіміңді таза ұстайсыңдар, демек сендер тазалық сақтайсыңдар. Жеке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кедергі жасайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қарлығаш»<br>**Шарты:** Залға ойыншылардың санына қарай шеңберлер қойылады.<br>Бұл – **қарлығаштардың үйі.** Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»- деген сөзден кейін балалар үйлеріне (шеңберге) кіреді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті- қимыл белсенділігі). | ақырын дауыспен ән айту.<br>**Музыка тыңдау:** «Көңілді би» Ө. Байділдаев.<br>-Музыка қандай көңіл-күйде жазылған?<br>-Әуенді тыңдағанда қандай оқиға еске түседі?<br>-Дыбыс жылдамдығы қалай?<br>**Ән айту:** «Наурыз-біздің жаңа жыл» Ж.Қалжанова.<br>-Наурыз деген сөз қандай мағынаны білдіреді?<br>-Наурызға байланысты қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер?<br>-Наурызды неліктен жыл басы деп атайды?<br>-Наурызды халқымыз қалай тойлайды?<br>-Наурыз мерекесінде жасалатын ұлттық тағамдарды атаңдар.<br>Әнді бастамас бұрын даусымызға жаттығу жасап алайық. ән жылдам, көңілді орындалады.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:** «Айгөлек» Қазіргі би ырғағы.<br>**Шарты:** Ырғақты ұстай отырып, аяқтың өкшесін | болсын!<br>**3.**Наурыз көжеге қосылмайтын нәрсені қоршап сыз.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеті: Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салты на деген қажеттілігін қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады.<br>Ұлдар тобы «Түн», қыздар тобы «Күн» болады.<br>Ойын басталады: «Түн!» дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады.<br>**«Жолбарыстар жемтігін аулауға шықты»**<br>**Шарты:** Заттар арасымен еңбектейді. Қолмен аяқты | | басыңның тазалығын сақтау сенің дұрыс өсуіңе және дамуыңа, әртүрлі аурулардан сақтануыңа көмектеседі. Әрбір отбасы мүшелерінің өзінің жеке тұтынатын заттары болады. Әр адам жеке басының тазалығын үйде де, мектепте де сақтауы керек.<br>-Әр адамның жеке тұтынатын заттарын атаңдар. Неге олай екенін түсіндір.<br>-Жеке бас тазалығын сақтаудың қандай ережелерін білесіңдер?<br>-дұрыс тамақтану.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Толқиды теңіз»<br>**Ойын барысы:** Педагог даусын сәл көтере сөйлейді:<br>Толқиды теңіз бір!<br>Толқиды теңіз екі!<br>Толқиды теңіз үш! (балалар теңіздегі толқынды бейнелейді)<br>Теңіз толқыны тоқта!<br>Осы кезде әуен тоқтатылып, **«толқындар»** орындарында сол кейіпте қозғалмай тұрып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жерге бірдей қойып, бірге адым басып қимылдар жасау. Денені әсем, әдемі қимылға ендіру. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>-Бүгін біз қандай мереке жайында әңгіме еттік?<br>-Қандай ән тыңдадық?<br>-Ән сендерге ұнады ма?<br>-Үйде наурыз мерекесін қалай тойлайсыңдар? (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта). | үйлестіріп қозғайды. Заттарды құлатып кетпеуге тырысады.<br>**«Пойыз»** ойын жаттығуы.<br>**Шарты:** Ирелеңдеп жүгіру; жүгіру қарқынын және бағытын өзгертіп жүгіру.<br>**«Ұшақтар»**<br>**Шарты:** Ұшақтың ұшуын салады. Қолдарын екі жаққа созып қалықтайды; түрлі бағытта жүгіреді; солға, оңға, төмен иіледі; жоғарыға қарай созылады.<br>**Қозғалыс ойыны:** «Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:** Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:** Бір бала мысық болады. Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты қыспайды.<br>Балапанды ұстайды?<br>**Мысық:** Мяу!-деп балаларды қуа жөнеледі.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | №1 Ауа-райын бақылау. | №2 Күнге бақылау жасау. | №3 Желге бақылау жасау. | №4 Аспанға бақылау жасау. | №6 Қардың еруін бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Барлық балалармен жеке жұмыс жүргізу Өлеңдер, санамақ тар, жаңылтпаш, тақпақтарды жатқа айтуды меңгерту. | Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс жүргізу. Сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс жүргізу. Бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыруды меңгерту. | Бакытжанова Айдинамен жеке жұмыс жүргізу. Музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музы каға сәй кес әртүрлі қар қынды қимылдар жасауды меңгерту. | Дик Артёммен және Зекен Жансерімен жеке жұмыс жүргізу. Спорттық ойындар мен жаттығулар жасауда белсенілік танытуды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дей інгі балалардың қо лын жазуға дайын дау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге кітаптар қарау, кітап оқу» | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады?» тақырыбына әңгіме. . | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ

Сынып _мектепалды____Балалардың жасы_5 жас_______**Жоспардың құрылу кезеңі:** 18-20 наурыз 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** |
|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | **Ән айту:** «Көктем» Ә.Бейсеуов. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Шығармашылық үзіліс.** «Алғашқы гүлдер» **Мақсаты:** Бақылай отырып сурет салу. Композиция жасау дағдысын дамыту, заттардың өзара үйлесімді болуына көңіл аудару, іздену (Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.**«Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Наурыз айына таңертеңгі жаттығу кешені. №13 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Д.О.** «Жыл мезгілдері» **Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру. **Ойынның барысы:** Сурет бойынша балалар жылдың қай мезгілі екенін және әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін атайды. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!» **Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Көктем мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындағы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту** Міндеті:Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. | **1.Сауат ашу негіздері** Міндеті: Геометриялық фигура лардың, көкөністер, жеміс-жидек тердің және т.б. дайын суреттері нің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағытта ғы тігінен, көлденең, қысқа, | 1.**Сөйлеуді дамыту** Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. **Д.О.** «Мен де жақсы бала боламын» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **«Достық қымбат өмірде»** Әңгімелеу.<br>-Сенің досың кім?<br>-Достар қандай болады?<br>-Достық көмек дегенді қалай түсінесіңдер?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Біздің топ»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту, достыққа, татулыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, топта достарымен болған қызықты бір сәтті айтып береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>«Достық әні» үнтаспа.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Сөздік ойын:**«Мақтау сөздер айту»<br>**Ойынның мақсаты:** Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру).<br><br>2.**Математика негіздері**<br>Міндеті: Кеңістікті бағдарлау. Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, жоғарыдан төменге, алға артқа.<br>**Д.О.** «Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды.<br>Оңға бұрылсаң-қуыршақты табасың; солға-бұрылсаң машинаны табасың; алға жүрсең-допты табасың. | ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздерді дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап көктем мезгіліндегі мазмұнды әңгімелердің айтылуына назар аудару, сөздерді дұрыс айта білуді үйрету.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойынның мақсаты:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br>**Д.О.** «Талдау жасай білемін»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Ойын барысы:** Суреттер арқылы дыбыстық талдау жасайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>(Сауат ашу- коммуникативтік әрекеті)<br>**Д.О.** «Сөзді айтуға көмектес»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету. | **Ойынның мақсаты:** Балаларды жақсы іс істей білуге, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Мазмұнды суреттер арқылы өздерінің де істеген жақсы істері туралы айтып береді.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге, грамматикалық тұлғада таза, анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:**Балаларға сюжеттік суреттер таратылып беріледі. Балалар суретке қарап әңгіме құрайды, әңгімелейді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті:Өсімдіктер әлемі<br>Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату.<br>**Музыка тыңдау.** «Қараторғай» Ақан сері. «Қарлығаш» А.Жұбанова.<br>-Ән не туралы?<br>-Ән қалай орындалады?<br>-Әннің көңіл-күйі қандай?<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О** «Құстар»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Құстарды ажырата білу және құстарға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Суреттер бойынша құстарды екі топқа топтастыру**.**Жыл құстары және отырықшы құстар.<br>-Өзің білетін құстарды ата.<br>-Қандай құстарды білесің?<br>-Құстар немен қоректенеді?<br>-Құстың адамға қандай пайдасы бар?<br>(Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Кім тапқыр?» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барып, нені тапқың келеді?<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлай алуын білуі.<br>**Ойын барысы:** Үстелдердің әрқайсысында бірнеше зат жатыр. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. **Мысалы:** қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның сол жағында тұр. т.б.<br>**Д.О.** «Не қайда орналасқан?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлай алады.<br>**Ойын барысы:** Суретте қандай заттар барын ата. Заттар қалай орналасқан?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті: Өсімдіктер әлемі<br>Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу. Оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау.<br>**Д.О.** «Дәл тауып айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға суреттерден көрген үй жануарларының, аңдардың және құстардың аттарын дұрыс, дәл айтқызу. Оларды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Педагог әртүрлі суреттерді көрсетіп шығады. Балалар суреттегі үй жануарларың, аңдардың және құстардың аттарын айтады. Оларды қорғау үшін, қамқор болу үшін не істейтіндері сұралады.<br>**Д.О.** «Қайсысы қалай дыбыстайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыу.<br>**Ойын барысы:** Педагог үй жануарларының | **Ойын барысы:** Педагог сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады. **Мысалы:** Ти-ін, қо-ян. т.б.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті)<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.**Музыка тыңдау:** «Бүгін қай күн?» С. Мұхамеджанов.<br>-Ән қалай орындалды?<br>-Апта күндерін ретімен айтыңдар.<br>-Сендерге қай күн көбірек ұнайды?<br>**Д.О.**«Ай аттары»<br>**Ойынның мақсаты:** Көктем мезгілінің айлары: наурыз, сәуір, мамыр ретімен атау.<br>**Ойын барысы:** Көктем мезгілінің айларын ретімен атайды. Көктем айлары, ерекшеліктері туралы әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Шатасқан суретші»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың зейінін дамыту, 10-ға дейін санай алу.<br>**Ойын барысы:** Суретшінің қатесін табу керек. Сағат тіліндегі сандар дұрыс орналаспаған. | **Шарты:** Жұмбақтың жауабын табады.<br>Тал басында ағаш үй,<br>Терезесіз тамаша үй.<br>(ұя)<br>Талдың басында, жемі бар қасында,<br>Там тұр саялы, достары аялы. (құстың ұясы)<br>Ағаш басында,<br>Тас араында,<br>Әр алуан қуыста,<br>Түндіксіз отау. (ұя)<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктемде алғаш ұшып келетін құсты ата.<br>-Қандай құстарды білесіңдер?<br>-Құстың адамға қандай пайдасы бар?<br>-Қандай құстар ұясын су маңына салады?<br>-Қарлығаш ұясын қалай салады?<br>**Тыңда. Ұя.**<br>Ұя жасап тақтайдан,<br>Талға апарып байладым.<br>Жыл құсының шаттанған,<br>Күттім қашан сайрауын.<br>Сол ұяны талдағы,<br>Қараторғай мекендеп,<br>Күні бойы сайрады,<br>Жайлы пәтер екен деп.<br>Қ.Баянбаев.<br>-Құстарға қандай қамқорлық жасауға болады?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Ұя»<br>**Шарты:** Түрлі-түсті қағаздардан құстарға ұя жасап, жапсыру.<br>(Жапсыру-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Көктемде ұшып келеді,<br>Жаздай концерт береді.<br>Бұл қандай құс?<br>Тау басында ағаш үй,<br>Соны мекен етеді.<br>Қыста алысқа кетеді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | суреттерін көрсетеді. Балалар олардың атауын тауып, қалай дыбыстайтынын айтуы тиіс.<br>**Д.О.** «Кім тез құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Бірнеше үй жануарларының қиылған денелерін тез әрі шапшаң құрастыру.<br>**Д.О.** «Төлін тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, төлдерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға үй жануарлары ілінеді. Балалар әрбір үй жануарларының қасына өз төлін тауып ілуі тиіс.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру).<br>**Музыкалық үзіліс:** «Қошақаным» әні. Үнтаспа. Балалар бірге айтады.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Аңдарды құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Алдын ала қиып дайындалған аңдардың денелерін құрастыруы керек. Қай топ тез құрастырса, сол топ жеңімпаз.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру).<br>**Сергіту сәті.**<br>Арыстан ақырады,<br>Қоян секіреді.<br>Түлкі қылмыңдайды,,<br>Аю қорбаңдайды.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br>(Қоршаған орта, дене шынықтыру-ойын әрекеті-қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Міндеті: Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін | Сондықтан сандарды дұрыс ретпен орналастыру қажет.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br><br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті)<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеті: Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруді, ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануды үйрету.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**Шарты:** Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бірге айтады.<br>-Аспанымыз ашық болсын!<br>-Еліміз тыныш болсын!<br>-Бейбітшілік болсын!<br>**Сөздік ойын:** «Сыпайы сөздер дүкені»<br>**Ойынның мақсаты:** Белгілі бір жағдайда сыпайы сөздерді қолдана білуді қалыптастыру. **Ойын барысы:** Дүкендегі сөрелерге **«сыпайы сөздер»** орналастырылған: алғыс айту | (қараторғай.<br>Қос қанатын иіп ап,<br>Жарға келіп қонады.<br>Қара киім киіп ап,<br>Балшықтан үй соғады.<br>(қарлығаш).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Құстарды құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Алдын ала қиып дайындалған құстардың денелерін құрастыруы керек. Қай топ тез құрастырса, сол топ жеңімпаз.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Еркін ойын:** «Көңілді балапандар»<br>Балапандар басады,<br>Аяқтарын топ-топ.<br>Топ-топ-топ.<br>Аяқтары шаршаса,<br>Қанаттарын қағады:<br>Шарт! Шарт! Шарт!<br>Содан кейін отырып,<br>Әсем биді билейді:<br>Шиқ, шиқ, шиқ.<br>Олар қашса егер де,<br>Ұстай алмас ешкім де.<br>«Қаш!»-дегенде балалар жан-жаққа қашады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Міндеті: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату.<br>**Музыка тыңдау:** Қолтырауын Генаның әні. «Туған күн»<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>«Денсаулық құпиялары»<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын!<br>-Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін!<br>**Таза ауа.**<br>«Басты байлық-денсаулық»<br>Бабаң айтқан даналық.<br>Ол үшін көп қозғалып,<br>Таза ауа жұт көбірек.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Көктем мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>**Спорт.**<br>Жазда суда жүземіз,<br>Құмда күнге күйеміз.<br>Жалаң аяқ жүреміз,<br>Қыста қызып денеміз,<br>Коньки, шаңғы тебеміз.<br>Жалқаулықты тастаймыз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>(Балалар бірнеше жаттығу түрлерін орындайды).<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті- қимыл белсенділігі).<br>**Денеңді шынықтыр.**<br>Жазда шомылуға, күнге күюге болады. Таза ауада болу өте пайдалы. Спорттық ойындарды көп ойнаған дұрыс. Спорттық ойындардың барлығы дененің шынығуына, жылдамдықты, ептілікті арттыруға көмектеседі. Қысқы шынығу денсаулыққа өте пайдалы. Қыста балалар далада ойнағанды ұнатады. Үлпілдек ақ қар, айнадай жарқыраған теп-тегіс мұз, таза ауа балалардың көңіл-күйін көтереді. ойын кезінде терлеп кетпеу және ауыр болмау үшін спорттық киім кию қажет. Спорттық киім жеңіл, ыңғайлы әрі жылы болады. | (рахмет, алғыс білдіремін), өтініштер (өтінемін, мархабат), сәлемдесу (сәлеметсіз бе, қайырлы күн, қайырлы таң), кешірім сұрау (кешіріңіз, ғафу етіңіз, өкінішті), жылы сөздер (құрметті ана, әке, анашым, әжетайым). Педагог әр түрлі жағдаяттарды сипаттайды. Ал балалар сөреге кезек-кезек келіп, сатушыдан өзіне қажетті сөздерді «сатып алады» және жағдаяттарды талдай отырып, оларды қолданады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Саусаққа арналған жаттығу.**<br>Бұл-атам, бұл-апам,<br>Бұл-әкем, бұл-анам.<br>Бұл-бөпем менің көркем.<br>**Шарты:** сол қолымен оң қолының әр саусағын ұстау, сосын керісінше орындайды.<br>Міне менің отбасым. Отбасы мүшелері туралы айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті- қимыл белсенділігі).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Мен еңбекқор баламын»<br>**Шарты:** Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: Балалардың музыка лық аспаптарында ойнау | **Туған күн**<br>Әр адамның туған күні бар. Отбасы мүшелерінің туған күнін атап өту-бұл да қалыптасқан дәстүр.<br>-Сенің туған күнің қашан?<br>-Сен туған күніңді қалай атап өтесің?<br>-Сен туған күніңе кімдерді шақырасың?<br>-Туған күніңде қандай сыйлық алғанды ұнатасың?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру).<br>№2 жұмыс дәптері. 28-29 бет.<br>**1.**Суретке қарап әңгімеле.<br>Суреттегі төлдердің көңіл-күйлері қандай?<br>Көжекті қандай төлдер құттықтады?<br>**2.**Ұйқасын тап.<br>Дамыл таппай бір мезет,<br>Жортумен жүр ақ... .<br>**3.**Сен досыңның туған күніне не сыйлағың келеді?<br>Суретін сал.<br>**4.** «Туған күніңмен құттықтаймын!» деген сөйлемді түрлі екпінде айт Қалай айтқан дұрыс?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Дүкен»<br>**Ойынның мақсаты:** Кітап дүкенімен таныстыру. Балалардың ойынға деген қызығушылығын ояту. Балалар арасында өзара жағымды қарым-қатынас орнату. Дүкеншінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ойын барысы:** Педагог түрлі себептермен дүкенге бару қажет екенін айтады.<br>**Мысалы:** Айсезімнің туған күні. Біз дүкенге барып Айсезімге сыйлыққа кітап сатып алайық. (ойын осылай жалғасады).<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі, дене шынықтыру-ойын әрекеті, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | -Денені қалай шынықтыруға болады?<br>-Тағы қандай қысқы және жазғы ойын түрлерін білесіңдер?<br>-Достарыңмен қандай ойындар ойнағанды ұнатасыңдар?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Сенің өмір сүруіңе не қажет?»<br>**Шарты:** Өмір сүруге қажеттіні айтады. Себебін түсіндіреді.<br>**Педагог:**<br>-Адам тіршілігіне не қажет?<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>**Табиғи су.**<br>Су-табиғат байлығы,<br>Өзен-көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>**Педагог:**<br>-Қолды неге жиі жуамыз?<br>-Тісті неге тазартамыз?<br>-Апта сайын неге жуынамыз?<br>Сендер үнемі моншада, ваннада жуынасыңдар, таза киім киесіңдер, аяқкиіміңді таза ұстайсыңдар, демек сендер тазалық сақтайсыңдар. Жеке басыңның тазалығын сақтау сенің дұрыс өсуіңе және дамуыңа, әртүрлі аурулардан сақтануыңа көмектеседі. Әрбір отбасы мүшелерінің өзінің жеке тұтынатын заттары болады. Әр адам жеке басының тазалығын үйде де, мектепте де сақтауы керек.<br>-Әр адамның жеке тұтынатын заттарын атаңдар. Неге олай екенін түсіндір.<br>-Жеке бас тазалығын сақтаудың қандай ережелерін білесіңдер?<br>-дұрыс тамақтану.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Толқиды теңіз»<br>**Ойын барысы:** Педагог даусын сәл көтере сөйлейді:<br>Толқиды теңіз бір! | **Ән айту:** «Көктем» Ә.Бейсеуов.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:** «Қара жорға» биі.<br>«Қара жорға» биін буын биі деп те атайды. Яғни, би билегенде бүкіл буындар қозғалысқа түсуі керек. Екі иықты қолдың буындарын, аяқтың буындарын, белді түгел қимылға келтіреді. Би өте жылдам емес, орташа екпінде орындалады.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Міндеті: Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Үлкен шеңбер бойына,<br>Жиналыпты достарым.<br>Алдымен солға жүреміз,<br>Сосын оңға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Жимиямыз күлеміз,<br>Ойын құрып жүреміз.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Бір тізбекпен жүру;<br>Шашырап жүру;<br>Секіру: бір орнында тұрып секіру, айналу. Оң аяқ және сол аяқты алмастырып секіру. Әртүрлі екпінде үзіліссіз жүгіру. (1-5 инут). Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>**Қимылды ойын:** «Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр! Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Толқиды теңіз екі!<br>Толқиды теңіз үш! (балалар теңіздегі толқынды бейнелейді)<br>Теңіз толқыны тоқта!<br>Осы кезде әуен тоқтатылып, **«толқындар»** орындарында сол кейіпте қозғалмай тұрып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | |
| **Серуен** | №1 Ауа-райын бақылау. | №2 Күнге бақылау жасау. | №3 Желге бақылау жасау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Зекен Жансерімен, Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс жүргізу.<br>Өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаш, тақпақтар ды жатқа айтуды меңгерту. | Дик Артёммен жеке жұмыс жүргізу.<br>Сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды меңгерту. | Бакытжанова Айдинамен<br>Бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыруды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу:<br>«Балалармен бірге кітаптар қарау, кітап оқу» | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау.<br>. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:**№ 11 ЖББМ
Сынып _мектепалды__Балалардың жасы_5 жас__________**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01-05 сәуір 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | **Ән айту:**«Бүгін қай күн?» С.Мұхамеджанов. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Шығармашылық үзіліс.** «Бәйшешектер» **Мақсаты:** Бақылай отырып сурет салу. Композиция жасау дағдысын дамыту, заттардың өзара үйлесімді болуына көңіл аудару, іздену (Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Жәндікте неше аяқ бар?» **Ойынның мақсаты:** Балалардың санау және есептеу дағдыларын қалыптастыру. **Ойын барысы:** Педагог балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әртүрлі жәндіктер бар. Балалар суреттегі жәндіктердің неше аяғы бар екенін санап, санын айтады. Соңында ең аяғы көп жәндіктің суретін салады. (Математика негіздері-танымдық ойын әректі, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Кім жылдам?» **Ойынның мақсаты:** Түс, пішін, өлшем туралы білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Балалар түсі, пішіні, өлшемі бірдей жалаушаларды табады, ажыратады. (Математика негіздері-танымдық ойын әректі). | **«Табиғат бұрышындағы еңбек»** **Мақсаты:** Балаларды тапсырылған іске тыңғылықты қарауға үйрету. **Барысы:** Табиғат бұрышында еңбек ету, гүлдерді суару, жапырақтарының шаңын сүрту, жұмысты тату жасап, бір-біріне көмектесуге үйрету. (Қоршаған орта, қимыл-қозғалыс белсенділігі). |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Сәуір айына таңертеңгі жаттығу кешені. №14 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Д.О.**«Ай аттары» **Ойынның мақсаты:** Көктем мезгілінің айлары: наурыз, сәуір, мамыр ретімен атау. **Ойын барысы:** Көктем мезгілінің айларын ретімен атайды. Көктем | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!» **Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді. -Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? -Ауа-райы қандай? -Көктем мезгілі қандай? | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. | Көктем мезгілі туралы тақпақтар жаттау. **Көктем.** Көкке бояп өңірді, Көктем келді көңілді. Бау-бақшада, орманда, Құстар әні төгілді. (Сөйлеуді дамыту, | **Әңгімелесу:** «Тіс нені жақсы көреді?» **Мақсаты:** Тіске дұрыс күтім жасауды үйрету. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айлары, ерекшелікте рі туралы әңгіме лейді.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | -Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). | қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | 1.**Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті: Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашы лықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару **.**<br>**Д.О.** «Дыбысынан таны»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Ненің дыбысы екенін ажырата білу.<br>Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог үнтаспадан жәндіктердің дыбысын біртіндеп тыңдатады.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасайды.<br>-Ж-ж-ж-ж!<br>-Бұл ненің дыбысы?<br>-Қане бәріміз қайталайық.<br>-З-з-з-з!<br>-Бұл ненің дыбысы?<br>-Қане бәріміз қайталайық.<br>-Ара қалай дыбыстайды?<br>-Шегіртке қалай дыбыстайды?<br>-Шр-шр-шр.<br>Дыбыстарын тыңдайық.<br>-Шыбын қалай дыбыстайды?<br>-Ыз-ыз-ыз.<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?» | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Әрбір сөздің мағы насы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыс<br>сыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздерді дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап көктем мезгіліндегі мазмұнды әңгімелердің айтылуына назар аудару, сөздерді дұрыс айта білуді үйрету.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойынның мақсаты:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br>**Д.О.** «Талдау жасай білемін»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Ойын барысы:** Суреттер арқылы дыбыстық талдау жасайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>(Сауат ашу- коммуникативтік әрекеті)<br>**Д.О.** «Сөзді айтуға көмектес»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздерді толық | 1.**Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті:Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабар лау әңгімелерін құрастыру.<br>Фонематикалы естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анық тау. (басы, ортасы, соңы).<br>Артикуляциялық жаттығу лар жасау.<br>**Артикуляциялық жаттығулар.**<br>**«Сағат»** Денені жан-жаққа ию.<br>Иилген кезде «ту-у-у-ух»-деп дыбыстап, терең тыныс шығару.<br>**«Доптар ұшады»** Кеудесін алдыға қарай лақтыру. Дем шығарған кезде ұзақ «ух-х-х-х»-деп айт.<br>**«Поезд»** Бір демде айту. «ту-ту-ту-ту»<br>Дем алып «с-с-с, ш-ш-ш, ф- ф-ф»-деп айту.<br>**«Машинаның дөңгелегіжарылды»**<br>«Ш-ш-ш»-деп айт.<br>**Бірге жаттайық!**<br>Ян-ян-ян,<br>Жүгіріп жүр қоян.<br>Ыр-ыр-ыр,<br>Ырлдайды қасқыр.<br>Кі-кі-кі,<br>Бұландайды түлкі.<br>Ю-ю-ю,<br>Қорбаңдайды аю. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптас тыру, сөздерді буындар ға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға үйрету.<br>**Д.О.** «Буыны көп сөз қайсысы?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Сөздегі буынды анықтауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға бірнеше сөздерді айтады.<br>Балалар сөздегі буын санын анықтап айтады.<br>**Д.О.** «Суреттердің атауын буынға бөліп айт»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Сөздерді буынға бөлуді үйрету.<br>**Ойын барысы**:<br>Суреттердің атауын буынға бөліп айтады.<br>**Мысалы:** қошақан, мысық, бақа, бота, арыстан, құлыншақ, көбелек, үй, доп, шар, гүл, жұлдыз.<br>**Д.О.** «Буынға буын қос»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>басталған буынға буын қосып, сөз құрастырып айта білуге үйрету.<br>Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын барысы**: | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Әрбір сөздің мағы насы болатыны туралы түсі нік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.<br>Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br><br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті)<br><br>**2. Көркем әдебиет**<br>Міндеті: Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**Жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(Балаларға жәндіктер туралы туралы жұмбақтар жасыру).<br>**.**Күні бойы тынбайды,<br>Дәмді тағам жинайды.<br>(ара)<br>Тоқыған ауы,<br>Шыбынның жауы.<br>(өрмекші)<br>Үп-үшкір таяғы,<br>Жыланның көзін ояы.<br>(дәуіт)<br>Алға қарай, артқа қарай жүреді,<br>Еңбек сүйгіш оны бәрі біледі.(құмырсқа)<br>Өзі төрт қанатты,<br>Алты аяқты.<br>Сонда да тік ұшақ моделі сияқты.(инелік)<br>Ызыңдап ән салады,<br>Лас жерге қонады.<br>(шыбын)<br>Ұшады, қонады,<br>Гүлдердің қонағы.<br>(көбелек)<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Суретпен жұмыс**<br>Суретке қарап, өзің білетін жәндіктерді ата. Инеліктің, қоңыздың, құмырсқаның аяғын сана. Нешеу.<br>Пайдалы және зиянды жәндіктерді ата. | әрі дұрыс айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады. **Мысалы:** Ти-ін, қо-ян. т.б.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті)<br><br>**2. Математика негіздері**<br>Міндеті:Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру.Сан және санау. Топтарды санау және салысты ру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Санау әні»<br>**Шарты:** Балалар үнтаспадан әнді тыңдайды, бірге орындап айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Менің достарым»<br>**Ойын барысы:** Біздің топта қанша бала бар? Қыздар қанша? Ұлдар қанша? Кімдер артық? Кімдер кем? Салыстыр.<br>**Д.О.** «Қанша? Неше?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды санау, санын білу, салыстыруға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Досыңа көктем гүлдерін санауға және салыстыруға көмектес.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Жоғалған қай сан?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтада 1-ден 10-ға дейінгі сандар қатары ілініп тұрады. Педагогтың белгісімен балалар көздерін жұмады. Педагог бір санды | Са-са-са,<br>Ызыңдайды маса.<br>Қа-қа-қа,<br>Бақылдайды бақа.<br>**Еркін ойын:**<br>«Адасқан Қызыл телпек қалай дыбыстады?» «Ау-у-у»<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ертегі зообақ»<br>Ертегілердегі аңдардың дыбысын және жүрісін салу.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті:Бақылау және себеп-салдарлық байла ныстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозға луы, гүлдердің күн шыққанда жапырақта рының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөлік терін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажет тігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты, ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.<br>**Педагог:** | Балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог сөздің бастапқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды.<br>**Мысалы:** бо-та, қа-ла, да-ла. т.б.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту- коммуникативтік әрекеті)<br>**Еркін ойын:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар түрлі сызықтарды, штрихтарды салады, үзік сызықтарды бастырып, жалғастырып жазады.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік әрекеті)<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті:Сан және санау. Топтарды санау және салыстыру негізінде сан дық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>**«Санау әні»**<br>**Ойын барысы:** Балалар үнтаспадан әнді тыңдайды, бірге орындап айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.**«Кім шатаспай | олардың әрекеттері не өз көзқарасын білдіру **.**<br>**Д.О.**«Менің сүйікті ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегі кейіпкерлері бойынша ертегі лерді атау, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, жолдас тыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша ертегілердің аттары мен қысқаша мазмұнын айту.<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:**<br>«Тапқыр қоян»<br>**Шарты:** Ертегі мазмұнымен балаларды таныстыру. Ертегіні сахналау.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Сергіту сәті.**<br>Аппақ, аппақ ақ қоян,<br>Қасқыр келді жат қоян.<br>Өтіп кетті сұр қасқыр,<br>Орныңнан тұр ақ қоян,<br>Серір-секір қаш қоян!<br>(балалар жатқа айтады, қимылмн көрсетеді).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Көлеңкесінен қорқып безектейді,<br>Ал оның баласын көжек дейді. (қоян)<br>Қалқиып қос құлағы,<br>Елеңдеп ылғи тұрады.<br>(қоян)<br>Өзінше ноян,<br>Қорқақ кім? (қоян)<br>Далада жүр шапқылап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Жасырынған жәндікті тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап жасырынып тұрған жәндікті айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта).<br><br>2.**Математика негіздері**<br>Міндеті: Уақытты бағ дарлау. Әртүрлі оқиға лардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Жиынды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.<br>**Д.О. «Ілгекті жолдар»**<br>**Ойынның мақсаты:** Саусақ моторикасын дамыту. Ілгектердің көлемін, түсін ажырата білуге үйрету. Бірдей түсті ілгектерді таба білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Жиналған бірдей ілгектерден ақ қағаз бетіне жол жасау.<br>**Д.О.** «Әдемі гүлдер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. | алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қай сан жоқ екенін айтады. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті,<br>**Еркін ойын.** «Өз қолыммен»<br>**Ойынның мақсаты:** Сан туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Түрлі-түсті қағаздан сандарды қиып жапсыр. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, жапсыру-шығармашылық әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>1 дегенде тұрайық,<br>2,3,4 алақанды соғайық.<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрыр,<br>Біз жүгіріп алайық.<br>5 дегенде асықпай,<br>Орнымызды табайық.<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, музыка-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеті:Байланыстырып сөйлеу. Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана | **Өсімдіктер-** табиғаттың жанды денелері. Олар қоректенеді, тыныс алады, өседі, көбейеді, қурайды. Өсімдіктердің өсуіне топырақ, су, жылу, ауа, күн көзі керек. Өсімдіктер үш топқа бөлінеді-ағаштар, бұталар, шөп тектес өсімдіктер.<br>Ағаштар, бұталар-орманда, бақта, саябақта өседі. ауыл мен қала көшелеріне қарағаш, тал, жөке, қайың, емен ағаштары сән беріп тұрады. ал раушангүл, шырғанақтың гүл шоғырлары ерекше жұпар иіске бөлейді. Оларға ара, көбелек келіп қонады. Олар гүлдің дәмді шырынын сорады. Шөп тектес өсімдіктер барлық жерде өседі. Олардың көбі ашық түсті әдемі гүл ашады. Ерте көктемде бақбақ, қоңыраугүл, қызғалдақтар гүлдейді. Олар табиғаттың ажарын аса түседі.<br>**Д.О.** «Өсімдіктерді жина»<br>**Ойынның мақсаты:** Шалғын туралы түсінік беру. Балалардың ой қиялын, шығармашылық | санайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар1-ден 10-ға дейін тура және кері санайды.<br>**Д.О.** «Мен үйрендім санауды»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар суретте бейнеленген заттарды санайды. Санын айтады. Қандай заттар нешеуден екенін айтады.<br>**Д.О.** «Дауыстап санау»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауыстап санауға, қортынды санды есте сақтауға үйрету. Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Педагог үстелді бірнеше рет соғады. Балалар іштерінен санайды. Педагог балалардан қанша рет соғылғанын сұрайды. Балалар санын айтады.<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойын барысы:** Бұл сандардың алдында қандай сандар тұрады?<br>1<br>2<br>3<br>4<br>5<br>6<br>7 | Керемет бір саққұлақ (қоян).<br>-Қоян қандай аң?<br>-Ол қайда мекендейді?<br>-Қоянның құлағы қандай?<br>-Қоянның құйрығы қандай?<br>-Қоянның баласын қалай атаймыз?<br>-Қоян немен қоректенеді?<br>-Қыста қоянның тоны қандай болады?<br>-Көктемде қоянның тоны қандай болады?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Қоян секек қағады,<br>Сәбізді іздеп табады.<br>Үйшігіне барады,<br>Аукаттанып алады.<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Үркек қоян, сақ қоян.<br>Қаша берсең орманға,<br>«Қорқағым»-деп ат қоям.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br><br>3. **Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>Міндеттері: Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыру, жұмысты бірге келісіп орын дау. Сюжеттік суреттерді салу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстыр малы көлем дерін сақтау. Шаблондар мен трафареттер мен, дайын үлгілермен жұмыс істеуді үйрету.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық тұрады. Педагог балаларға кезекпен допты лақтырады. Допты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын барысы:** Балалар суреттегі гүлдерді санайды, гүлдердің түсі мен пішінін айтады.<br>**Д.О.** «Заттың қасиетін анықта»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың қасиетін, оларды қолданылуын анықтау, ажырата білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Ойынға 2 бала шығады. Суреттегі заттардың қасиетін анықта. Заттың атын атамай қасиетін ғана айт. Досың оның не екенін тапсын.<br>**Дәмі:** тәтті, ащы, тұзды, қышқыл.<br>**Материалы:** темір, ағаш, жібек, шыны, пласмасса.<br>**Д.О.** «Өзгерт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі геометриялық фигуралардың пішінін және түсін өзгерт.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3. Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті:Жануарлардың тірі тіршілік иесі екенді гін бақылау және себеп-салдарлық байланыстар ды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгі реді, секіреді, ұшады, | отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға үйрету.<br>**Сөздік ойын:** «Мен тіл алғыш баламын»<br>**Ойынның мақсаты:** сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, көмек беруге, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Әңгімелеу, үйде анасына, әкесіне қандай көмек көрсететіні туралы айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br>**Д.О.** «Құрал-саймандарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының тұрмыстық заттары, шаруашылыққа қажетті құрал-саймандардың атын білу, олардың қолданылуы мен пайдасын түсіну. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі құрал-саймандардың атын атап, не үшін қажет екенін әңгімелейді.<br>(Қазақ тілі- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Мен еңбекқор баламын»<br>**Шарты:** Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**4. Музыка**<br>Міндеті: Лирикалық, вальс ырғағын дағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу<br>**Музыкалық сәлемдесу.**<br>Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау. «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін | қабілеттерін дамыту. Тіл байлығын арттыру. Әңгімелеу.<br>**Ойын барысы:** Шалғын бейнеленген үлкен сурет. (шөп, өсімдіктері жоқ). және түрлі өсімдіктер.<br>Педагог:<br>-Балалар, мына шалғында бір кездері түрлі өсімдіктер мен гүлдер өсіп тұратын. Бір кезде қатты дауыл тұрды. Дауылдан кейін шалғында түк қалған жоқ, сендерге бұл жер ұнай ма?<br>-Бұл жерді шалғын деп айтуға бола ма?<br>-Оны қалай әдемі қылып көрсетуге болады?<br>Шалғынға жан бітірейік гүлдер өсірейік және көбелектер, аралар, түрлі жәндіктер ұшып келетін болады. Балаларға түрлі өсімдіктер жинағы беріледі ұсынылады. Жұмыс соңында шалғынның әдемі көрінісі пайда болады. Ол жерге жәндіктерді орналастырады.<br>(қоршаған орта, жапсыр-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Хат | 8<br>9<br>10<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Ермексаз әлемі»<br>**Ойынның мақсаты:** Сандар туралы алған білімдерін толықтыру, бекіту.<br>**Ойын барысы:** Балалар ермексаздан цифрларды жасайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Күшіктер санамағы» (үнтаспа)<br>**Шарты:** Балалар әнді бірге айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Қанша болса сонша»<br>**Ойын барысы:** Еденде 3 шеңбер (обруч) тұр. Әр шеңберде цифры бойынша түрлі ойыншықтар бар. Музыкамен балалар әртүрлі қозғалыста жүреді. Әуен тоқтағанда, әр шеңбердегі ойыншықтар санына сай тұра қалады. 3 ойыншық тұрған шеңберге-3 бала, 4 ойыншық тұрған шеңберге 4 бала, 5 ойыншық тұрған шеңберге 5 бала тұра | қағып алған бала қай қалаға барғанын және қандай көрік ті жерлерде болғанын әңгімелейді.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта).<br>-Біз қай қалада тұрамыз?<br>-Біздің қаламызда қандай атақты адамдардың ескерткіштері бар?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Қазақстан қалалары»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақстан қалалары және көрікті жерлері туралы білуі.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап қалалар туралы әңгімелеу. Қаладағы ескерткіштерді атау.<br>(Қоршаған орта)<br>**Шығармашылық үзіліс.**Туған өлкедегі мұра ескерткіштерін мүсіндеу, оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>(қоршаған орта, мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеті: Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Бала ларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафе талық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Қимылды ойын:** «Жүгір-отыр-жүгір!» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозғалады)<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:**«Табиғатқа құштармын»<br>**Шарты:** Өлең жолдарын бірге қайталап айтады.<br>Армысың, шапағатты күніміз,<br>Армысың мейірімді жеріміз.<br>Армысың табиғат-анамыз,<br>Келді Сізге өзіңіздің балаңыз.<br>**Д.О** «Жанды және жансыз табиғат»<br>**Ойынның мақсаты:** Табиғаттың жанды және жансыз денелерін ажырата білу.<br>**Ойын барысы:** Балалар жанды және жансыз табиғатты атайды.<br>-Жансыз табиғаттың пайдасы қандай?<br>-Жансыз табиғатқа жататын заттарды адамдар не үшін пайдаланады?<br>-Саз балшықтан не жасауға болады?<br>-Жанды табиғатқа не жатады?<br>**Еркін ойын:**«Табиғатым тамаша!»<br>**Шарты:** Сурет салу.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Не істейді, қайтеді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Суреттен табиғаттың жанды денелерін ажырату, олар туралы білетінін әңгімелеу. | буынға бөліп әндету.<br>**Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» Музыкасын жазған: М.Омаров. Сөзі: Г.Жотаева.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:** «Қазіргі би ырғағы»<br>**Шарты:** Балаларды жаңаша, заман талабына сай қимыл-қозғалыстар жасай білуге үйрету. Қолдың, аяқтың, бастың қимылдары музыка әуеніне сай үйлесуін қадағалау.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Ұлттық аспаптар»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық аспаптарын біліп тануға, оларды ажырата білуге үйрету. Білімдерін толықтыру. Музыкалық аспаптарға деген қызғушылығын ояту.<br>**Ойын барысы:** Балалар тақтаға ілінген ұлттық аспаптарды атайды. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды.<br>(Қазақ тілі- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Қатты және ақырын музыка»<br>**Ойынның мақсаты:** Музыканы дыбысқа қарай ажырата білуге, балалардың есту қабілетін дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Түрлі музыкалық шығармаларды үнтаспадан тыңдап, қай музыка қатты, қай музыка жай екенін айту.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | қалтадан шыққан ағаштар, бұталар, шөптектес өсімдіктерді ажырату.<br>-Өсімдіктер өсуі үшін не қажет?<br>-Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>-Өз үйіңнің маңайында қандай шөп тектес өсімдіктер бар?<br>-Адамдар қандай жеміс ағаштарын өсіреді?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Өсімдіктер»<br>**Шарты:**<br>**1-топ:** ағаштардың суретін салады. Емен, қайың, алма ағашы.<br>**2-топ:** бұталардың суретін салады. Шырғанақ, жыңғыл бөртегүл.<br>**3-топ** шөп тектес өсімдіктердің суретін салады. Бақбақ, құлпынай, түймедақ.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**3. Көркем әдебиет**<br>Міндеті: Шығарма мазмұ нын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру **.** | қалады. Ойын бірнеше рет жалғасады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеті:<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруді, ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануды үйрету.<br>**Дыбыстар сыры.**<br>Дыбыстарды таныңдар,<br>Бәрін жаттап алыңдар.<br>Онда қызық ойын бар,<br>Оған көңіл қойыңдар.<br>Ойнаңдар да, ойлаңдар,<br>Қызығына тоймаңдар!<br>Бәрін қарап шығыңдар,<br>Дыбыс сырын ұғыңдар.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт!»<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ і, ғ, ң, һ дыбыстарын дұрыс айту.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Мұғалім мысық»** | **Ойынның мақсаты:** Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог: «Жүгір!»-балалар алаңда жүгіреді. «Отыр!»-балалар отырады. Жылдамдықты, бұйрықты тез орындау. Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастру.<br>**Қимылды ойын:** «Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады. Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр!<br>Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын барысы:** Суреттен жүзетін, ұшатын, жүгіретін, жорғалайтын жануарларды атап көр. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Жыл мезгілдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойынның барысы:** Сурет бойынша балалар жылдың қай мезгілі екенін және әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін атайды. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар жасыру).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Аукцион»<br>**Ойын барысы:**Педагог әртүрлі заттарды аукционға шығарады. Заттың пайдалануы туралы ұсыныс жасаған бала жеңеді. Кезекпен | | **Шаттық шеңбері.** Балалар шаттық шеңберіне тұрады. Аналарының өздерін қалай еркелететінін айтады.<br>-Мені анам «қошақаным»-деп еркелетеді.<br>-Мені анам «ботақаным»-деп еркелетеді.<br>-Мені анам «құлыншағым»-деп еркелетеді.<br>**Д.О.** «Төлін тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, төлдерін ажыратып, атай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға үй жануарлары ілінеді. Балалар әрбір үй жануарларының қасына өз төлін тауып ілуі тиіс.<br>**Д.О.** «Дәл тауып айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға суреттерден көрген үй жануарларының аттарын дұрыс, дәл айтқызу. Оларды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға суреттен үй жануарларын көрсетеді. Балалар суреттегі үй жануарларының аттарын дұрыс, дәл | Күндердің бірінде алаңға,<br>Үй жануарлары жиналыпты.<br>Дыбыстарды білмеген соң,<br>Оқи алмай қиналыпты.<br>Мұғалім мысық мияулап,<br>Үйретуден қашпапты.<br>Ең бірінші сабағын<br>Дыбыстардан бастапты.<br>Дауыстысын да, дауыссызын да, ажыратып беріпті.<br>Дыбыстардан сөз құратып, буындарға бөліпті.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>**Д.О.** «Сөздерді дұрыс айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** ә, ө, қ, ү, ұ і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі- коммуникативтік әрекеті). | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | нысанды пайдалану жолдарын атап береді.<br>-Құмды қай жерде пайдаланады?<br>-Кірпіштен не жасауға болады?<br>-Ағаштан не жасайды?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Міндеті:Спорттық ойындар<br>Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>«Денсаулық құпиялары»<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын!<br>-Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін!<br>**Таза ауа.**<br>«Басты байлық-денсаулық»<br>Бабаң айтқан даналық.<br>Ол үшін көп қозғалып,<br>Таза ауа жұт көбірек.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Көктем мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>**Спорт.**<br>Жазда суда жүземіз,<br>Құмда күнге күйеміз. | | айтады. Оларды қорғау үшін, қамқоршы болу үшін не істейтіндері сұралады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>«Төлдер айтысы» ертегісімен балаларды таныстыру.<br>-Төлдер бір-бірімен не үшін айтысты?<br>-Лақ не айтты?<br>-Құлын ше?<br>-Бұзау не деді?<br>-Қошақан, бота не деді?<br>-Адам не деп жауап берді?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Ән айту.**<br>«Қошақаным»<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Төлдер айтысы»<br>**Мақсаты:** Балаларды сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда | **4.Музыка**<br>Міндеті: Музыка тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынын өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>**Музыкалық сәлемдесу.** (Әндете амандасу).<br>Педагог балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қояды.<br>-«Бақытты бала»-деп қандай баланы айтамыз?<br>-Достарыңа бақытты болу үшін қандай тілек айтасың?<br>**Муыка тыңдау:** «Ақ көгершін»<br>Музыкасын жазған: Қ.Қалқатаев.<br>Сөзі: Е.Баят.<br>**Ән айту:** «Біз бақытты баламыз»<br>Музыкасын жазған: Ә.Қонысбеков.<br>Сөзі: Ұ.Қонысбекова.<br>**Д.О.** «Ән салған кім?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауыс тембрін айыра біліге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Көздерін жұмады. Педагог ортаға бір баланы шығарады. Ортаға шыққан бала кез-келген бір әнді орындайды. Шеңберде тұрған балалар ән салған кі екенін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жалаң аяқ жүреміз,<br>Қыста қызып денеміз,<br>Коньки, шаңғы тебеміз.<br>Жалқаулықты тастаймыз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>(Балалар бірнеше жаттығу түрлерін орындайды).<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті- қимыл белсенділігі).<br>**Денеңді шынықтыр.**<br>Жазда шомылуға, күнге күюге болады. Таза ауада болу өте пайдалы. Спорттық ойындарды көп ойнаған дұрыс. Спорттық ойындардың барлығы дененің шынығуына, жылдамдықты, ептілікті арттыруға көмектеседі. Қысқы шынығу денсаулыққа өте пайдалы. Қыста балалар далада ойнағанды ұнатады. Үлпілдек ақ қар, айнадай жарқыраған теп-тегіс мұз, таза ауа балалардың көңіл-күйін көтереді. ойын кезінде терлеп кетпеу және ауыр болмау үшін спорттық киім кию қажет. Спорттық киім жеңіл, ыңғайлы әрі жылы болады.<br>-Денені қалай шынықтыруға болады?<br>-Тағы қандай қысқы және жазғы ойын түрлерін білесіңдер?<br>-Достарыңмен қандай ойындар ойнағанды | | бастамшылық пен дербестік танытуға ынталндыру.<br>**Ойын барысы:** Ертегіні сахналау.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеті: Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.<br>**Топтарға бөліп негізгі жаттығуларды орындау.**<br>**«Баскетбол»**<br>Допты бір қолмен жүргізу. Допты саусақтарының басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады.<br>**«Футболшылар»**<br>Допты дәл беру. Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді.<br>**«Кенгуру»** ойын жаттығуы.<br>**Шарты:** Екі тізенің ортасына допты қысып секіреді. Допты түсіріп алмауға тырысады.<br>**Қортынды кезең. «Бәрі қолымнан келеді!»**<br>Балалар шеңбер | даусынан танып айтуы керек.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Бұл қай аспап?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық аспаптарға деген қызығушылығын ояту.<br>**Ойын барысы:** Жеті санының атауына байланысты қандай аспап бар?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, музыка-шығармашылық іс әрекеті). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұнатасыңдар?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Қимылды ойын:** «Толқиды теңіз»<br>**Ойын барысы:** Педагог даусын сәл көтере сөйлейді:<br>Толқиды теңіз бір!<br>Толқиды теңіз екі!<br>Толқиды теңіз үш!<br>(балалар теңіздегі толқынды бейнелейді)<br>Теңіз толқыны тоқта!<br>Осы кезде әуен тоқтатылып, **«толқындар»** орындарында сол кейіпте қозғалмай тұрып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Қимылды ойын:** «Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:** Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:** Бір бала мысық болады. Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты қыспайды.<br>Балапанды ұстайды?<br>**Мысық:** Мяу!-деп балаларды қуа жөнеледі.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | бойымен тұрады.<br>Бүгінгі күн қандай керемет! Менде бәрі тамаша!<br>Мен талмай, ерінбей еңбек етіп үйренемін!<br>Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін!<br>Мен бәрін жасай аламын!<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Қимылды ойын:** «Лақтыр да, қағып ал»<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар үш тізбекте тұрады. Бірінші ойыншылардан 2 м арақашықтықта доп ұстаған жүргізушілер тұрады. Педагогтің белгісі бойынша олар бірінші ойыншыларға допты лақтырады. Ал олар жүргізушіге допты қайта лақтырып, өздері тізбектің артына барып тұрады.<br>Бірінші бала тізбектің басына қайтып оралғанда ол қолын көтереді. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңіске жетеді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі) | | |
| **Серуенге** | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | | | | | |
| **Серуен** | №1. Ауа-райына бақылау жасау. | №15. Бұталарды бақылау. | №18. Қараторғайларды бақылау. | №16. Ағаштарды салыстыра бақылау. | №5. Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дик Артёммен,Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. | Зекен Жансерімен жеке жұмыс. Сөздегі дыбыстардың орнын ажыратуды меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп сахналауға қатысуды үйрету. | Бакытжанова Айдинамен жеке жұмыс. Бақылаулар мен сюжеттік суреттер әңгімелер құрастыруды меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс: қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығу шылықпен орындауға баулу. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналарға кеңес: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» | Ата-аналарға кеңес: «Бала тәрбиесіндегі қымбатты бір минут» Бір минут балаңызды мақтаңыз. | «Ойыншықты қалай таңдаған дұрыс?» Ата-анаға кеңес. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ

Мектепалды_сынып___Балалардың жасы_5 жас_______**Жоспардың құрылу кезеңі:** 15-19 сәуір 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | **Д.О.** «Не болар еді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Өсімдіктерді күтіп баптауға үйрету. Өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар ойды аяқтайды, сұрақтарға жауап береді.<br>Егер өсімдікті қараңғы жерге қойса не болар еді?<br>Егер өсімдікке су құюды ұмытып кетсе не болар еді?<br>Егер өсімдікке уақытылы су құйып, топырағын қопсытып, қоректендіріп тұрса не болар еді?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру). | **Ән айту:** «Ғарышкер» С.Мұхамеджанов.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Шығармашылық үзіліс.** «Ғарыш кемесі»<br>**Мақсаты: Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді-домалақ пен сопақшаларды пайдалану арқылы ғарыш кемесінің суретін салуды үйрету; балалардың аспан әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру, қиялдау сезімдерін дамыту.<br>**Шарты:** Ғарыш кемесінің суретін салу.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). | **Д.О.**«Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру) | **Шығармашылық үзіліс.** «Жұлдызды аспан әлемі»<br>**Мақсаты:** Бақылай отырып сурет салу. Композиция жасау дағдысын дамыту, заттардың өзара үйлесімді болуына көңіл аудару, іздену<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Сәуір айына таңертеңгі жаттығу кешені. №15 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері.**<br>Қайырлы таң, балалар!<br>Арайланып таң атты, | **Шаттық шеңбері.**<br>Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындағы | **Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>Балаларды шаттық | **Д.О.** «Мамандықты ата»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың әртүрлі | **Сөздік ойын:** «Кел санайық, санамақ»<br>**Ойынның мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алтын шапақ таратты, Қайырлы таң, балалар! Жер бетінде тыныштық Болған әрбір күн ыстық! Қайырлы таң, балалар! Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң, балалар!<br>Аман Отан – панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң, балалар! (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). | әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | шеңберіне тұрғызып, **«Ғарыш әткеншегі»** ойынын ойнату.<br>**Ойынның мақсаты:** Ғарыш туралы білімдерін толықтыру. Балаларды батылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Ортада бір бала Күн болып тұрады. Қалған балалар күн жүйесіндегі ғаламшарлар. Мысалы: Жер, Сатурн, Уран, Меркурий т.б. Көңілді музыка әуенімен балалар «Күнді» айналып жүреді. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта). | мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Мамандық иелері белгіленген суреттерге қарап, мамандық иелерін (дәрігер, мұғалім, ғарышкер, полиция, құрылысшы) айтады. (Көркем әдебиет-шығармашылық, коммуникативтік ойын әрекеті). | Санамақты жатқа айта білуге үйрету, балалардың тілін, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар санайды, жатқа айтады.<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнекей ұш.<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнекей, қон,<br>Асықпа да, саспа,<br>Бірден қайтадан баста.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-танымдық коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті:Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегі мен әңгіменің жалға сын және соңын ой дан шығару.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>-Балалар, дөңгелене тұрып, шаттық шеңберін құрайық. Бір-бірімізбен | 1.**Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылық қа баулу.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға | 1.**Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті: Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегі мен әңгі менің жалғасын және соңын ойдан шығару.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>-Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылық қа баулу.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу. Суретті бояу. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылық қа баулу. Қолды жазуға дайындау<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | амандасып, жылы тілектер айтайық.<br>-Сәлеметсіздер ме!<br>-Қайырлы таң!<br>-Қайырлы күн!<br>-Сіздерді көргеніме қуаныштымын!<br>-Енді бір-бірімізге мақтау сөздер айтайық:<br>-Сен әдемісің.<br>-Сен мейірімдісің.<br>-Сен ақылдысың.<br>-Сен адал доссың.<br>**Суретпен жұмыс:**<br>-Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>**Д.О.** «Көрікті көктем»<br>**Шарты:** балаларды екі топқа бөлу.<br>1-топ көктем мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді.<br>2-топ көктем мезгіліндегі демалыс туралы әңгімелейді.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті).<br>**Д.О.**«Жылдың қай мезгілі екенін тап»<br>**Шарты:** Бірнеше сурет берілген. Сол суреттер ішінен жылдың қай мезгілі екенін тауып, әңгіме құрастыру керек.<br>**Шығармашылық үзіліс.**«Көрікті көктем»<br>(Сурет салу-шығармашылық іс | бірнеше суреттер таратылып беріледі. Балалар сол суреттерге қарап сөйлем құрайды.<br>**Д.О.** «Жалғасын тап»<br>**Ойын барысы:** Бастаушы бала сөйлемді бастап береді. Балалар аяқтайды.<br>-Көктемде күн....<br>-Бүгін ауа-райы....<br>-Ағаштар....<br>-Жерде жасыл шөптер...<br>-Құстар жылы....<br>-Аю ұйқысынан....<br>-Қоян көктемде тонын....<br>**Д.О.** «Қайсысы ұнайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Суреттен көрген заттардың атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнайтынын айту. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға әртүрлі суреттерді көрсетіп, олардың қайсысының ұнайтыны туралы сұралады.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті)<br><br>**2. Математика негіздері**<br>Міндеті:Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлай алуын білуі.<br>**Ойын барысы:** Үстелдердің | (Күнді)<br>-Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? (Алақай!)<br>-Күн бізге не шашады? (Жылуын шашады).<br>-Қане, алақанымызды жылытайық,<br>Қолымызды Күнге созайық.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға әртүрлі суреттерді таратып береді. Балалар суретке қарап отырып, жаңа бір әңгіме мазмұнын құрастырады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>(Сауат ашу-коммуникативтік әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**2. Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті: Жануарлар әлемі. Жануарларды | Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br><br>**2. Математика негіздері**<br>Міндеті:Айлар, жыл мезгілде рі туралы түсініктерді қалып тастыру, олардың ретін білу және атау **Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың кеңістікте орнала суын бағдарлай алуын білуі.<br>**Ойын барысы:** Үстелдердің әрқайсысында бірнеше зат жатыр. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы: қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның сол жағында тұр. т.б.<br>**Д.О.** «Не қайда орналасқан?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлай алады.<br>**Ойын барысы:** Суретте қандай заттар барын ата. Заттар қалай орналасқан? | бастырып жазу.<br>Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br><br>(Сауат ашу-коммуникатив тік әрекеті сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**2. Көркем әдебиет**<br>Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Ренжісуді білмейміз!<br>№2 жұмыс дәптері. 38 бет.<br>**Ертегілер еліне саяхат.** Әр суретте қандай ертегі бейнеленгенін айт.<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналау.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеті)<br><br>**2. Математика негіздері**<br>Міндеті:Уақытты бағдар лау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.<br>**Геометриялық пішин дер.**<br>**Бірге жаттайық.**<br>Төртбұрышпын, төрт бұрышпын,<br>Төрт қабырғасы бар бұрышпын.<br>Қай жағынан қарасаңда,<br>Төрт қабырғам тең бұрышпын.<br>-Балалар неге оны төртбұрыш деп атайды екен?<br>-Төртбұрыштың қабырғасын санайық.<br>Үшбұрышпын, үшбұрышпын,<br>Үш қабырғам бар бұрышпын.<br>Төртбұрыштан аз болсам да,<br>Орны бөлек үшбұрышпын.<br>-Балалар, үшбұрыштың қабырғаларын санайық.<br>Домалақпын, домалақпын,<br>Дөңгелек боп домаладым.<br>Ай сияқты, күн | әрқайсысында бірнеше зат жатыр. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы: қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның сол жағында тұр. т.б.<br>**Д.О.** «Не қайда орналасқан?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлай алады.<br>**Ойын барысы:** Суретте қандай заттар барын ата. Заттар қалай орналасқан?<br>**Д.О.** «Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды.<br>Оңға бұрылсаң-қуыршақты табасың; солға-бұрылсаң машинаны табасың; алға жүрсең-допты табасың.<br>Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барып, нені тапқың келеді?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br><br>**3. Қазақ тілі**<br>Міндеті: Шағын өлеңдер, жұмбақ шешкізу<br>**Д.О.** | әр түрлі белгілері бойын ша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); топтастыру.<br>**Суретпен жұмыс** «Балықтар»<br>**Мақсаты:** Балаларды балықтар түрлерімен таныстыру, балықтар туралы мағлұмат беру.<br>**Балықтар-**алабұға, шортан, мөңке, жайын, таутан, сазан. (Балаларды суреттен бірнеше балық түрлерімен таныстыру).<br>**Балықтар-**әртүрлі болады. Олардың өте үлкендері де, майдалары да бар. Балықтар өзен, көл, теңіз, мұхиттарда тіршілік етеді. Балықтар желбезегімен тыныс алады, қанаттарының және құйрығының көмегімен суда жүзеді. Балықтың денесі жылтыр қабыршақпен жабылған. Балықтар су өсімдігінің сабағы мен жапырағына, | **Д.О.** «Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды.<br>Оңға бұрылсаң-қуыршақты табасың; солға-бұрылсаң машинаны табасың; алға жүрсең-допты табасың.<br>Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барып, нені тапқың келеді?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br><br>**3. Қазақ тілі**<br>Міндеті: Шағын өлеңдер, санамақтар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.<br>**Д.О.** «Маған ұнайтын жыл мезгілі»<br>**Ойынның мақсаты:** Сұрақ-жауап арқылы балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгілдерін атайды. Өзіне ұнаған мезгілді айтып береді.<br>-Бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілінің | **3. Құрастыру**<br>**Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>Міндеттері: Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыру, жұмысты бірге келісіп орындау. Сюжеттік суреттерді салу, ұжымдық жұмыстарды орындап, ойдан сурет салуды үйрету. Адам ның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Геометриялық элементтер ден құрастырып, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіру.<br>**Д.О.** «Ою құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерін білу және оларды атап, ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар бірнеше бөліктерден тұратын оюларды құрастырады, атын атайды, ұқсас оюларды топтастырады.<br>**Д.О.** «Тура осындай өрнекті тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетерін артыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға үлгі суреттер беріледі, балалар үлгідегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сияқты,<br>Шар сияқты домалақпын.<br>-Дөңгелектің бұрыштары бар ма?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Пішіндерді боя» Түстерді танып білуге үйрету.<br>**Ойынның мақсаты:** Пішіндер туралы білімдерін толықтыру. Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға пішіндер салынған қағаздар таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Педагог балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалар сол тақтадағы түстерге қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Шарты:** Көгалдағы балапандар қандай фигуралардан құрастырылғанына қара. Қағаздан | «Көліктерді ата»<br>**Шарты:** Суретте берілген көлік түрлерін атайды.<br>-Қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>-Алыс жол жүріп көрдіңдер ме?<br>-Өзің қандай көлікті ұнатасың?<br>-Ұшаққа мініп көрдіңдер ме?<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті)<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>«Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақтың шешуін табады.<br>Қанаты бар жаны жоқ,<br>Табаны бар, аяғы жоқ.<br>Өзі ұшады, аспанда жүреді,<br>Теңізден де, таудан да өтеді.<br>(ұшақ).<br>Аспанда ұшады,<br>Қанатын қақпайды.<br>Жерде де жүреді,<br>Бауырлап жатпайды. (ұшақ).<br>Құстан аумайды,<br>Көкте заулайды. (ұшақ)<br>**Сөздік ойын:** «Толықтыр»<br>**Шарты:** Сөйлемді толықтырып айтады.<br>Егер жермен жүрсе-бұл...(жер) көлігі. Олар: жеңіл машина, жүк көліктері, автобус, троллебус).<br>Егер сумен жүрсе-бұл...(су) көлігі. Олар: кеме, қайық, теплоход.<br>Егер әуеде ұшса-бұл...(әуе) көлігі. Олар: ұшақ, тікұшақ.<br>**Д.О.** «Суретті жина»<br>**Ойын барысы:** Балалар екі | суқойма түбіне уылдырық шашады. Уылдырық-балықтың жұмыртқасы. Уылдырықтан шабақтар пайда болып, өсіп-жетіледі.<br>**Д.О.** «Теңіз тіршілігі»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға теңіз тіршілігі туралы түсінік беру.<br>Су асты әлеміне қызығушылықтарын ояту.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап.<br>-Сен қандай балықтарды білесің?<br>-Суреттен шортан мен жайынды салыстыр.<br>-Өзің білетін және теледидардан көрген ірі балықтарды ата<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Боямақ.** «Теңіз тіршілігі» | ерекшеліктерін ата.<br>-Қыстан кейін қай мезгіл болады?<br>-Жазда ауа-райы қандай болады?<br>-Жапырақтар қай мезгілде сарғайып, жерге түседі?<br>-Қараторғай, қарлығаш, аққу, тырна жылдың қай мезгілінде жылы жақтан ұшып келеді?<br>-Аю жылдың қай мезгілінде ұйқыға кетеді?<br>-Саған жылдың қай мезгілі ұнайды?<br>-Несімен ұнайды?<br>**Д.О.** «Сәйкес заттарды тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін білу.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгіліне сәйкес заттарды таңда. Сызып қос.<br>**Күз**-қолшатыр. **Қыс**-шаңғы. **Көктем**-секіргіш. **Жаз**-футбол добы.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Маған ұнайтын жыл мезгілі»<br>**Шарты:** Сурет салу.<br>Балалар өздеріне ұнайтын бір жыл мезгілінің суретін салады.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | оюға ұқсас оюды табады.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>Сурет салу оңай ма?<br>Жұртқа өнерің ұнай ма?<br>Мұның бәрі түк емес,<br>Талаптыға алайда.<br>Балалар қазақ ою-өрнектерінің түрлері (түйетабан, құсқанаты,, құстұмсық, жапырақ, жауқазын, жетігүлді салады.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеттері: Допты зат тарды айналдыра жүр гізу.<br>Допты қақпаға тебу.<br>Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Пайдалы кеңестер»<br>**Шарты:** Пайдалы кеңестер туралы айтады.<br>Спортпен айналысу.<br>Жуыну. тазалық сақтау.<br>Дұрыс тамақтану.<br>Таза ауада дем алу.<br>**«Жағымсыз әдеттер»**<br>Қарандашты аузыңа салма!<br>Саусағыңды сорма!<br>Шашыңды тартпа! т.б.<br>**Д.О.** «Жақсы-жаман»<br>**Шарты:** педагог |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөліктерін қиып, оны құрастыр.<br>(Жапсыру-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Бойды сергек, тік ұста,<br>Емін еркін тыныста.<br>Деміңді ішке тез алда,<br>Оң қолыңды соз алға!<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Сол қолың босқа тұрмасын,<br>Шеңбер жасап тынбасын.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**3. Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті:Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итба лық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.<br>**Тыныштық сәті:** Балаларға үнтаспадан құстардың сайраған дыбысын тыңдату. | топқа бөлінеді. Көліктердің суреттері салынған парақ бірнеше бөлікке бөлініп, екі хатқалтаның ішінде болады. Әр топ балалары қағаз қиықтарын біріктіріп, көлік түрін құрастырады.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті)<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұшақтар»<br>**Шарты:** Педагог: **«Ұшақтар ұшады!»-**деген кезде барлық бала ұшақ болып екі қолын жайып ұшақ болып ұшады. **«Ұшақтар қона бастады!»-** дегенде барлық бала өз орнына келіп қона бастайды. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**4. Музыка**<br>Міндеті: Лирикалық, вальс ырға ғындағы баяу әуендерді қабыл дау, әннің (шығарманың) сипаты на сәйкес би қимылдарын орын дай білу, әннің қарқынының өзге руін байқау.<br>**Музыка тыңдау:** «Көкек» Х.Мұхамедова.<br>**Ән айту:**«Көктемде,көктемде» А.Жайымов.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Құстар» Т.Ломова.<br>**Д.О.** «Ән салған кім?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауыс тембрін айыра біліге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар | <br>(Сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3. Көркем әдебиет**<br>Міндеті:Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру №2 жұмыс дәптері. 39бет.<br>**Ертегілер еліне саяхат.**<br>Әр суретте қандай ертегі бейнеленгенін айт.<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:**<br>«Тапқыр қоян» ертегісі.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеттері: Футбол эле менттері. Берілген | **4. Музыка**<br>Міндеті: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау **Музыка тыңдау:** «Көңілді балалар әні» Б.Дәлденбай.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Айгөлек» әніне би билеу.<br>«Кел билейік» Б.Байқадамов.<br>**Мақсаты:** Музыка ырғағына сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасауға, әрбір би элементтерін, қимылды нақты, көтеріңкі көңіл-күймен орындауға талпындыру.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті) | балаларға допты лақтырып, «тісті тазалау», «алманы жумай жеу» т.с.с сөздер айтады. Балалар «жақсы» немесе «жаман» деп баға беріп, допты педагогке қайтарады.<br>**Есте сақта!**<br>Микроб, вирус, бактериялар-судан, сабыннан қорқады. Егер біз үнемі жуынып, шомылып, тісімізді тазалап жүрсек, деніміз сау болып, ауырмай жүреміз. Микроб, вирус, бактериялар шынығудан қорқады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Көкқұтан»<br>**Шарты:** Бір-бірінен бір адым қашықтықта құрсаулар жерде жатады. Бір аяқпен секіргенде тепе-теңдікті сақтауға назар аудару. Ойыншылар бір қоршаудан екіншіге бір аяқтап секіріп жүріп өтеді. Педагог белгі бергенде олар келген жерінде «қатып қалады» тепе-теңдік сақтап, ұзақ тұрған балалар жеңіске жетеді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Әуеннен не естідік?<br>-Құстар неліктен әртүрлі сайрайды?<br>-Әнші қандай құстарды білесіңдер?<br>-Үй құстарына қандай құстар жатады?<br>-Жыл құстарын атаңдар.<br>**Д.О.** «Бұл қандай құс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Құстар туралы білімдерін толықтыру. Құстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Ерекшеліктеріне қарай құстарды сипаттап айтуға үйрету және оларды ажырата білу. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекетіқоршаған орта).<br>**Жұмбақтар шешейік.** «Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақтың жауабын табады.<br>Тал басында ағаш үй,<br>Терезесіз тамаша үй.<br><br>(ұя)<br>Талдың басында, жемі бар қасында,<br>Там тұр саялы, достары аялы.<br>(құстың ұясы).<br>Ағаш басында,<br>Тас араында,<br>Әр алуан қуыста,<br>Түндіксіз отау. | шеңбер жасап тұрады. Көздерін жұмады. Педагог ортаға бір баланы шығарады. Ортаға шыққан бала кез-келген бір әнді орындайды. Шеңберде тұрған балалар ән салған кім екенін даусынан танып айтуы керек. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | бағыт қа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Ол-мен, ол- мен,<br>Және менің достарым!<br>-Еңбегімен өз үйін,<br>-Көркем етер кім екен?<br>-Қалам, дәптер, кітабын жинап қояр кім екен?<br>-Айтыңдаршы, таңертең жуынбаған кім екен?<br>-Тапсырманы үйдегі орындаған кім екен?<br>-Бір сағаттай сабаққа кеш келетін кім екен?<br>-Терезеге доп соғып, сындыратын кім екен?<br>-Ал шынығып, жаттыққанды ұнататын кім екен?<br>-Балалар шеңберге тұрып сұрақтарға жауап береді. «Ол-мен, ол-мен және менің достарым!»<br>**Көзге арналған гимнас тика**<br>Көркем көбелек,<br>Бізді желпіп кет.<br>Көркем көбелек,<br>Көзімізді демалтып,<br>Шипа беріп кет»<br>Балалар көздерін 1-2 секунд жұмып тұрып, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (ұя).<br>-Қәзір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктемде алғаш ұшып келетін құсты ата.<br>-Қандай құстарды білесіңдер?<br>-Құстың адамға қандай пайдасы бар?<br>-Құстарға қандай қамқорлық жасауға болады?<br>-Қандай құстар ұясын су маңына салады?<br>-Қарлығаш ұясын қалай салады?<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Ұя.**<br>Ұя жасап тақтайдан,<br>Талға апарып байладым.<br>Жыл құсының шаттанған,<br>Күттім қашан сайрауын.<br>Сол ұяны талдағы,<br>Қараторғай мекендеп,<br>Күні бойы сайрады,<br>Жайлы пәтер екен деп.<br>Қ.Баянбаев.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Ұшты-ұшты»<br>**Шарты:** Қимылмен көрсетеді.<br>Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты!<br>Ұшты-ұшты, бұршақ ұшты! | | ашып қалып, тез-тез жыпылықтатады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жұбыңды тап»<br>**Шарты:**Екі-екіден сапқа тұру. Сапта жүгіру. Түрлі-түсті лентаrange алып, сол лентаlардың түстеріне қарай жұпқа тұрады.<br>Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. Қайтадан «1,2,3-жұбыңды тап!»-деп белгі бергенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады.<br>Жүргізуші ортада тұрады.<br>Ұлдар тобы **«Түн»,** қыздар тобы **«Күн»** болады.<br>**Ойын басталады:**<br>**«Түн!»**-дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға, **«Күн!»**-дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады.<br>(Дене шынықтыру- | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұшты-ұшты, құс ұшты!<br>Ұшты-ұшты, тұз ұшты!<br>Ұшты-ұшты, құлын ұшты!<br>Ұшты-ұшты, мұрын ұшты!<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О**. «Ұяда қандай құс бар?<br><br>**Боямақ.** «Құстар»<br><br>(Сурет салу-шығармашы лық іс әрекеті)<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеттері:Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақ тыру. Допты оң және | | ойын әрекеті, қимыл белсенділігі) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.<br>**Негізгі қимылдар: Ұйымдастыру кезеңі.** «Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне қарап күлімсірейді.<br>**Негізгі кезең.** «Зейінді боламыз»<br>**Мақсаты:** Балалардың зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін және қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ойын барысы:** Допты басынан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жат тықтыру.Допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін дамыту.<br>**«Қи қоңыз»** ойын-жаттығуы.<br>**Ойынның мақсаты:** Еркін бағытты доптарды домалатуға жаттықтыру. **Ойын барысы:** Доптарды домалатып жүреді, доптарды қатты итермейді.<br>**Жаттығу:** «Айқас қадамдар»<br>Жүріп келе жатып, сол қолмен оң аяқты | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тигізу, оң қолмен сол аяқты тигізу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | №11 Батпақтарды бақылау | №12. Қалың қардың азаюын бақылау. | №13. Аспанды бақылау | №14. Көктемгі алғашқы шөптерді бақылау | №15. Ауа райындағы өзгерістерді бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дик Артёммен жеке жұмыс. Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта білуге үйрету. | Зекен Жансерімен жеке жұмыс. Бақылаулар мен сюжеттік суреттер әңгіме лер құрастыруды меңгерту. | Барлық балалармен жеке жұмыс. Әңгімелерді бірізді айтып беруді үйрету. | Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс. Артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытуды жалғастыру. | Барлық балалармен жеке жұмыс. Көркем шығарма ларды рөлдерге бөліп сах налауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Ата-аналарға кеңес: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналарға кеңес: «Бала тәрбиесіндегі қымбатты бір минут». Бір минут балаңызды мақтаңыз. | Ата-аналарға кеңес: Балалар ға кітаптардан қызықты әң гіме, ертегілер оқып беру ге кеңес беру. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ
Сынып _мектепалды___Балалардың жасы_ 5 жас_______**Жоспардың құрылу кезеңі:** 22-26 сәуір 2024 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі. | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Құстарды құрастыр» **Ойынның мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа баулу. **Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Алдын ала қиып дайындалған құстардың денелерін құрастыруы керек. Қай топ тез құрастырса, сол топ жеңімпаз. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта). | **Шығармашылық үзіліс.** «Бақтар гүлдегенде» **Мақсаты:** Көктемгі табиғат көрінісін салу. Табиғаттың келбетін, көктемге тән белгілерді беру дағдысын нығайту; түс және эстетикалық қабылдау сезімін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. (Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті) | **Д.О.** «Көліктерді ата» **Ойынның мақсаты:** Балаларды көлік түрлерімен таныстыру. Жол тәртібін сақтауға тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Балалар суретте берілген көлік түрлерін атайды. -Қандай көлік түрлерін білесіңдер? -Алыс жол жүріп көрдіңдер ме? -Өзің қандай көлікті ұнатасың? (Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта). | **Шығармашылық үзіліс.** «Бағдаршам» **Мақсаты:** Геометриялық фигура-дөңгелек және тіктөртбұрыштың көмегімен бейнелеу тәсілін меңгеру. (Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Сәуір айына таңертеңгі жаттығу кешені. №16 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері.** Қайырлы таң, балалар! Арайланып таң атты, Алтын шапақ таратты, Қайырлы таң, балалар! Жер бетінде тыныштық Болған әрбір күн ыстық! Қайырлы таң, балалар! Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң, балалар! Аман Отан – панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң, балалар! (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | **Д.О.** «Жаңылмай айт» **Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін дамыту. Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету. **Ойын барысы:** Балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтқызу. 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті). | **Д.О.** «Не өзгерді?» **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, байқампаздыққа баулу. **Ойын барысы:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады. | **Д.О.** «Үш түс, үш қозғалыс» **Ойынның мақсаты:** Жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Педагог бағдаршамның үш түсіне сәйкес қимылдар жасай ды. Балалар педагогтің қимыл-қозғалысына қарай бағдаршам түстерін дұрыс атаулары қажет. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру ойын әрекеті-қимылбелсенділігі) |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған** | **1.Сөйлеуді дамыту** Міндеті: Шығармашылықпен | **1.Сауат ашу негіздері** Сөздерді дыбыстық талдау: | **1.Сөйлеуді дамыту** Міндеті: Шығармашылықпен | **1.Сауат ашу негіздері** Міндеті: Буын туралы | **1.Сауат ашу негіздері** Міндеті: Буындардан |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет** | сөйлеу әрекеті. Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Өзі жуас, өзі момын,<br>Бір шешпейді тонын.<br>(қой)<br>Кішкене ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар.<br>(қошақан)<br>Үй жануарлары мен төлдерін ата.<br>Үй жануарларының қандай пайдасы бар?<br>Адам үй жануарларын не үшін өсіреді?<br>**Атамның ауылында.** (сурет бойынша әңгімелеу).<br>-Ауылға барып көрдіңдер ме?<br>-Жылқышы нені бағады?<br>-Бақташы нені бағады?<br>-Айналасында қандай жануарлар жүр?<br>-Оларды бір сөзбен не дейміз?<br>-Төрт-түлік несімен пайдалы?<br>-Ет пен сүттен қандай тағамдар жасалады?<br>**Д.О.** «Сиқырлы қалта»<br>**Ойынның мақсаты:** Диалогтік сөйлеуде сөздер ді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог сиқырлы қалтаны ортаға қойып балаларды кезекпен шақырып, сол қалтадағы заттарды алғызады. Балалар алған заттарын сипаттап айтып береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік | сөздегі дыбыстар дың ретін, дауысты жә не дауыссыз дыбыс тарды анықтау.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға бірнеше суреттер таратылып беріледі. Балалар сол суреттерге қарап сөйлем құрайды.<br>**Д.О.** «Ойлан да аяқта»<br>**Ойынның мақсаты:** Айтылған сөздерді есіне сақтап, сөзді сөйлеммен жалғастырып айтуға дағдыландыру, балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше сөз тіркестерін айтады. Балалар сөйлемді аяқтайды.<br>Көктем.....<br>Күн.....<br>Құстар...<br>Балалар.....<br>Ұя.......<br>Ағаш......<br>Бәйшешек......<br>Қызғалдақ.....<br>Жәндіктер.....<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Қайсысы ұнайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Суреттен көрген заттардың атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнайтынын айту. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға әртүрлі суреттерді көрсетіп, олардың қайсысының | сөйлеу әрекеті. Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Күні-бойы тынбайды,<br>Дәмді тағам жинайды.<br>(ара).<br>Тоқыған ауы,<br>Шыбынның жауы.<br>(өрмекші).<br>Үп-үшкір таяғы,<br>Жыланның көзін ояды.<br>(дәуіт).<br>Алға қарай,<br>Артқа қарай жүреді.<br>Еңбексүйгіш оны бәрі біледі. (құмырсқа)<br>Ұшып жүрген гүл көрдім,<br>Қонғанда ұстап үлгердім.<br>(көбелек)<br>Алты аяқты,<br>Төрт қанатты.<br>Аң да емес,<br>Құс та емес,<br>Бір елес. (инелік)<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Суретке қарап өзің білетін жәндіктерді ата.<br>-Қандай жәндіктерді білесіңдер?<br>-Көктемде жәндіктердің тіршілігінде қандай өзгерістер болады?<br>-Пайдалы және зиянды жәндіктерді ата.<br>-Инеліктің, қоңыздың, құмырсқаның аяқтарын сана. Нешеу?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Көбелектің суретін саламыз»<br>**Мақсаты:** Монотипті пайдалана отырып, | ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>**ДО.** «Сөзге сөз қос»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөзге сөз қосып, сөйлем құрату арқылы балалардың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог бір сөз айтады, балалар сол сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады. | сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Қолды жазуға дайындау. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлде нең, қысқа, ұзын, толқын ды және ирек сызықтар ды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.<br>Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br><br>**«Кел жазайық»**<br>**Мақсаты:** Тік және көлбеу таяқшаларды сызуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Уақытты бағдарлау.<br>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту<br>Уақытты бағдарлау.<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтрды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Д.О.** «Нүктелерді жалғастыр»<br><br>**«Кел жазайық»**<br>**Мақсаты:** Тік және көлбеу таяқшаларды сызуға үйрету.<br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті). | ұнайтыны туралы сұралады.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті)<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Уақытты бағдарлау.<br>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту<br>Уақытты бағдарлау.<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, аңғарымпаздыққа үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарайды. Суреттен қандай және қанша айырмашылық бар екенін айтады. Суретті бояйды.<br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br>**«Кел жазайық»**<br>**Мақсаты:** Тік және көлбеу таяқшаларды сызуға үйрету | пішіндерді симметриялы орналастыру негізінде сурет салуға үйрету; сәндік қолднбалы өнермен таныстыруды жалғастыру; балалардың эстетикалық талғамдарын дамыту.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Шарты:** Балалар қимылмен көрсетеді.<br>Қане қанат қағайық,<br>Қарлығаш болып ұшайық.<br>Ұшып-ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>Қарлығаш болып ұшайық,<br>Торғай болып қонайық.<br>Сауысқан болып секіріп,<br>Тоқылдақ боп шоқиық.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:«**Ұшты-ұшты**»**<br>**Шарты:** Қимылмен көрсетеді.<br>Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты!<br>Ұшты-ұшты, бұршақ ұшты!<br>Ұшты-ұшты, құс ұшты!<br>Ұшты-ұшты, тұз ұшты!<br>Ұшты-ұшты, құлын ұшты!<br>Ұшты-ұшты, мұрын ұшты!<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ән айту:** «Көбелек» М.Әубәкіров.<br>Қызыл қанат көбелек,<br>Жасыл қанат көбелек.<br>Гүлден-гүлге қонасың,<br>Ұстатпайсың не керек?<br><br>Ақ қанатты көбелек,<br>Көк қанатты көбелек,<br>Қызыл қанат көбелек,<br>Бақшамызға келе кет.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | <br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті. Тәулік бөліктері нің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиға лардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтрды дәптер дің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Д.О.** «Нүктелерді жалғастыр»<br><br>**«Кел жазайық»**<br>**Мақсаты:** Тік және көлбеу таяқшаларды сызуға үйрету. | <br>(Сауат ашу-коммуникативтік әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**2. Көркем әдебиет**<br>Міндеті: Көркем шығарма ны рөлдерге бөліп, сахна лау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бей ненің қимылын, интонация сы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Ренжісуді білмейміз!<br>**Ертегілер еліне саяхат**<br>Кел балалар, тұрмандар!<br>Бізде қызық думан бар.<br>Атамыздың алуан түрлі<br>Ертегісін оқып алып,<br>Тоқып алыңдар!<br>**Д.О.** «Менің сүйікті ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды және жағымсыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Д.О.** «Танып ал да, атын ата»<br>**Шарты:** Заттың атын атап, түр-түсін, пішінін атауға жаттықтыру.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті).<br><br>**3.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті:Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**1.**Суретке қара. Суретші бейнелеген жануарларды ата. Оладың қайда тіршілік ететінін білесің бе? Өзіңнің өлкеңде тіршілік ететін жануарларды белгіле.<br>Аю. Қарақұйрық. Түлкі. Борсық. Барыс. Тиін. Киік. Жолбарыс. Қасқыр. Кірпі. Құлан.<br>**2.**Сызық арқылы ересек жануарларды балаларымен қос. Олардың қандай айырмашылықтары бар?<br>**3.**Сызбаның көмегімен жабайы жануарлар туралы әңгіме құра. Олардың жыртқыш немесе шөп қоректі жануар екенін ұмытпа.<br>Мынау не?<br>Дене мүшелері.<br>Түсі. | <br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Сөздік қор.<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**Шарты:** Балалар шаттық шеңберіне тұрады, өлең жолдарын педагогпен бірге айтады, қойылған сұрақтарға жауап береді.<br>Біз ұқыпты баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Ойыншықты жинаймыз,<br>Үлкендерді сыйлаймыз.<br>-Сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма?<br>-Қандай ойыншықтарды жақсы көресіңдер?<br>-Ойыншықтарды қалай ұстау керек?<br>-Өзіңе ұнаған ойыншықтарды сипатта.<br>-Сенде қандай ойыншықтар бар?<br>-Ойыншықтар неден жасалады?<br>**«Ойыншықтар» (жаттау).** | **2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті: Жануарлар әлемі Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.<br>**Д.О.** «Үй жануарлары мен төлдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп, үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтқызады.<br>**Д.О.** «Төлін тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй жануарларының төлдерінің аталуын және оларды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға үй жануарлары ілінеді. Балалар әр бір үй жануарларының қасына өз төлін тауып іледі.<br>**Д.О.** «Жануарларды салыстыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй жануарларының дене мүшелерін салыстыра | <br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті).<br>**Математикалық боямақ.**<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**<br>-Суреттен қандай жемістерді көріп тұрсыңдар?<br>-Жемістерді боя.<br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеті: Байланыстырып сөйлеу. Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті | кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, жолдастыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша ертегілердің аттары мен қысқаша мазмұнын айту.<br>**Д.О.** «Ертегі құрастыру»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ертегілерде кездесетін бірнеше кейіпкерлерді атайды. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар жаңа бір ертегі құрастырады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Қорқақ қоян» ертегісін сахналау.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті)<br><br>**3. Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>Міндеттері:Жазық қағаз пішіндерді көлемді пішін derге өзгерту, жұмыс ор нында қауіпсіздік ереже лерін сақтауды меңгерту. Суретті бейнелеуде мәнер лі құралдарды, қазақ оюла рының элементтерін қол дану. Мүсінделген пішін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қайда мекендейді?<br>Немен қоректенеді?<br>Адамға пайдасы.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз орманға барамыз,<br>Онда аюды көреміз.<br>Желкемізде қолымыз,<br>Теңселе басып жүреміз.<br><br>Алдымызда талдардан,<br>Жылтыңдаған қу түлкі.<br>Біз түлкіні алдаймыз,<br>Жүгіріп басып қалмаймыз.<br><br>Қояндарды көреміз,<br>Қоянға ұқсап жүреміз.<br>Қолымызды алға ұстап,<br>Секіре басып келеміз.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-ойын әрекеті-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О. «Қандай жануар?»**<br>**Шарты:**<br>Бір бала хатқалтадан бір жануардың суретін алады. Сол жануар туралы әңгімелейді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Не істейді, қайтеді?»<br>**Шарты:** Хат қалтадан шыққан жануарлардың жануарлардың қозғалу тәсілін айтады.<br>Жүгіреді, ұшады, секіреді, жүзеді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**4.Дене шынықтыру** | Іші тола бөлменің,<br>Ойыншығым мол менің.<br>Босқа тізіп қоймайық,<br>Келе ғой дос ойнайық.<br>Мына тұрған арғымақ,<br>Мінем оған қарғып ақ.<br>Мына тұрған қояным<br>Алдына жем қоямын.<br>**Жұмбақтарды шеш.**<br>Құстан аумайды,<br>Көкте заулайды.<br>(ұшақ).<br>Суға салсаң батпайды,<br>Түскен жерде жатпайды.<br>(доп).<br>Болғанмен жүгі ауыр,<br>Жүрісі тың,<br>Таңданып көрген жандар тамсанатын.<br>(поезд).<br>Аяғы бар жүрмейді,<br>Аузы бар күлмейді.<br>Айнымайды бөпемнен,<br>Тек сөйлеуді білмейді.<br>(қуыршақ).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Менің сүйікті ойыншығым»<br>**Мақсаты:** Ойыншыққа қарап отырып суретін салу.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О. «Жалғасын тап»**<br>**Ойын шарты:** Бастаушы бала сөйлемді бастап береді. Балалар аяқтайды.<br>-Менің ойыншығым...<br>-Мен қуыршақпен...<br>-Допты жоғары....<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Добым, добым, домалақ, | отырып, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша үй жануарларын атап, олардың дене мүшелерін салыстырады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Кім тез құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Бірнеше үй жануарларының қиылған денелерін құрастыру.<br>(Құрастыру, қоршаған орта).<br>**Ән айту:** «Төлдер» Б.Ғизатов.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3. Көркем әдебиет**<br>Міндеті: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**Д.О.** «Сандық»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Көрнекілігі:** сандық, түрлі түсті карточкалар, тапсырмалар жазылған хатқалта.<br>**Ойын барысы:** қызыл, жасыл, сары және көк түсті | суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға үйрету.**Д.О.** «Заттың атын ата»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Заттарды сипап-сезіп, сипаттау арқылы балалардың сезімталдғын дамыту; танымдарын кеңейту; сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі ойыншықтар салынған қоржыннан көзі байланған бала бір ойыншықты алады. сонан соң сол ойыншықты жан-жақты сипаттайды және ойыншықтың атын атап, түр-түсін ажыратады.<br>**Д.О.** «Қайсысы ұнайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнайтынын айтқызу. Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Тақтаға бірнеше суреттер ілінеді. Педагог балаларға әртүрлі суреттерді көрсетіп, олардың қайсысы ұнайтынын, не үшін ұнағаны туралы сұралады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Ойыншықтар» Қ.Мырза Әли. | дердің бөліктерін бір-бірі не қосып, біріккен жерле рін тегістеу. Геометрия лық элементтерден құрас тырып, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіру.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Өзі жуас, өзі момын,<br>Бір шешпейді тонын.<br>(қой).<br>Кішкене ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар.<br>(қошақан).<br>**Сұрақ-жауап.**<br>Үй жануарлары мен төлдерін ата.<br>Үй жануарларының қандай пайдасы бар?<br>Адам үй жануарларын не үшін өсіреді?<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>**Қошақан.**<br>Кіп - кішкене момақан,<br>Қошақанды ұнатам.<br>Сүйеді апам қозым деп,<br>**«Қошақаным»**- өзің деп.<br>-Кімді ата аналары қандай төлдің атымен еркелетіп айтатынын сұрау.<br>-Мені анам **«қошақаным»**-деп еркелетеді.<br>-Мені анам **«ботам»**-дейді.<br>-Мені анам **«құлыншағым»**-дейді<br>**«Әнші төлдер»**<br>«Мә - мә» деген әні бар,<br>Жібек тоны сәні бар.<br>Қошақаным момақан,<br>Сүйкімді бір жануар.<br>-Қошақан ненің төлі?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеті: Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Үлкен шеңбер бойына,<br>Жиналыпты достарым.<br>Алдымен солға жүреміз,<br>Сосын оңға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Жимиямыз күлеміз,<br>Ойын құрып жүреміз.<br>**Еркін ойын:** «Достарымның көңілді күлкілері»<br>**Шарты:** Әртүрлі күлкі түрлерін көрсет.<br>Ха-ха-ха! Хо-хо-хо!<br>Хи-хи-хи! Хи-хо-хе!<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Бір тізбекпен жүру;<br>Шашырап жүру;<br>Секіру: бір орнында тұрып секіру, айналу.<br>Оң аяқ және сол аяқты алмастырып секіру.<br>Әртүрлі екпінде үзіліссіз жүгіру. (1-5 инут).<br>Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр!<br>Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. | Тоқтамайсың домалап.<br>Үстел үстін бүлдірдің,<br>Тәрелкені сындырдың.<br>Тентек болып кеттің деп,<br>Тұрмын сені тепкім кеп.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті-қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: Әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Ойыншық» Ғ.Жұбанова.<br>**Ән айту:** «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>-Сендерде қандай ойыншықтар бар?<br>-Сендер олармен қалай ойнайсыңдар?<br>-Ойыншықтарыңмен доссыңдар ма?<br>-Сендердің қуыршақтарыңның есімі бар ма?<br>-Ән қандай көңіл-күйде жазылған?<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Асты, ұйқыны білмейтін,<br>Жүгірмейтін, жүрмейтін.<br>Мұндай бала көрсемші,<br>Жыламайтын күлмейті.<br>Бұл не?<br>(қуыршақ).<br>Ұшып-қонып тынбайды,<br>Қанша соқсаң сынбайды.<br>Суға салсаң батпайды,<br>Түскен жерде жатпайды. | карточкалар сандық ішінде жатады. Балаларға арналған әртүрлі тапсырмалар болады.<br>**Қызыл** түсті карточка алған бала-жұмбақтың жауабын табады.<br>**Жасыл** түсті карточка алған бала-суретте қандай ертегі бейнеленгенін айтады.<br>**Сары** түсті карточка алған бала-тақпақ, өлең айтады.<br>**Көк** түсті карточка алған бала-жаңылтпаш айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Міндеті: Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**Спорттық ойындар:**<br>«Нысанаға допты домалату»<br>**Шарты:**Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглилерді қолдарындағы допты домалатып, көздеп құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтауы тиіс. Допты оң қолмен, сол қолмен де домалатуға болады.<br>**Спорттық ойындар:**<br>Баскетбол.<br>**Шарты:** Допты еденге оң қол және сол қолды алмастырып соғу. (4 рет).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Паровоз»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға өз тобының | Іші тола бөлменің,<br>Ойыншығым мол менің.<br>Босқа тізіп қоймайық,<br>Келе ғой досым ойнайық.<br>Мына тұрған арғымақ,<br>Мінем оған қарғып-ақ.<br>Мына тұрған қояным,<br>Алдына жем қоямын.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі- коммуникативтік әрекеті).<br>**Д.О. «Жалғасын тап»**<br>**Ойын шарты:** Бастаушы бала сөйлемді бастап береді. Балалар аяқтайды.<br>-Менің ойыншықтарым...<br>-Менің қуыршағым...<br>-Менің добым....<br>-Менде көп.....<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі- коммуникативтік әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: Әннің (шығар маның) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығарма ларды сипаттай білу.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Ойыншық» Ғ.Жұбанова.<br>**Ән айту:** «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Музыкалық- қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Көлеңке»<br>**Шарты:**Балалар екі-екі ден бірнеше қатарға тұра ды. Бақылаушы тобын сайлауға болады. Бірінші баланың артында тұрған | орта).<br>**Балалардың жұмысы.**<br>«Бұйра қошақан»<br>**Шарты:** Балалар қошақан ды қиып жапсырады, мүсіндейді, көлемді қағаз дан құрастырады, суретін шаблондар арқылы салады. (шығармашылық іс әрекеті).<br>**Ән айту.** «Төлдер» Б.Ғизатов.<br>«Ақтайлақ» Ә.Еспаев.<br>**Қорытынды.**<br>-Түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкінің төлдерін ата.<br>-Үй жануарларынан не аламыз?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған ортамен танысу)<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеті: Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады.<br>Ұлдар тобы «Түн», қыздар тобы «Күн» болады.<br>Ойын басталады:<br>«Түн!» дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға,<br>«Күн!» дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.<br>**Еркін ойын:** «Көңілді балапандар»<br>Балапандар басады,<br>Аяқтарын топ-топ.<br>Топ-топ-топ.<br>Аяқтары шаршаса,<br>Қанаттарын қағады:<br>Шарт! Шарт! Шарт!<br>Содан кейін отырып,<br>Әсем биді билейді:<br>Шиқ, шиқ, шиқ.<br>Олар қашса егер де,<br>Ұстай алмас ешкім де.<br>«Қаш!»-дегенде балалар жан-жаққа қашады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті-қимыл белсенділігі). | (доп).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қуыршақпен билейміз» Н.лысенко.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Музыкалық-дидактикалық ойын:** «Ән салған кім?»<br>**Шарты:** Музыканы тыңдай отырып, даусына қарай ажырату. Балалардың ұқыптылығын, музыкалық есту қабілеттерін арттыру.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | балалары тату, мейірімді, адал болуын тілейтінін айта отырып, паровоз ойынын ойнауды ұсынады. Онда **«вагондар»** бір-бірін шынтағынан ұстайтынын көрсетеді. Паровоз әртүрлі қарқынмен, ырғақпен, кедергілер арқылы жүреді. Балалардың ырғақты ән айтуларына болады.<br>**Ойынның шарты:** Балалар бір-бірінің қолдарынан жібермей, біртұтас команда ретінде әрекет етуі керек. | бала (2 қадам кейін) ол-«көлеңке».Бірінші бала не істесе, қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соны бұлжытпай орындауы ке рек. Музыка аяқталған нан соң бақылау тобы «көлеңкелердің» қимыл сәйкестігін айтады.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті, дене шынық тыру-ойын әрекеті-қимыл белсенділігі). | тырысады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарлығаш»<br>**Шарты:** Залға ойыншылардың санына қарай шеңберлер қойылады.<br>Бұл – **қарлығаштардың үйі.** Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»- деген сөзден кейін балалар үйлеріне (шеңберге) кіреді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті- қимыл белсенділігі). |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | №1. Ауа-райына бақылау жасау. | №3. Желді бақылау. | №18. Қараторғайларды бақылау. | №16. Ауа-райына бақылау жасау. | №4. Аспанға бақылау жасау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс. Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта білуге үйрету. | Дик Артёммен жеке жұмыс. Бақылаулар мен сюжеттік суреттер әңгі мелер құрастыруды меңгер ту. | Зекен Жансерімен жеке жұмыс. Әңгімелерді бірізді айтып беруді үйрету. | Бакытжанова Айдинамен жеке жұмыс. Артикуляция лық жаттығуларды жасау ға қызығушылық таныту ды жалғастыру. | Барлық балалармен жеке жұмыс. Көркем шығарма ларды рөлдерге бөліп сахналауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Ата-аналарға кеңес: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» | «Мектеп жасына дейінгі ба лалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналарға кеңес:«Бала тәрбиесіндегі қымбатты бір минут» Бір минут балаңызды мақтаңыз. | Ата-аналарға кеңес: Бала ларға кітаптардан қызық ты әңгіме, ертегілер оқып беруге кеңес беру. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:**№ 11 ЖББМ
Сынып _мектепалды сынып___Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 29 сәуір- 3 мамыр 2024 жыл 1 мамыр кіріктірілді

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | **Боямақ.**<br>**Шарты:** Балалар суретті бояйды, ғарыш, аспан әлемі туралы әңгімелейді. Өз ойларын айтады. Сұрақтарға жауап береді.<br><br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Шарты:** Балалар суретке қарайды. Суреттен қандай және қанша айырмашылық бар екенін табады.<br><br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Боямақ.** «Көңілді дильфиндер»<br>**Шарты:** Балалар суретті бояйды, су асты әлемі, теңіз тіршілігі туралы әңгімелейді.<br><br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Мамырайына таңертеңгі жаттығу кешені. №17 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Ән айту:** «Достық» И.Нүсіпбаев. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>Та-та-та,<br>Ақ сақалды ата.<br>Е-е-е<br>Ақ жаулықты әже. | **Шаттық шеңбері.**<br>Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қолдарындағы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. | **Д.О.** «Ертегідегі үй»<br>**Шарты:** Балалар ертегідегі үйді және ертегі кейіпкерлерін атайды. Ертегі мазмұнын еске түсіреді, қысқаша баяндайды. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Ке-ке-ке,<br>Асқар таудай әке.<br>На-на-на,<br>Мейірімді ана.<br>Ға-ға-ға,<br>Қамқоршы аға.<br>Ла-ла-ла,<br>Бұл ақылды бала.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | <br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті: Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру<br>**Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Көктем мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Педагог:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>-1 Мамыр қандай мереке?<br>-Мерекеде досыңа не сыйлағың келеді?<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**Шарты:** Балалар шаттық шеңберінде дөңгелене тұрып, «Достығымыз жарасқан» әнін орындайды. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Мектептің жүрегі,<br>Білімнің тірегі.<br>(мұғалім)<br>Сауықтырар сырқатты,<br>Жылы үнмен тіл қатты.<br>(дәрігер)<br>Тікті әсем киімді,<br>Дүкенге әкеп ілінді.<br>(тігінші)<br>Зымыранды ерттеген,<br>Ай, жұлдызды зерттеген.<br>(ғарышкер).<br>Тыныштығы Отанның,<br>Күзететін адам кім?<br>(шекарашы).<br>Кірпіштпен сарай, үй салады,<br>Ол адам кім болады?<br>(құрлысшы). | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері:Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.Геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай, бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Д.О.** «Ойлан да аяқта»<br>**Ойынның мақсаты:** Айтылған сөздерді есіне сақтап, сөзді сөйлеммен жалғастырып айтуға дағдыландыру, балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше сөз тіркестерін айтады. Балалар сөйлемді аяқтайды. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті:Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтар мен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу. Суретті бояу. Сурет бойынша әңгімелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Досыңды тап»<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың балалары көздерін таңып, өз достарын табуы керек. Олар өз досының қолын, шашын, киімін ұстап, сипау арқылы табады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.**<br>Біз-балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз-бейбіт күн,<br>Ашық болсын кең аспан!<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Шарты:** «Ұлттар достығы» сурет салу.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Достық үйін құрамыз.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті-қимыл белсенділігі).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту<br>Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтрды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Д.О.** «Нүктелерді жалғастыр» | **Д.О.** «Мамандық иесін ата»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу және мамандық таңдауға қызығушылықтарын ояту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі мамандық иелерін ата. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап бер.<br>-Дәрігер не істейді?<br>-Ғарышкер ше?<br>-Мұғалім не істейді?<br>-Полиция қызметкері не істейді?<br>-Саған қандай мамандық иесі ұнайды?<br>-Өскенде кім боласың?<br>-Сенің ата-анаң қандай мамандық иесі?<br><br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық | Көктем.....<br>Күн.....<br>Бақта жеміс....<br>Бақшада.....<br>Мен әкеммен ағаш.......<br>Мен гүл.....<br>**Д.О.**«Сөйлемде қанша сөз бар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөйлемді ауызша талдау: сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауға үйрету және дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білу.<br>**Ойын барысы:** Балалар сурет бойынша сөйлем құрайды. Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтайды, сөздерге дыбыстық талдау жасайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br><br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>2.**Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшалар ды, қисық және қиғаш сызықтрды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Д.О.** «Нүктелерді жалғастыр» | <br>(Сөйлеуді дамыту, сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**«Кел жазайық»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды сызу.<br><br><br>(Сауат ашу-коммуникативтік әрекеті).<br><br>**2. Көркем әдебиет**<br>**01.05.24 кіріктірілді**<br>Міндеті: Өлеңдерді жатқа, мәнер леп, интонациямен айту.<br>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br><br>**«Кел жазайық»**<br>-Суреттен қандай геометриялық фигураларды ккріп тұрсың?<br>Тізбекті жалғастыр.<br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекет). | және қиғаш сызықтрды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Ән айту:** «Санау әні»<br>**Д.О.** «Қандай сан жоқ? Толықтыр»<br><br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті)<br>**Д.О.** «Адасқан сандар» ойыны<br>**Д.О.** «Нүктелерді жалғастыр»<br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3. Қазақ тілі**<br>Міндеті: Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруді, ауы зекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануды үйрету.<br>**Д.О.** «Кім көп біледі?»<br>**Ойынның мақсаты:** Мақал-мәтелдердің мағынасын ұғынуға, олардың айырмашылығын айыра білуге үйрету. Сөздік қорын молайтып, ақыл-ойын дамыту.<br>**Ойын барысы:**Кім көп мақал-мәтелдердерді айтса сол бала жеңімпаз болады. | <br>Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті).<br>**Математикалық боямақ.**<br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Ән айту:** «Санау әні»<br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Қандай сан жоқ? Толықтыр» | театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>**«Кітап деген не?»**<br>деген сұраққа балалар өз жауаптарын айтады.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың ой өрісін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Жұмбақтарды шешеді.<br>Ұсынған қойнынан,<br>Білімнің үлесін.<br>Шықпайды ойыңнан,<br>Досың ғой білесің.<br>(кітап).<br>Қабат-қабат қатталған,<br>Асыл сөзбен апталған.<br>Ол қазына өлмейтін.<br>(кітап).<br>**Ертегілер елі.** «Кітаптар мұңы»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларға ертегіні оқып беру.Сөздік қорларын дамытау, сақтауқабілеттерін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар жаңа ертегімен танысады, тыңдайды.<br>**Д.О.** «Болады, болмайды»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды кітапты ұқыпты, таза ұстауға үйрету, кітапқа деген қызығушылығын ояту.<br>**Ойын барысы:**<br>-Кітапты жыртуға...... .<br>-Кітапты сызуға..... .<br>-Кітапты лақтыруға..... .<br>-Менің кітаптарым.... .<br>-Мен кітаптарымды.... .<br>-Мен досыма ертегі кітап..... .<br>-Маған анам кітап дүкенінен ертегі кітап..... .<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті). |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **3.Қоршаған ортамен танысу**<br>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату, жанурлар мен өсімдіктер өмірін дегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсау лықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Табиғатқа құштармын.<br>Армысың, шапағатты күніміз,<br>Армысың, мейірімді жеріміз,<br>Армысың, табиғат-анамыз,<br>Келді Сізге өзіңіздің балаңыз.<br>**Д.О.** «Не болар еді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Табиғат туралы білімдерін толықтыру және оны қорғау керек екенін ұғындыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар ойды аяқтайды, сұрақтарға жауап береді.<br>Егер күн болмаса не болар еді?<br>Егер ауа болмаса не болар еді?<br>Егер су болмаса не болар еді?<br>Егер өсімдіктер болмаса не болар еді?<br>Егер жан-жануарлар, аңдар болмаса не болар еді?<br>Егер құстар болмаса не болар еді?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру).<br>**«Табиғат деген не?»** Ә.Ысқақ. (балаларға мәнерлеп оқып беру).<br>-Неліктен табиғатты анаға теңейміз?<br>-Сендер табиғат дегенді қалай түсінесіңдер?<br>**Шығармашылық жұмыс.**<br>**Шарты:** Балалардың қолдарына бірнеше суреттер (тау, күн, су, | **Д.О.** «Сандық»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Көрнекілігі:** сандық, түрлі түсті карточкалар, тапсырмалар жазылған хатқалта.<br>**Ойын барысы:** қызыл, жасыл, сары және көк түсті карточкалар сандық ішінде жатады. Балаларға арналған әртүрлі тапсырмалар болады.<br>**Қызыл** түсті карточка алған бала-жұмбақтың жауабын табады.<br>**Жасыл** түсті карточка алған бала-суретте қандай ертегі бейнеленгенін айтады.<br>**Сары** түсті карточка алған бала-тақпақ, өлең айтады.<br>**Көк**түсті карточка алған бала-жаңылтпаш айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4. Музыка**<br>Міндеті:әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Қазақ халқының әндері мен би | <br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті).<br><br>**3. Қазақ тілі**<br>Міндеті: Байланыстырып сөйлеу.<br>Өз бетінше қарым-қатынас жасауды, әңгімелей білуді, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауды, сұрақтарды дұрыс қоюды, оған қысқа және толық нақты жауап беруді үйрете беру.<br>**Д.О.** «Кім көп біледі?»<br>**Ойынның мақсаты:** Мақал-мәтелдердің мағынасын ұғынуға, олардың айырмашылығын айыра білуге үйрету. Сөздік қорын молайтып, ақыл-ойын дамыту.<br>**Ойын барысы:**Кім көп мақал-мәтелдердерді айтса сол бала жеңімпаз болады.<br>**Д.О.** «Жалғасын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттірін жаттықтыру. Есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог бір мақал-мәтелді айтады,балалар мақалдың жалғасын табады.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың | 3.**Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>Міндеттері: Ойынға қажетті құры лысты бірлесіп ойдан құрастыру. Сурет салуда ұқыптылықты, қауіп сіздікті сақтауға үйрету.Адамның бейнесін, жанурлардың қимылда рын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Геометриялық элемент терден құрастырып, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіру.Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ереже лерін сақтауды үйрету.<br>**Д.О.**«Ертегі кейіпкерлерін таны»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Тақтаға ілінген ертегі кейіпкерін атайды, қай ертегідегі кейіпкер екенін табады.<br>**Д.О.** «Бауырсақ ертегісі»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-біріне қамқор болуға, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ойынның барысы:** Ертегі кейіпкерлерін атайды, ертегідегі әр кейіпкердің мінезін сипаттайды.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекет).<br>**Шығармашылық үзіліс**<br>«Бауырсақ ертегісі» мүсіндеу. (Мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**01.05.24 кіріктірілді**<br>**Міндеті:** Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төменде те отырып, қарапайым су шарала рын өз бетінше жүргізуге дағдылан дыру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қыран құс, елік) таратылып беріледі. Балалар суреттерді пайдаланып, сөйлемді аяқтайды.<br>Егер мен **тау** болсам, ... .<br>Егер мен **күн** болсам, ... .<br>Егер мен **су** болсам, ... .<br>Егер мен **қыран құс** болсам, ... .<br>Егер мен **елік** болсам, ... .<br>-Табиғат аясында жиі болсыңдар ма?<br>-Табиғаттан қандай әсер аласыңдар?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Аңғарымпаз болуға баулу<br>**Ойын барысы:** Балалар суретке қарайды. Суреттен қандай және қанша айырмашылық бар екенін табады.<br><br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Суреттен қандай жануарларды көріп тұрсыңдар?<br>-Олар қайда мекендейді? | әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>***Ән айту.***<br>Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты, ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>**Музыка тыңдау:** «Отан-ортақ үйіміз» Д.Ботбаев.<br>-Отан деген сөзді қалай түсінеміз?<br>-Отан туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер?<br>-Біздің туған Отанымыз қалай аталады?<br>-Ән қандай темпте, қалай орындалады?<br>-«Отан оттан да ыстық»-деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>***Ән айту:*** «Достық» И.Нүсіпбаев.<br>-Дос деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>-Біздің арамызда түрлі ұлттың балалары бар, солармен қандай қарым-қатынастасыңдар?<br>-Ән қандай темпте жазылған?<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** | Сөздік қорын молайтып, ақыл-ойын дамыту. Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдана білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалардың қолдарына бірнеше суреттер таратылып беріледі. Балалар суретке қарап әңгіме құрайды. Құрастырған әңгіменің ішінде мақал-мәтелдер болуы керек.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: Лирикалық, вальс ырғағын дағы баяу әуендерді қабылдау.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Ән айту.**<br>Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты, ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің | **Спорттық ойындар.**<br>Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр! Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -Зообақтан жирафты көргендерің бар ма?<br>Үзік сызықтарды бастыр, суретті боя. Суреттегі жануарлар бойынша өз ойыңды айт. Әңгімеле.<br><br><br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сергіту сәті.** «Көңілді қонжықтар»<br>**Шарты:** Аю, қонжықтар туралы жұмбақтардың шешуін табады. Аю мен қонжықтардың жүрісін салады.<br>Біз орманға барамыз,<br>Онда аюды көреміз.<br>Желкемізде қолымыз, | «Балақан да алақан»<br>**Шарты:** Әуенді орындай жүріп, ырғақпен қол соғу. Музыка әуенімен балалардың ырғақты қимылын қалыптастыру.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті) | сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>**Музыка тыңдау:** «Отан-ортақ үйіміз» Д.Ботбаев.<br>-Отан деген сөзді қалай түсінеміз?<br>-Отан туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер?<br>-Біздің туған Отанымыз қалай аталады?<br>-Ән қандай темпте, қалай орындалады?<br>-«Отан оттан да ыстық»-деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>**Ән айту:** «Достық» И.Нүсіпбаев. «Достығымыз жарасқан»<br>-Дос деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>-Біздің арамызда түрлі ұлттың балалары бар, солармен қандай қарым-қатынастасыңдар?<br>-Ән қандай темпте жазылған?<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Балақан да алақан»<br>**Шарты:** Әуенді орындай жүріп, ырғақпен қол соғу. Музыка әуенімен балалардың ырғақты қимылын қалыптастыру.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Теңселе басып жүреміз.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-ойын әрекеті-қимыл белсенділігі).<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: Спорттық жаттығулар.**<br>Допты алдыға, жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алудыүйрету.<br>Заттарды аттап жүрген кезде дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру.<br>Жүгіру барысында қол мен аяқты үйлестіріп бір тізбекпен жүгіру және жүругежаттықтыру.<br>Бір орындарында бұрылып секіре білу шеберліктерін (машықтарын)бекіту.<br>Екі аяқтарымен серпіліпсекіребілудағдыларындамыту.<br>Кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту.<br>**«Күлімде досым»** ойын жаттығуы.<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойында тұрып бір-біріне күлімсіреп допты береді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Лақтыр қағып ал»<br>**Ойын барысы:** Балалар үш тізбекте тұрады. Бірінші ойыншылардан 2 м арақашықтықта доп ұстаған жүргізушілер тұрады. Педагогтің белгісі бойынша олар бірінші ойыншыларға допты лақтырады. Ал олар жүргізушіге допты қайта лақтырып, өздері тізбектің артына барып тұрады. Бірінші бала тізбектің басына қайтып оралғанда ол қолын көтереді. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңіске жетеді. | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | |
| **Серуен** | №21 Жәндіктерді бақылау. | №13 Жаңа өсіп келе жақтқан көк шөпті бақылау. | №14 Бақбақтың өсуін бақылау. | №19 Ұяларды бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Зекен Жансерімен жеке жұмыс. Бақылаулар мен сюжеттік суреттер әңгімелер құрастыруды меңгерту. | Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс. Әңгімелерді бірізді айтып беруді үйрету. | Бакытжанова Айдинамен жеке жұмыс. Артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытуды жалғастыру. | Дик Артёммен жеке жұмыс. Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта білуге үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Ата-аналарға кеңес: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналарға кеңес: Балаларға кітаптардан қызықты әңгіме, ертегілер оқып беруге кеңес беру. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**№ 11 ЖББМ

Сынып _мектепалды сынып___Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 29 сәуір- 3 мамыр 2024 жыл 1 мамыр кіріктірілді

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | **Боямақ.**<br>**Шарты:** Балалар суретті бояйды, ғарыш, аспан әлемі туралы әңгімелейді. Өз ойларын айтады. Сұрақтарға жауап береді.<br><br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Шарты:** Балалар суретке қарайды. Суреттен қандай және қанша айырмашылық бар екенін табады.<br><br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Боямақ.** «Көңілді дильфиндер»<br>**Шарты:** Балалар суретті бояйды, су асты әлемі, теңіз тіршілігі туралы әңгімелейді.<br><br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Мамырайына таңертеңгі жаттығу кешені. №17 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Ән айту:** «Достық» И.Нүсіпбаев. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>Та-та-та,<br>Ақ сақалды ата.<br>Е-е-е<br>Ақ жаулықты әже. | **Шаттық шеңбері.**<br>Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. | **Д.О.** «Ертегідегі үй»<br>**Шарты:** Балалар ертегідегі үйді және ертегі кейіпкерлерін атайды. Ертегі мазмұнын еске түсіреді, қысқаша баяндайды. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Ке-ке-ке,<br>Асқар таудай әке.<br>На-на-на,<br>Мейірімді ана.<br>Ға-ға-ға,<br>Қамқоршы аға.<br>Ла-ла-ла,<br>Бұл ақылды бала.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | <br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті: Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру<br>**Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Көктем мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Педагог:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>-1 Мамыр қандай мереке?<br>-Мерекеде досыңа не сыйлағың келеді?<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**Шарты:** Балалар шаттық шеңберінде дөңгелене тұрып, «Достығымыз жарасқан» әнін орындайды. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Мектептің жүрегі,<br>Білімнің тірегі.<br>(мұғалім)<br>Сауықтырар сырқатты,<br>Жылы үнмен тіл қатты.<br>(дәрігер)<br>Тікті әсем киімді,<br>Дүкенге әкеп ілінді.<br>(тігінші)<br>Зымыранды ерттеген,<br>Ай, жұлдызды зерттеген.<br>(ғарышкер).<br>Тыныштығы Отанның,<br>Күзететін адам кім?<br>(шекарашы).<br>Кірпіштпен сарай, үй салады,<br>Ол адам кім болады?<br>(құрлысшы). | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері:Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.Геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай, бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Д.О.** «Ойлан да аяқта»<br>**Ойынның мақсаты:** Айтылған сөздерді есіне сақтап, сөзді сөйлеммен жалғастырып айтуға дағдыландыру, балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше сөз тіркестерін айтады. Балалар сөйлемді аяқтайды. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеті:Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтар мен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу. Суретті бояу. Сурет бойынша әңгімелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Досыңды тап»<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың балалары көздерін таңып, өз достарын табуы керек. Олар өз досының қолын, шашын, киімін ұстап, сипау арқылы табады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.**<br>Біз-балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз-бейбіт күн,<br>Ашық болсын кең аспан!<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Шарты:** «Ұлттар достығы» сурет салу.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Достық үйін құрамыз.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті-қимыл белсенділігі).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту<br>Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтрды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Д.О.** «Нүктелерді жалғастыр» | **Д.О.** «Мамандық иесін ата»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу және мамандық таңдауға қызығушылықтарын ояту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі мамандық иелерін ата. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап бер.<br>-Дәрігер не істейді?<br>-Ғарышкер ше?<br>-Мұғалім не істейді?<br>-Полиция қызметкері не істейді?<br>-Саған қандай мамандық иесі ұнайды?<br>-Өскенде кім боласың?<br>-Сенің ата-анаң қандай мамандық иесі?<br><br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеті: Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық | Көктем.....<br>Күн.....<br>Бақта жеміс....<br>Бақшада.....<br>Мен әкеммен ағаш.......<br>Мен гүл.....<br>**Д.О.**«Сөйлемде қанша сөз бар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөйлемді ауызша талдау: сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауға үйрету және дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білу.<br>**Ойын барысы:** Балалар сурет бойынша сөйлем құрайды. Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтайды, сөздерге дыбыстық талдау жасайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br><br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>2.**Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшалар ды, қисық және қиғаш сызықтрды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Д.О.** «Нүктелерді жалғастыр» | <br>(Сөйлеуді дамыту, сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**«Кел жазайық»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды сызу.<br><br><br>(Сауат ашу-коммуникативтік әрекеті).<br><br>**2. Көркем әдебиет**<br>**01.05.24 кіріктірілді**<br>Міндеті: Өлеңдерді жатқа, мәнер леп, интонациямен айту.<br>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>**«Кел жазайық»**<br>-Суреттен қандай геометриялық фигураларды ккріп тұрсың?<br>Тізбекті жалғастыр.<br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекет). | және қиғаш сызықтрды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Ән айту:** «Санау әні»<br>**Д.О.** «Қандай сан жоқ? Толықтыр»<br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті)<br>**Д.О.** «Адасқан сандар» ойыны<br>**Д.О.** «Нүктелерді жалғастыр»<br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3. Қазақ тілі**<br>Міндеті: Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруді, ауы зекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануды үйрету.<br>**Д.О.** «Кім көп біледі?»<br>**Ойынның мақсаты:** Мақал-мәтелдердің мағынасын ұғынуға, олардың айырмашылығын айыра білуге үйрету. Сөздік қорын молайтып, ақыл-ойын дамыту.<br>**Ойын барысы:**Кім көп мақал-мәтелдердерді айтса сол бала жеңімпаз болады. | <br>Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті).<br>**Математикалық боямақ.**<br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Ән айту:** «Санау әні»<br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Қандай сан жоқ? Толықтыр» | театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>**«Кітап деген не?»**<br>деген сұраққа балалар өз жауаптарын айтады.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың ой өрісін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Жұмбақтарды шешеді.<br>Ұсынған қойнынан,<br>Білімнің үлесін.<br>Шықпайды ойыңнан,<br>Досың ғой білесің.<br>(кітап).<br>Қабат-қабат қатталған,<br>Асыл сөзбен апталған.<br>Ол қазына өлмейтін.<br>(кітап).<br>**Ертегілер елі.** «Кітаптар мұңы»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларға ертегіні оқып беру.Сөздік қорларын дамытау, сақтауқабілеттерін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар жаңа ертегімен танысады, тыңдайды.<br>**Д.О.** «Болады, болмайды»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды кітапты ұқыпты, таза ұстауға үйрету, кітапқа деген қызығушылығын ояту.<br>**Ойын барысы:**<br>-Кітапты жыртуға...... .<br>-Кітапты сызуға..... .<br>-Кітапты лақтыруға..... .<br>-Менің кітаптарым.... .<br>-Мен кітаптарымды.... .<br>-Мен досыма ертегі кітап..... .<br>-Маған анам кітап дүкенінен ертегі кітап..... .<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті). |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **3.Қоршаған ортамен танысу**<br>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату, жануарлар мен өсімдіктер өмірін дегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсау лықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Табиғатқа құштармын.<br>Армысың, шапағатты күніміз,<br>Армысың, мейірімді жеріміз,<br>Армысың, табиғат-анамыз,<br>Келді Сізге өзіңіздің балаңыз.<br>**Д.О.** «Не болар еді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Табиғат туралы білімдерін толықтыру және оны қорғау керек екенін ұғындыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар ойды аяқтайды, сұрақтарға жауап береді.<br>Егер күн болмаса не болар еді?<br>Егер ауа болмаса не болар еді?<br>Егер су болмаса не болар еді?<br>Егер өсімдіктер болмаса не болар еді?<br>Егер жан-жануарлар, аңдар болмаса не болар еді?<br>Егер құстар болмаса не болар еді?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру).<br>**«Табиғат деген не?»** Ә.Ысқақ.<br>(балаларға мәнерлеп оқып беру).<br>-Неліктен табиғатты анаға теңейміз?<br>-Сендер табиғат дегенді қалай түсінесіңдер?<br>**Шығармашылық жұмыс.**<br>**Шарты:** Балалардың қолдарына бірнеше суреттер (тау, күн, су, | **Д.О.** «Сандық»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Көрнекілігі:** сандық, түрлі түсті карточкалар, тапсырмалар жазылған хатқалта.<br>**Ойын барысы:** қызыл, жасыл, сары және көк түсті карточкалар сандық ішінде жатады. Балаларға арналған әртүрлі тапсырмалар болады.<br>**Қызыл** түсті карточка алған бала-жұмбақтың жауабын табады.<br>**Жасыл** түсті карточка алған бала-суретте қандай ертегі бейнеленгенін айтады.<br>**Сары** түсті карточка алған бала-тақпақ, өлең айтады.<br>**Көк**түсті карточка алған бала-жаңылтпаш айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4. Музыка**<br>Міндеті:әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Қазақ халқының әндері мен би | <br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті).<br><br>**3. Қазақ тілі**<br>Міндеті: Байланыстырып сөйлеу.<br>Өз бетінше қарым-қатынас жасауды, әңгімелей білуді, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауды, сұрақтарды дұрыс қоюды, оған қысқа және толық нақты жауап беруді үйрете беру.<br>**Д.О.** «Кім көп біледі?»<br>**Ойынның мақсаты:** Мақал-мәтелдердің мағынасын ұғынуға, олардың айырмашылығын айыра білуге үйрету. Сөздік қорын молайтып, ақыл-ойын дамыту.<br>**Ойын барысы:**Кім көп мақал-мәтелдердерді айтса сол бала жеңімпаз болады.<br>**Д.О.** «Жалғасын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттірін жаттықтыру. Есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог бір мақал-мәтелді айтады,балалар мақалдың жалғасын табады.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың | 3.**Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>Міндеттері: Ойынға қажетті құры лысты бірлесіп ойдан құрастыру. Сурет салуда ұқыптылықты, қауіп сіздікті сақтауға үйрету.Адамның бейнесін, жануарлардың қимылда рын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Геометриялық элемент терден құрастырып, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіру.Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ереже лерін сақтауды үйрету.<br>**Д.О.**«Ертегі кейіпкерлерін таны»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Тақтаға ілінген ертегі кейіпкерін атайды, қай ертегідегі кейіпкер екенін табады.<br>**Д.О.** «Бауырсақ ертегісі»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-біріне қамқор болуға, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ойынның барысы:** Ертегі кейіпкерлерін атайды, ертегідегі әр кейіпкердің мінезін сипаттайды.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекет).<br>**Шығармашылық үзіліс**<br>«Бауырсақ ертегісі» мүсіндеу.<br>(Мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**01.05.24 кіріктірілді**<br>**Міндеті:** Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төмende те отырып, қарапайым су шарала рын өз бетінше жүргізуге дағдылан дыру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қыран құс, елік) таратылып беріледі. Балалар суреттерді пайдаланып, сөйлемді аяқтайды.<br>Егер мен **тау** болсам, ... .<br>Егер мен **күн** болсам, ... .<br>Егер мен **су** болсам, ... .<br>Егер мен **қыран құс** болсам, ... .<br>Егер мен **елік** болсам, ... .<br>-Табиғат аясында жиі болсыңдар ма?<br>-Табиғаттан қандай әсер аласыңдар?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Аңғарымпаз болуға баулу<br>**Ойын барысы:** Балалар суретке қарайды. Суреттен қандай және қанша айырмашылық бар екенін табады.<br><br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Суреттен қандай жануарларды көріп тұрсыңдар?<br>-Олар қайда мекендейді? | әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>***Ән айту.***<br>Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты, ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>**Музыка тыңдау:** «Отан-ортақ үйіміз» Д.Ботбаев.<br>-Отан деген сөзді қалай түсінеміз?<br>-Отан туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер?<br>-Біздің туған Отанымыз қалай аталады?<br>-Ән қандай темпте, қалай орындалады?<br>-«Отан оттан да ыстық»-деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>***Ән айту:*** «Достық» И.Нүсіпбаев.<br>-Дос деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>-Біздің арамызда түрлі ұлттың балалары бар, солармен қандай қарым-қатынастасыңдар?<br>-Ән қандай темпте жазылған?<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** | Сөздік қорын молайтып, ақыл-ойын дамыту. Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдана білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалардың қолдарына бірнеше суреттер таратылып беріледі. Балалар суретке қарап әңгіме құрайды. Құрастырған әңгіменің ішінде мақал-мәтелдер болуы керек.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеті: Лирикалық, вальс ырғағын дағы баяу әуендерді қабылдау.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Ән айту.**<br>Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты, ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің | **Спорттық ойындар.**<br>Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр! Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -Зообақтан жирафты көргендерің бар ма?<br>Үзік сызықтарды бастыр, суретті боя. Суреттегі жануарлар бойынша өз ойыңды айт. Әңгімеле.<br><br><br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сергіту сәті.** «Көңілді қонжықтар»<br>**Шарты:** Аю, қонжықтар туралы жұмбақтардың шешуін табады. Аю мен қонжықтардың жүрісін салады.<br>Біз орманға барамыз,<br>Онда аюды көреміз.<br>Желкемізде қолымыз, | «Балақан да алақан»<br>**Шарты:** Әуенді орындай жүріп, ырғақпен қол соғу. Музыка әуенімен балалардың ырғақты қимылын қалыптастыру.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті) | сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>**Музыка тыңдау:** «Отан-ортақ үйіміз» Д.Ботбаев.<br>-Отан деген сөзді қалай түсінеміз?<br>-Отан туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер?<br>-Біздің туған Отанымыз қалай аталады?<br>-Ән қандай темпте, қалай орындалады?<br>-«Отан оттан да ыстық»-деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>**Ән айту:** «Достық» И.Нүсіпбаев.<br>«Достығымыз жарасқан»<br>-Дос деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>-Біздің арамызда түрлі ұлттың балалары бар, солармен қандай қарым-қатынастасыңдар?<br>-Ән қандай темпте жазылған?<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Балақан да алақан»<br>**Шарты:** Әуенді орындай жүріп, ырғақпен қол соғу. Музыка әуенімен балалардың ырғақты қимылын қалыптастыру.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Теңселе басып жүреміз.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-ойын әрекеті-қимыл белсенділігі).<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: Спорттық жаттығулар.**<br>Допты алдыға, жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алудыүйрету.<br>Заттарды аттап жүрген кезде дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру.<br>Жүгіру барысында қол мен аяқты үйлестіріп бір тізбекпен жүгіру және жүругежаттықтыру.<br>Бір орындарында бұрылып секіре білу шеберліктерін (машықтарын)бекіту.<br>Екі аяқтарымен серпіліпсекіребілудағдыларындамыту.<br>Кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту.<br>**«Күлімде досым»** ойын жаттығуы.<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойында тұрып бір-біріне күлімсіреп допты береді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Лақтыр қағып ал»<br>**Ойын барысы:** Балалар үш тізбекте тұрады. Бірінші ойыншылардан 2 м арақашықтықта доп ұстаған жүргізушілер тұрады. Педагогтің белгісі бойынша олар бірінші ойыншыларға допты лақтырады. Ал олар жүргізушіге допты қайта лақтырып, өздері тізбектің артына барып тұрады. Бірінші бала тізбектің басына қайтып оралғанда ол қолын көтереді. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңіске жетеді. | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | |
| **Серуен** | №21 Жәндіктерді бақылау. | №13 Жаңа өсіп келе жақтқан көк шөпті бақылау. | №14 Бақбақтың өсуін бақылау. | №19 Ұяларды бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Зекен Жансерімен жеке жұмыс. Бақылаулар мен сюжеттік суреттер әңгімелер құрастыруды меңгерту. | Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс. Әңгімелерді бірізді айтып беруді үйрету. | Бакытжанова Айдинамен жеке жұмыс. Артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытуды жалғастыру. | Дик Артёммен жеке жұмыс. Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта білуге үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Ата-аналарға кеңес: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналарға кеңес: Балаларға кітаптардан қызықты әңгіме, ертегілер оқып беруге кеңес беру. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** №11 ЖББМ
Сынып _мектепалды__Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:**6-10 мамыр 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | **Сюжетті-рөлдік ойын:** «Ел қорғауға әзірмін»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | | **Үстел үсті ойындары** **Мозайка құрастыру** Әскери техника туралы суреттер топтамасын қарастыру. «Батылдық пен қорқақтық дегеніміз не» тақырыбында әңгімелесу Ұқсай ма, ұқсамай ма Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету; байқампаздық, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Табиғат бұрышында еңбек | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Мамыр айына таңертеңгі жаттығу кешені. №18 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық.** | **«Отан»**<br>**Отан** - тарих, **Отан** - тіл,<br>Жасаған елің, ер халқың.<br>**Отан** - өлең, **Отан** - жыр,<br>Көтерген көкке ел даңқын...<br>**Отан** осы, достарым,<br>Көңілге мұны түйе біл.<br>«**Отан**» деп өс, жас қауым,<br>Оны ардақтап, сүйе біл. | | **«Ел қорғайтын, ер ағалар»**<br>Ел қорғайтын, ер ағалар,<br>Ардағымыз, арымыз.<br>Ерлер тойын, елдің тойын,<br>Қарсы аламыз бәріміз! | | |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: -** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру | | **1.Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: -** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру<br>**Мақсаты** Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету<br>Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді.<br>Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды:<br>–Анау өрмекшіні көрдің бе? Бала:<br>–Көрдім, өрмек тоқып жүр. Ата:<br>–Анау құмырсқаны көрдің бе? Бала:<br>–Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады. Ата:<br>–Жоғары қара, аспанда не көрінеді? Бала:<br>–Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді. Сонда атасы былай дейді:<br>–Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек. | | - Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру<br>**Мақсаты** Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету<br>Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді.<br>Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды:<br>–Анау өрмекшіні көрдің бе? Бала:<br>–Көрдім, өрмек тоқып жүр. Ата:<br>–Анау құмырсқаны көрдің бе? Бала:<br>–Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады. Ата:<br>–Жоғары қара, аспанда не көрінеді? Бала:<br>–Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді. Сонда атасы былай дейді:<br>–Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | –Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма?<br>–Әңгіме не туралы айтылған?<br>–Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен?<br>–Енді осы әңгімені келген қонақтар бізге сахналап берсін.( Қонақтар сахналап айтып береді).<br>–Балалар сендер буынға бөле аласыңдар. Әңгімедегі өрмекші, құмырсқа, қарлығаш сөздерін буынға бөліңдерші?<br>–Неше буыннан тұрады?<br>–Иә, дұрыс айтасыңдар. Бір дауысты дыбыс бір буынды құрайды. Ата, бала, құмырсқа, өрмекші, қарлығаш дегеннің бәрі – сөздер. Сөз буыннан тұрады.<br>–Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрайды.<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Міндеті** - Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау<br>**Мақсаты** «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру.<br>**1-тапсырманы** орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын жазады.<br>Педагог сұрайды:<br>- Сол жақ жоғары суретке | | жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек.<br>–Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма?<br>–Әңгіме не туралы айтылған?<br>–Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен?<br>–Енді осы әңгімені келген қонақтар бізге сахналап берсін.( Қонақтар сахналап айтып береді).<br>–Балалар сендер буынға бөле аласыңдар. Әңгімедегі өрмекші, құмырсқа, қарлығаш сөздерін буынға бөліңдерші?<br>–Неше буыннан тұрады?<br>–Иә, дұрыс айтасыңдар. Бір дауысты дыбыс бір буынды құрайды. Ата, бала, құмырсқа, өрмекші, қарлығаш дегеннің бәрі – сөздер. Сөз буыннан тұрады.<br>–Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрайды.<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті:Қоғамдық орындар да мінез-құлық ережелері туралы, үйдегі, мектептегі міндеттері туралы түсінікте рін кеңейту. Ережелер бар лығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіп сіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | гүл жасау үшін, мозаиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет болды? (8)<br>- Оң жақ төменгі суретте қанша мозаика бөлшектері бар? (8)<br>- Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы екі суретті сызықпен қосыңыз. Мозаика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең)<br>- Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды санаңыз. Олардың саны қанша? (7)<br>- Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4)<br>- Оларды тең деп айтуға бола ма? (жоқ)<br>- Суреттегі пазл бөліктерінің саны қанша болса, сонша Лего конструкторының бөлшектері бейнеленген суреттерді табыңыз.<br>Цифрды жапсырады.<br>Санына қарай жұптастырады.<br>Балалар тапсырманы орындайды, салыстырады<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті:** -Мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін | | маңыз ды. Егер белгілі бір ереже лер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.<br>**Қауіпсіздік мектебі. Мен көшедемін. Жолда жүру ережесі.**<br>-Жаяу жүргінші жолы не үшін қажет?<br>-Жаяу жүргінші жолында неге бала үлкендердің қолынан ұстап жүруі қажет?<br>**Есте сақта!**<br>Қозғалып келе жатқан көлік тежегішін басқанымен, тез тоқтай алмайды.<br>**Жаяу жүргіншінің жолдан өту ережесі**<br>Көшеде арнайы жаяу жүргіншіге арналған жолақ белгі бар. Ол-өтпе жол.<br>Көшені тек бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана кесіп өтуге болады.<br>**Д.О.** «Үш түс, үш қозғалыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог бағдаршамның үш түсіне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар педагогтің қимыл-қозғалысына қарай | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңейту (**кірікт.01.05)**<br>-Мемлекеттік мереке<br>Қазақстан халқының бірлігі мерекесі маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу<br>**Мақсаты** Қазақстан халықтарының бірлігі мен достығы туралы түсінік беру. Елімізді мекендейтін басқа ұлт өкілдеріне сыйластықпен, салт-дәстүріне құрметпен қарай,а тәрбиелеу. Өз Отаның сүюге, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br><br>1 Мамыр – Халықтар бірлігі күні екендігін айтып түсіндіреді. Балалар қазақ халқының ұлттық киімдері, тағамдары, ойындары туралы сұрай отырып, басқа да ұлт өкілдерінің өздеріне тән салт-дәстүрлері мен ұлттық тағамдары, киімдері мен ойындары болатындығы туралы ақпарат береді.<br>-«Басқа ұлт өкілдері» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Сендер қандай ұлттың өкілдерін білесіңдер?<br>-Сендердің достарыннның арасында басқа ұлттың балалары бар ма?<br>-«Дос» сөзін қалай түсінесіңдер?<br>«Достық мектебі» ойыны.<br>Шарты: Арқанның үстінен достарының атын атап | | бағдаршам түстерін дұрыс атаулары қажет.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру ойын әрекеті-қимылбелсенділігі).<br>**Жұмбақты шешейік.**<br>Үш көзі бар қаз-қатар,<br>Кезек-кезек ашады.<br>Үшеуінен байқасам,<br>Үш түрлі нұр шашады.<br>(бағдаршам).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Бағдаршам»<br>**Мақсаты:** Геометриялық фигура-дөңгелек және тіктөртбұрыштың көмегімен бейнелеу тәсілін меңгеру.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Міндеті: Еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы түсінігін қалыптастыру<br>Мақсаты еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы<br>түсінігін қалыптастыру<br>1 Мамыр – халықтар достығы мен ынтымағының мерекесі.<br>– Бұл мереке несімен ерекше? (Слайд арқылы таныстыру.)<br>– Достық – барлық халықтың бірлігі, берекесі, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Достық мектебіне» барады.<br>Көпірден біз өтеміз,<br>Достық мектебіне жетеміз.<br>Көпірден өткін ақырын,<br>Айт, досыңның аты кім?<br>Көпірден түгел өттік біз,<br>Достық мектебіне жеттік біз.<br>Балалар достарынның атвн атап, көпірден өтеді.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:.** - гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).(кірік.01.05) отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),<br>**Мақсаты .**Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру<br>«Баскетбол»<br>Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді.<br>Бастапқы қалыпқа дұрыс | | татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де<br>жақсы болады.<br>– Біз бүгін ақын Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін<br>әсерлі етіп жеткізеді.<br>Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:<br>– Өлең ұнады ма?<br>– Авторы кім?<br>– Өлең қалай аталады?<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– «Бейбіт күн» дегенді қалай түсінесің?<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** - Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),<br>**Мақсаты :**Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу<br><br>Секіртпеден бір орында тұрып секіру.<br>Бастапқы қалыпқа тұрады.<br>Ырғақпен секіртпенің дәл | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады.<br>Допты екі қолмен лақтырады. Лақтырған кезде қолдарын кеуде тұсында ұстап, шапшаң түзулеп, жоғары-алға траекториясымен жұбына береді.<br><br>«Гимнастика»<br>Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүру.<br>Жоғары көтерілген нысанада тұрып тепе-теңдік сақтау жаттығулары.<br>Гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүреді. Тепе-теңдік сақтау мен қауіпсіздік ережелерін сақтау. | | табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.<br>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | Бақылау: **Жәндіктерді бақылау**<br>**Мақсаты**: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: | | бақылау. **Серуен-Бақылау №2**<br>Бақылау: **Ауа-райын бақылау**<br>***Мақсаты*** *: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не?<br>(ара)<br>-Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой?<br>(маса)<br>-Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады.<br>Бұл не?  (шыбын)<br>-Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер.<br>(құмырсқа)<br>-Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді.<br>(өрмекші)<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б)<br>Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)<br>Қандай жәндіктердің | | *Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз. А.Меңдібай*<br>*Мамыр айы келгенде,*<br>*Дала гүлге толады.*<br>*Жайнап барлық атырап,*<br>*Қызық-думан болады.*<br>*Бақшамызда біз еккен,*<br>*Гүл шоқтары гүлдейді.*<br>*Жапырақтар сыбдырлап,*<br>*«Қандай көркем, көр»-дейді.*<br>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.<br>Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдыңқай мезгілі суреттелген?(көктем).<br>*Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)*<br>Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)*<br>Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)<br>Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)<br>Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)<br>Ағаштар бейнесі қандай | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа).<br>Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қанқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Аланды қоқыстардан тазалау.<br>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. | | болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).<br>Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? Жаңбыр қандай температурада жауады?<br>Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс. Дыбысына сөздер айтқызу | | Зекен Жансерімен жеке жұмыс жүргізу.Заттың ұзындық өлшем бірлікте рін қайта сұрап естеріне түсірту | | |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоци оналдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. | | |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** №11 ЖББМ
Сынып _мектепалды__Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:**13-17 мамыр 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | **Боямақ.**<br>«Күшік пен мысық адамға қалай дос болды?»<br><br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Бөліктерден сурет құрастырады.<br>(Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта). | **Д.О.** «Оң және сол»<br>**Ойынның мақсаты:** Оң және сол жағын ажырата білу.<br>**Ойын барысы:** Бір баланы ортаға шақырып, оң қолыңа үлкен ойыншықты, сол қолыңа кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма беріледі.<br>(Сөйлеуді дамыту - коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті). | **Шығармашылық үзіліс.**<br>«Ермексаздан жасалған күлдіргі шарлар»<br>«Күлдіргі шарлар» мультфильмін есіңе түсір. Ондағы кейіпкерлер қандай?<br>Қандай кейіпкер саған ұнайды? Неліктен? Достарыңа әңгімелеп бер.<br>**Мүсіндеу.**<br>Бұғы (Лосяш) мен қоңыр аюды (Копатыч) мүсінде.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Мамыр айына таңертеңгі жаттығу кешені. №16 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.** | **Шаттық шеңбері.**<br>Армысың алтын күн!<br>Армысың көк аспан!<br>Армысың достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | **Шаттық шеңбері.**<br>«Денсаулық құпиялары»<br>**Шарты:** Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бәрі бірге айтады.<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын!<br>-Суымыз тұнық болсын! | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? | **Шаттық шеңбері.**<br>Армысың сұлу күн!<br>Армысың жан досым!<br>Жылуыңа жылу қос,<br>Міне менің қолым!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | -Гүліміз жақсы өссін!<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | | -Ауа-райы қандай?<br>-Көктем мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті) | |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар қызыл дөңгелекті көтереді. Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе көк дөңгелекті көтереді.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды таны»<br>**Ойынның мақсаты:**Дауысты жәнедауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Дыбыстық талдау жаса.<br>**.**Суреттегі заттар дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл түспен, | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Байланыстырып сөйлеу. Сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>**Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Көктем мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>**Д.О.** «Жыл мезгілдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойынның барысы:** Сурет бойынша балалар жылдың қай мезгілі екенін және әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін атайды.<br>**Д.О.** «Табиғат құбылыстары»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға табиғат құбылыстары туралы түсінік | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру.<br>**«Кел жазайық»**<br>**Мақсаты:** Тік және көлбеу таяқшаларды сызуға үйрету.<br><br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.<br>Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>«Теңізде жүзген кеме» | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Байланыстырып сөйлеу. Сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Табиғат ол-анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Құшағында ойнаймыз,<br>Шаттық әнге саламыз.<br>Жазда аралап тауында,<br>Барамыз біз бауына.<br>Өзеніне шомылып,<br>Жүгіреміз жауында.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>«Табиғатым тамаша!»<br>**Шарты:** Сурет бойынша табиғат сұлулығын сипаттаңдар.<br>**Табиғат**-бізді қоршаған дүние: аспан мен жер, тау мен су, жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі.<br>-Табиғат аясында өздеріңді қалай сезінесіңдер?<br>-Туған жеріңнің қандай | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік әрекеті).<br><br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.<br>Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>«Мысық пен тышқандар» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дауыссыз дыбыстан басталса, көк түспен боя.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>**ДО.** «Сөзге сөз қос»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөзге сөз қосып, сөйлем құрату арқылы балалардың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог бір сөз айтады, балалар сол сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика.**<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. | беру. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:**Суреттегі табиғат құбылыстарын сипаттау.<br>-Табиғат құбылыстары деген не?<br>-Жылдың қай мезгілінде жаңбыр жиі жауады?<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Шарты:** Сурет салу.<br>(жаңбырлы күн; кемпірқосақ; найзағай т.б.)<br>(Сурет салу-шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері).<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар жасыру).<br>**Жұмбақтар шешу.**<br>Төбеден төнеді,<br>Тамшысын төгеді.<br>Сол кезде қаулап,<br>Бәйшешек өнеді.<br>(жаңбыр).<br>Көзіңе көрінбейді,<br>Қолыңа ілінбейді.<br>Біракта құлағыңа,<br>Үнемі күбірлейді.<br>(жел).<br>Төгіліп жерге ақ моншақ,<br>Ғайып болды сол шақ та-ақ.<br>(бұршақ).<br>Жарқ етсе сабау қамшы,<br>Нөсерлетіп жауар тамшы.<br>(найзағай).<br>Ышқынады өзі жоқ,<br>Ысқырады сөзі жоқ.<br>(боран). | <br>(Сауат ашу-коммуникативтік әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**2.Математика.**<br>Уақытты бағдарлау.<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**«101 жұмбақ»**<br>***Жұмбақтар шешейік.***<br>Тіл алсаң тиме,<br>Үсті толған ине.<br>Жүреді өзі домалап.<br>(кірпі).<br>Тікен-тікен денесі,<br>Кіп-кішкентай көлемі.<br>(кірпі).<br>Көп, көп, көп ине,<br>Бір сабағы жоқ ине.<br>Іс тікпейді әрине.<br>(кірпі).<br>Жәндік көрдім аласа,<br>Түрі басқа тамаша.<br>Ешбір жанға қосылмас, | көріністері сендерді шаттыққа бөлейді?<br>**Д.О.** «Жалғастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды табиғатты қорғауға, қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>Балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:**<br>Берілген сөйлемді жалғастырып айт.<br>-Жайнаған гүлдерді көргенде... .<br>-Сынған бұтақтарды көргенде... .<br>-Жарқыраған күнді көргенде... .<br>-Жымыңдаған жұлдыздарды көргенде... .<br>-Құстардың даусын естігенде... .<br>-Жап-жасыл шөптерді көргенде... .<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар жасыру).<br>**Жұмбақтар шешу.**<br>Көз жасты жылауық, | <br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**2.Математика.**<br>Уақытты бағдарлау.<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Д.О.** «Нүктелерді жалғастыр»<br> |



**«Пішіндер әлемі»**
-Суретте нелер бейнеленген?
-Суреттен қандай пішіндерді көріп тұрсыңдар?
-Пішіндерді ата. Суретті боя.



(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).
**Д.О.** «Қанша? Неше?»
-Қоян қандай аң?

Ақ сандығым ашылды,
Ішінен жібек шашылды.
(күннің көзі).
(Сурет салу-шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері).
(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті).

**2.Қоршаған орта.**
Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы, үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің **«дұрыс»,** немесе **«дұрыс емес»,«жақсы»,«жаман»** екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.
**Адамгершілік әліппесі.**
**Д.О.**«Жақсы жаман»
**Ойынның мақсаты:**Балаларды жақсы іс пен жаман істі ажырата білуге үйрету.
**Ойын барысы:**Суреттерге қарап, жақсы іс пен жаман істі ажыратады, әңгімелейді.

Жүреді өзі оңаша.
Бірі бата алмайды,
Қасқыр, аю, жолбарыс,
Ортаға алып қамаса.
(кірпі).
-Кірпі қандай болады?
-Ол қайда өмір сүреді?
-Кірпі орманнан не жинайды?
**Бірге жаттайық.**
Тұмсығында түймесі,
Деп тұрғандай тимеші.
Азулыдан сақтайтын,
Кірпінің көп инесі.
(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).
**Суретпен жұмыс.**
Тікенекті кірпі келеді,
Шыршаға ұқсап жайқала.
Жинап жеміс-жидекті,
Асығар үй-жайына.




-Кірпі қайда жүр?
-Кірпі не жинап жүр?
-Кірпіде қанша алма бар? Белгіле. Суретті боя. Сурет бойынша әңгімеле.

Келе жатыр бір алып.
Жабырқаса жылайды,
Жадыраса тарайды.
(бұлт).
Гуілдейді құлаққа,
Оны ешкім көрмейді.
(жел).
Қанаты жоқ ұшады,
Аяғы жоқ желеді,
Аузы жоқ ұлиды.
(боран).
Айдаһар аузын ашса,
арс етеді,
Гауһары жерге түссе
жарқ етеді.
(найзағай).
Тырсылдап түседі,
Жер бетіне жетеді.
Жер бетіне жеткен соң,
Ғайып болып кетеді.
(бұршақ).
Мені ешкім көрмейді,
Даусымды бірақ естиді.
(күннің күркіреуі).
Бос жер қалмай
аспанда,
Түнде шешіп тастаған.
Моншақтардың аты не?
(бұршақ).
Тырс-тырс тамады,
Сайға қарай ағады.
(жаңбыр).
Тоңғақты таниды,
Беті-қолын қариды.
(аяз).
Мамықтай жұмсақ
болады,
Ұстасаң қолың тоңады.
(қар).
Жұлдыздай
жарқырайды,
Күндіз бірақ
байқалмайды.
(ай).
Аспанда алып доп,

**Д.О.** «Нүктелерді тиісті санмен қос»




**Д.О.** «Қандай сан жоқ?»




**Д.О.**«Айырмашылығын тап»
**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту.
**Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады. Суретті боя.



| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Қоянның құлағы қандай?<br>-Қоянның құйрығы қандай?<br>-Қоян қайда өмір сүреді?<br>-Қоянның тоны жазда қандай түске өзгереді?<br>-Қоянның сүйікті асын ата. Суретке қара. Қоянда қанша сәбіз бар? Сана. Санын айт. Белгіле. Суретті боя.<br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз орманға барамыз,<br>Қояндарды көреміз,<br>Қоянға ұқсап жүреміз.<br>Қолымызды алға ұстап,<br>Секіре басып келеміз.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық: | **Бірге жаттаймыз.**<br>Жақсылықтан үйреніп,<br>Боламыз біз жақсы адам.<br>Жамандықтан жиреніп,<br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br>-Жақсы іс-деген не?<br>-«Жаман»-дегенде ойларыңа не түседі?<br>**Адамгершілік қасиет**-әр уақытта жақсылық жасау. Мейірімді, қайырымды адам қай кезде де жақсылық жасауға дайын тұрады. Жақсы адамды айналасындағылар жақсы көреді, сыйлайды. Оның достары көп болады.<br>.Жақсы болу өзіңнен.<br>Жаман болу өзіңнен.<br>Жақсылық көрсең біреуден,<br>Мен қандаймын деп ойла.<br>Жамандық көрсең біреуден,<br>Мен қандаймын деп ойла.<br>-Жақсы адам болу үшін не істеу керек?<br>-Адамдар неліктен **«жамандықтан»** қашады?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Еркін ойын:**<br>«Кел ойнайық»<br>**Ойын барысы:** Өтірік айту жаман қасиет дегенде қол соғайық.<br>Жақсы адам болғыларың келсе орнымыздан тұрайық. Жалқаулық жаман қасиет дегендерің отырайық.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Еркін ойын:** «Жалғастыр»<br>**«Не істеуге болмайды?»**<br>Үлкендердің алдын...(кесіп | (Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Қандай сан жоқ?»<br>**Шарты:** Жоқ сандарды жаз. Алма жинап жүрген кірпіге өз үйіне жетуге көмектес.<br><br>**Д.О.** «Қанша? Неше?»<br>**Шарты:** Заттарды санау. Реттік санауды бекіту.<br>-Сандарды ретімен қос.<br>-Ормандағы шыршаларды сана. Санын айт.<br>-Саңырауқұлақтар қанша? Гүлдер қанша?<br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Балаларды қол жетімді | Жарқырайды жарық боп.<br>(күн).<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Қызыл, сары, жасылды,<br>Көкте бір зат асылды.<br>(кемпірқосақ).<br>-Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады?<br>-Кемпірқосақтың неше түсі бар?<br>-Кемпірқосақты көрдіңдер ме?<br>**Тыныштық сәті.**<br><br>**«Ғажайып кемпірқосақ»**<br>Баяу музыка ойнап тұрады. Балалар көздерін жұмып, терең, бірқалыпты тыныс алады. Ғажайып кемпірқосақты көз алдарына елестетеді.<br>1-ші түс-көгілдір. Көгілдір түс су сияқты. Суға түскендей сергіп қаламыз. Өзімізді суға түскендей сезінейік.<br>2-ші түс-сары. Сары түс күн сияқты, бізді жылытады, бізге қуаныш сыйлайды. Ол үлпілдеген балапан сияқты. Егер көңілсіз болсаңдар осы түске қараңдар. Көңілдерің көтеріледі.<br>3-ші түс-жасыл түс көгорай шалғынның түсі, жаз мезгілінің белгісі. Жасыл түс те адамның көңіл-күйін | (Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Математикалық пазлдар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген қималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті).<br>**Санау әні.** (үнтаспа)<br>**Шарты:** Балалар әнді бірге айтады.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Сурет.**<br>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.<br>**Д.О.** «Ертегіні ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды ертегілерді айырып, атай білуге үйрету және жинақтау, талдау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>**Д.О.** «Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Қойылған сұрақтарға нақты, әрі тез жауап беруге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>-Кітаптар тұрағы қалай аталады? (кітапхана).<br>-Кітаптармен жұмыс істейтін маман қалай аталады? (кітапханашы).<br>-Кітапханаға үнемі барып, кітап оқитын адам қалай аталады? (оқырман).<br>-Балаларға арналған қандай кітаптарды, журналдарды білесіңдер? (Балдырған журналы. Ертегі кітаптар. т.б.).<br>**Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен | өтуге).<br>Құстарды...(атуға болмайды).<br>Достарыңды...(ренжетуге болмайды).<br>Өтірік, жаман сөз...(айтуға болмайды).<br>**«Не істеу керек?»**<br>Үлкенді...(сыйлау керек).<br>Ата-ананың тілін...(алу керек).<br>Ұстаздарды...(қадірлеу керек).<br>Кішілерге...(қамқор болу керек).<br>Тәртіпті...(бала болу керек).<br>Оқу құралдарды...(ұқыпты ұстау керек).<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Нағыз адам боламын!<br>Бүгін титтей баламын,<br>Әлі ақ жігіт боламын.<br>Сонда мүмкім мен ғалым,<br>Әлде шофер болармын.<br>Әлде, әлде білсеңдер,<br>Жалғыз ғана талабым:<br>Ер жеткенде, ел сенер,<br>Нағыз адам боламын!<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Сөздік ойын:** «Мен тіл алғыш баламын»<br>**Ойынның мақсаты:** сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, көмек беруге, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Әңгімелеу, үйде анасына, әкесіне қандай көмек көрсететіні туралы айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі.** | көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Ұшады, қонады,<br>Гүлдердің қонағы.<br>(көбелек).<br>**Музыка тыңдау.** «Бұл қай кезде болады?»<br>Әнде қай жыл мезгілі айтылады?<br>-Ән қалай орындалады?<br>-Көбелектер жылдың қай мезгілінде болады?<br>-Көбелек туралы не білесіңдр?<br>-Қалай ойлайсыңдар: көбелектер көре ме?<br>-Көбелек қалай тамақтанады?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта,музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Көбелек**-өте иісшіл келеді. Хош иісті гүлдің исін үлкен арақашықтықтан сезіп қояды. Көбелектің ұзын, жіңешке тұмсығы болады. Көбелектер сол тұмсығымен гүлдің тәтті шырынын, жеміс-жидектерді тұмсығымен тесіп, шырынын сорып алады.<br><br>**Ертегі айтып берейін.**<br>**Шарты:** Балаларды жаңа бір ертегімен таныстыру. «Үш көбелек» ертегісі.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>Әп-әдемі көбелек, | көтереді. Олай болса осы түстерге көбірек қараңдар. Су сияқты салмақты, күн сияқты көңілді, жаз сияқты мейірімді болайық. Көзімізді ашамыз.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Шарты:** Сурет салу. «Ғажайып кемпірқосақ»<br>**Мақсаты:** Балаларды кемпірқосақтың жеті түсін ажырата білу; кемпірқосақтың түстерінің орналасу ретімен таныстыру; балаларды композиция құра білуге үйрету.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған орта.**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы, үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда | ертегілер бейнеленген суреттер таратылады. Балалар суретке қарап қандай ертегі екенін айтады.<br>**Д.О.** «Ғажайып өзгертулер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық ойлауы мен қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше суреттерді балалармен бірлесе отырып таңдап алады. Таңдаған суреттерінен барлығы бірлесіп талқылап, ортақ бір ертегі немесе әңгіме құрастырады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Сиқырлы қыл қалам»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар өздеріне ұнаған ертегіні атайды, сол ертегі желісі бойынша суретін салады.<br>(Сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелерді айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Дәрігер»<br>**Ойынның мақсаты:** Ойынды қызықты ұйымшыл болып ойнауға үйрету. Кітапты жыртып, сызуға болмайтынын, кітапты таза, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балаларкітап бұрышындағы кітаптарды мұқият тексереді. Егер кітап беттері жыртылған болса кітап беттерін желімдейді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру**.**<br>Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.<br>**Күн тәртібі дегеніміз не?**<br>**Күн тәртібі-**уақытты дұрыс жоспарлау. Ол денеге түсетін жүктемені демалыспен алмастырып, денсаулығыңды сақтауға көмектеседі. Әр адам дені сау және әдемі болуды қалайды. Бұл мақсатқа жету үшін күн тәртібін, жеке басының тазалығын сақтап, спортпен айналысуы керек. Күн | Сөздік қор.Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттау, жұмбақтар шешкізу.<br>**«Кел санайық санамақ»**<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін жаттықтыру, санамақты жатқа айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар санамақтарды айтады.<br><br>Кел санайық санамақ.<br>Саусақтарды даралап,<br>Бас бармағым-алғашқы,<br>Балан үйрек-жалғасы,<br>Ортан терек-атасы,<br>Шылдыр шүмек-анасы,<br>Шынашағым-балапан,<br>Бәріне ортақ-алақан.<br><br>Бір, екі, үш,<br>Ал, қанекей ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау-ауыл шеті,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, қанекей қон,<br>Асықпа да, саспа да,<br>Бірден қайта баста!<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>«Саусақтарды ата»<br>Оң қолда бар бес саусақ,<br>Сол қолда бар бес саусақ.<br>(Балалар алақандарын ашып саусақтарын көрсетеді).<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Мынау-бас бармақ,<br>Мынау-балан үйрек.<br>Мынау-ортан терек,<br>Мынау-шылдыр шүмек.<br>Мынау-кішкене бөбек.<br>(Балалар саусақтарын | Бәрі оны елемек.<br>Көбелекті бояйық,<br>Гүлге ұқсатып керемет.<br>«Көбелектің суретін саламыз»<br>**Шарты:** Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, эстетикалық талғамдарын дамыту.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Көбелектер биі»<br>**Шарты:** Биді жеңіл, денені еркін ұстап, аяқтың ұшымен, қалқып, ұшып, бір-біріне соқтығыспай билеу.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br><br>**4.Денешынықтыру**.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**Шарты:** Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бәрі | не болатынын балалармен талқылау.<br>**Қауіпсіздік мектебі. Мен көшедемін. Жолда жүру ережесі.**<br>-Жаяу жүргінші жолы не үшін қажет?<br>-Жаяу жүргінші жолында неге бала үлкендердің қолынан ұстап жүруі қажет?<br>**Есте сақта!**<br>Қозғалып келе жатқан көлік тежегішін басқанымен, тез тоқтай алмайды.<br>**Жаяу жүргіншінің жолдан өту ережесі**<br>**.**Көшеде арнайы жаяу жүргіншіге арналған жолақ белгі бар. Ол-өтпе жол.<br>**.**Көшені тек бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана кесіп өтуге болады.<br>**Д.О.** «Үш түс, үш қозғалыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог бағдаршамның үш түсіне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар педагогтің қимыл-қозғалысына қарай бағдаршам түстерін дұрыс атаулары қажет.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, дене | **Қимылды ойын:** «Аталған ағашқа жүгіру»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай алуын, оңға және солға бұрылуды үйрету.<br>**Ойын барысы:** Сыртқы көріністері ұқсас бола тұрса да ағаштардың айырмашылығын табу. Қандай ағаш аталды және сәйкес келсе «бір, екі, үш-жүгіреміз біз!»-деп дабылмен жүгіру.<br>**Қимылды ойын:** «Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдар!<br>Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті-қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәртібін сақтау-бұл оқу, еңбек, тынығу уақытын дұрыс бөлу.<br>-Өзіңнің күн тәртібің туралы әңгімелеп бер.<br>-Таң неден басталады?<br>-Мектептегі күнің қалай өтетінін әңгімеле.<br>Уақытылы дұрыс тамақтану адамның күш-қуатын арттырады. Сергектік пен жұмысқа қабілеттілікті сақтауға көмектеседі.<br>.Тамақтану тәртібін сақта!<br>.Тамақтанар алдында қолыңды жууды ұмытпа!<br>Таңғы ас: 8:00<br>Екінші таңғы ас: 10:00<br>Түскі ас: 12:00<br>Бесін ас: 3:00<br>Кешкі ас: 7:00<br>-Мектептен келгеннен кейін үйде немен айналысасың?<br>-Кешке барлық отбасы мүшесі дастархан басына жиналып, кешкі ас ішеді. Сендер дастархан жасауға және ыдыс-аяқ жинауға көмектесесіңдер ме?<br>-Жақсы және дұрыс ұйқы үшін не қажет?<br>-Ұйықтар алдында бөлмеңді желдетіп ал. Тісіңді тазала. Ертеңгі күнге киетін киіміңді, сөмкеңді дайындап қой.<br>-Дұрыс, жайлы ұйықтау үшін төсек қандай болғаны жөн? | кезекпен бүгеді).<br>**Нешеуміз?**<br>Бір үйде біз нешеуміз,<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым-әкем,<br>Балалы үйрек-анам.<br>Ортан терек-ағам,<br>Шылдыр шүмек-мен.<br>Кішкене бөбек-сен,<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Жаңылмай айт»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың тілін дамыту. Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтқызу. 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр!»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға жұмбақтар жасырады. Балалар жұмбақтардың жауабын табады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**4.Музыка.**<br>Ән айту.<br>Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты, ақырын дауыспен ән айту. | бірге айтады.<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен.<br>Таңертен де, кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де.<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында.<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**Жеке бас тазалығы.**<br>-Суретке мұқият қара. Дене тазалығы үшін қандай заттарды пайдаланасың?<br><br><br>-Қолыңды күніне неше рет жуасың?<br>.Тамақтанар алдында;<br>.Дәретханадан кейін;<br>.Қоғамдық көліктен түскеннен кейін;<br>.Үйге сырттан келгенде қолды жуады.<br>-Қолды қалай дұрыс жуу керек?<br>.Аптасына бір рет моншаға бару, ваннаға түсу пайдалы.<br>-Шашты қалай күту керек?<br>.Шашты уақытында жуып | шынықтыру ойын әрекеті-қимылбелсенділігі).<br>**Жұмбақты шешейік.**<br>Үш көзі бар қаз-қатар,<br>Кезек-кезек ашады.<br>Үшеуінен байқасам,<br>Үш түрлі нұр шашады.<br>(бағдаршам).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Бағдаршам»<br>**Мақсаты:**<br>Геометриялық фигура-дөңгелек және тіктөртбұрыштың көмегімен бейнелеу тәсілін меңгеру.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттау, жұмбақтар шешкізу.<br>**«Кел санайық санамақ»**<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың тілін жаттықтыру, санамақты жатқа айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар санамақтарды айтады.<br>Кел санайық санамақ.<br>Саусақтарды даралап,<br>Бас бармағым-алғашқы,<br>Балан үйрек-жалғасы,<br>Ортан терек-атасы,<br>Шылдыр шүмек-анасы,<br>Шынашағым-балапан, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта6 дене шынықтыру).<br>**Қимылды ойын:**«Тату-тәтті отбасы»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар мен сендерге тату-тәтті отбасында 3 адам, 4 адам, 5 адам тұрады деймін. Сендер сол санға сәйкес тез топтасып тұра қаласыңдар.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Ән айту.**<br>Көктем әуендері. «Жау-жау жаңбыр»<br>К.Дүйсекеев.<br>Ш.Сариев.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | жүр.<br>**.**Күніне бірнеше рет шашты тарақпен тарайды, тарақ бас терісіне массаж жасайды.<br>-Неліктен аяқты таза ұстау керек?<br>Аяқты жуып, шұлықты күнделікті ауыстыру қажет. Аяқ терлегенде микроб көбейіп, одан жағымсыз иіс шығады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті). | Бәріне ортақ-алақан.<br><br>Бір, екі, үш,<br>Ал, қанекей ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау-ауыл шеті,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, қанекей қон,<br>Асықпа да, саспа да,<br>Бірден қайта баста!<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>«Саусақтарды ата»<br>Оң қолда бар бес саусақ,<br>Сол қолда бар бес саусақ.<br>(Балалар алақандарын ашып саусақтарын көрсетеді).<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Мынау-бас бармақ,<br>Мынау-балан үйрек.<br>Мынау-ортан терек,<br>Мынау-шылдыр шүмек.<br>Мынау-кішкене бөбек.<br>(Балалар саусақтарын кезекпен бүгеді).<br>**Нешеуміз?**<br>Бір үйде біз нешеуміз,<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым-әкем,<br>Балалы үйрек-анам.<br>Ортан терек-ағам,<br>Шылдыр шүмек-мен.<br>Кішкене бөбек-сен,<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Д.О.** «Жаңылмай айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін дамыту. Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтқызу. 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр!»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға жұмбақтар жасырады. Балалар жұмбақтардың жауабын табады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**4.Музыка.**<br>Ән айту.<br>Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты, ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. әнді музыкалық талғаммен орындауға | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жаттықтыру.<br>**Ән айту.**«Бағдаршам» Ғ.Тамендаров.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>-Ән не туралы?<br>-Ән қалай орындалады?<br>-Бағдаршам не үшін керек?<br>-Бағдаршамның неше түсі бар?<br>-Бағдаршам қандай түстерден тұрады?<br>-Қай түс не айтады?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Жалаушамен би»<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | №1. Ауа-райына бақылау жасау. | №21. Жәндіктерді бақылау. | №18. Қараторғайларды бақылау. | №13. Жаңадан өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. | №14. Бақбақтың өсуін бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс.<br>Қағаз бетінде бағдарлай білуді, апта күндері, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен айтуды үйрету. | Барлық баламен жеке жұмыс жүргізу.<br>Өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтуды үйрету. | Бакытжанова Айдинамен жеке жұмыс жүргізу.<br>Бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрастыруды үйрету. | Зекен Жансерімен жеке жұмыс жүргізу.<br>Пазлдарды жинауды, логикалық ойын тапсырмаларды орындай білуді меңгерту. | Дик Артёммен жеке жұмыс.<br>Спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік танытуды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Ата- анамен сөйлесу.<br>Балалардың себепсіз сабақтан қалмауын айту. | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналарға кеңес: «Бала тәрбиесіндегі қымбатты бір минут» Бір минут балаңызды мақтаңыз. | Ата-аналарға кеңес: Балаларға кітаптардан қызықты әңгіме, ертегілер оқып беруге кеңес беру. | Ата-анамен сөйлесу.<br>Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:**№11 ЖББМ
Сынып _мектепалды__Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 20-24 мамыр 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | **Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды»** тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқан да балалар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмай тын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақ тайды)-Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады) | **Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін»** құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. **Еңбек тапсырмасы**:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту | **Ойын: «Мейірімділік жібі»** **Шарты:** Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. | **Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу** *Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.* | **Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен карауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу** *Осылай бола ма? Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай* болмайтынын дәлелдеуі керек.Еңбек тапсырма сы: Гүлдерге су құю |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Мамыр айына таңертеңгі жаттығу кешені. №14 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.** | **Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды»** тренингі(балалар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады) | **Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін»** құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. **Еңбек тапсырмасы**:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту | **Ойын: «Мейірімділік жібі»** **Шарты:** Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. **Еңбек тапсырмасы**: Балықтарға жем беру | **Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу** *Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істеген імізді көрсетеміз Әрекетті сөзбен айту ға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.* Еңбек тапсырмасы: | **Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен карауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу** *Осылай бола ма? Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқау ға тәрбиелеу.Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай* болмайтынын дәлелдеуі керек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу.<br>**Мақсаты .** Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру<br>–Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және Қораз» туралы аңыз оқып берейін:<br>Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты.<br>Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз<br>қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным бермей, ақыры тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті.<br>Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрің жоқ екен. Қайтып бетіңді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті.<br>Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қоқ!» –деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы | **1.Сауат ашу негіздері 07.05. кіріктірілді**<br>**Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Мақсаты** Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық<br>талдау жасауды үйретуді меңгерту<br>Бұлт сөзіне дыбыстық талдау.<br>Бұлт – 1 буын, 4 дыбыс.<br>б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз<br><br>**2.Математика негіздері 09.05. кіріктірілді**<br>**Міндеті:** Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу<br>**Мақсаты** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру<br>«Сиқырлы дорба» ойыны.<br>«Сиқырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Монологты байланыстырып құра білу<br>Мақсаты :Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей.<br>Дидактикалық ойын: «Дыбыстың орнын анықта» (ауызша орындалады).<br>Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек.<br>«Қ» – қала, аққала, сандық.<br>«М» – моншақ, отырмын, өшірдім<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті: -**Өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек ету.<br>**Мақсаты** алалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, | **1.Сауат ашу негіздері 09.05.кіріктірілді**<br>**Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Мақсаты** Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық<br>талдау жасауды үйретуді меңгерту.<br>– Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер<br>жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер.<br>Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б<br><br>**2. Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен | **1.Сауат ашу негіздері 10.05. кіріктірілді**<br>**Міндеті:**Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Мақсаты**Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық<br>талдау жасауды үйретуді меңгерту<br>**«**Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады)<br>-ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау,<br>Альбина, ал т.б .<br>-оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.<br>-жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таң, мейірімді аға!» – дегені екен.<br>Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді.<br>Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды.<br>–Аңызда нелер туралы айтылған?<br>–Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді?<br>–Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді?<br>–Екеуі қалай келіседі?<br>–Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді?<br>–Түн батып ай шыққанда ше?<br><br>**2.Математика негіздері 07.05 кіріктірілді**<br>**Міндеті:** Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу<br>**Мақсаты** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру .<br>Балалалар геометриялық денелерді және текше, шар, цилиндр пішініне ұқсайтын заттарды атайды.<br>«Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны<br>– Қоршаған ортадан | бар.<br>Педагог ойын жағдайын жасайды:<br>– Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлыққандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу.<br>Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады.<br>Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады.<br>Педагог 2- тапсырманы орындауға ұсынады.<br>– Шарды көрсетіңіз. Оны қызыл түспен бояңыз.<br>Текшені көрсетіңіз. Оны көк түспен бояңыз.<br>Цилиндрді көрсетіңіз. Оны сары түспен бояңыз<br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті).<br><br>**3. Қазақ тілі 07.05.кіріктірілді**<br>Міндеті: Сөздік қорлары на қазақ халқының мәдениетінің жан-жақты түрін | өз-өздеріне қызмет етуге үйрету<br>Арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.<br>Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету.<br>Ертегі, әңгімелерді кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі — зейнет» екенін түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу.<br>Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Көйлекті маған кім берді?», «Қайдан келдің, бауырсақ?» деген әңгімелер арқылы барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру.<br>Үлкендерге көмек көрсетуге (тәрбиешіге, оның көмекшісіне, ата-аналарына), оларға ықыласпен қарауға тәрбиелеп, сондай-ақ, олардың еңбектерінің нәтижесіне ұқыпты қарауға ынталандыру.<br>Топ бөлмесі мен балабақша ауласында тазалық сақтауға және үлкендердің тапсырмаларын орындауға, | эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу **Мақсаты** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру.<br>тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады.<br>Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек. Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды.<br>Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады. | жалау,<br>Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз<br><br>**2. Көркем әдебиет**<br>Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>Мақсаты өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.<br>Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді?<br>– Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>– Жаз мезгілі несімен ұнайды?<br>– Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні».<br>– Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл – сендердің мерекелерің.<br>– Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз.<br>Өлең ұнады ма?<br>– Авторы кім?<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Болашақта сен қандай болғың келеді?<br>– Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.<br>Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды.<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті:**Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.<br>**Мақсаты** бөлме өсімдіктерін күту ережелерімен таныстыру<br>Бүгін біз бөлме өсімдіктерімен танысболамыз. Өсімдік өмір сәні, табиғат көркі, дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп көрік бере қоймай, бөлменің, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Олардың көптеген түрлері болады. -Мынау қазтамақ. Ол бөлме өсімдігі. -Мынау фикус. Жапырағы жасыл, көлемі үлкен. Ол бөлме ауасын жақсы тазартады. Гүлдердің тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі болады.(тәрбиеші көрсетеді) -Балалар біз тамак ішсек, күшіміз көп болады, бойымыз өседі. Сол | білуді одан әрі жетілдіру.<br>Мақсаты :ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру<br>Қазақстанның таулы қыратында барыс мекен дейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген.<br>«Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді.<br>Ертегі ұнады ма?<br>– Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр).<br>– Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой).<br>Педагог қима материал бойынша жаңа сөздермен таныстырады.<br>– Мынау – барыс. Мынау не?<br>– Мынау – барыс.<br>– Барыс жаттығулар жасады.<br>– Барыс не істейді?<br>– Барыс жаттығулар жасады.<br>– Мынау – борсық. Мынау не?<br>– Мынау – борсық.<br>– Борсық жаттығулар жасады.<br>– Борсық не істеді?<br>– Борсық жаттығулар жасады.<br>– Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты | бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйрету.<br><br>**3. Көркем әдебиет**<br>**Міндеті.** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.<br>Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды<br>Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға).<br>Атасы немерелерімен қайда барды?<br>Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра.<br>2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр?<br>Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің?<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Қойны толы жеміске,<br>Көк майсалы егісте<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(Жаз)<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру<br>**Мақсаты .**Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл | Суреттердегі заттарды қарайды және атайды.<br>– Бұл неге ұқсайды?<br>Сызып қосады.<br>Балалар өздігінен тапсырмаларды орындайды<br><br><br>**3. Қазақ тілі**<br>**09**.05. кіріктірілді<br>Міндеті : Өз бетінше қарым-қатынас жасауды, әңгімелей білуді.<br>-Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Мақсаты:жыл құстар дың қазақша атаулары мен таныстыру.<br>Көктемде құстар келеді.<br>– Көктемде не келеді?<br>– Көктемде құстар келеді.<br>– Мынау – қараторғай. Мынау не?<br>– Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады).<br>– Көктемде қараторғай келеді.<br>– Көктемде қандай құс келеді?<br>– Көктемде қараторғай келеді.<br>– Мынау – қарлығаш.<br>– Мынау не? | **3.Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**10.05. кіріктірілді**<br>**Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті:**адамның жалпы денеқұрылысын анықтап,жаттығу кезіндегі қолдары ның,аяқтарының өзгерісін беруге үйрету,<br>-- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу<br>-- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу<br>-- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сияқты өсімдіктер адам сияқты тамақ ішпесе, ауырып қалады. Оларды су құйып, күтіп,баптап тұру қажет екен. Тәрбиеші көрсете отырып, күту ережелерімен таныстырады: -Гүлдердің жапырақтарының<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеті: **Спорттық ойындар.**Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу.<br>«Баскетбол»<br>Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.<br>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді. | **4. Музыка**<br>09.05. кіріктірілді<br>**Міндеті:** Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, ән нің (шығарманың) сипа тына сәйкес би қимыл дарын орындай білу, ән нің қарқынының өзге руін байқау, шығарма ларды сипаттай білу.<br>**Мақсаты** Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский)<br>Ән айту: «Біз бақытты баламыз»<br>(К. Қуатбаев)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар<br>«Бақытты балалық шақ» («Мен бақыттыбаламын»«Полька» (М. Красев)<br>Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин)<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер) | әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру<br>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)<br>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады.<br>Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек.<br>Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды. | – Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.<br>– Көктемде қарлығаш ұшып келеді.<br>– Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді.<br>– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.<br>– Көктемде келетін құстарды қалай атайды?<br>– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.<br>Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.<br>Балалар<br><br>**4.Музыка**<br>**Міндеті:**Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу. Өткенді қайталау.<br>**Мақсаты:М**узыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу<br>**Музыка тыңдау:** | құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу<br>**Мақсаты-** балалардың жаттығу жасап жатқан суретін салу,мүсіндеу,жапсыру, құрастыру<br>**Топтық жұмыс**<br>(Сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: Спорттық ойындар.**Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу<br>**Мақсаты:**Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру**.**<br>Доппен орындалатын жаттығуларды орындағанда жұпта әрекет ету мен допты сезе білу қажет.<br>1.Қолына доп алып 3 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев)<br>Ән айту:«Момышұлы Бауыржан» (Е.Өміров)<br>«Біз бақытты баламыз» (К.Қуатбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:«Жеңіс күні»Б. Бейсенова (үнтаспада)<br>«Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар:«Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br>Музыкалықаспаптаойнау:«Құлыншақ» (С. Урбах) | метр қашықтықта жүгіру.<br>2.Аяқ басының арасына доп қыстырып жүру.<br>3.Допты тізесімен қысып, қолдары мен аяғының ұшына тіреніп жорғалау.<br>4.Допты бір қолмен, екі қолмен домалату.<br>5.Допты артқа лақтыру. Нұсқауларды орындап, бастапқы қалыпқа тұруды дұрыс орындауға тырысады.<br>Жаттығуды орындаған соң, қолдарын белге қойып, артпен жүріп өз орнына келеді. Барлық жаттығулар орындалып біткенше қимылдарын басқарып, денесін тік ұстауға тырысады |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | **Серуен-Бақылау №10**<br>**Бақылау:Кемпірқосақты бақылау**<br>***Мақсаты:*** өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.<br>Жарқылдан соң жаңағы,<br>Суға бөкті бар алап.<br>Көкте түрлі жолақты,<br>Өрнек тұрды ғаламат.<br>(кемпірқосақ) | **Серуен-Бақылау №11**<br>**Бақылау:**<br>**Найзағайды бақылау**<br>***Мақсаты:***«Найзағай» ұғымымен таныстыру;<br>Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру;<br>Сөздік қорларын байыту;<br>Бақылағыштықтарын дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады<br>Аспанда от қамшы осады, | **Серуен-Бақылау №12**<br>**Бақылау:Жәндіктерді бақылау**<br>***Мақсаты:*** «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;<br>Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:**<br>Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл | **Серуен-Бақылау №13**<br>**Бақылау:**<br>**Топырақты бақылау**<br>**Мақсаты:** *торф топырағының қыртысымен таныстыру* .<br>**Бақылау барысы**<br>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған | **Серуен-Бақылау №14**<br>**Бақылау:Желді бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>- *жел туралы түсініктерін бекіту;*<br>- *жел түрлерін есте сақтау.*<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаңбыр жуды жерімді,<br>Көкте өрмек керілді.<br>(кемпірқосақ)<br>Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ? **І**<br>♦ Ол қай уақытта жоғалады?<br>♦ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?<br>**Тәрбиеші балаларға тапсырма береді.** Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу.<br>**Еңбек:** Балабақша ауласын қоқыстан тазалау.<br>*Мақсаты*: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. | Ащы үнін ышқынып қосады.<br>Дүрліктіріп алапты,<br>Шақпақ тастың жарқылы,<br>Бұлт көрпесін жыртады.<br>Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен?<br>Найзағай қай кезде ойнайды?<br>Аспан неге күркірейді?<br>Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)<br>Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)<br>Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады?<br>Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды | не? (ара)<br>- Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой?<br>(маса)<br>- Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не?<br>(шыбын)<br>Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер.<br>(құмырсқа)<br>Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді.<br>(өрмекші)<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)*<br>Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)*<br>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).*<br>Қандай пайдалы жәндік | кезде тез тұтанады.<br>Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяққиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.<br>Құммен торфты салыстыру;<br>Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.<br>*Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* | айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады.<br>Сұрақтар қояды:<br>Желдің қандай түрлері болады?<br>Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦ Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)*<br>♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды)<br>♦ Желдің ізін көруге болады ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.<br>«Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы<br>Нөсерлеп жаңбыр басталды,<br>Науада қалқып қақ қалды.<br>Найзағай тынбай жарқылдап,<br>Нөсер тұр құйып сатырлап.<br>Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)<br>**Еңбек**<br>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;<br>2 топ-қоқыстарды шығару<br>*Мақсаты:*<br>Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету;<br>Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру. | орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қанқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау.<br>*Мақсаты:* үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. | | Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.* |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Бақыт деген не өзі?»<br>Бақыт деген, шырағым<br>Мынау әсем тұрағың.<br>Ну ормандар, гүл бағы,<br>Күннің күліп тұрғаны<br>БАҚЫТ- дәні далаңның.<br>«Ботам» деуі әжеңнің,<br>Тыныштығы әлемні<br>жаттау | Мен де балғын гүлмін<br>Автор. М. Байсариева<br>Арасынды гүлдің<br>Ойнап бүгін жүрдім<br>Қызыл, көкшіл, сары<br>Әп-әдемі бәрі<br>жаттату | Айсұлтан мен Жансеріге түстерді атап айту. | Балаларға жапырақтың түстерін ажыраттыру. | Балаларға дөңгелек пішіндер салғызу. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындары ңыз бен бірге бөтен адам дарды жатырқамаса, ой ын кезінде өздігімен ой най білсе, мінезі ашық, өз құрдастары мен мей рімді болса мектепке келген күн нен бастап – ақ үйре ніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>баламен жағымды эмоцио налдық жағдайлар жасау қажет, ол көбі не ата – ана жағынан болуы қажет, мек теп туралы, оның өзіне ке ректігін түсіндіріп балаңыз ды сүйіп, аймалаңыз. Балаңыздың көзінше мек теп туралы өзіңізді толған дыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** №11 ЖББМ
Сынып _мектепалды__Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:**27.05.-31.05. мамыр 2024 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру.<br>**Дидактикалық ойын. "Атын атап бер**"<br>**Мақсаты:** көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту<br>Табиғат бұрышында еңбек ету. | **Дидактикалық ойын:** «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады.<br>Табиғат бұрышында еңбек ету.<br>**«Суреттерді құрастыр»**<br>Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру<br>Шығармашылық бұрышында еңбек ету. | **Дидактикалық ойын:** «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады.<br>Табиғат бұрышында еңбек ету.<br>**«Суреттерді құрастыр»**<br>Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру<br>Шығармашылық бұрышында еңбек ету. | Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру.<br>**Дидактикалық ойын. "Атын атап бер**"<br>**Мақсаты:** көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту<br>Табиғат бұрышында еңбек ету. | **Дидактикалық ойын:** «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады.<br>Табиғат бұрышында еңбек ету.<br>**«Суреттерді құрастыр»**<br>Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру<br>Шығармашылық бұрышында еңбек ету. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Мамыр айына таңертеңгі жаттығу кешені. №18 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.** | **«Құмырсқа» өлеңі**<br>Ұзын мұртты құмырсқа,<br>Келе жатты жұмысқа.<br>Алды допты қолына,<br>Қойды допты орнына.<br>Оңға, солға қарады,<br>Үлкен тау деп ойлады.<br>**Мақсаты**:Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру. | Құмырсқа» өлеңі<br>Ұзын мұртты құмырсқа,<br>Келе жатты жұмысқа.<br>Алды допты қолына,<br>Қойды допты орнына.<br>Оңға, солға қарады,<br>Үлкен тау деп ойлады.<br>Мақсаты:Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру | . **«Армысыз!»**<br>Армысыз,кайырымды Аспан ата!<br>Армысыз,мейірімді Жер ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын күн!<br>Амансын ба, Алтын күн!<br>Амансын ба,Көк аспан!<br>Амансын ба,достарым!<br>Аманбысыз,апай! | . «Армысыз!»<br>Армысыз,кайырымды Аспан ата!<br>Армысыз,мейірімді Жер ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын күн!<br>Амансын ба, Алтын күн!<br>Амансын ба,Көк аспан!<br>Амансын ба,достарым!<br>Аманбысыз,апай! | . «Армысыз!»<br>Армысыз,кайырымды Аспан ата!<br>Армысыз,мейірімді Жер ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын күн!<br>Амансын ба, Алтын күн!<br>Амансын ба,Көк аспан!<br>Амансын ба,достарым!<br>Аманбысыз,апай! |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сабырлы болу**.**<br>**Мақсаты** Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру<br>–Балалар, түлкіні жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес.<br>–Қоян – өте қорқақ аң, қоянды үйде де асырауға болады.<br>Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегісімен танысамыз.<br>Педагог мәнерлеп оқиды.<br>Түлкі мен Қоян<br>Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. Сол үшін Қасқыр Түлкінің артына еріп, аңдып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе, Қасқыр Түлкіні өлтіріп тастар еді.<br>Түлкі орманда келе жатып, ағаш түбінде отырған Қоянды көреді. Ол мезгілде Қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге: «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», – деп жалыныпты. Міне, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты. | буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.<br>**Мақсаты** .алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.<br>Дидактикалық ойын «Жоғалған дыбыс»<br>– Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы дыбысын дыбыстамай айтамын, ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек.<br>Мысалы: - ...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(қ), ...аламсап(қ), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(қ), ...асқыр(қ), ...ағдаршам(б), ...артоп(қ), ...әбіз(с), ...ызанақ(қ), ...ырыққабат(қ), ...сқабақ(а), ...армақ(қ), ...йыншық(о), ...квариум(а), ...ақта(т), ...уыршақ(қ), ...елосипед(в), ...амокат(с) т.б.<br><br>**2. Математика негіздері**<br>**Міндеті:**Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу | сабырлы болу **Мақсаты .**Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру<br>–Енді ертегідегі «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>–«Түлкі» сөзі неше буыннан тұрады?<br>–Неше дауысты дыбыс бар?<br>–Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>–Ал дауыссыз дыбысты, көк түспен белгілейміз. Т – дауыссыз дыбыс.<br>Ү – жіңішке дауысты дыбыс. Л – дауыссыз дыбыс.<br>К – дауыссыз дыбыс.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс.<br>–Міне, балалар, біз «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасадық.<br>Дидактикалық ойын: «Буынды жалғастыр».<br>Ойын шарты: педагог аң аттарының бірінші буынын ғана айтады, балалар соңғы буынын тауып, толық атын айтады. Мысалы, Түл – ..., қо– , қас – ..., кө – ..., мыр – ..., жол – ...<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті:** Жол қозғалы сының қарапайым ереже | сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.<br>Жазу парағында бағдарлай жоларалық кеңістікті ажырата білубілу, жазу жолы мен<br>**Мақсаты** дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру.<br>Дидактикалық ойын: «Қағып ал»<br>– Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдарМысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), оootын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), еeесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(қ), | сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.<br>**Мақсаты**алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.<br>– Балалар, мен бір дыбысын анығырақ созып, қандай да бір сөзді айтамын, ал сендер тура солай қайталаңдар. Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз.<br>Мысалы: ааалжапқыш-алжапқыыыш, бааағдаршам-бағдаршааам, дәәәріхана-дәріханааа, қооойылым-қойылыыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шааапалақ-шапалааақ, жааапырақ-жапалааақ, дооомбыра-домбыраaa, қooобыз- қобыыыз, жааaалбыз- жалбыыыз, қааасық-қасыыық, жаааарғанат-жарғанааат, жыыылқы-жылқыыы, тееекше-текшеее, бааалапан- балапааан, бoooотақан-ботақааан, көөөөзілдірік - көзілдіріік, жааaапырақ-жапырааақ , көөөрпе-көрпеее т.б.<br>Дидактикалық ойын: «Досыңды шақыр» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог:<br>–Ертегі сендерге ұнады ма?<br>–Ертегі де нелер туралы айтылған?<br>–Ерте заманда Түлкінің құйрығы қандай болыпты?<br>–Түлкі Қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген?<br>–Бір күні не болыпты?<br>–Түлкі қалай құтылып кетіпті?<br>–Әлден соң ағаш арасына кірген Түлкі нені көреді?<br>–Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге не депті?<br>–Иә, балалар, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын болыпты, ал Қоянның**құйрығы қысқа болып қалыпты.**<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Өткенді қайталау **Мақсаты** Пішіндердің атауларын: денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш,.<br>Педагог заттардың контурын тиісті түспен бояуды ұсынады. Арттық | таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Өткенді қайталау **Мақсаты** Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету<br>Шағын топтармен жұмыс. «Суретті тап» дидактикалық ойыныКарточкалармен жұмыс ұсынады:<br>Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қарандар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды<br><br>**Талқылап, сұрақтарға жауап береді**<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Ауызекі сөйлеу ді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалана білу, | лерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. **Мақсаты** Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру.<br>2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру.<br>3. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу<br>Жұмбақтарды шешу:<br>Жұмбақтар<br>1. Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>(Полиция қызметкері)<br>2. Көше бойлап аяңдайды,<br>Адам тасып, аялайды.<br>(Автобус)<br>3. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,<br>Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)<br>4. Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та,<br>Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)<br>5. Арқаным бар тым ұзын,<br>Ала - алмайсың бір үзім.<br>Табыңдаршы, балалар,<br>Бұл жұмбақтың шешуін.<br>(Жол)<br>6. Өзі сөйлей білмейді,<br>Бірақ «Тоқта, жүр!» дейді.<br>(Бағдаршам)<br>Тәрбиеші: Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын | сссандық(с),<br>тттекемет(т), ееер(е),<br>үүүзеңгі(ү),<br>ааарба(а) т.б.<br>– Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?<br>Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»<br>– Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.<br>Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-<br>тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау,<br>мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.<br>– Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші? | – Балалар, көздеріңді жұмып, мына жағдайды елестетіңдер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-біріңді табу үшін, не істер едіңдер? (Досымыздың атын атап шақырамыз).<br>Мысалы: (Дастаааан! Серікбоооол! Айғаныыым! Айшаааа! Ернааaар! Балжаааан! Ардаааақ! Санжаааар! Беріііік! Мерееееей! т.б. )<br>– Балалар, сендер достарыңды шақырғанда, қай буынды созып айттыңдар? Дұрыс, ең соңғы буынды созып айттыңдар<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**Мақсаты** театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту<br>Педагог балаларға ертегі туралы өлең оқиды.<br>Кел, көрейік ертегі,<br>Естіген жанды елітеді.<br>Талай ғажап оқиға<br>Қызық сырын шертеді.<br>– Балалар, біз қандай ертегілерді білеміз?<br>– Ертегіде кейіпкерлердің мінез- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | затты тауып, атау керек. Балалар тапсырманы орындайды, артық затты тауып оны бояйды – қалпақ.<br>«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны<br>Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті:** Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін және оны қорғау.<br>**Мақсаты** Құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы түсінік беру.Үш тілді меңгеруге, бүтін және бөліктерді салыстырып, есептер құрастыруға, мүсіндей білуге үйрету.<br>Құстар біздің досымыз.Біз оларға қамқор болуымыз керек. Құстар бізге не береді?<br>Олай болса, сол жұмырқа арқылы біз бүгін кішкентай ғана әтештің бейнесін жасап үйренеміз. Табиғи | мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді одан әрі дамыту, қолдау көрсету, ынталандыру.<br>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесу<br>**Мақсаты** түстерді қазақша айтуға үйрету.<br>Қима материалмен жұмыс.<br>– Мынау – жапырақтар. Мынау жапырақтың түсі қандай?<br>– Жапырақтың түсі сары.<br>– Мынау жапырақтың түсі қандай?<br>– Жапырақтың түсі жасыл.<br>– Алманың түсі қандай?<br>– Алманың түсі қызыл.<br>– Мынау қарындаштың түсі қандай?<br>– Көк түсті.<br>– Топта қандай заттардың түсі көк? (Балалар атайдыМынау – қара түс, қара.<br>– Қандай түс?<br>– Қара түс.<br>– Мынау – күлгін түс, күлгін.<br>– Қандай түс?<br>– Күлгін түс.<br>– Мынау – көгілдір түс, кө-гіл-дір.<br>– Қандай түс?<br>– Көгілдір түс.<br>– Мынау – қызғылт түс, қызғылт.<br>– Қандай түс?<br>Қызғылт түс<br>Балалар сөздерді және | көмекшіміз. Оның сырын біліп алу баршамызға керек.<br>- Біздің қаламызда, сол сияқты біздің еліміздің қала, ауылдарына бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық жүргізушілер, көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек.<br>- Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесің дер ме екен, көрейік. Мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші.<br>- Жиек жол деген не? (Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол)<br>- Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? (Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді).<br>(Тақтада)<br>Қызыл – тоқта!<br>Сары - сақтан!<br>Жасыл - жол ашық!<br>1 -: Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға!<br>2 -: сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға!<br>3 -: Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін, жасқанба!<br>(Балалар бағдаршам сигналдарын қолдарына ұстап, кезегі келгенде көрсетіп тұрады. | **2. Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқ шаларды, қисық және қиғаш сызық тарды дәптердің тор көзінде сызуға үйре ту. Өткенді қайталау<br>**Мақсаты:**Қағаз бетін де (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету<br>1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.<br>– Маймыл қандай сөреде отыр? ( Оң жақтағы жоғарғы.)<br>– Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)<br>– Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр? Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.**.** | құлқын салыстырады, сипаттайды. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Ертегі біздің қиялымызға қанат бітіретін қызықты әлем. Ертегі сендерді жамандықтан аулақ болуға, жақсылық жасауға, адамгершілікке жетелейді. Ертегі кейіпкерлерінің өзіне тән мінез-құлқы болады (ашулы, қатал, мейірімді, адал, қайырымды). Ертегілер еліндегі кейіпкерлерді есімізге түсірейік.<br>– Сен қандай кейіпкерлерді ашулы деп елестетесің? (Қасқыр, арыстан)<br>– Мейірімді, адал кейіпкерлерді ата. (Қоян, әтеш, шаруа)<br><br>**3.Құрастыру**<br>**Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті:** - балалардың сәндік-қолданбалы өнер туралы білімдеріжетілдіру,түзу, ирек,жіңішке,жалпақ әдемі өрнектер сала білу іскерліктерін бекіту<br>-Заттардың ұзын және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | материалдар мен қажетсіз нәрселерді қолданамыз. Балаларға тәрбиеші әтештің жасалу жолдарын үйретіп, жасатады.<br>Дидактикалық ойын: «Балапандар»<br>Мақсаты: Ұқыптылыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты: Қай құстың балапандары екенін табуып, сол қорапшаға салу керек<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** балалардың денсаулықтарын, шынық тыру құралдарының әсер леріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы тем пературадағы сумен шай ыну, таңертеңгі жаттығу ды орындауға қызығушы лық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.<br>**Мақсаты** Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезек домалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру<br>Ойын жаттығулары: «Допты жұпта ұстап қал», «Ғажайып фигура» – ұсақ моториканы дамыту жаттығулары. Өз жұбын көзді жұмып тауып алады. | сөйлемдерді қайталайды.<br><br>**4. Музыка**<br>**Міндеті:** Музыка тыңдау. Музыкалық дыбысталуы ның сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыс тыру.<br>**Мақсаты** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру<br>**Музыка тыңдау: «Ел** қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев).<br>Ән айту: «Балаларды қорғаймыз»<br>(А. Досмағанбет)<br>«Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) Билер: «Теңізшілер биі» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Алтын қақпа» (Т. Сарыбаева) | **3.Көркем әдебиет**<br>**Міндеті**: сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру<br>**Мақсаты**<br>театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту.<br>Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?»<br>Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сиқырлы қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды.<br>– Бұл қандай жануар?<br>– Қандай ертегіде кездеседі?<br>Қазір, балалар, сендер үш топқа – бәйтерек, көгершіндер, қарлығаштар тобына бөлінесіңдер.<br>– Тақтадан не көріп тұрсыңдар? (Ұяшықтар, слайдтан көрсетеді)<br>– Әр ұяшықта сандар бар.<br>– Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады.<br>– Ұяшықтан ертегінің суреті шығады. Сендер | **3.Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауды, әңгімелей білуді, әңгімелесу шінің сөзін мұқият тыңдауды, сұрақтар ды дұрыс қоюды, оған қысқа және тол ық нақты жауап беру ді үйрете беру.<br>**Мақсаты**жаңа сөздермен таныстыру арқылы сөздік қорларын толықтыру<br>Балалар мектепке келді.<br>– Балалар қайда келді?<br>– Балалар мектепке келді.<br>– Мынау – мектеп. Мек-теп. Мынау не?<br>– Мынау – мектеп.<br>– Мектепте оқиды, білім алады. Мектепте не істейді?<br>– Мектепте оқиды, білім алады.<br>– Мынау – оқушы. Мынау кім?<br>– Мынау – оқушы.<br>– Мынау – оқушылар. Мынау кімдер?<br>– Мынау – оқушылар.<br>– Мынау – мұғалім. Мынау кім?<br>– Мұғалім.<br>Мынау – сынып. Сы-нып.<br>– Мынау не? | қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, біріккен жерлерін тегістеу<br>-Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу<br>-Құрылыс материалдарынан, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу<br>**Мақсаты-** алашаның суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру<br>**Топтық жұмыс**<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.Өткенді қайталау.<br>**Мақсаты:**Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруы керек. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады. | | қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегіні рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз.<br>Әр топ өзі таңдаған ертегіні көрсетеді<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**Сауықтыру-шынықтыру шаралары Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым су шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру<br>**Мақсаты:** Баланың қи мыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орын дау, қол мен аяқ қимыл дарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптас тыру.Доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығула ры (№3).Допты аяқ басымен қысып жүреді. Залдың бір жағына екі қатарға тұрады. Допты аяқ басымен қысып, залдың екінші жағына дейін секіріп барады. Допты | – Мынау – сынып. Мектепте сынып бар.<br>– Мектепте не бар?<br>– Мектепте сынып бар.<br>Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен қайталап, дұрыс айтып жаттығады.<br>Мектепте сыныптар бар.<br>Мектепте нелер бар?<br>Мектепте сыныптар бар.<br>Сыныпта орындықтар бар.<br>Сыныпта нелер бар?<br>(Үстел, тақта, терезе сөздерін жекеше, көпше айтады<br><br>**4. Музыка**<br>Міндеті: Музыка тыңдау.<br>**Мақсаты**Музыка арқылы батырлыққа, ерлікке тәрбиелеу<br>Музыка тыңдау:<br>«Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский)<br>Ән айту: «Біз бақытты баламыз»<br>(К. Қуатбаев)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар«Бақытты балалық шақ»<br>(«Мен бақытты баламын» | мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>«Шапшаң доп» (Баскетбол)<br>Өлең жолдарына сәйкес қимылдар орындау. Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алады. Допты жерге соғып, қағып алады. Қайта жоғары лақтырып, қағып алады да, қайта жерге соғады. Допты кеуде деңгейінен аспай секірту үшін күшін дифференциялау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | түсірмеуге тырысады. Жерден шұғыл итеріліп секіргенде қолмен серпіп көмектеседі. Бірқалыпты тыныс алуға тырысады. | CD), «Полька» (М. Красев) Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | **Серуен-Бақылау №15**<br>**Бақылау: Көбелектерді бақылау.**<br>***Мақсаты***:<br>- көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы;<br>-барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек»** Ш. Мұхаметжанов<br>Дала қандай керемет,<br>Қойның гүлге толады.<br>Қызыл-жасыл көбелек,<br>Бір ұшып, бір қонады.<br>Қанша қусаң көбелек,<br>Қанаты бір талмайды.<br>Сонымен не керек,<br>Ақыры ұстай алмайсың.<br>Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті.<br>Ертеде Римде адамдар көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген<br>Көбелектің екі жұп қанаты бар. | **Серуен-Бақылау №16**<br>**Бақылау: Гүлзарды бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br>Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>Оларды қалай күтесіңдер?<br>Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? | **Серуен-Бақылау №16**<br>**Бақылау: Гүлзарды бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br>Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>Оларды қалай күтесіңдер?<br>Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі | **Серуен-Бақылау №17**<br>**Бақылау: Көбелектерді бақылау.**<br>***Мақсаты***:<br>- көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы;<br>-барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек»** Ш. Мұхаметжанов<br>Дала қандай керемет,<br>Қойның гүлге толады.<br>Қызыл-жасыл көбелек,<br>Бір ұшып, бір қонады.<br>Қанша қусаң көбелек,<br>Қанаты бір талмайды.<br>Сонымен не керек,<br>Ақыры ұстай алмайсың.<br>Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті.<br>Ертеде Римде адамдар көбелектерді өсімдіктер | **Серуен-Бақылау №18**<br>**Бақылау: Гүлзарды бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br>Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>Оларды қалай күтесіңдер?<br>Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көделектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозаңдандарады. Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады.осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады)<br>**Еңбек**<br>Гүлзардағы қоқыстарды жинау<br>*Мақсаты:* еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту. | Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br>*Мақсаты:*<br>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. | үшін не істеуіміз керек? Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br>*Мақсаты:*<br>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. | гүлінен пайда болған дегенге сенген Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көделектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозаңдандарады. Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады.осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады)<br>**Еңбек**<br>Гүлзардағы қоқыстарды жинау<br>*Мақсаты:* еңбек ете білу | Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br>*Мақсаты:*<br>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.<br>. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Төлеу Айсұлтанмен жеке жұмыс «Менің Қазақстаным» туралы әңгімелесу. | Артемге пішіндерді салыстыра білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» Мақсаты:Пішіндердің түстерін атайды сипау арқылы сипаттайды. | Айдинаға отан туралысурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.. | Жасеріден ҚР мемлекеттік рәміздерін сұрау. | Барлық баламен достарымен ойыншықты бірге ойнау керектігін түсіндіру. Достық қарым-қатынасқа үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |